Дидактика мен оқыту әдістемесіндегі жаңа ұғымдардың бірі функционалдық сауаттылық ұғымы болып табылады. Ресейлік және халықаралық эксперименттер нәтижесі бойынша біздің оқушылардың білім алуды жалғастыруға даярлығын, математикадан алған білімдерін, жетістіктеріне жүргізілген талдау, олардың дайындығы туралы «алған білімдерін нақты жағдайларға жақын мәселелерді шешуі үшін қолдануға мүмкіндік бермейді» деген қорытындыға келген. Мұндағы басты мәселе жалпы білім беру жүйесінің тиімсіздігінен көрінеді, бұл осы жүйеден сыртқы элементтер үшін мәнді, мағыналы нәтижелердің болуында. Жалпы білім беретін орта мектептің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың қалыптасқан практикасын ой елегінен өткізу мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді: білім нәтижесі ретінде игерілген ақпараттың қосынды жиынтығы ғана емес, білім беру жүйесі шеңберінен тыс адамның алған білімдеріне сүйене отырып әртүрлі проблемалық жағдайларда әрекет ету қабілеттілігі қарастырылуы тиіс.

Жаңа буын мемлекеттік стандарттарында «заманауи мектеп білімдік компоненттермен қатар, іс-әрекетік компоненттерді қалыптастыруға бағдарланған, соның нәтижесінде оқушы функционалдық сауаттылық деңгейіне қол жеткізеді» деп атап көрсетілген. Дегенмен, «функционалдық сауаттылық» ұғымының мазмұнын авторлар қарастырмайды. Сондықтан толыққанды оқыту барысында функционалдық сауаттылық туралы да, оны қалыптастыру әдістемесі туралы да, сондай-ақ, математиканы оқыту барысында сауаттылықты қалыптастыру әдістемесі туралы да айтуға мүмкіндік болмайды.

Атап айтқанда, «сауаттылық», «қарапайым (жай) сауаттылық», «математикалық сауаттылық», «функционалдық сауаттылық» ұғымдары тұрмыста да, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде де қолданылады. Бұл ұғымдардың кейбірі (мысалы, сауаттылық) ертеден белгілі, олар туралы түсінік әлеуметтік-экономикалық қатынастардың өзгеруімен байланысты ауысып отырады, сондықтан олардың көптеген анықтамалары бар; ал қалғандары (функционалдық сауаттылық, математикалық сауаттылық) салыстырмалы түрде жақында ғана қолданыла бастады, сондықтан олар туралы түсініктер және олардың анықтамалары қалыптасу үстінде.

Сауаттылыққа берілген анықтамаларға талдау жүргізейік:

- қарапайым оқу, жазу, есептеу іскерліктерінің болуын қамтитын білімділіктің бастапқы деңгейі ретінде;
- білім нәтижесі, білімділіктің бастапқы деңгейінің интегралдық сипаттамасы, сауаттылық – білімділік – кәсіби құзыреттілік – мәдениет – менталитет білім тізбегінің элементі;
- таным тәсілдері туралы білімдердің болуын қамтитын мәдени іс-әрекеттің бастапқы деңгейі (іс-әрекеттің компоненті);
- тұлғаның бағытталуы (эмоционалды-құндылық компоненті), бұл функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөліктерінің бірі;
- орта буында білім алуды жалғастыруға оқушыны дайындау сапасының сипаттамасы;
- маманның кәсіби құзыреттілігінің оң (жағымды) сипаттамасы (бұл тілде «сауатты маман», «техникалық сауаттылық» және т.б. терминдермен айтылған)
- бастауыш мектепте оқытудың нәтижесі (О.Е. Лебедев, А.П. Тряпицина, Е.И. Казакова [1] қарапайым сауаттылықты білімділік тұжырымдамасында – жалпы сауаттылықтың негізі, құрамдас бөлімі ретінде қарастырады).

Функционалдық сауаттылық ұғымы құзыреттілік ыңғай теориясында негізгі ұғымдардың бірі болып табылады. Оны маманның кәсіби дайындығы тұрғысында оқып-үйренеді, яғни жоғары оқу орны, колледж (және т.б.) түлектерінің функционалдық сауаттылығын, оның кәсіби құзыреттілігімен және кәсіби жетістіктерімен байланыста қарастырады. Олар үшін кәсіби құзыреттілік – жоғары білімділік нәтижесі.

Сауаттылықтың мәдени тұжырымдамасы педагогикалық іс-әрекеттің ең жоғары міндеті ретінде тұлғаның рухани дамуында алдыңғы орынға шығарады. Бұл кезде түпкілікті сауатты адамның жоғары білімділік нәтижесі, мәдениеттің квинтэссенция ретіндегі, адамның мінез-құлқы, көзқарасы және ортаны қабылдау негіздерін жүзеге асыру ретіндегі менталитет болып табылады. Б.С. Гершунский пікірі бойынша білімділік жетістіктерінің тізбегі: «сауаттылық – білімділік – кәсіби құзыреттілік – мәдениет – менталитет» түрінде келтірілген. Осы тұрғыдан алғанда, функционалдық сауаттылық кәсіби деңгейде талап етіледі және ол өзекті, әрі маңызды, ал пән мазмұны және тұлғаның жауапкершілігі, шығармашылығы, қызығушылығы, тиянақтылығы, жаңа білімдерді алуға ұмтылуы, шындықты эстетикалық қабылдауы, жоғары адамгершілігі сияқты сапалық қасиеттері оның негізгі компоненттері болып табылады [2]. Білім жетістіктері тұлғаның қалыптасу үдерісінде білім нәтижелерін біртіндеп байытудың жалпы бағытын ғана бейнелейді, кезеңдер арасында шекараның болуы мүмкін емес, олардың барлығы өзара байланысқан және өзара бірін-бірі толықтырады. Әрбір жоғары реттегі білім жетістігі өзінің құрамына алдынғы кезеңдерінің нәтижелерін қамтиды. Менталитет те, мәдинет те, кәсіби құзыреттілік және білімділік жоғары білім жетістіктері болып табылады, құрамына функционалдық және қарапайым сауаттылықтың «өнімдерін» қамтиды. Оларды қалыптастырудың бастамасы оқытудың бастауыш кезеңімен сәйкес келеді, одан кейін бүкіл өмір бойына жалғасады. Сондықтан функционалдық сауаттылық – кәсіби оқыту кезеңіне сәйкес келетін жеке білім жетістігі, ал оны қалыптастыру адамның өз біліміндегі «ақтаңдақтарды», олқылықтарды байқау және оларды жою жолдарын табу мүмкіндігін беретін үзіліссіз үдеріс болып табылады. Бұл мәселелер ересектердің кәсіби біліктілігін арттырумен ғана емес, оқушылардың білім, іскерлік және дағдыларын кеңейту және тереңдету мәселесімен де байланысты.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – сауаттылықтың: математикалық, лингвистикалық және т.б. қалыптастыру үшін нақты оқу пәндерінің ерекшеліктерін ескеруді ұйғарады. Сондықтан оларды мәдени тұрғыда қалыптастырудың сәйкесінше моделін табу қажет. Сонымен қатар, функционалдық сауаттылық бойынша оқушылардың жетістіктерін анықтау арнайы құралдарды қажет етеді.

Жеке білімге байланысты жетістіктердің математикаға қатысты реттілігі: «математикалық сауаттылық – математикалық білімділік – математикалық құзыреттілік – математикалық мәдениет – менталитет» түрінде анықталуы мүмкін.

Дегенмен білімділік жетістіктерінің ұсынылған иерархиясын, алдымен, математикалық сауаттылықты, одан кейін – математикалық біліктілікті, ары қарай – математикалық құзіреттілікті және т.б. қалыптастыру қажет деп түсіну керек. Нақты оқыту үдерісінде бұл ұғымдар шынайы біліктілік пен тұтастықта, әрқайсысы өз деңгейінде ұсынылған. Сонымен, біз осы тұста математикалық сауаттылық мәнін ашуға тоқталамыз.

Білімділік парадигмасының үстемдік құрған кезеңінде оқытудың нәтижелілігі оқушыларда білім, білік, дағды қалыптастырумен байланысты болды. Бірқатар зеттеушілердің еңбектері алгоритмдік мәдениетті, логикалық мәдениетті, логикалық сауаттылықты қалыптастыруға арналды. Ал И.Л. Никольская [3] «логикалық сауаттылық» ұғымын жалпы білім беретін орта мектеп түлегі меңгеруі тиіс логикалық білімдер, іскерліктер, дағдылар кешенін игеру көрсеткіші ретінде еңгізді.

Атап айтқанда, оқушыларда логикалық білімдер мен іскерліктер кешенін қалыптастыру математиканы оқытудағы маңызды міндеттердің бірі болып қалады. Себебі, бұл – математикалық білімнің қажетті компоненті, сондықтан логикалық білім мен іскерлік оқушыға әртүрлі ақпараттарға сауатты амалдар қолдану мүмкіндігін береді.

Математиканы оқыту теориясы мен практикасында «математикалық сауаттылық» ұғымының айтылуының тағы бір ыңғайы көрініс тапты. Жоғарыда атап көрсетілгендей, қазіргі кезде мәселелерді нақты белгілі жағдайға байланысты шешуде қажетті әрекеттерге бағдарлау негізін айқындауға көп көңіл бөлінеді. Мысалы, Г.С. Ковалева [4] «математикалық сауаттылық» ұғымын: «адамның өзі өмір сүретін әлемдегі математиканың орнын анықтай алу қабілеті, жақсы негізделген математикалық ой-пікірлерді айтып беру қабілеті және математиканы осы кездегі және болашақтағы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қолдану қабілеті, бұлар жасампаз, қызығушылығы жоғары және ойлауға икемді азаматтарға тән болады» деп көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, ол қабілеттілік арқылы сипатталған математикалық сауаттылықтың негізгі міндеттерін ерекше атап көрсетеді:

- математика құралдарымен шешілетін мәселелерді байқап білу;

- осы мәселелерді математика тілінде тұжырымдау;
- математикалық фактілер мен әдістерді қолданып, осы мәселелерді шешу;
- қолданылған шешу тәсілдерді талдау;
- қойылған мәселені ескере отырып, алынған нәтижелерді түсіндіру;
- шешудің нәтижелерін тұжырымдау және жазу.

Осы сипаттамаларды талдау нәтижесі көрсеткендей, Г.С. Ковалевтің математикалық сауаттылығы – математикалық құралдармен шешілуі тиіс нақты мәселелерді адамның байқау қабілеттігі ретінде қарастырылады. Басқаша айтқанда, Г.С. Ковалеваның пікірі бойынша математикалық сауаттылық мағынасы жағынан оқушылардың математикалық моделдеу әдісін игеруін болжайды. Дегенмен, математикалық моделдеу әдісі өзінен нақты құбылыстың немесе үдерістің математикалық моделін құрып болғаннан кейін модель ішіндегі математикалық шешімдерді пайдалануды көздейді. Ал, мұны жүзеге асыру оқушыдан аксиомалардың, ұғымдардың анықтамаларының, теоремалардың, олардың дәлелдеулерінің тұжырымдалуымен таныса отырып, оларға логикалық тұрғыдан амалдарды дұрыс қолдана білуді талап етеді, ал қажеттігіне қарай ол үшін субъективті тұрғыда жаңа математикалық білімдерді іздеу мүмкіндігіне ие болады.

Қорытындылай келе, функционалдық сауаттылық тұрғысындағы «математикалық сауаттылық» ұғымына өз көзқарасымызды келтірейік.

«Функция» термині латынның «functio» сөзінен туындайды және атқару, жүзеге асыру, іс-әрекет дегенді білдіреді. Сондықтан «функционалдық сауаттылық» ұғымы оқушыларды іс-әрекеттің белгілі бір түрлеріне қатыстыруды көздейді. Осылайша, математикалық сауаттылық та іс-әрекеттік сипатқа ие болуы тиіс. Бұл іс-әрекет интегративті. Оның құрылымын ашайық.

Біріншіден, әрбір іс-әрекет мағыналы, маңызды. Сондықтан математикалық сауаттылық оқытудың әрбір буынында Мемлекеттік стандартта көрсетілген білімдік компонеттермен анықталады. Математикалық сауаттылық ақпараттың белгілі бір деңгейін оқушылардың меңгеруін ұйғарады: ұғымдардың, теоремалардың, фактілердің, алгоритмдердің анықтамалары.

Екіншіден, кез келген іс-әрекет осы іс-әрекеттің тәсілдерін, әдістерін, әрекеттерін меңгеруді ұйғарады. Бұл оқушыларда ең алдымен математикалық ұғымдармен, теоремалармен, аксиомалармен, дайын алгоритмдермен амалдар орындау іскерліктерін қалыптастыруды көздейді. Бұл оқушыларда біз жоғарыда айтқан білімдер мен іскерліктердің қалыптасуына тәуелді болады.

Г.И. Саранцевтің пікірі бойынша ұғымдарға, теоремаларға тән, бара бар әрекет білімнің іс-әрекеттік табиғатын анықтайды [5].

Мазмұнның негізгі дидактикалық біліктіліктері және олардың іс-әрекеттерге оқыту технологиясы Г.И. Саранцевтің [5], Т.А. Иванованың [6] еңбектерінде келтірілген.

Үшіншіден, математикалық сауаттылық әрқашан тек қана ақпараттық және логикалық сауаттылық бола бермейді. Білім берудің заманауи парадигмасы оқушы оқу іс-әрекетінің субъектісі болып табылатындығын ұйғарады. Математикалық іс-әрекет логика мен интуицияның шынайы бірлігі болғандықтан іс-әрекетке бағытталған математикалық білім логикалық және эвристикалық құраушылармен сипатталады. Сондықтан оқушылар логикалық іс-әрекеттермен және дедуктивті әдістермен, оның ішінде, дәлелдеу әдістерімен қатар эвристикалық әдістер мен тәсілдерді қол жетімді деңгейде игерулері тиіс.

Сонымен, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тұрғысынан алғандағы математикалық сауаттылық нақты немесе соған жақын мәселелерді шешу үшін оқушыларда математикалық білімдерді қолдану бойынша тәжірибелерді қалыптастыруды көздейді. Өз кезегінде осы айтылған тәжірибелерге бейімдеу оқушылардың математикалық модельдеу элементтерін игеріп алумен тікелей байланысты болады. Қазіргі кезде математикалық модельдеу әдісінің мәні А.Г. Мордковичтің алгебра, алгебра және анализ бастамалары оқулықтарында айқын ашылған.

Біз математикалық сауаттылықтың тек қана когнитивті және операционалдық-технологиялық құраушыларын: ақпараттық, логикалық, әдіснамалық, практикалық деп сипаттап көрсетеміз. Сонымен қатар, функционалдық сауаттылық және құзіреттілік – оқушылардың білім жетістіктерінің екі өзара байланысқан иерархиялық деңгейі болып табылады. Сондықтан функционалдық, математикалық сауаттылықтың құрылымына жоғарыда келтірілген құраушылармен қатар мотивациялық, мағыналық, эмоционалдық – құндылық компоненттері кіреді. Математикаға оқыту барысындағы функционалдық сауаттылық – бұл оқушының игерген білімдері, іскерліктері мен іс-әрекет тәжірибелерімен қатар, оның тұлғалық қырын, оның математикалық және математикалық іс-әрекетке эмоционалды-құндылық қатынасын, нақты есептерді шығаруда оларды қолдану тәжірибелеріне оқушыларды дайындау сапасының интегралдық сипаттамасы жатады.

Біз функционалдық сауаттылық ұғымының мағынасы тұрғысынан математикалық сауаттылытың жалпы құрылымын ғана сипаттадық. Оны оқушылардың бойында қалыптастыру үшін неғұрлым нақты бағдарларды білу қажет. Жоғарыда ұсынылған мәдениеттілік ыңғайына сәйкес математикалық сауаттылықты қалыптастыру математикалық тұрғыдан білімді адамның қалыптаса бастауының қажетті шарты болып табылады. Білім мазмұнының мәдени тұжырымдамасына және математиканың өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес мектептегі математикалық білімнің стратегиялық мақсаты арқылы ұсынылған, жалпы білім беретін мектептің түлегіне оның математикалық білімі туралы сипаттама берейік. Түлек математикадан білімді болады (М.В. Кларин термині), егер ол:

- математика пәнінің мән-мағынасын білсе;
- шындықты танудың математикалық әдістерінің ерекшеліктері туралы түсінігі болса;
- математиканың өзі де, шындықты танудың әдісі болып табылатындығы туралы түсінігі болса;
- математиканың жетекші ұғымдарын білсе және оларды қолдана алса;
- математика тілін және математика символдарын біліп, игере алса;
- математикалық моделдеу туралы түсінігі бар және қарапайым нақты құрылымдар мен үдерістерді оқып-үйрену үшін оны қолдану тәжірибесін игерген болса;
- математиканың қолданбалы аспектілері туралы түсінігі бар болса;
- қоғамның әлеуметтік дамуына және керісінше математиканың әсері туралы түсінігінің бар болуы;
- математикалық шығармашылық тәжірибеге қатыстып және оны іс-әрекеттің басқа түрлеріне қолдана алса;
- математикада таным үдерісінің гнесеологиялық сипатын түсініп, мойындаса;
- танымның негізгі жалпы ғылыми әдістерін білетін (эвристикалық және логикалық), оларды математикалық іс-әрекетте, сондай-ақ іс-әрекеттің басқа түрлерінде қолдана алса;
- арнайы математикалық әдістер мен тәсілдерді білетін, оларды математикалық және қолданбалы есептерді шешуде қолдануды білсе;
- ойлау мәдениетін игерген;
- қарым-қатынас мәдениетін, еңбек мәдениетін игерген;
- жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретіндегі математикалық ғылымның дамуының негізгі кезеңдері туралы түсінігі бар болса [7].

Атап өтетін жағдай, біріншіден бұл мақсаттарға қол жеткізу математикалық сауаттылықтың жоғарыда сипатталған аспектілерінің шынайы бірлігі ретіндегі; математикалық білімдердің іс-әрекеттік сипатын қалыптастыруды қамтамасыз етеді, математикалық айғақтарды білу, математикалық іс-әрекеттерді қолдану әдістері; нақты шынайы есептерді шығару үшін математикалық теория мен оның әдістерін қолдану білімдері мен іскерліктерінің болуын міндеттейді. Екіншіден, бұл мақсаттар соңғы, шекті бағдар болып табылады.

Функционалдық математикалық сауаттылық, кең ауқымда іс-әрекеттік математикалық білімді қалыптастыру үдерісі үзіліссіз сипатқа ие және математиканың кез келген курсын, әрбір тақырыбын, әр сабақты оқып-үйрену барысында кездеседі.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Образовательные результаты /ред. О. Е. Лебедева. – Специальная литература. – 1999.

2. Гершунский Б. С. Образование как результат: грамотность – образованность – профессиональная компетентность – культура – менталитет // Философия образования: учеб. Пособие для высш. и сред. пед. учеб. заведений. – М.: МПСИ: Флинта. – 1998. – 62б.

3. Никольская И. Л. О единой линии воспитания грамотности при обучении математике // О единой линии воспитания грамотности при обучении математике. – М.: Просвещение. – 1978.

4. Ковалева Г. С. PISA – 2013: Результаты международного исследования // Школьные технологии. – 2005. – №2. 37-43 б.

5. Саранцев Г. И. Общая методика преподавания математики: учеб.пособие для студ. матем. спец. пед. вузов и ун-тов. – Саранск: Тип. «Крас.Окт.». – 1999.

6. Иванова Т. А. Гуманитаризация общего математического образования // Н.Новгород: НГПУ баспасы. – 1998.

7. Иванова Т. А. Гуманитаризация общего математического образования: Монография // Н.Новгород: НГПУ баспасы. – 1998. – 135 б.

8. Сыдықов Б.Д. Болашақ мұғалімді оқушылардың функционалдық сауаттылығын ақпараттық жүйелер негізінде дамытуға дайындау// Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ "Физика-математика ғылымдары" сериясы -2015 -№ 2 238-245 бб

9. Ильясова Р.А., Баймуханов Б. Роль информационной культуры в формировании функциональной грамотности будущего специалиста в информационном обществе //Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ "Физика-математика ғылымдары" сериясы. – 2014. – №4 (48). – С. 47-50

ӘӨЖ 373.1.013
ҒАТМР 14.25.09

А.Қ. Бекболғанова[1], Б. Омарбаева[2], М.А. Ізбасарова[3]

[1]п.ғ.к., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан
[2]магистр, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан
[3]Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУКЦИОНАЛДЫҚ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТАТЫН ӨНДІРІСТІК МАЗМҰНДАҒЫ ЕСЕПТЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЫҒАРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада мектеп оқушыларының математика пәнінен алған білімін өмірге қажетті есептерді шығаруға пайдалана білу іскерлігін қалыптастыру мәселелері талданған. Өндірістік есептерді шығару жолдары зерттелген. Қалыптан тыс жағдайларда алған білімдерін қолдана алулары мен соған қажетті жалпы қабілеттерін дамыту қажеттілігі туралы қорытынды жасалған. Математикалық білімді дамыту тұжырымдамасы бойынша математика пәні жалпы білімді, функционалды сауаттылықты күнделікті қолдануға қажетті элемент ретінде қабылданады. Жалпы білім беретін білім мектептердің түлектерінде қалыптастырылатын функционалдық сауаттылық деңгейі оқушылардың алған математикалық біліміне тікелей тәуелді болып табылады. Міне, сондықтан бұл мақалада функционалды сауаттылық, функционалды математикалық сауаттылық түсініктері жеке-жеке баяндалған, болашақ мұғалімдерде функционалды математикалық сауаттылықты қалыптастыру мәселесі тұжырымдалған, сонымен бірге көтерілген мәселені шешудің жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: функционалды сауаттылық, математикалық сауаттылық, мәтіндік есептер, модель, тәжірибе, оқушы, білім, мұғалім, мәселе.

Аннотация

А.К. Бекболганова[1], Б.Омарбаева[2], М.Избасарова[3]

[1]к.п.н., старший преподаватель Казахского государственного женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан
[2]магистр, преподаватель Казахского государственного женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан
[3]старший преподаватель Казахского государственного женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан

ПУТИ РЕШЕНИЯ ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ ЗАДАЧ РАЗВИВАЮЩИХ ФУНКЦИОНАЛЬНУЮ МАТЕМАТИЧЕСКУЮ ГРАМОТНОСТЬ УЧАЩИХСЯ

В статье анализируется проблема формирования у школьников умений применять предметные знания по математике для решения жизненных задач. Исследуются пути решения производственных задач. Делается вывод о необходимости развития общих способностей учащихся, позволяющих ориентироваться в условиях неопределенности, применять знания в нестандартных ситуациях, как в школе, так и за ее пределами. В концепции развития математического образования отмечается, что математика выступает как элемент общей культуры, функциональной грамотности и повседневного применения. Уровень сформированности функциональной математической грамотности выпускников средней школы напрямую зависит от качества математической подготовки учащихся. Также в статье отражены такие понятия, как функциональная грамотность, функциональная математическая грамотность, сформулирована проблема формирования функциональной математической грамотности будущих учителей, представлен один из вариантов решения данной проблемы.

Ключевые слова: функциональная грамотность, математическая грамотность, сюжетные задачи, модель, практика, ученик, образование, учитель, проблема.

Abstract

Bekbolganova A.K.[1], Omarbayeva B.[2], Izbasarova M.[3]
[1]Cand.Sci. (Pedagogical), Senior Lecturer of Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
[2]Master, Lecturer of the Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
[3]Senior Lecturer of the Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

WAYS OF SOLVING PRODUCTION TASKS DEVELOPING FUNCTIONAL MATHEMATICAL LITERACY OF STUDENTS

In the article the problem of formation at schoolboys of abilities to apply subject knowledge on mathematics for the decision of vital problems is analyzed. The ways of solving production problems are explored. It is concluded that it is necessary to develop general abilities of students, which allow them to orient themselves in conditions of uncertainty, apply knowledge in non-standard situations, both at school and abroad. In the concept of the development of mathematical education, it is noted that mathematics is an element of a common culture, functional literacy and everyday use. The level of development of functional mathematical literacy of secondary school graduates directly depends on the quality of students' mathematical preparation. Also in the article are reflected such concepts as functional literacy, functional mathematical literacy, the problem of formation of functional mathematical literacy of future teachers is formulated, one of the variants of solving this problem is presented.

Key words: functional mathematical literacy, story problems, model, practice, student, teacher, problem.

Қоғамда қазіргі кезде сауатты, белсенді және мектепте алған білімін күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуге қолдана алатын, сонымен қатар, өмір бойы білімін жетілдіруге дайындауда өндірістік мазмұндағы математикалық есептерді өз бетімен шығаруға үйретудің рөлі мен атқаратын қызметі өте зор. Өйткені, өндірістік мазмұндағы математикалық есептерді шығару барысында алған математикалық білімдерін күнделікті өмірде кездесетін проблемаларды шешуге қолдануға үйренеді. Ол оқушыларды математиканы оқып білуге ынталандырады және де оқытудың қолданбалылығын жүзеге асырады.

Оқушылардың фукционалдық математикалық сауаттылығын дамыту мақсатында олардың іс-әрекетін белсенділендіруде есептерді, оның ішінде, өндірістік мазмұндағы есептерді пайдаланудың мүмкіндігі зор.

Алынған математикалық білімді тәжірибеде нәтижелі пайдалану абстрактілі теориялық білімнен тәжірибелік іс-әрекетке ауысу болып табылады. Осыған байланысты Д.Н. Богоявленский мен Н.А. Меньчинскаяның “Оқушылардың ақыл-ой операциясы дамуының соңғы кезеңі ақыл-ой әрекетін құру емес, оны тәжірибе жүзінде іске асыру”, – деген тұжырымымен келіспеуге болмайды [1]. Математика пәні оқытушыларының алдына қойылатын негізгі мақсат – өмірде кездесетін жағдайларды математика тілінде түсіне білуге білімгерлерді үйрету. Міне осы кезде математика пәнінен алған білім жүзеге асатын болады.

Математиканы оқытуда есептердің рөлі мен орнын анықтау және есептерді шешуді оқыту әдістемесін жетілдіру мәселелері Ю.М. Колягиннің [2], А.Нұғысованың [3], Б.Б. Баймұхановтың [4], И.Бекбоевтың [5], А.М. Пышкалоның [6] және т.б. зерттеушілердің еңбектерінен орын алған.

А.Нұғысованың зерттеуінде: «Теориялық материалды меңгеру кезінде, мазмұны оны қоршаған өмірде кездесетін өмірлік жағдаяттарға байланысты, олардың күнделікті өмірде кездесетін (тұрмыста, кітаптарды, газеттерді, журналдарды және т.б. оқу кезінде) есептерді шешуде, математиканы өмірмен байланысты оқыту оқушылардың оқуға деген қызығушылығын оятудың негізгі тәсілдерінің бірі» делінген [3,22 б.].

Қолданбалы сипаттағы есептер. Олар екі типке бөлінеді:

а) орындалуының тиімді тәсілдерін талап ететін есептеу сипатындағы жаттығулар және мазмұны өндірістік-тұрмыстық сипаттағы мазмұны бар мәтіндік есептер: өндірістегі әр түрлі машиналар мен механизмдердің өнімділігін, әр түрлі дақылдарды себу нормасын және басты ауыл шаруашылық дақылдарының себу нормасын және басты ауыл шаруашылық дақылдарының бірқатарының өнімінің нормасын, ұшақтың, кеменің, зымыранның, автокөліктің жылдамдығының орташа мәнін, әр түрлі сметалық, шаруашылық және т.б. жұмыстардың мәліметтерін пайдалануға берілген есептер;

ә) техниканың, физиканың, химияның, астрономияның мәліметтері пайдаланылған өндірістік сипаттағы мәтіндік есептер, пайыздық есептеулерге және т.б. арналған есептер.

Қазіргі таңдағы ақпараттандырылған заманда сабақта интерактивті тақтаны тиімді пайдалана отырып, оқушының шығармашылығын дамыта отырып, білім сапасын арттыру - өмір талабы. Ол үшін мұғалім тиімді интерактивті әдістер арқылы проблемалық жағдайлар туғызып, оқушылардың топтық жұмысының нәтижесінде олардың өз бетімен тақырыпты түсінуіне қолайлы жағдай туғызады, танымдық қызметін басқарып, ілгері жетелеп отырады. Соңында оқушылар өздері қорытынды жасап, қолданбалы есептер шығару арқылы білімдерін бекітеді.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруға бағытталған қолданбалы есептерге қойылатын талаптар төмендегідей:

- қолданбалы бағыттағы есептер және математикалық жаттығулар математика бағдарламасының талаптарына, оқушылардың білім, білік, дағдыларына сай болуы керек; олар оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталған (қысқаша жазу, оған сызба сызу, кесте толтыру, сурет салу, қарапайым диаграммаларды, графиктерді оқу және сызу, практикалық жағдайларды модельдеу және т.б.) білім, білік, дағдының қалыптасып, дамуына ықпал етуі қажет; қолданбалы мазмұнды есептердің мазмұны оқушылар үшін таныс математикалық аппаратының өмірде қолданылуын, сандық мәліметтерді пайдаланудың ерекшеліктерін (сандық мәліметтерінің шынайлығы, сұрақтардың қойылу дәрежесі, алынған жауаптың шындыққа сәйкес келуі) ашу керек;
- есептің мазмұнында оқушылар қабылдап, ұғына алатындай шынайы мәліметтер болуы керек, оқушылардың өмірлік тәжірибелеріне, жас ерекшелігіне, білім дәрежесіне және танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес болуы қажет;
- есептің сюжеті және сандық мәліметтері айналадағы шындықтың озық жақтарын бейнелеу қажет, тәрбиелеушілік, танымдық сипатқа ие болып, математикаға қызығушылығын оятуы керек;
- сұрақтардың қойылу дәрежесі шынайы жағдайдан туындауы мүмкін сұраққа сай болуы керек (жете ме, жеткілікті ме, бола ма және т.б.);
- қолданбалы бағыттағы есептер және оларға арналған тапсырмалар оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін (сезіну, зейін, қабылдау, еске сақтау, қиял, ойлау, сөйлеу) дамыта алатындай болуы керек;
- есепті шығару әдістері оқушылардың өздері күнделікті тәжірибеде пайдаланып жүрген әдістерге сәйкес немесе жақын болуы, таныс немесе оларды оқушыларға үйретуде көп уақытты алмауы қажет.

Сонымен қатар, қолданбалы есептерді шығарудың оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуында да тәрбиелік маңызы зор. Сондықтан мұғалімнің қолданбалы есептер туралы, оның құрылымы туралы кең түсінігінің болуы, ондай есептерді әр түрлі тәсілмен шығара алуы керек.

Қолданбалы бағыттағы есеп қандай да бір жағдайдың кәдімгі тілмен осы жағдайдың бір компонентінің сандық сипаттамасын беруді талап етіп, оның компоненттерінің арасында қандай да бір қатысының бар жоқтығын тауып немесе қатынасының түрін анықтап баяндауы тиіс.

Кез келген қолданбалы есеп екі бөлімнен тұрады: есептің шарты және талабы.

Есептің шартында объект және оның кейбір мәндері, объектіні сипаттайтын белгілер, осы шамалардың белгілі және белгісіз мәндері, олардың арасындағы қатыстар жөнінде айтылады.

Есептің талабы - нені табу керек екендігін көрсету. Ол бұйрықты немесе сұраулы сөйлем түрінде көрсетіледі.

Есепті шығару – бұл есепте берілген айқын және жанама сандардың, шамалармен, олардың арасындағы қатыстарымен логикалық дұрыс тізбектелген амалдар мен операциялар арқылы есептің талабын орындау болып табылады.

Есептерді шығарумен таныстыру. Алдын-ала дайындық жұмысын жүргізген соң оқушыларды есептердің қарастырылып отырған түрін шығарумен таныстыруға көшуге болады. Есептер шығаруға үйретудің екінші кезеңінде есептермен жұмыс істеу әдістемесінде мына кезеңдердің тәртібін сақтаған жөн, олар:

I кезең – есептің мазмұнымен таныстыру;

II кезең – есепті шығару жолдарын іздеу;

III кезең – есепті шығару;

IV кезең – есептің шешуін тексеру.

Бұл бөліп көрсетілген кезеңдер өзара тығыз байланысты, әр кезеңдегі жұмыс негізінен мұғалімнің басшылығымен жүргізіледі. Әр кезеңдегі жұмыс әдістемесін толығырақ қарастырамыз.

1. Есептің мазмұнымен таныстыру: Есептің мазмұнымен таныстыру дегеніміз – оны оқып шығып, келтірілген жайттардың өмірде болатын жағдайларын көз алдына келтіру. Есепті, әдетте, оқушылар оқиды. Мұғалім есепті тек оқушыларда есептің мәтіні жоқ болған жағдайда немесе олар оқи алмайтын кезде ғана оқиды. Есепті дұрыс оқи білудің маңызы зор: сан мәндерін және амалды таңдап алуға қажетті сөздерді, мысалы, «бар еді», «кетіп қалды», «қалды», «бірдей болды» т.с.с. сөздерді баса айту, есепке қойылатын сұрақты дауыс көтере айту. Егер есептің мәтінінде түсініксіз сөздер кездессе, онда оларды түсіндіру керек немесе есепте айтылатын нәрселердің мысалы: бульдозер, шөп шапқыш машина т.с.с. суреттерін көрсету керек. Есепті балалар бір - екі рет, кейде одан көп оқып шығады, бірақ біртіндеп оларды есепті бір оқығанда есте сақтап қалатындай етіп үйрету керек, өйткені бұл жағдайда олар бірден зейін қоя оқитын болады. Есепті оқи отырып, оқушылар есепте айтылған мәселелерді өмірде қалай болатынын көз алдарына келтіре білулері тиіс. Осы мақсатпен оқып болған соң есепте айтылғанды көз

алдарына келтіріп, оны қалай көз алдарына келтіргендерін айтып берулерін (сөзбен айтып түсіндірулерін) ұсыну керек.

2. Есепті шығару жолдарын іздестіру: есептің мазмұнымен танысқаннан кейін оның шығарылу жолдарын іздестіруге кірісуге болады: оқушылар есепке кірістірілген шамаларды, берілген сандармен ізделінді сандарды айқындай білуі тиіс, берілген мәліметтер мен ізделіп отырған шамалардың арасындағы байланысты тағайындауы тиіс, сөйтіп осылардың негізінде сәйкес арифметикалық амалдарды таңдап ала білулері қажет. Жаңа түрдегі есепті енгізгенде, оны шығару жолдарын табу жұмысына мұғалім басшылық жасайды, содан кейін мұны оқушылар өздігінен орындайды.

Осы әдістердің әрқайсысын жеке-жеке қарастырайық.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында оқушыларға төмендегідей іскерліктерді үйрету ұсынылады:

– анықтамалықтарды қолдану, оқу-әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерден анықтамаларды, формулалар және басқа да тұжырымдарды іздеу;

– әртүрлі өмірлік жағдайларда алгебралық білім, білік және графикалық дағдыларды қолдану;

– ақпаратты табу, талдау, өңдеу және жинақтау;

– математикалық формулаларды қолдану, дербес жағдайларды жалпылау негізінде шамалар арасындағы тәуелділіктің формулаларын өздігінен құрастыру;

– қоршаған орта мен саралас пәндердегі заңдылықтарды суреттеу және талдау үшін игерілген алгебралық түрлендірулер мен функционалды-графиктік кескіндеуді қолдану;

– дәлелдемелі пайымдау жүргізу, талқылауға қатысу және логикалық негізделген қорытындылар жасау;

– математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру;

– қажеттілігіне қарай анықтамалықтар мен қарапайым есептеу құрылғыларын пайдаланып практикаға бағытталған тапсырмаларды шешу;

– кестелер, диаграммалар, графиктер түрінде берілген шынайы сандық мәліметтерді, статистикалық сипаттағы ақпараттарды талдау;

– қолданбалы сипаттағы математикалық есептерді шешу құралы ретінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану.

Математика - барлық ғылымдардың логикалық негізі, демек, математика – оқушының дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, оны шыңдай түседі және әлемде болып жатқан жаңалықтарды дұрыс қабылдауға көмек береді. Математика сабағында оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өз бетімен жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға болады. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда, математиканың негізін қалыптастыру, ұғындыру, түсініктерін тереңдетуде бастауыш сынып мұғалімдерінің математикалық білімдері терең болуы керек.

Математикалық сауаттылықты қалыптастырудың әдіснамалық негіздері төмендегі ережелермен анықталады.

Түсінік: математикалық сауаттылық әлеуметтік қатынас жүйесінде тұлғаның дұрыс қалыптасуын қамтамасыз ететін білімдердің, біліктілік пмен дағдылардың жоғары деңгейі ретінде түсініледі.

Мектеп оқушысының моделі: математикалық тұрғыда сауатты мектеп оқушысы – пәндік, пәнаралық, интегралды білімдердің, икемдердің, дағдылардың және туындаған мәселелерді шешу тәсілдерінің ретінде білімділіктің жеткілікті жиынтығы мен жоғары деңгейіне ие, ол онымен ақпараттарды қабылдау, қайта жаңғырту үрдісімен, типтік оқу міндеттерін, сондай-ақ қоғаммен өзара әрекеттесу міндеттерін шешумен байланысты қызмет үдерісінде пайдаланады.

Математикаға оқытудың қолданбалығын жүзеге асыру үшін қажет:

– теориялық материалдарды меңгертуді өндірістік мазмұндағы есептерді шығару барысында немесе тығыз байланыста жүзеге асыру қажет;

– математиканы одан әрі оқып білуге немесе оның күнделікті өмірде қолдануына қажетті материалдардың меңгерілуіне баса назар аударған жөн;

– пәнді оқып білуге деген қызығушылығын арттыру, математиканы одан әрі оқып білуге, оны күнделікті өмірде кездесетін проблемаларды шешуге қолдануға үйрету үшін реті келген жерде өндірістік мазмұндағы есептерді қолдану керек;

– функционалдық математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін меңгерілетін әрбір ұғымды немесе ережелер мен заңдылықтарды қарастырғанда алдымен өмірлік сипаттағы есептерді қолданған жөн;

– математикалық абстракциялық ұғымдардың күнделікті өмірдегі шындықтың нәтижесі екенін практикалық есептер шығару арқылы көрсету қажет;

– берілген есептердің сызбасын салу шеберлігін арттырған жөн.

Оқушыларға өндірістік мазмұндағы қолданбалы есептер ұнайды, көбінесе оларды тез табандылықпен орындауға тырысады. Келесі қарастыратын өндірістік мазмұндағы есептердің оқушылар математикалық негізін анықтап, қандай математикалық ережелер мен формулаларды қолдану қажеттігін айқындай білуі қажет.

Оқушылардың математикаға деген ынтасын арттыру жолдарының бірі - оқыту барысында оның қолданбалылық рөлін ашып көрсету. Ол үшін жаңа теореманы дәлелдеу немесе есеп шығару барысында әрдайым өмірмен байланыстырып отырған пайдалы. Оқытушы оқу үдерісін ұйымдастырғанда, мүмкін-дігінше қарастырылып отырған теорияның өмірде қайда, қалай пайдаланатынын ашып көрсетіп отырғаны жөн. Өтіп жатқан жаңа материалды оқушыларға мұндай жолдармен таныстыру олардың теориялық материалды мағынасын терең түсініп, танымдылық өрісін кеңейтуге жетелейді.

Сондықтан оқытушылар математиканың өндірістік, қолданбалы және кәсіби бағытталуы неден тұратынын терең түсінулері керек. Математика пәнін оқытуда өндірістік мазмұндағы есептерді ашып көрсету – бұл оқушылардың болашақта қандай мамандықтарда болмасын кең пайдалануына жол ашады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1 Богоявленский Д.Н., Мечинская Н.А. Психология усвоения знаний в школе. – М.: Изд. – во АПН РСФР, 1989 – 347 с.

2 Колягин Ю.М., Пикан В.В. О прикладной и практической направленности обучения математике //Математика в школе – 2005 – № 6 – с.27 – 32.

3 Нұғысова А. Практикалық мазмұнды есептер. – Алматы: РБК, 2006 – 76 бет.

4 Баймұханов Б.Б. Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастырудағы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, Алматы 2015

5 Бекбоев И. Важнейшие вопросы определения содержания и технологии образования в структуре школьного учебника. – Бишкек: КАО, 2004. – 0, 75 п.л.

6 Пышкало А.М. Занимательная математика Планета детства, Астрель, АСТ ISBN: 5237025706, 2000

7 Асқарова М.А., Усенова Т.М. Математиканы оқыту барысында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда дидактикалық бірліктерді іріленді́ру әдісінің маңызы. // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ "Физика-математика ғылымдары" сериясы -2010 -№ 1 (29). – 40-45 бб.

8 Абдулкаримова Г.А. Математическое моделирование при решении текстовых задач. //Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ "Физика-математика ғылымдары" сериясы,2014. – № 3. – 3-8 бб.

ӘОЖ 001.891.57:53
ҒТАМР 28.17.23

А.С. Бердышев[1], А.Н. Сарсенбаева[2]

[1]ф-м.ғ.д., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Математика, физика және информатика институтының профессоры, Алматы қ., Қазақстан
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Математика мамандығы магистранты, Алматы қ., Қазақстан

СҰЙЫҚТЫҚПЕН ҚОРЫТЫЛҒАН КЕУЕК ОРТАЛАРДА СЕЙСМИКАЛЫҚ ТОЛҚЫНДАРДЫҢ ТАРАЛУЫНЫҢ СЫЗЫҚТЫҚ ЕМЕС МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛІН ҚҰРУ

Аңдатпа

Бұл мақалада ығысу коэффициенті деформация жылдамдығынан және үйкеліс коэффициенті жылдамдықтар айырымынан тәуелді болғанда, сұйықтықпен қорытылған кеуекті ортада сейсмикалық толқындардың таралуының сызықты емес математикалық моделі қарастырылады. Тұтқыр сығылатын сұйықтықтардың ағыстарын екіжылдамдықты гидродинамиканың толық теңдеулер жүйесін шешуге негізделген зерттеулер актуальды мәселе болып табылады. Негізінен мұндай есептер физикалық процесстерді, сығылатын сұйықтықпен қаныққан кеуекті орталарда акустикалық, серпімді, сейсмикалық толқындардың таралуын сипаттайды. Қойылған есептерді шешу үшін ұсынылды: дискрет модельге өту; алгебралық теңдеулер жүйесі құрылды және шешімдерінің бар болатындығы туралы сұрақ қарастырылды, жүйені сандық әдіс арқылы шешу алгоритмі құрылды.

Түйін сөздер: кеуекті орта, серпінділік, математикалық модель, тығыздық, сақталу заңы.

Аннотация
А.С. Бердышев[1], А.Н. Сарсенбаева[2]
[1]д.ф.-м.н., професор Института Математики, физики и информатики
при Казахском национальном педагогическом университете им.Абая, г.Алматы, Казахстан
[2]Магистрант специальности Математика Казахского национального университета им. Аль-Фараби,
г.Алматы, Казахстан

РАЗРАБОТКА МАТЕМАТИЧЕСКОЙ МОДЕЛИ РАСПРОСТРАНЕНИЯ СЕЙСМИЧЕСКИХ ВОЛН В НАСЫЩЕННЫХ ЖИДКОСТЬЮ ПОРИСТЫХ СРЕДАХ

В данной статье рассматривается нелинейная термодинамическая математическая модель распространения сейсмических волн в насыщенных жидкостью пористых средах в случае, когда коэффициенты сдвига зависят от скорости деформации и коэффициенты трения зависят от разности скоростей. Изучение течений вязких сжимаемых жидкостей на основе решения полной системы уравнений двухскоростной гидродинамики представляют собой актуальную задачу. Задачи такого вида в основном описывают физические процессы такие, как распределение сейсмических волн, акустика, распределение напряженных волн в пористой среде, содержащей сжимаемую жидкость. Для решения поставленной задачи предлагается: дискретизация непрерывной модели, получена система алгебраических уравнений и изучены вопросы разрешимости, разработан численный алгоритм для решения системы.

Ключевые слова: пористая среда, упругость, математическая модель, плотность, закон сохранения.

Annotation

DEVELOPMENT OF THE MATHEMATICAL MODEL OF THE PROPAGATION OF SEISMIC WAVES IN THE LIQUID-SATURATED POROELASTIC SPHERE

Berdyshev A.S.[1], Sarsenbayeva A.N.[2]
[1]Dr.Sci. (Phys-Math), Professor of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics
at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan
[2] Student of Master Programme in Mathematucs, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan

This article deals, we consider a nonlinear thermodynamic mathematic model for the propagation of seismic waves in the liquid-saturated poroelastic sphere in the case where the shear coefficients depend on the rate of deformation and the friction coefficients depend on the velocity difference. The study of viscous incompressible fluid flows on the basis of the solution of the complete system of equations of two-velocity hydrodynamics is a urgent problem. Problems of this kind basically describe physical processes, like the distribution of seismic waves, acoustics, the distribution of stressed waves in a porous medium containing a compressible fluid. To solve the problem, it is proposed to: discretize a continuous model, obtain a system of algebraic equations and study the solvability of the develop a numerical algorithm for solving the system.

Key words: poroelasticity, elasticity, mathematical model, density, conservation law.

Математикалық модель. Ығысу модулі $\mu = \mu(u_x)$ мен үйкеліс коэффициенті $\chi = \chi(u-v)$ болған жағдайды қарастырайық. Қарастырылып отырған жүйе үшін импульстың сақталу заңы орындалады

$$\rho_s u_t = \sigma_x - \rho_l^2 (u-v)\chi(u-v),$$

ал қаныққан сұйықтың қозғалыс теңдеуі келесі түрде болады

$$\rho_l v_t = \rho_l^2 (u-v)\chi(u-v),$$

бұл теңдеудің оң жағына өзара келісілген Даламбер реакциясының күші енген [1].

Сақталу заңы (континуалды фильтрация теориясы) әдісіне негізделген математикалық моделдің ерекшелігі өзара әсер күштері бірмәнді болып есептелінеді, сол сияқты геометриялық орташалау кезінде сырттан беріледі. Осы тәсілде энергияның сақталу заңы қалған сақталу заңдарының салдары болып табылады.

Бұдан [2] ішкі энергия сыртқы параметрлердің функциясы болып табылатыны шығады. Байқап отырғандай, жалпы жағдайда жүйе энергиясы ішкі және кинетикалық болып бөлінбейді, ал біржылдамдықты гидродинамикалық жүйеде бұл жағдай орындалмайды [3].

Біржылдамдықты гидродинамикадан екіжылдамдықты гидродинамика континуумның айырмашылығы санақ жүйесін таңдаумен қозғалысты толығымен алып тастауға болмайды.

Сонымен қатар, континуум жиналған диссиративпен өзара әсерлескен ішкі жүйеде локальді аддитивті энтропияның бар болуын талап етпейді. Энтропияның сақталу заңының оң жағында оң анықталған диссипативті функция пайда болады. Осы жағдайда ол фазаралық үйкеліс коэффициентіне тура пропорционал.

Гидродинамикадан белгілі күй теңдеуі, термодинамикалық тұрақты және кеуек серпімділіктің динамикалық теңдеуіне қатысты сыртқы болып табылады. Жұмыста ортаны идеалды изотропты деп санаймыз. Сондықтан Гук заңы орындалады

$$\sigma_t = \mu(u_x)u_x,$$

Нәтижесінде төменгідей бірінші ретті дербес туындылы тұйықталған бірөлшемді дифференциалдық теңдеулердің жүйесі шығады:

$$\rho_s u_t = \sigma_x - \rho_l^2 (u-v)\chi(u-v),$$
$$\sigma_t = \mu(u_x)u_x,$$
$$\rho_l v_t = \rho_l^2 (u-v)\chi(u-v),$$

мұндағы u және v тығыздығы ішінара тұрақты эластикалы кеуек дененің жылдамдықтары.

$\rho_s = \rho_s^f (1-d_0)$ және тығыздығы ішінара тұрақты сұйықтық тығыздығы, $\rho_l = \rho_l^f d_0$ сәйкесінше, d_0 - кеуектілік, $u_t = \dfrac{\partial u}{\partial t}$, ρ_s^f және ρ_l^f серпінді кеуек дененің және сұйықтықтың физикалық тығыздығы.

Есептің қойылымы. Жоғарыда айтылған жүйеден кернеу тензорын алып тастаймыз. Содан келесі сызықты емес теңдеулер жүйесі u және v жылдамдықтарына қатысты кеуектілік үшін бірөлшемді бастапқы шектік есепті аламыз:

$$\rho_s u_{tt} = \left(\mu(u_x)u_x\right)_x - \rho_l^2\left((u-v)\chi(u-v)\right)_t,$$
$$x \in (0,L), t \in (0,T), \tag{1}$$
$$\rho_l v_t = \rho_l^2 (u-v)\chi(u-v),$$
$$x \in (0,L), t \in (0,T), \tag{2}$$

$$u|_{t=0} = u_0(x),\ \ u_t|_{t=0} = u_1(x),\ \ v_{t=0} = 0,$$
$$x \in (0,L) \tag{3}$$

$$u\big|_{x=0} = 0,\ \ \mu(u_x)u_x\big|_{x=L} = f(t),\ v_{x=0} = 0,$$
$$t \in (0,T). \qquad (4)$$

Мұндағы $f:[0,T] \to R,\ u_0:[0,L] \to R,\ u_1:[0,L] \to R.$

$\mu(v)$ -3-рет үздіксіз дифференциалданатын оң функция деп, ал $\chi(v)$ -2-рет үздіксіз дифференциалданатын оң функция деп жорамалдайық (болжайық).

(1)-(4) бастапқы-шекаралық есептер классикалық шешімдерін қарастырайық және $u \in C^{2,2}([0,L]\times[0,T]),\ v \in C^{0,1}([0,L]\times[0,T]),$ мұндағы $C^{k,m}([0,L]\times[0,T])$ – кеңістікте, x айнымалысы бойынша k-рет үздіксіз дифференциалданатын функция және m-рет t-ға байланысты үздіксіз дифференциалданатын функция.

$\mu, \chi, \rho_s, \rho_l$ анықталған тұрақтылар белгілі болған жағдайда (1)–(4) теңдеулерден u және v жылдамдықтарды табу кеуекті орта үшін бірөлшемді динамикалық тура есеп деп аталады. Тура есептердің шешімдерінің бар болатындығы және орнықтылығы [4] жұмыста қарастырылған.

Тура есепті дискреттеу

Мұнда қойылған есептерді шешудің екі түрі келтіріледі: торлық және вариациялық әдістер. Осы әдістердің құру жолдарын, олардың қасиеттері мен айырымдық теңдеулерді шешу тәсілдерін зерттейік. h=0,1 қадаммен берілген аралықты бірнеше бөлікке бөлу арқылы нүктелер жиынын аламыз.

Есептің дискретті қойылымын қарастырайық. $h = \dfrac{L}{N_x}$ және $\tau = \dfrac{T}{N_t}$ қадаммен өлшемі $(0,L)\times(0,T),\ \omega_{h,\tau}$ торын тұрғызайық, мұндағы N_x, N_t – оң бүтін сандар.

$$\omega_{h,\tau} = \left\{x_i = ih, t_k = k\tau \mid i = \overline{0,N_x}, k = \overline{0,N_t}\right\}$$

$\omega_{h,\tau}$ торындағы $u_i^k = u(x_i,t_k),\ v_i^k = v(x_i,t_k)$ – торлық функция деп аталады. Айырымдылық аппроксимациясына кіріспес бұрын, ең алдымен оған шаблонды таңдап алу керек, яғни торлық функцияның мәндерін аппроксимациялауға қолдану үшін $\omega_{h,\tau}$ түйініне көршілес түйіндер жиынын көрсету керек.

(1)–(2) теңдеулердің аппроксимация (жуықтау) реті айырымдық сұлбасын құру үшін бес нүктелі шаблонды пайдаланамыз (сурет 1).



Сурет 1. бес нүктелі шаблон

(1)–(2) теңдеулеріндегі туындыларды Самарскийдің формуласымен [5] ауыстырамыз:

$$u_{tt} \approx \frac{u_i^{k+1} - 2u_i^k + u_i^{k-1}}{\tau^2},$$

$$v_t \approx \frac{v_i^{k+1} - v_i^k}{\tau}$$

$$\left(\mu(u_x)u_x\right)_x \approx \frac{1}{h}\left[\mu^k_{i+\frac{1}{2}}\cdot\frac{u^k_{i+1}-u^k_i}{h}-\mu^k_{i-\frac{1}{2}}\cdot\frac{u^k_i-u^k_{i-1}}{h}\right]=$$

$$\frac{1}{h^2}\left[\mu^k_{i+\frac{1}{2}}u^k_{i+1}-\left(\mu^k_{i+\frac{1}{2}}+\mu^k_{i-\frac{1}{2}}\right)u^k_i+\mu^k_{i-\frac{1}{2}}u^k_{i-1}\right],$$

$$\rho_l^2\left((u-v)\chi(u-v)\right)_t=\rho_l v_{tt}\approx\rho_l\cdot\frac{v^{k+1}_i-2v^k_i+v^{k-1}_i}{\tau^2},$$

$$\rho_l^2(u-v)\chi(u-v)\approx\rho_l^2\left(u^k_i-v^k_i\right)\cdot\chi^k_i$$

мұндағы $\mu^k_{i+\frac{1}{2}}=\dfrac{\mu^k_{i+1}+\mu^k_i}{2}=\dfrac{1}{2}\left(\mu\left(\dfrac{u^k_{i+1}-u^k_i}{h}\right)+\mu\left(\dfrac{u^k_i-u^k_{i-1}}{h}\right)\right)$, $\chi^k_i=\chi\left(u^k_i-v^k_i\right)$.

Шекаралық және бастапқы шарттарды келесі түрде аппроксимациялаймыз (жуықтаймыз):

$$u(x,0)\approx u^0_i=u_{0,i},\ u_t(x,0)\approx\frac{u^1_i-u^0_i}{\tau}=u_{1,i},\ v(x,0)\approx v^0_i=0$$

$$u(0,t)\approx u^k_0=0,\ \mu(u_x(L,t))u_x(L,t)\approx\mu\left(\frac{u^k_{N_x}-u^k_{N_x-1}}{h}\right)\cdot\frac{u^{k+1}_{N_x}-u^{k+1}_{N_x-1}}{h}=f_k,$$

Дифференциалдық теңдеулерді айырымдық әдістермен шешу – алдымен тор енгізуден басталады. Осылайша, (1)-(4) есептердің айырымдық аппроксимациясы мынадай теңдеулер жүйесі болып табылады:

$$\rho_s\cdot\frac{u^{k+1}_i-2u^k_i+u^{k-1}_i}{\tau^2}=$$

$$=\frac{1}{h^2}\left[\mu^k_{i+\frac{1}{2}}u^k_{i+1}-\left(\mu^k_{i+\frac{1}{2}}+\mu^k_{i-\frac{1}{2}}\right)u^k_i+\mu^k_{i-\frac{1}{2}}u^k_{i-1}\right]-\rho_l\cdot\frac{v^{k+1}_i-2v^k_i+v^{k-1}_i}{\tau^2},$$

$$i=\overline{1,N_x-1},\ k=\overline{1,N_t-1} \tag{5}$$

$$\frac{v^{k+1}_i-v^k_i}{\tau}=\chi^k_i\cdot\left(u^k_i-v^k_i\right),\quad i=\overline{1,N_x-1},\ k=\overline{1,N_t-1} \tag{6}$$

$$u^0_i=u_{0,i},\ u^1_i=u^0_i+\tau\cdot u_{1,i},\ v^0_i=0\ \ i=\overline{0,N_x} \tag{7}$$

$$u^k_0=0,\ u^{k+1}_{N_x}=u^{k+1}_{N_x-1}+h\cdot f_k\big/\mu^k_{N_x}\ \ k=\overline{0,N_t} \tag{8}$$

Берілген есептің айырымдық аппроксимация қателігі $O(\tau+h)$ шамасына тең болады. Есептің сызықты емес болуына байланысты жуықтап қателік дәлдігін алу мүмкін емес. Есепті шешу үшін көбінесе есептеу алгоритмдері жеңіл болатын торлар әдісі қолданылды. Енді тура есепті шешудің алгоритмін келтірейік.

Тура есепті шешу алгоритмі

Бірінші қадамда бастапқы шарттарды $k=0$ $v^0_i=0$, $u^0_i=u_{0,i}$, және $k=1$ $u^1_i=u^0_i+\tau\cdot u_{1,i}$ кезінде барлық $i=\overline{0,N_x}$ торының түйіндерінде есептеледі;

Екінші қадамда $i=0$ $u^k_0=0$, $k=\overline{0,N_t}$ кезіндегі шекаралық шарттарды есептейміз;

Бастапқы $k=\overline{0,N_t}$ кезіндегі шарттарды пайдалана отырып, $i=N_x$ $u^{k+1}_{N_x}=u^{k+1}_{N_x-1}+h\cdot f_k\big/\mu^k_{N_x}$ шекаралық есептерді есептейміз;

(6) теңдеуді шешу үшін $k=0\ i=\overline{1,N_x-1}$, $k=\overline{1,N_t-1}$, кезінде $v_i^{k+1}=v_i^k+\tau\cdot\left(u_i^k-v_i^k\right)\cdot\chi_i^k$, алғашқы шарты орындалатын (5) теңдеуді шешеміз;

$$u_i^{k+1}=\frac{\tau^2}{\rho_s\cdot h^2}\cdot\mu_{i+\frac{1}{2}}^k u_{i+1}^k+\left[2-\frac{\tau^2}{\rho_s\cdot h^2}\cdot\left(\mu_{i+\frac{1}{2}}^k+\mu_{i-\frac{1}{2}}^k\right)\right]u_i^k+\frac{\tau^2}{\rho_s\cdot h^2}\cdot\mu_{i-\frac{1}{2}}^k u_{i-1}^k+$$

$$+2u_i^k-u_i^{k-1}-\frac{\rho_l}{\rho_s}\cdot\left(v_i^{k+1}-2v_i^k+v_i^{k-1}\right),\quad i=\overline{1,N_x-1},\quad k=\overline{1,N_t-1}$$

және 3 пунктке өтеміз.

Жүргізілген сандық есептеу нәтижесі

Берілген орта моделі үшін толқын теңдеуі алгоритмінің сандық есептеулерінің нәтижесі 2 суретте көрсетілген. Бұл суреттерде белгіленген N_x=40, N_t=100 сандық эксперименттің сипаттамасы Tecplot ортасында график түрінде көрсетілген.

Visual Studio ортасында программалау арқылы есептің шешімін есептеуге берілген параметрлердің мәндері $\rho_s=3\cdot10^3,\rho_l=10^3,\chi=10^5,\mu=3\cdot10^6$.

Ал $f(t)=e^{-\frac{2\pi\cdot f_0\cdot(t-t_0)^2}{\gamma^2}}\cdot\sin\left(2\pi\cdot f_0\cdot(t-t_0)\right)$– функциясы Пузырёв түріндегі уақытша сигнал, мұндағы $\gamma=4,\ \ f_0=1Гц,\ \ t_0=1{,}5сек$. $x\in[0;100км],\ \ t\in[0;100сек]$ есептің шешілу облысы. Қалған функциялар нөлге тең.

Толқындардың таралу жылдамдықтарының теңдеулер жүйесін алуға негізделген сандық математикалық моделі жасалды, сандық моделді шешу үшін алгоритмі жазылды.

Бұл жұмыстың нәтижелерін, атап айтқанда ұсынылып отырған алгоритм мен математикалық моделді сығылған көпфазалы ортада сызықты және сызықты емес толқындардың таралуын терең зерттеу, сондай-ақ толқынның таралуын зерттейтін инновациялық әдістерді әзірлеу үшін пайдалануға, оларды зерттеуге арналған әдістерді әзірлеу режимін оңтайландыру және дамыту, сондай-ақ жер асты кен орындарын іздеуде орындалатын технологиялық процестерді модельдеуде қолдануға болады.



$u(x,t)$ $v(x,t)$

Сурет 2. u және v толқындардың таралу жылдамдықтары

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Мақалада математиканы оқытуда интерактивті оқыту әдістерін пайдалану тиімділігі қарастырылған. Қазақстан Республикасында мемлекеттік деңгейде қабылданған құжаттардағы аталған зерттеудің өзектілігі талданған. Интерактивті оқыту моделін пайдаланудың мақсаты, интерактивті оқыту моделіне негізделген сабақтың ерекшелігі қарастырылған. Интерактивті оқыту жағдайындағы маңызды мәселе белсенділік болып табылатынын және оның үш түріне сипаттама берілген. Оқыту әдістеріне қысқаша сипаттама берілген, оның ішінде, интерактивті оқыту әдісі жан-жақты талданған. Интерактивті оқытудың міндеттері мен интерактивті сабақта жұмыс істеу принциптері келтірілген. Компьютерлік технологияларды сабақта қолданудағы мұғалім мен оқушы арасындағы белсенді қарым-қатынас туралы айтылған. Математика сабағында интерактивті оқыту технологияларын қолданудың тиімділігі талданып, мысалдар келтірілген.

Түйін сөздер: оқыту әдістері, белсенді оқыту әдістері, пассивті оқыту әдістері, интерактивті оқыту әдістері, интерактивті оқыту моделі, интерактивті оқыту технологиялары

Аннотация

Б.А. Қадырбаева[1], А.Т. Валиев[2]

[1] к.п.н., старший преподаватель Института Математики, физики и информатики при
Казахском национальном педагогическом университете имени Абая, г.Алматы, Казахстан
[2]магистрант специальности Информационные системы Казахского национального
педагогического университета имени Абая, г.Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ МАТЕМАТИКЕ

В статье рассматривается эффективность использования интерактивного метода в обучении математике. Проанализированы актуальность данного исследования в нормативных документах Республики Казахстан. Рассмотрены цель использования интерактивной модели обучения, и особенности урока, который основанный на интерактивной модели обучения. Активность является важной проблемой в условиях интерактивного обуения. Приведены краткая характеристика методам обучения, в том числе, досконально проанализирован интерактивный метод обучения. Приведены задачи интерактивного обучения и принципы работы в интерактивном уроке. Изложены активное отношение между учителем и ученика в применениях компьютерной технологии на уроках. Проанализирована эффективность применения технологии интерактиного обучения на уроках математики и приведены примеры.

Ключевые слова: методы обучения, активные методы обучения, пассивные методы обучения, интерактивные методы обучения, модель интерактивного обучения, технологии интерактивного обучения,

Abstract

USING INTERACTIVE METHODS IN THE PROCESS OF TEACHING MATHEMATICS

Kadyrbayeva B.A.[1], Valyev A.T.[2]

[1] Cand. Sci. (Pedagogical), Senior Lecturer of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

[2]Student of Master Programme in Information System, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

The efficiency of using interactive methods in teaching mathematics is considered in the article. The relevance of the study in normative documents of the Republic of Kazakhstan are analysed. The aim of using the interactive learning model, and the features of the lesson, which is based on the interactive learning model, are considered. Activity is an important issue in interactive training. The brief description of teaching methods, including interactive training technique are discussed. Tasks of interactive teaching and working principles in interactive lesson are given. The active relationship between the teacher and the student in the applications of computer technology in the lessons is outlined. The effectiveness of interactive teaching technologies in the mathematics lessons are discussed and examples are given.

Key words: teaching methods, active learning methods, passive methods of learning, interactive teaching methods, the model of interactive learning, interactive learning technology

Қазақстандық білім беру жүйесін жетілдірудің негізгі міндеттері қоғамдық қатынастар мен құндылықтардың талаптарына сәйкес мектептегі білім берудің сапасын жаңа деңгейге көтеру болып табылады. Қазақстандық білім беру жүйесін дамытуға байланысты жүзеге асырылатын шаралар мемлекеттік деңгейде қабылданған білім беруді дамыту бағдарламаларында, Ел Басы Н.Ә. Назарбаевтың Жыл сайынғы Жолдауларында ерекше аталып көрсетілген, білім беру жүйесіне қоғам тарапынан қойылатын әлеуметтік талаптар тұжырымдалған [1]. Дамып келе жатқан қоғамға білімді, адамгершілігі мол, жауапты шешімді өз бетімен дер кезінде қабылдай алатын және оның мүмкін болатын нәтижелерін алдын-ала болжайтын, ынтымақтастықпен жұмыс істеуге қабілетті, икемді, ел тағдырына жауапкершілікті сезінетін мамандар даярлауға басымдық берілетіні аталып көрсетілген.

Қоғамдағы өтіп жатқан өзгерістер білім беру жүйесін дамытып, жетілдірудің шынайы алғы шарттарын құруға мүмкіндіктер берді, ол жаңа білім беру технологияларын, жаңа білім мазмұнының элементтерін мектеп практикасына енгізуді көздейді. Бұл аталған мәселенің шешімін мектептегі білім беру үдерісіне интерактивті оқыту әдістерін енгізу арқылы шешуге болады.

Интерактивті оқыту моделін пайдаланудың мақсаты - оқушылар арасында өзара белсенді қарым-қарым қатынасты қамтамасыз ететін оқытуды ұйымдастыру болып табылады. Интерактивті оқытуды ұйымдастыру күнделікті тұрмыстағы жағдайларды моделдеуді, рөлдік ойындарды пайдалануды, жағдайларды талдау негізінде мәселенің шешімін іздеп, табуды ұсынады. Интерактивті сабақтың құрылымы әдеттегі сабақтың құрылымынан өзгеше болып келеді. Сабақтың құрылымына тек интерактивті оқыту моделінің элементтері қамтылады, дәлірек айтқанда, сабақты әрі қызықты, әрі оның тартымдылығын арттыратын нақты әдістер мен тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Бұл технологиялар оқу материалын толық меңгеруге мүмкіндік береді және оқу үдерісіне оқушының қызығушылығын ескеруді қамтамасыз етеді. Интерактивті оқыту моделіне негізделген сабақ дәстүрлі сабақпен салыстырғанда айтарлықтай қызықты өтеді [2].

Интерактивті оқытуды білім беру үдерісіне енгізу үшін оқытушылар, ең алдымен, компьютер, оқу бөлмесінде проектор, тіпті Smart – тақталар болуы қажет деп есептейді.

Интерактивті оқыту дегенді қалай түсінеміз? Бұл сөздің ағылшын тілінен тікелей аудармасы: «inter» – бұл "өзара", ал «act» – әрекеттесу дегенді білдіреді, ал интерактивтілік сөзі толығымен "өзара әрекеттесу қабілеттілігі" немесе қарым-қатынас, әңгімелесу режимінде (компьютермен немесе адаммен) болу дегенді білдіреді. Бұдан интерактивті оқыту дегеніміз - оқушының оқу ортасымен өзара әрекеттесуіне құрылған оқыту түрін түсінеміз, мұндағы оқу ортасы меңгерілетін білім немесе тәжірибе қызметін атқарады. Мұндағы маңызды мәселе - толыққанды интерактивті оқытуда оған қатысушылар бірі-бірімен, дәлірек айтқанда, адаммен де (физикалық), әлеуметтік ортамен де, оқып үйренетін білім мазмұнымен де өзара әрекеттеседі. Белсенділіктің бұл үш түрі де бір-бірімен өзара байланысқан және олар әртүрлі, сабақта міндетті түрде қатысады. Олардың әрқайсысына қысқаша сипаттама берейік.

Адамдар (физикалық) - жұмыс орнын өзгертіп, ауысып отырады, жазады, оқиды, тыңдайды, сурет салады және т.б.

Әлеуметтік - сұрақтар қояды, сұрақтарға жауап береді, өзара пікірлерімен алмасады және т.б.

Танымдық - мұғалімнің баяндауына түзетулер мен толықтырулар енгізеді, өздері мәселенің шешімін табады, кәсіби тәжірибесі туралы баяндайды және т.б.

Сонымен, интерактивті оқыту дегеніміз - қарым-қатынасқа негізделген, түпкі мақсатты көздей отырып, пәннің негізгі мазмұнын сақтайтын, бірақ, сабақтың жүргізілу түрі мен тәсілдерін өзгертетін оқыту болып табылады.

Білім беру саласында мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесуінің жалпы үш түрі қалыптасып, кеңінен таралды [3]:

1. Пассивті оқыту әдістері.
2. Белсенді оқыту әдістері.
3. Интерактивті оқыту әдістері.

Бұл аталған әдістердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Пассивті оқыту әдісі – бұл мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуінде мұғалім негізгі әрекет жасайтын, сабақтың жүргізілу барысын басқаратын, ал оқушылар мұғалімнің нұсқауына бағынатын, пассивті тыңдаушылардың рөлін атқаратын оқыту әдісі болып табылады. Бұл аталған оқыту әдісінде мұғалім мен оқушылар арасындағы байланыс сұраулар жүргізу, өзіндік жұмыстар орындау, бақылау жұмыстары мен тест тапсырмаларын орындау арқылы жүзеге асырылады. Бұл әдісті қазіргі педагогикалық технологиялар тұрғысынан қарастырсақ, оқушылардың оқу материалын меңгеру тиімділігі жағынан пассивті әдістің тиімділігі шамалы ғана болып есептеледі, бірақ оған қарамастан бұл әдісінің оң тұстары да бар. Бұл салыстырмалы түрде мұғалім тарапынан сабаққа дайындалудың жеңілдігі мен сабақтағы шектелген уақыт ішінде салыстырмалы түрде оқу материалының ауқымды көлемін оқушыларға жеткізу болып табылады.

Белсенді оқыту әдісі - бұл мұғалім мен оқушылардың сабақ барысында бір-бірімен өзара әрекеттесуі жүзеге асатын оқыту түрі болып табылады, мұнда оқушылар пассивті тыңдаушылар емес, белсенді оқу үрдісіне қатысушылар, мұғалім мен оқушылар өзара әрекеттесуге тең құқықпен қатысады. Егер пассивті оқыту әдісінде өзара әрекеттесу авторитарлық стильде болса, белсенді оқытуда ол демократиялық стильде жүзеге асады. Көртеген зерттеушілер белсенді оқыту әдісі мен интерактивті оқыту әдісін тең деп жатады, дегенмен, олардың ортақ тұстары болғанымен, айтарлықтай айырмашылықтары да бар.

Интерактивті оқыту әдістерін белсенді әдістердің қазіргі заманауи түрі ретінде қарастыруға болады.

Белсенді оқыту әдістерінен интерактивті оқыту әдісінің айырмашылығы оқушылардың тек мұғаліммен ғана емес, сонымен бірге, оқыту процесінде олардың бір-бірімен белсенді өзара әрекеттесуінде болып табылады. Интерактивті сабақтардағы мұғалімнің орны оқушылардың іс-әрекетін сабақтың мақсатына жетуге бағыттау болып есептеледі. Мұғалім сонымен бірге сабақтың жоспарын (бұл нәтижесінде оқушылар материалды меңгеруді қамтамасыз ететін жаттығулар мен тапсырмалар) даярлайды [4].

Интерактивті оқыту - бұл танымық іс-әрекетті ұйымдастырудың арнайы формасы. Ол барынша нақты және болжанатын мақсатты қояды. Интерактивті оқытудың мақсаты - оқушы өзінің оқудағы табыстылығын сезіне алатын, интеллектуалдық дамуын көрсете алатын, оқыту процесі білім мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беретін, қолайлы оқыту жағдайларын құру болып табылады. Сонымен қатар, оқыту аяқталғаннан кейін мәселені қалай шешуге болатын жағдайды құруға мүмкіндік береді.

Басқаша айтқанда, интерактивті оқыту - бұл ең алдымен, мұғалім мен оқушылардың және оқушылардың өз арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін диалогты оқыту болып табылады.

Интерактивті оқыту түрінің міндеттері [3]:

1) оқушылардың қызығушылығын ояту;
2) оқу материалын тиімді меңгеру;
3) қойылған оқу тапсырмасын шешудің жолдары мен нұсқаларын оқушылардың өз бетімен іздеуі (ұсынылған нұсқалардың біреуін таңдау немесе өзінің нұсқасын негіздемесімен табу);
4) оқушылар арасындағы қарым-қатынасты орнату, командамен жұмыс істеуге үйрету, кез келген көзқарасқа шыдамдылық танытуға баулу, әркімнің еркін сөйлеу құқығын құрметтей білу және басқалардың жетістіктерін құрметтей білуге үйрету;
5) оқушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастыру;
6) өмірлік және кәсіби дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Интерактивті сабақтағы жұмыс істеу принциптері:

1) сабақ дегенміз - лекция емес, ортақ жұмыс;
2) жас ерекшелігіне, әлеуметтік мәртебесіне, жұмыс орнына, тәжірибесіне тәуелсіз барлық қатысушылар тең болып есептеледі;
3) әрбір қатысушы кез келген сұраққа өзінің пікірін айтуға құқығы бар;
4) жеке тұлғаны тікелей сынауға орын жоқ (тек идея сыналуы мүмкін);

5) сабақта барлық айтылғандар - басқаруға емес, әрекетке түсуі, ал ақпарат ойлауға берілуі тиіс.

Компьютерлік технологияларды сабақта қолдану мұғалім мен оқушы арасындағы белсенді қарым-қатынас түрінде өтеді. Бірақ мұғалім өзін мұндай іс-әрекеттің қосымшасы ретінде сезінбеуі тиіс, керісінше, бұл мұғалімнің қуатты құралы болуы керек. Ал оқушылар материалды қабылдаушы ғана емес, олар әрбір кезеңнің белсенді қатысушылары болуы маңызды.

Математика сабағында интерактивті оқыту технологияларын қолданудың тиімділігі қандай?

Бұл біріншіден, өзара интерактивті әрекеттесі мүмкіндігін береді. Екіншіден, оқушылардың сабақтағы ісоқушылардың сабақтағы іс-әрекетінің белсенділігін арттырады. Сабақта тек айтылғанды тыңдап отыру жеткіліксіз, сонымен бірге, демонстраци барысында қойылған кейбір сұрақтарға жауап беру маңызды. Үшіншіден, оқушының орындаған іс-әрекеті бағаланады, егер ол қателесетін болса, оған қалай орындау туралы нұсқау беріледі және әрекетті қайталауға мүмкіндігі бар. Төртіншіден, оқушылардың ұжыммен және дербес орындауға болатын тапсырмаларын ұйымдастыруға мүмкіндік бар. Бесіншіден, мұғалімнің оқушылардың дербес орындаған тапсырмаларын қадағалауына және олардың жұмыстарын түзетіп, оған дер кезінде көмек көрсетуіне мүмкіндіктер береді. Алтыншыдан, оқытудағы іс-әрекеттік тәсілді толығымен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Оқыту мазмұнында интерактивті тәсілдерді жүзеге асырудың негізі - оқушылар орындайтын интерактивті тапсырмаларды мен жаттығуларды даярлау және пайдалану болып табылады. Дәстүрлі оқыту тапсырмалары мен жаттығуларынан интерактивті тапсырмалар ме жаттығулардың айырмашылығы өтілген материалды бекіту емес, жаңа білімді меңгеру болып табылады. Сондықтан әрбір интерактивті тапсырма - бұл оқушылардан қарапайым ақпаратты шығаруды ғана емес, үлкен немесе шағын іздеу элементтерін, сонымен бірге, бірнеше тәсілді қамтитын шығармашылық сипаттағы оқу тапсырмалары болып табылады.

Мысалы, "Тригонометриялық теңдеулер" тақырыбына арналған тапсырмалар мысалын келтірейік. Бірінші сабақта тригонометриялық теідеулердің түбірін табуға оқулықта берілген жаттығуларды орындайды. Осы теңдеулерге біз мынадай тапсырмалар қосуды ұсынамыз:

1) берілген аралықта жататын түбірлерді таңдаңдар;

2) берілген шартты қанағаттандыратын түбірлерді таңдаңдар.

Оқушылар триглнлметриялық теңдеулердің қасиеттері жөніндегі бұрын өтілген материалды пайдалануы тиіс.

Интерактивті оқыту әдістерін пайдаланудың оң тұстары қандай?

Интерактивті оқыту әдістерін пайдалануда мұғалімнің рөлі өзгереді, ол оқу процесінің өтуін реттейтін, жалпы ұйымдастырумен айналысатын тұлғаға айналады. Ол қажетті тапсырмалар мен сұрақтарды алдын-ала әзірлеп, құрылған сабақ жоспарының уақытымен орындалуын қадағалап отырады.

Интерактивті оқыту әдістерін пайдалану жөніндегі психологтардың тұжырымдарына сүйенсек, оқушының оқу процесіндегі қарым-қатынаста ақпаратты қабылдау дәлдігінің артқанын, есте сақтау қабілетінің ұлғайғанын байқауға болады, жеке тұлғаның интеллектуалдық және эмоционалдық қасиеттерінің белсенді дамығанын, зейіннің орнықтылығын және оны орынды бөле білу, қабылдау кезіндегі байқағыштық тәрізді қасиеттерінің дамығанын көруге болады. Сонымен бірге, серіктесінің іс-әрекетін талдай білу, оның ынтасын, талпынысын көре білу қабілеттерінің дамығаны байқалады. Қорыта айтқанда, интерактивті оқыту мұғалімдерді шығармашылықпен жұмыс істеуге бағыттайтын, оқыту тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін, қазіргі қоғам талабына жауап беретіндей оқытуды ұйымдастыруға болатын оқыту түрі болып табылады.

Ал, ақпараттық қоғамда өмір сүретін тұлғаларды даярлауда оқыту тиімділігін арттыру, оның ішінде, математика пәнін оқыту тиімділігін арттыру ерекше маңыздылыққа ие және оған уақыт талабына сай білім бергенде ғана қол жеткізе аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана: послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана Астана, от 27 января 2012 г.

2 Қадырбаева Б.А. Математиканы деңгейлік дамыта оқыту үдерісінде оқушылардың өзіндік жұмыс жасау қабілетін жетілдіру әдістемесі //Монография. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2015. – 236 б.

3 Халықова К.З. Оқыту процесіне инновациялық технологияларды енгізудің теориясы мен практикасы// Монография. – Алматы: Абай ат.ҚазҰПУ, 2015. – 172 б.

4 Халикова К.З. Инновационные технологии в формировании интеллектуального потенциала будущего специалиста// VII Международная научно-практическая конференция «ИНФОРМАЦИЯ И ОБРАЗОВАНИЕ: ГРАНИЦЫ КОММУНИКАЦИЙ» INFO'15. Горно-Алтайский Государственный университет (Республика Алтай). – 5-8 июль, 2015 г. - Сборник научных трудов №7(15). – С.328-330.

УДК 539.3:534.1
ГРНТИ 30.19.15: 30.15.27

К.К. Коксалов[1], Ж.К. Куттыхожаева[2]

[1]д.ф.-м.н., профессор Института Математики, физики и информатики при Казахском национальном педагогическом университете имени Абая, г.Алматы, Казахстан
[2]магистрант специальности Математика Казахского национального педагогического университета имени Абая, г.Алматы, Казахстан

РЕШЕНИЕ УРАВНЕНИЯ УСТОЙЧИВОСТИ ПЛАСТИНЫ ВАРИАЦИОННЫМ МЕТОДОМ

Аннотация

Рассмотрена задача об устойчивости деформирования анизотропной слоистой пластины при двустороннем боковом сжатии. Уравнения устойчивости и граничные условия выведены при помощи вариационного принципа теории упругой устойчивости. Пластина находится в условиях плоской деформации. Уравнения упругой устойчивости в условиях плоской деформации принимают для состояния нейтрального равновесия стационарное значение, согласно второй вариации полной энергии. Получена система двух уравнений относительно горизонтальных и вертикальных перемещений пластины. Надо определить эти перемещения и критические условия. Исследуются уравнения шестого порядка в частных производных относительно функции перемещений. Уравнения шестого порядка решены методом Фурье разделением переменных. Найдены формулы для горизонтальных и вертикальных перемещений пластины. А также найдена формула для критических усилий.

Ключевые слова: вариация, слоистая пластина, устойчивость, уравнение, перемещение.

Аңдатпа
К.К. Коксалов[1], Ж.К. Куттыхожаева[2]

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЛАСТИНА ТЕҢДЕУІНІҢ ВАРИАЦИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН ШЕШІЛУІ

[1]ф.-м.ғ.д., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Математика, физика және информатика институтының профессоры, Алматы қ., Қазақстан
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, математика мамандығының магистранты, Алматы қ., Қазақстан

Қатпарлы пластинаның екі жақ бүйірінен қысқан кездегі деформациясының тұрақтылығы туралы есеп қарастырылған. Серпімді тұрақтылық теориясының вариациялық негізінде тұрақтылық теңдеуі мен шекаралық шарттар шығарылған. Пластина жазық деформация жағдайында болады. Толық энергияның екінші вариациясына сәйкес жазық деформация жағдайында серпімді тұрақтылық теңдеуі бейтарап тепе-теңдік күйі үшін стационар шама қабылдайды. Пластинаның көлденең және тік орын ауыстыруларына қатысты екі теңдеулер жүйесі табылған. Осындай орын ауыстырулар мен сындық күшті табу керек. Орнын ауыстыру функциясына қатысты алтыншы ретті дербес туындылы теңдеу зерттелген. Бұл теңдеу айнымалылары ажыратылған Фурье әдісімен табылған. Пластинаның көлденең және тік орнын ауыстыруларының формулалары алынған. Сонымен қатар сындық күш формуласы табылған.

Түйін сөздер: вариация, қатпарлы пластина, тұрақтылық, теңдеу, орын ауыстыру.

Abstract

SOLVING EQUATION OF STABILITY PLATE BY VARIATION METHOD

Koksalov K.K.[1], Kuttykhozhayeva Zh.K.[2]
[1]Dr. Sci. (Phys.-Math), Professor of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan
[2]Student of Master Programme in Mathematics of the Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

The deformation of an anisotropic laminated plate at bilateral lateral compression is considered in this article. The stability equation and boundary conditions shown with variation principle theory of elastic stability. The plate at the conditions of plane deform. The equations of elastic stability in conditions of plane deformation takes for the state of neutral equilibrium stationary value, according to the second variation of the total energy. It received system of two equation with respect to the horizontal and vertical displacement of the plate. It is necessary to determine the displacement and the critical condition. Researched the equation of the sixth order in the partial derivatives for the deflection functions. The equations of the sixth order solved by the Fourier method of separation of variables. It found formula for the horizontal and vertical plate deflections. And also the formula for critical effort found.

Key words: variation, laminated plate, stability, equation, deflection.

Рассмотрим устойчивость анизотропной пластины длины a и толщины H при двустороннем сжатии (Рис 1).



Рисунок 1. Расчетная схема пластины при двустороннем сжатии

В условиях плоской деформации для вывода уравнений упругой устойчивости воспользуемся вариационным принципом, согласно которому вторая вариация полной энергии системы $\delta^2{*}Э$ принимает для состояния «нейтрального» равновесия стационарное значение [1]:

$$\delta(\delta^2{*}Э)=0. \tag{1}$$

Выражение для второй вариаций полной энергии слоистой пластины имеет вид [2]:

$$\delta^2{*}Э=\mu^2\int_0^{\frac{a}{h}}\int_0^{H/h}\left\{B\left(\frac{\partial u}{\partial x_1}\right)^2+\frac{D}{h^2}\left(\frac{\partial^2 w}{\partial x_1^2}\right)^2+\frac{h^2}{h_2}\left[G_2\left(\frac{\partial u}{\partial z_1}+\frac{\partial w}{\partial x_1}\right)^2+\right.\right.$$
$$\left.\left.+E_2\left(\frac{\partial w}{\partial z_1}\right)^2\right]+N_x^0\left(\frac{\partial w}{\partial x_1}\right)^2\right\}dx_1dz_1, \tag{2}$$

где $N_x^0=-P=-ph_1-$ критическое усилие, $B=\dfrac{E_1h_1}{1-\nu_1^2}$ – жесткость при сжатии, $D=\dfrac{h_1^3E_1}{12\left(1-\nu_1^2\right)}-$ цилиндрическая жесткость, E_1- модуль упругости, ν_1- коэффициент Пуассона, h_1 - толщина жесткого слоя; $E_2=\dfrac{2G_2(1-\nu_2)}{1-2\nu_2}$ - трансверсальный модуль, G_2 - модуль сдвига, ν_2- коэффициент Пуассона, h_2 - толщина мягкого слоя;; $x_1=\dfrac{x}{h}$, $z_1=\dfrac{z}{h}$; $h=h_1+h_2$, u,w -горизонтальные и вертикальные перемещения.

Подставляя (2) в равенство (1), получим вариационное уравнение:

$$\left\{\int_0^{H/h}\left\{B\frac{\partial u}{\partial x_1}\delta u+\frac{D}{4h_1^2}\frac{\partial^2 w}{\partial x_1^2}\delta\left(\frac{\partial w}{\partial x_1}\right)-\left[\frac{D}{4h_1^2}\frac{\partial^3 w}{\partial x_1^3}-\frac{2h_1^2G_2}{h}\left(\frac{\partial u}{\partial z_1}+\frac{\partial w}{\partial x_1}\right)+\right.\right.\right.$$
$$\left.\left.\left.+p\frac{\partial w}{\partial x_1}\right]\delta w\right\}dz_1\right\}_{x_1=0}^{x_1=\frac{a}{h}}+\left\{\int_0^{\frac{a}{h}}\left[\frac{2h_1^2G_2}{h}\left(\frac{\partial u}{\partial z_1}+\frac{\partial w}{\partial x_1}\right)\delta u+\frac{2E_2h_1^2}{h}\frac{\partial w}{\partial x_1}\delta w\right]dx_1\right\}_{z_1=0}^{z_1=\frac{H}{h}}- \tag{3}$$
$$-\int_0^{\frac{a}{h}}\int_0^{H/h}B\frac{\partial^2 u}{\partial x_1^2}+\frac{2h_1^2G_2}{h}\left(\frac{\partial^2 u}{\partial z_1^2}+\frac{\partial^2 w}{\partial x_1\partial z_1}\right)\Bigg]\delta u\,dx_1dz_1+\int_0^{\frac{a}{h}}\int_0^{H/h}\left[\frac{D}{4h_1^2}\frac{\partial^4 w}{\partial x_1^4}-\right.$$

$$-\frac{2h_1G_2}{h}\left(\frac{\partial^2 u}{\partial x_1\partial z_1}+\frac{\partial^2 w}{\partial x_1^2}\right)-\frac{2E_2h_1^2}{h}\frac{\partial^2 w}{\partial z_1^2}+p\frac{\partial^2 w}{\partial x_1^2}\Bigg]\delta w dx_1 dz_1=0,$$

которое в силу произвольности вариаций $\delta u, \delta w, \delta(\partial w/\partial x_1)$ позволяет получить уравнения равновесия:

$$\frac{\partial^2 u}{\partial x_1^2}+K_4^2\left(\frac{\partial^2 u}{\partial z_1^2}+\frac{\partial^2 w}{\partial x_1\partial z_1}\right)=0,$$

$$\frac{\partial^4 w}{\partial x_1^4}-K_1^2\left(\frac{\partial^2 u}{\partial x_1\partial z_1}+\frac{\partial^2 w}{\partial x_1^2}\right)-K_2^2\frac{\partial^2 w}{\partial z_1^2}+K_3^2\frac{\partial^2 w}{\partial x_1^2}=0, \tag{4}$$

где

$$K_1^2=\frac{12G_2(1-\nu_1^2)}{E_1\rho^3(1-\rho)},\qquad K_2^2=\frac{12E_2(1-\nu_1^2)}{E_1\rho^3(1-\rho)},$$

$$K_3^2=\frac{12(1-\nu_1^2)P}{E_1\rho^2}=K^2P,\qquad K_4^2=\frac{G_2(1-\nu_1^2)}{E_1\rho(1-\rho)},\qquad \rho=\frac{h_1}{h}.$$

Граничные условия имеют вид:

$$w=0,\ \frac{\partial^2 w}{\partial x_1^2}=0,\ \frac{\partial u}{\partial x_1}=0 \text{ при } x_1=0,\ x_1=\frac{a}{h},$$

$$w=0,\quad \frac{\partial u}{\partial z_1}+\frac{\partial w}{\partial x_1}=0 \text{ при } z_1=0, \tag{5}$$

$$\frac{\partial w}{\partial z_1}=0,\quad \frac{\partial u}{\partial z_1}+\frac{\partial w}{\partial x_1}=0 \text{ при } z_1=\frac{H}{h}.$$

Для определения критического усилия исследуем нетривиальные решения системы уравнений (4) при граничных условиях (5). Введем функцию перемещений $\Phi(x_1,z_1)$ по формулам:

$$u(x_1,z_1)=-K_4^2\frac{\partial^2\Phi}{\partial x_1\partial z_1},\ w(x_1,z_1)=\frac{\partial^2\Phi}{\partial x_1^2}+K_4^2\frac{\partial^2\Phi}{\partial z_1^2}. \tag{6}$$

При этом первое уравнение системы (4) обращается в тождество, а второе уравнение принимает вид:

$$\frac{\partial^6\Phi}{\partial x_1^6}+K_4^2\frac{\partial^6\Phi}{\partial x_1^4\partial z_1^2}+\left(K_3^2-K_1^2\right)\frac{\partial^4\Phi}{\partial x_1^4}+\left(K_4^2K_3^2-K_2^2\right)\frac{\partial^4\Phi}{\partial x_1^2\partial z_1^2}-K_4^2K_2^2\frac{\partial^4\Phi}{\partial z_1^4}=0. \tag{7}$$

Граничные условия будут:

$$\frac{\partial^2\Phi}{\partial x_1^2}+K_4^2\frac{\partial^2\Phi}{\partial z_1^2}=0,\ \frac{\partial^4\Phi}{\partial x_1^4}+K_4^2\frac{\partial^4\Phi}{\partial x_1^2\partial z_1^2}=0, \tag{8}$$

$$\frac{\partial^3\Phi}{\partial x_1^2\partial z_1}=0 \text{ при } x_1=0,\ x_1=\frac{a}{h},$$

$$\frac{\partial^2\Phi}{\partial x_1^2}+K_4^2\frac{\partial^2\Phi}{\partial z_1^2}=0,\quad \frac{\partial^3\Phi}{\partial x_1^3}=0 \text{ при } z_1=0, \tag{9}$$

$$\frac{\partial^3\Phi}{\partial x_1^2\partial z_1}+K_4^2\frac{\partial^3\Phi}{\partial z_1^3}=0,\ \frac{\partial^3\Phi}{\partial x_1^3}=0 \text{ при } z_1=\frac{H}{h}=r.$$

Граничные условия (8) будут удовлетворены и переменные разделяются, если решение уравнения (7) будем искать в виде:

$$\Phi(x_1,z_1)=\Psi(z_1)\sin mx_1, \tag{10}$$

где $m=\frac{\pi nh}{a}$ - безразмерное волновое число.

Подставляя (10) в уравнение (7), получим:

$$\Psi^{IV}(z_1)-\frac{m^2}{K_2^2}\left(m^2+\frac{K_2^2}{K_4^2}-K_3^2\right)\Psi''(z_1)+\frac{m^4}{K_2^2K_4^2}\left(m^2+K_1^2-K_3^2\right)\Psi(z_1)=0. \tag{11}$$

Граничные условия (9) имеют вид:

$$-m^2\Psi(0)+K_4^2\Psi''(0)=0, \quad \Psi(0)=0,$$
$$-m^2\Psi'(r)+K_4^2\Psi''(r)=0, \quad \Psi(r)=0. \tag{12}$$

Решение уравнения (11) ищем в виде:

$$\Psi(z_1)=C\exp(\lambda z_1). \tag{13}$$

Подставляя (13) в уравнение (11), получим характерическое уравнение вида:

$$\lambda^4-\frac{m^2}{K_2^2}\left(\frac{K_2^2}{K_4^2}+m^2-K_3^2\right)\lambda^2+\frac{m^4}{K_2^2K_4^2}\left(m^2+K_1^2-K_3^2\right)=0. \tag{14}$$

Уравнение (14) имеет четыре корня:

$$\lambda_{1,2}=\pm\tau_1, \lambda_{3,4}=\pm\tau_2.$$

где

$$\tau_{1,2}=\frac{m}{\sqrt{2}K_2}\sqrt{\left(m^2+\frac{K_2^2}{K_4^2}-K_3^2\right)\pm\sqrt{\left(\frac{K_2^2}{K_4^2}+K_3^2-m^2\right)^2-\frac{4K_1^2K_2^2}{K_4^2}}}.$$

Общее решение уравнения (11) имеет вид:

$$\Psi(z_1)=C_1ch\tau_1z_1+C_2sh\tau_1z_1+C_3ch\tau_2z_1+C_4sh\tau_2z_1, \tag{15}$$

где C_1, C_2, C_3, C_4 - произвольные постоянные.

Подставляя общее решение (15) в граничные условия (12) получим $C_1=C_3=0$, а относительно C_2, C_4 имеем систему уравнений:

$$C_2\tau_1\left(m^2-K_4^2\tau_1^2\right)ch\tau_1r+C_4\tau_2\left(m^2-K_4^2\tau_2\right)ch\tau_2r=0,$$
$$C_2sh\tau_1r+C_4sh\tau_2r=0. \tag{16}$$

Из условия существования ненулевого решения системы (16) получим уравнение:

$$\tau_2\left(m^2-\tau_2^2K_4^2\right)sh\tau_1rch\tau_2r-\tau_1\left(m^2-\tau_1^2K_4^2\right)sh\tau_2rch\tau_1r=0$$

или

$$\frac{th\tau_1r}{\tau_1\left(m^2-\tau_1^2K_4^2\right)}-\frac{th\tau_2r}{\tau_2\left(m^2-\tau_2^2K_4^2\right)}=0. \tag{17}$$

Функция перемещений $\Phi(x_1, z_1)$ определенная с точностью до одного произвольного параметра ℓ имеет вид:

$$\Phi(x_1, z_1)=\ell\left(sh\tau_1rsh\tau_2z_1-sh\tau_2rsh\tau_1z_1\right)\sin mx_1. \tag{18}$$

Подставляя (18) в (6) определим выражения для перемещений

$$u(x_1, z_1)=\ell mK_4^2\left(\tau_1sh\tau_2rch\tau_1z_1-\tau_2sh\tau_1rch\tau_2z_1\right)\cos mx_1,$$
$$u(x_1, z_1)=\ell\left[\left(m^2-\tau_1^2K_4^2\right)sh\tau_2rsh\tau_1z_1-\left(m^2-\tau_2^2K_4^2\right)sh\tau_1rsh\tau_2z_1\right]\sin mx_1. \tag{19}$$

Таким образом, выведены уравнения устойчивости и граничные условия задачи при помощи вариационного принципа теории упругости. Исследовано уравнение шестого порядка в частных производных относительно функции перемещений. Найдено решение уравнения устойчивости пластины.

Список использованной литературы:

1 Болотин В.В. О вариационных принципах теории упругой устойчивости. – В сб.: Проблемы механики твердого деформированного тела. – Л.: «Судостроение», 1970.

2 Коксалов К.К. Устойчивость эллипсоидальной литосферной оболочки. – Алматы: РИО ВАК РК, 1999. –190 с.

УДК 519.62/.64
ҒТАМР 27.41.19

С.Маханбет[1], Х.Хомпыш[2]

ПСЕВДОПАРАБОЛАЛЫҚ ТЕҢДЕУ ҮШІН КЕРІ ЕСЕПТІҢ САНДЫҚ ШЕШІМІ

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Математика мамандығының магистранты, Алматы қ., Қазақстан
[2]ф.-м.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университутетінің доценті,
Алматы қ., Казақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада сызықты бір өлшемді псевдо параболалық теңдеуге қойылған бастапқы шеттік кері есебі қарастырылады. Кері есеп болу себебі теңдеудің оң жағының коэффициентін қалпына келтіру болып табылады. Псевдо параболалық теңдеулер Соболев типті теңдеулер деп те аталады. Мұндай теңдеулер ньютондық емес сұйықтардың, оның ішінде, Кельвин-Фойгт сұйығының қозғалысын сипаттайды. Берілген есеп жаңа функциялар енгізу әдісі арқылы бірнеше теңдеулер жүйесіне келтіріледі. Бұдан кейін біртіндеп тізбектеп жуықтау әдісі қолданылып, шешімді жуықтап есептеу тізбегі құрылды. Бұл теңдеулер жүйесінің шекті айырымдық сұлбалары құрылып, есептің тиімді есептеу алгоритмі берілді. Қойылған кері есептің шешімі үшін априорлық бағалаулар алынып, жинақталу жылдамдығы көрсетілді. Сандық шешім Maple 11 программа пакетінде орындалды. Алгоритмнің дұрыстығы мысалдар арқылы тексеріліп,нәтижелері графигі көрсетілді.

Түйін сөздер: Кері есеп, сандық шешім, псевдопараболалық теңдеу, артықша шарт, жинақталу жылдамдығы, біртіндеп жуықтау әдісі

Аннотация

С. Маханбет[1], Х. Хомпыш[2]
[1] магистрант по специальности Математика
Казахского национального педагогического университета имени Абая, г.Алматы, Казахстан
[2]к.ф.-м.н., доцент Казахского национального университета имени аль-Фараби,
г.Алматы, Казахстан

ЧИСЛЕННОЕ РЕШЕНИЕ ОБРАТНОЙ ЗАДАЧИ ДЛЯ ПСЕВДОПАРАБОЛИЧЕСКОГО УРАВНЕНИЯ

В данной работе рассматривается обратная задача для линейного одномерного псевдопараболического уравнения. Обратная задача состоит из восстановления коэффициента правой части. Псевдопараболические уравнения также являются уравнениями типа Соболева. Уравнения такого типа описывают движения неньютоновской жидкости в частности жидкости Кельвина-Фойгта. Методом введения новых функции, данная обратная задача сводится к системе некоторых уравнений. После этого с помощью метода последовательных приближений строится последовательность приближенных решений. Созданы конечно-разностные схемы и эффективный алгоритм вычисления для этих систем. Получены априорные оценки и оценки на скорость сходимости для решения данной обратной задачи. Численные решения вычислены в среде программы Maple 11. Протестирована эффективность алгоритма с помощью тестовых функций. Полученные результаты приведены в виде графика.

Клюевые слова: Обратная задача, численное решение, псевдопараболического уравнения, условия переопределения, скорость сходимости, метод последовательных приближении.

Abstract

NUMERICAL SOLUTION OF THE INVERSE PROBLEM FOR A PSEUDOPARABOLIC EQUATION

Makhambet S.[1], Khompysh Kh.[2]
[1] Student of Master Programme in Mathematics, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan
[2] Cand.Sci. (Phys.-Math), Associate Professor, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan

In this paper we study the inverse problem for linear one dimensional pseudo parabolic equation. The inverse problem consists of determine the coefficient of right - hand side. The pseudo parabolic equations are called also Sobolev type equations. These type equations describe the motion of non-Newtonian fluids and in particular the motion of Kelvin-Voigt fluids. By the method of introduce new functions the inverse problem reduced to the system of some equations. Then by the successful approximation method the sequence of approximation solutions is constructed. The finite difference schemes and effective calculate algorithm are constructed. Some estimates for the solution to this inverse problem and estimates for rate of convergence are obtained. By the test functions (examples) the effectively of the algorithm is checked. The numerical solutions calculated by Maple 11 program. The obtained results are showed by graphics.

Key words: Inverse problem, numerical solution, pseudoparabolic equation, overdetermination condition, rate of convergence, step-by-step method

Ньютондық емес сұйықтардың, оның ішінде, Кельвин-Фойгт сұйығының қозғалысы псевдопараболалық (Соболев типті) теңдеулермен сипатталады [1-2]. Бұл жұмыста мұндай теңдеулердің бір өлшемді, сызықты жағдайдағы теңдеуі үшін оң жақтағы коэффициентті құру кері есебі қарастырылады. Бүгінгі күнде теориялық және сандық тұрғыда параболалық типті теңдеулер үшін кері есептерді зерттеуге арналған мақалалар көп [3-6]. Алайда псевдопараболалық теңдеулер айтарлықтай көп кездеспейді. Мұндай теңдеулер үшін қойылған кері есептерге қатысты зерттеулерді [7-10] жұмыстардан танысуға болады. Псевдопраболалық теңдеулер үшін тура есепті сандық шешуге қатысты жұмыстарды [11-12] көруге болады. Псевдопараболалық типті теңдеулер үшінші ретті аралас туындылы, яғни x бойынша екінші, t бойынша бірінші туындылы $u_{xxt}(x,t)$ мүшесі бар болғандықтан, оны тікелей шекті айырымдық сұлбаларын құру арқылы классикалық сандық әдістірмен шешу қиын.

1. Есептің қойылымы. Шенелген $Q_T=(0,l)\times(0,T)$ тіктөртбұрышында

$$u_t(x,t)-u_{xx}(x,t)-u_{xxt}(x,t)=f(t)g(x,t),\qquad (x,t)\in Q_T \tag{1}$$

псевдопараболалық теңдеуді,

$$u(x,0)=u_0(x),\quad x\in(0,l) \tag{2}$$

бастапқы шартты,

$$u(0,t)=u(l,t)=0,\ t\in[0,T] \tag{3}$$

шекаралық шарттарды және

$$\int_0^l\left(u(x,t)\omega(x)+u_x(x,t)\omega_x(x)\right)dx=e(t),\quad t\in[0,T] \tag{4}$$

артық анықталған шартты қанағаттандыратын $(u(x,t),f(t))$ функциялар жұбын анықтауға қойылған кері есебін қарастырайық. Мұндағы $u_0(x)$, $\omega(x)$, $e(t)$, $g(x,t)$ функциялары берілген белгілілер.

(1)-(4) кері есебінің жалпылама шешімін келесі мағынада түсінеміз.

Анықтама. (1)-(4) кері есебінің жалпылама шешімі деп $(u(x,t),f(t))\in L_\infty\left(0,T;\overset{\circ}{W}{}_2^1(0,l)\right)\cap W_2^1\left(0,T;W_2^1(0,l)\right)\times L_2(0,T)$ функционалдық класта жататын және (2), (4) шарттарды және кез келген $\varphi(x,t)\in L_\infty\left(0,T;\overset{\circ}{W}{}_2^1(0,l)\right)\cap W_2^1\left(0,T;W_2^1(0,l)\right)$ тест функциясы үшін

$$\int_0^T\int_0^l\{u_t\varphi+u_x\varphi_x+u_{xt}\varphi_x\}dxdt=\int_0^T\int_0^l f(t)g(x,t)\varphi(x,t)dxdt \tag{7}$$

интегралдық тепе-теңдігін қанағаттандыратын $(u(x,t),f(t))$ функциялар жұбын айтамыз.

Есептің берілгендері келесі шарттарды қанағаттандырсын деп ұйғарайық:

$$\begin{gathered}u_0(x)\in\overset{0}{W}{}_2^1(0,l),\qquad \omega(x)\in W_2^1(0,l),\quad e(t)\in W_2^1(0,T),\\ g(x,t)\in L_\infty(0,T;L_2(0,l)),\ \ g_1(t)\equiv\int_0^l\omega(x)g(x,t)dx\ge k_0>0,\quad \forall t\in[0,T].\end{gathered} \tag{8}$$

(1)-теңдеудің екі жағын $w(x)$ функциясына көбейтіп, x айнымалысы бойынша 0 -ден l -ге дейін интегралдайық. Бөліктеп интегралдау формуласын және (4) интегралдық шартты қолдансақ, нәтижеде $f(t)$ функциясын анықтаймыз:

$$f(t)=\frac{1}{g_1(t)}\left(e'(t)+\int_0^l u_x(x,t)w_x(x)dx\right). \tag{9}$$

Псевдопараболалық теңдеулер үшінші ретті аралас дербес тундылы (x бойынша екінші, t бойынша бірінші туындылы $u_{xxt}(x,t)$ мүшесі бар) болғандықтан, оны шекті тікелей айырымдық сұлбаларын құру арқылы классикалық сандық әдістірмен шешу қиын. Сондықтан жаңа білгілеулер енгізу арқылы берілген есепті бірнеше есепке жіктеу арқылы сандық шешімдерін есептейміз.

Сонымен, бастапқы берілген есепке $u_t+u=v$ белгілеуін енгізсек, онда $v(x,t)$ функциясына қатысты

$$v(x,t)-v_{xx}(x,t)-u(x,t)=f(x)g(x,t)$$

теңдігін аламыз. (3)-шекаралық шартты қолданып, бұл теңдеу үшін

$$v(0,t)=u(0,t)+u'(0,t)=0,\quad v(l,t)=u(l,t)+u'(l,t)=0$$

шекаралық шартын аламыз. Нәтижеде, (1)-(4) кері есебі келесі теңдеулер жүйесін шешуге келеді:

$$f(t)=\frac{1}{g_1(t)}\left(e'(t)+\int_0^l u_x(x,t)w_x(x)dx\right),\ (x,t)\in Q_T; \tag{10}$$

$$\begin{aligned} &v(x,t)-v_{xx}(x,t)=f(t)g(x,t)+u(x,t),\quad (x,t)\in Q_T,\\ &v(0,t)=0,\qquad v(l,t)=0,\qquad t\in(0,T); \end{aligned} \tag{11}$$

$$u_t+u=v,\quad (x,t)\in Q_T,u(x,0)=u_0(x),\quad x\in(0,l). \tag{12}$$

Бұл есептің шешімін біртіндеп тізбектей жуықтау әдісі бойынша есептелінеді, яғни (10) теңдіктен әрбір $m\in N$ үшін

$$f^m(t)=\frac{1}{g_1(t)}\left(e'(t)+\int_0^l u_x^{m-1}(x,t)\cdot w_x(x)dx\right),\ t\in[0,T]; \tag{13}$$

функциясын есептеп, оны (11) теңдеудің оң жағына қойып, (11) және (12) теңдеулерді тура есеп ретінде $\vartheta^m(x,t)$ және $u^m(x,t)$ функцияларын анықтаймыз, яғни:

$$\begin{aligned} &-\vartheta^m_{xx}(x,t)+\vartheta^m(x,t)=f^m(t)g(x,t)+u^m(x,t),\ (x,t)\in Q_T,\\ &\vartheta^m(0,t)=0,\qquad \vartheta^m(l,t)=0,\qquad t\in[0,T]; \end{aligned} \tag{14}$$

теңдеуінен $\vartheta^m(x,t)$ функциясын анықтап, бұл функцияларды (12) қойып

$$\begin{aligned} &u_t^m+u^m=\vartheta^m,\ (x,t)\in Q_T,\\ &u^m(x,0)=u_0(x),\ x\in[0,l]. \end{aligned} \tag{15}$$

есебінен $u^m(x,t)$ функциясын анықтаймыз.

Ескерту. Бұл біртіндеп тізбектеу әдісі арқылы құрылған тізбектің бастапқы есептің шешіміне жинақылығы [13] жұмыста дәлелденген.

2. Сандық шешімін зерттеу

(1)-(4) есептің сандық шешімін қарастырайық. Ол үшін әуелі бірлік $[0,l]$ кесіндісін теңдей n бөлікке бөліп, x айнымалысы бойынша қадамы $h=\frac{l}{n}$ болатын тор енгіземіз де, $x_i=ih, i=0,1,...,n$, $hn=l$ арқылы тордың түйіндерін белгілейміз және $u_i=u(x_i)$ болсын. Ал t айнымалысы бойынша $t_j=j\tau$, $j=0,1,...,m-1$ торын енгізіп, $u^j=u(t^j)$ болсын. Тордың әрбір түйіндеріндегі торлық функцияның мәндерін

$$u(x_i,t^j)=u_i^j,\ v(x_i,t^j)=v_i^j,\ f(t^j)=f_j$$

арқылы белгілейміз.

Алдымен (13) теңдеудегі $f(t)$ функциясының j қабатындағы мәнін сандық мәнін анықтайық

$$f_m^j=\frac{1}{g_{1i}^j}\left(e_1^j+c_i\sum_{i=1}^n\frac{u_{m,i+1}^j-u_{m,i}^j}{h}w_{1i}\right) \tag{16}$$

Мұндағы $w_1(x)=w_x(x),\ e_1(t)=e'(t)\ \ c_i=\begin{cases} h;\ i=1,n-1\\ \frac{h}{2};i=0,n\end{cases}$.

берілген функциялар (Бұл функциялар берілген белгілі функциялардың туындылары болғандықтан, олардың айырымдық сұлбасын құрып есептеуді ыңғайлылық үшін артық деп есептелінді, айырымдық сұлбасын құру кедергі жасамайды).

Енді (14) есепті шешу үшін уақытты параметр ретінде қарастырып, екінші ретті жәй дифференциялдық теңдеу үшін шеттік есеп ретінде қуалау әдісін қолданып есептейміз. Ол үшін есептің шектік-айырымдық теңдеуін құрамыз:

$$-\frac{v_{m,i+1}^{j}-2v_{m,i}^{j}+u_{m,i-1}^{j}}{h^2}+v_{m,i}^{j}=f_m^j g_i^j+u_{mi}^j,$$

мұндағы, $h=\frac{1}{n}$ -қадам. Бұл теңдіктен,

$$-\frac{1}{h^2}v_{m,i+1}^{j}+\left(1+\frac{2}{h^2}\right)v_{m,i}^{j}-\frac{1}{h^2}v_{m,i-1}^{j}=f_m^j g_i^j+u_{m,i}^j \tag{17}$$

және (14)-дегі шекаралық шарттан

$$v_{m,0}^{j}=0 \quad v_{m,n}^{j}=0 \tag{18}$$

екенін анықтаймыз. (17)-нің шешімін қуалау әдісі бойынша $v_{m,i}^{j}$ -дің мәндерін

$$v_{m,i}^{j}=\alpha_{i+1}^{j}v_{m,i+1}^{i}+\beta_{m,i+1}^{j},\ i=0,1,...,n\ ,\ j=0,1,...,m-1 \tag{19}$$

анықтаймыз. Мұндағы α_{i+1},β_{i+1} коэффициенттері

$$\alpha_1^j=0,\beta_1^j=0,\ \ \alpha_{i+1}^j=\frac{1}{2+h^2-\alpha_i^j},\ \ \beta_{i+1}^j=\frac{\beta_i^j+h^2\left(f_m^j g_i^j+u_{m,i}^j\right)}{2+h^2-\alpha_i^j},\ i=0,1,...,n-1 \tag{20}$$

рекуренттік формулаларымен есептелінеді.

Енді бұл j -қабаттағы табылған f_m^j және $v_{m,i}^{j}$ мәндерін пайдаланып, (15) есептен $u_{m,i}^{j+1}$ функциясының мәндерін есептейміз.

$$u_{m,i}^{j+1}=\tau v_{m,i}^{j}+(1-\tau)u_{m,i}^{j},\quad u_{m,i}^{0}=u_{0i},\ i=1,...,n-1,\ j=0,1,... \tag{21}$$

$u_{m,i}^{j}$ -лердің мәндерін аламыз.

Міне бұл алынған есептеулерді жүйелеп, қорытындылап алгоритмін жазайық:

Алгоритмі. Сонымен (1)-(4) кері есебінің сандық шешімі келесі алгоритм бойынша орындалады:

Әрбір m - ші итерацияда $m=1,2,...$, келесі 1)-3) қадамдары қайталанып орындалады:

Әрбір j -қабатта ($j=0,1,...,k-1$):

1). (16) өрнектен белгілі $u_{m-1,i}^{j}$ функциялары арқылы f_m^j мәні есептеледі;

2). Бұл есептелінген f_m^j және $u_{m,i}^{j}$ мәндері арқылы (19) өрнектер арқылы $\vartheta_{m,i}^{j}$- мәндері анықталынады;

3). 1)-қадамда табылған f_m^j және 2)-қадамда анықталған $\vartheta_{m,i}^{j}$ мәндері арқылы (21) есептен $u_{m,i}^{j+1}$- мәндері есептелінеді. Бұл процесс, яғни 1)-3) қадамдар j бойынша $k-1$ рет орындалғаннан кейін m бойынша келесі қадамға жылжиды. Міне бұл процесс қажетті қателікке жеткенге дейін қайталанады. Әрине, жоғарыдағы (21) шарт орындалса, онда ақырлы қадамдардан кейін шешімнің қаталігі өте аз болатындығын келесі мысалдардан көруге болады.

3 Тест функцияларға тексеру.

Бұл алгоритмнің дұрыстығы бірнеше тест функциялар құру арқылы тексерілді.

Мысал. Айталық, (1)-(4) есебін $Q_T=(0,1)\times(0,1)$ тіктөртбұрышында $u_0=\sin\pi x$, $g(x,t)=-e^{-2t}\sin\pi x$, $w(x)=\sin\pi x$ $e(t)=0.5(1+\pi^2)e^{-t}$ үшін қарастырайық.

Бұл есептің дәл шешімдері $u=e^{-t}\sin\pi x$, $f(t)=e^{t}$.

Төмендегі нәтиже графиктерден байқағанымыздай, (сурет-1) $u(x,t)$ функциясының қателігі әр қадам үшін $|u-y| \le 0.002$. Ал $f(t)$ функциясының $m=9$ қадамдағы мәндері $m=5$ қадамдағы мәндерге қарағанда дәлірек екенін көреміз (сурет 2), яғни итерация көбейген сайын дәл шешімге жинақтала түсуде.



Сурет 1. n=5 итерациядағы u(x,t), y(x,t)-шешімдердің t=0; 0,3; 0,6;1 мезеттегі графигі



Сурет 2. f(t) -фукнциясының графигі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Осколков А.П. О единственности и разрешимости в целом краевых задач для уравнений движения водных растворов полимеров. - Зап.научн.семинаров ЛОМИ АН СССР, 1973, 38, с.98-136.*

2 *Звягин В. Г., Турбин М. В. О существовании и единственности слабого решения начально-краевой задачи для модели движения жидкости Фойгта в области с изменяющейся со временем границей// Вестн. ВГУ. Сер. физ. матем. – 2007. – № 2. – С. 180–197.*

3 *Abylkairov U. U., Khompysh Kh. An inverse problem of identifying the coefficient in Kelvin-Voight equations// Applied Mathematical Sciences, Journal for Theory and applications, Vol. 9, 2015, no. 101-104. – P. 5079-5089. http://dx.doi.org/10.12988/ams.2015.57464*

4 *Абылкаиров У.У. Обратная задача интегрального наблюдения для общего параболического уравнения. Математический журнал. – Алматы, -2003. – т. 3. – №4(10). – С. 5-12.*

5 *Cannon J.R. and Yin H.M., On a class of non-classical parabolic problems, J. Differential Equations 79, 266-288, (1989).*

6 Cannon J.R. and Yin H.M., Numerical solution of some parabolic inverse problems, Numerical Methods for Partial Differential Equations 2, 177-191, (1990).

7 Asanov, A., Atamanov E.R. Nonclassical and invers problems for pseudo-parabolic equations / Tokyo, 1997. –152p.

8 Аблабеков, Б.С. Обратные задачи для псевдопараболических уравнений. – Бишкек: Илим, 2001. – 183 с.

9 Lyubanova A.Sh., Tani A., An inverse problem for pseudoparabolic equation of filtration. The existence, uniqueness and regularity, Appl. Anal., 90 (2011), 1557-1568.

10 Showalter R.E. and Ting T.W., "Pseudo-parabolic partial diferential equations," SIAM JournalonNumericalAnalysis, vol. 1, pp. 1–26, 1970.

11 Fan Y. and Pop I.S., "A class of pseudo-parabolic equations: existence, uniqueness of weak solutions, and error estimates for the Euler-implicit discretization," Mathematical Methods in the Applied Sciences,vol.34,no.18,pp.2329–2339,2011.

12 Fan Y. and Pop I.S., "Equivalent formulations and numerical schemes for a class of pseudo-parabolic equations," Journal of Computational and Applied Mathematics,vol.246,pp.86–93, 2013.

УДК 519.7:004.8
ГРНТИ 27.47.23

А.Б. Николенко [1]

[1] *к.ф.-м.н., доцент*
Алматинского филиала Санкт-Петербургского Гуманитарного университета профсоюзов, г.Алматы, Казахстан

О СИНТЕЗЕ ИТЕРАЦИОННЫХ ПРОГРАММ В СИСТЕМЕ НАТУРАЛЬНОГО ТИПА

Аннотация

Работа посвящена вопросам формализации итерационных вычислений. Строится система первого порядка, предназначенная для моделирования содержательных математических рассуждений. Правила системы вывода позволяют моделировать прямые и обратные рассуждения и являются обобщениями правил традиционной системы натурального вывода. Определяется фрагмент языка первого порядка для формализации предметной области, из которых затем извлекаются итерационные программы для решения задач обработки массивов целых чисел. Описан процесс построения логических выводов в этой системе. В качестве примера рассмотрена задача на изменение состояния массива целых чисел. Приводятся теоремы о конструктивности выводов и правильности извлекаемых программ. В заключение сформулированы направления развития логико-математических методов в области дедуктивного синтеза программ и интеллектуального планирования.

Ключевые слова: итерационные вычисления, синтез программ, система логического вывода, состояние массива, конструктивный вывод, полностью корректная программа.

Аңдатпа

А.Б. Николенко[1]

НАТУРАЛ ТҮРІ ЖҮЙЕСІНДЕ ИТЕРАЦИЯЛЫҚ ПРОГРАММАЛАРДЫҢ СИНТЕЗ ТУРАЛЫ

[1] *ф.-м.ғ.к., Алматы филиалы, Санкт-Петербургтың гуманитарлық кәсіподақтар университетінің доценті, Алматы қ., Қазақстан*

Жұмыс итерациялық есептеулерді формальдау мәселелеріне арналған. Мазмұнды математикалық тұжырымдарды моделдеуге арналған бірінші ретті жүйе құрылды. Жүйені шығару ережесі тура және кері тұжырымдарды моделдеуге мүмкіндік береді және натурал шығарудың дәстүрлі жүйелерінің жалпыланған ережесі болып табылады. Бүтін сандар массивін өңдеу есептерін шығаруға арналған интерациялық программалар шығарылатын пәндік саланы формальдау үшін бірінші ретті тілдің фрагменті анықталған.

Осы жүйеде логикалық шығарылымдар құру процесі сипатталған. Мысал ретінде бүтін сандар массивінің өзгеру жағдайына зерттеуге арналған есеп қарастырылған. Программадан шығарылатын шығарылымдардың конструктивтілігі мен дұрыстығы туралы теорема келтірілген.

Қорытындыда программаның дедуктивті синтезі мен интеллектуалдық жоспарлануы саласындағы логикалық-математикалық әдістердің даму бағыттары тұжырымдалған.

Түйін сөздер: итерациялық есептеулер, программа синтезі, логикалық шығару жүйесі, массив күйі, конструктивті шығарылым, толық түзетілген программа

Abstract

ABOUT SYNTHESIS OF ITERATIVE PROGRAMMS IN THE SYSTEM OF NATURAL TYPES

Nikolenko A.B.[1]

[1] *Cand.Sci. (Phys-Math), Associate Professor of the Almaty branch of the Saint Petersburg University of Humanities and Social Sciences, Almaty, Kazakhstan*

The paper is devoted to the formalization of iterative calculations. A first-order system is designed to simulate meaningful mathematical reasoning. The rules of the inference system allow modeling direct and inverse reasoning and are generalizations of the rules of the traditional system of natural inference. A fragment of the first-order language is defined to formalize the subject area from which iterative programs are then extracted to solve the problems of processing integer arrays. The process of constructing logical deduction in this system is described. As an example, we consider the problem of changing the state of an array of integers. Theorems on the constructibility of the derivations and the correctness of the extracted programs are given. In conclusion, the directions of the development of logical-mathematical methods in the field of deductive synthesis of programs and intellectual planning are formulated.

Key words: iteration calculations, program synthesis, systems of logical deduction, station of array, constructive deduction, totally correctness program.

В работе развивается подход к дедуктивному синтезу программ с циклами, предложенный в [1-3]. В основе формализма лежит система первого порядка $\boldsymbol{GN_I}$, правила вывода которой позволяют моделировать прямые и обратные рассуждения и являются обобщениями правил традиционной системы натурального вывода [4]. Объекты рассматриваемой предметной области – целые числа и массивы целых чисел. Массив рассматривается как совокупность независимых переменных. Фрагмент языка первого порядка $\boldsymbol{L}$ для формализации предметной области определяется так, что большинство используемых функций и предикатов имеют общеупотребительное значение.

Определение 1. Формула F языка $\boldsymbol{L}$ называется *канонической*, если:

1) $F = \forall \bar{x}(A(\bar{x}) \to \exists \bar{y} B(\bar{x}, \bar{y}))$ и найдутся такие термы $\bar{t}(\bar{x})$ из $A(\bar{x})$, что $B(\bar{x}, \bar{t}(\bar{x}))$ содержится в $A(\bar{x})$; переменные кортежа $\bar{y}$ могут отсутствовать;

2) $F = F_1 \,\&\, \ldots \,\&\, F_k$, где каждая F_i является канонической импликацией.

Нетрудно показать, что каноническая импликация – это тождественно истинная формула, которая содержит в посылке то, что находится в следствии. Приведение доказываемой формулы к каноническому виду будет критерием окончания доказательства.

Приведем правила вывода системы $\boldsymbol{GN_I}$, которые будем называть *правилами обобщенного натурального вывода.* Для наших целей достаточно ограничится применением правил вывода к $\forall$-формулам. Символ Ω позволяет любую формулу $Q\bar{x}A$ представить формально в виде импликации $Q\bar{x}(\Omega \to A)$, что обеспечивает применение правил вывода к любым формулам (при этом считается, что переменные кортежа $\bar{x}$ входят в Ω).

Система $\boldsymbol{GN_I}$ содержит два правила.

1) Правило прямого вывода (ППВ) :

$$\frac{\forall \bar{x}(A(\bar{x}) \to B(\bar{x})) \qquad \forall \bar{u}(C(\bar{u}) \to \exists \bar{y} D(\bar{u}, \bar{v}))}{\forall \bar{x} \forall \bar{z}(A(\bar{x}) \,\&\, D(\bar{x}, \bar{z}) \to B(\bar{x}))}$$

при этом должно выполняться:

а) формула над чертой слева – доказываемая формула;

б) формула справа может быть либо аксиомой, либо может входить конъюнктивно в $A(\bar{x})$; в последнем случае применение правила называется *внутренним*;

в) C содержится в A при соответствующем переименовании переменных;

г) переменные кортежа $\bar{z}$ не входят в кортеж $\bar{x}$.

2) *Правило обратного вывода (ПОВ):*

«Ізденіс-зерттеушілік іс-әрекет» түсінігін сипаттайтын белгілерді ескере отырып, берілген іс-әрекет түріндегі тәсілдер, көптеген оқу әрекетіндегі тәсілдерде ойлау және ақыл ой тәсілдері болады. Ізденіс-зерттеушілік іс-әрекет тәсілдері деп белгілі ретпен орындалатын, күрделі тапсырмаларды шешуге бағытталған және нұсқау, нұсқаулықтарды белгілі ойлау операцияларында пайдаланатын әрекет жүйесін түсінеміз.

Ізденіс-зерттеушілік іс-әрекет тәсілдері проблемалық жағдайдан шығу амалын іздеу, ойлау үрдісін (шешілетін тапсырма туралы ақпараттың толық болмауы, алдын-ала белгісіз алгоритмдік әрекеті бар тапсырмалар, сонымен қатар, іріктеу әрекеті), зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыруды көрсетеді. Олардың негізгі мақсаты - студенттердің әрекетін белгісіз нәрсені іздеуге бағдарлау, зерттеушілік сипаттағы әрекетке бағыттау.

Ізденіс-зерттеушілік іс-әрекеттің кезеңдері және оларға сәйкес әрекеттері, іс-әрекетті жүзеге асыру кезендері бойынша тәсілдерін жіктеуге мүмкіндік берді. Тәсілдің алты нақты түрі анықталды, олар:

- жаңа білімдерді қабылдауға дайындық тәсілдері;
- проблемалық тапсырмаларды ұсыну;
- бастапқы (тәжірибелік) зерттеу мәселелері және оны шешу жолдарын жоспарлау тәсілдері;
- жоспарды іске асыру тәсілі;
- орындалған жұмыстың нәтижесін бағалау тәсілдері;
- нәтижені қолдануға дайындау тәсілдері.

Студенттердің әр түрлі топтарға жататын ізденіс-зерттеушілік тәсілдердің құрылымын ұсынайық.

Бірінші топқа, студенттердің ғылыми еңбегін ұйымдастырудың жолдарын талдау тәсілдері негіз болды. Студентке дайындық жұмысы барысында өзін-өзі басқарумен айналысуға мүмкіндік беретін төмендегідей тәсілдер белгіленді. Олар:

– үй жұмысын ұйымдастыру тәсілдері: есте сақтау, тексеру, нақтылау және кеңейту, құры-лымын жасау (негізгі мен қосымшаны ажырату) және алған білімдерін жүйеге келтіру, берілген материал мен тәжірибелік жұмыс бойынша іс-әрекет тәсілдерін, есте сақтау үшін қимыл-әрекет ережелерді құру;

– өзін-өзі бағалау тәсілдері: өзін-өзі тексеру, өзін-өзі бағалау (теориялық білімдер мен тәжірибелік іскерлікті, жақсы нәтижеге жету үшін жасалған жұмыстың жалпы көлемін бағалау);

– білімнің жеткіліксіздігін жеңу тәсілдері: кеңестерге дайындық тәсілдері, қиыншылық пайда болған кезде сұрақ қою тәсілдері, оқу ақпарат көздерімен жұмыс жасау тәсілдері, дәріс-термен, қосымша оқу әдебиеттерімен, ақпараттық ресурстармен және т.б. жұмыстар.

Біздің жіктеудегі екінші топтағы тәсілдер, студенттерге проблемалық тапсырманы шешуде көмек көрсетуді, сондай-ақ, күрделі тапсырмаларды өз бетінше құрастыруға бағыттайды. Проблеманы құрастыру тәсілдерін қалыптастыру және проблемалық жағдайды жасау, болашақ математика мұғалімдері үшін өте маңызды, себебі, ол тиісті әдістемелік тәсілдерді қалыптастырудың негізі. Берілген тәсілдерді қарастыру кезінде проблемалық оқытудың негізгі ережесі есепке алынады.

Проблемалық оқыту үрдісі екі кезеңнен тұрады:

1) проблемалық жағдайды туғызатын, тәжірибелік немесе теориялық тапсырманы жасау кезеңі;

2) бұл проблемалық жағдайда белгісізді іздеу кезеңі, ол оқушының өз бетінше іздену (жоғары сыныпта және ЖОО) немесе қойылған мәселені шешуге қажетті ақпаратты оқытушының тапсыруымен іске асыруы.

Проблемалық жағдай белгілі жағдаймен қол жеткізілетін белгісіз жағдай арасындағы қайшылық. Проблемалық оқыту жағдайын тудыру оқытушыға оқу тапсырмасын ұсыну түрінің алғашқы шарты болып табылады [5].

Проблемалық жағдайлар екі түрге бөлінеді: танымдық және зерттеушілік.

Танымдық проблемалық жағдай жаңа оқу материалымен алғашқы танысуда әртүрлі тәсілдер арқылы жүргізіледі: түсініктің тәжірибелік және теориялық рөлі туралы хабарлама, шешуге тура келетін мәселенің тарихы туралы әңгіме, білім алушыларға әлі шешімі табылмаған тапсырмаларды ұсыну және т.б.

Зерттеушілік проблемалық жағдайлар танымдық тәсілдер арқылы жүзеге асады, бірақ оларда проблема басқаша қойылады. Егер танымдық проблемалық жағдай бір нәрсені тану, көру, анықтаудан тұрса, зерттеушілік – проблемалық жағдайда белгілі бір құбылыстың пайда болу себептерін анықтаудан және қайшылықты шешу тәсілдерінен тұрады.

Үшінші топ тәсілдеріне жататын әрекеттер, проблемалық тапсырманы таңдаумен байланысты, жетіспейтін деректерді жинау, алған нәтижелерді жалпылау, шешу жолын жобалау әрекеттеріне жауап береді. Олардың арасынан келесі тәсілдер бөлінеді: нақты материалдарды жинау, бақылау, алынған нәтижелерді жіктеу, шешім жобасын жасау, шешімнің ойлау процесінің моделін құру, ақпаратты сызба түрінде ұсыну, оқу материалдарының негізгісін анықтау, жеке тәжірибелік және теориялық деректерді жалпылау, сол нәтижелер негізінде тұжырымдарды қалыптастыру және т.б. Бұл топтағы тәсілдердің негізі болжам жасау тәсілі болып саналады.

Болжам дегеніміз құбылыстардың себеп-салдардық заңдылықтары туралы болжамды пікір, ғылымның даму формасы. Практикада болжам оқу сабақтары кезінде білім алушылардың шығармашылық, өз бетінше жұмыс істеуі немесе оқу зерттеулерін ұйымдастыру тәсілі ретінде пайдаланылады.

Болжам жасау дегеніміз белгілі заттар мен құбылыстардың қасиеттерін алдын ала білу іскерлігі деп айтсақ болады. Осы сұрақ бойынша әдебиеттерді талдау студенттердің белгілі бір іс-әрекетінің басым болуын анықтайтын болжамдарды жасауға, жолдарын анықтауға мүмкіндік берді:

- болжам күтпеген кезде, түйсік арқылы пайда болады;
- болжам тәжірибе, эксперимент негізінде жасалынады;
- айқындалған тәжірибенің нәтижесін пайдалану арқылы, болжам ұқсастықтан пайда болады;
- болжам индуктивті жолмен, жекеден жалпыға ой-қорыту арқылы пайда болады;
- болжам дедуктивті жолмен, жалпыдан жекеге қарай жасалған ой қорытудан пайда болады.

Төртінші топқа жататын тәсілдер, оларды болжау, тексеру, дәлелдеу әрекетімен көрсетіледі. Сондықтан, бұл топтағы тәсілдер, жобалауды іске асыруға ауыстыру, логикалық бір-бірінен ой қорытулар жасау, себеп салдарлық байланыстарды ашу, тексеруші тапсырмалар жасау, болжамды нақтылау тәсілдері деп бөлінеді.

Бұл топтағы жетекші тәсіл - болжамды дәлелдеу тәсілі, өйткені оның құрамына сол топтағы басқа тәсілдердің кейбір әрекеттері енеді және оған ізденіс-зерттеушілік іс-әрекеттің берілген кезеңіндегі негізгі ауысуларды (болашақ математика мұғалімдерін үйрету үдерісінде өте маңызды) өзі орындайды. Зерттеушілік іс-әрекеттегі тексеру кезеңі - міндетті түрде болжамды ұсыну кезеңінен кейін басталады. Егер білімнен салдарды шығару жолымен болжамның мазмұны анықталса, болжам дәлелденген деп есептеледі. Гипотетикалық белгісізді жою, болжамды теориялық (логикалық) негіздеу (дәлелдеу) және тәжірибе жүзінде дәлелдеу немесе жоққа шығару, эмпирикалық негіздеу арқылы жүзеге асады.

Орындалған жұмыстың нәтижесін бағалау тәсілдері (бесінші топ тәсілдері) - өзіндік іс-әрекеттің нәтижесі бойынша қорытынды жасауға бағытталған. Бұл топқа, іс-әрекеттің алған нәтижесін жалпылау, шешу амалының тиімділігін анықтау, тапсырманы шешу алгоритмін ұсыну және т.б. жатады.

Жұмыс нәтижесін қолдануға дайындық тәсілдері ретінде (алтыншы топ тәсілдері) келесі тәсілдер айқындалады: табылған шешімнің қолдану шекарасын анықтау, рефлексияны іске асыру - жұмыс нәтижесін бағалау; алынған нәтижелерді нақтылау; тезистерді жазу; тақырып бойынша хабарлама дайындау және т.б.

Болашақ мұғалімдердің ізденіс-зерттеушілік тәсілдерінің ішінде, келесі тәсілдер ерекше қарастырылады [6]: п*роблеманың қойылу тәсілі, болжамды ұсыну тәсілі және болжамды дәлелдеу тәсілі.*

Сонымен тәсілдер бойынша орындалатын келесі әрекеттерді атап көрсетеміз: анықтау, тану, қолдану (пайдалану), көшіру, жалпылау, нақтылау, құру және блок-сызба немесе кесте түрінде құрамын ұсыну (әрекет реті). Негізгі әрекеттерге тәсілдерді ауыстыру, білім алушылар ол тәсілдерді жаңа жағдайда пайдаланады (ауыстыру құрамы: негізгі және қосымша) тәсілдерді табуға, ауыстыруға қарағанда белсенді оқу іс-әрекетін талап етеді. Тәсілдерді меңгеру және пайдалану туралы айту үшін студенттерде тәсілдерді қалыптастыру үдерісін түсіндіру қажет деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспары бағдарламасы. – Астана, 20 мамыр, 2015. //http://bnews.kz/kk/news/post

2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: Жарлық № 205 01.03.2016. – Астана, 2016. - 70 б. //http:akorda.kz.

3 Әбілқасымова А.Е., Омарова Р.С. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. – Алматы: Ғылым, 2003. -143б.

4 Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2005. - 270 б.

5 Ильицкая И.А. Проблемные ситуации и пути их создания на уроках . – М.: Знание, 1985. – 4б.

6 Далингер В.А. Поисково-исследовательская деятельность учащихся по математике. – Омск: ОмПГУ баспасы, 2005. – 71б.

7 Кожабаева К.Г. Воспитательно-развивающее обучение математике и подготовка к ней будущего учителя. – Алматы: Білім, 2009. – 273 б.

ӘОЖ 372.51:37.016
ҒТАМР 14.25.09

Б.Д. Сыдықов [1], Ж.О. Хабибуллаев [2]

[1] п.ғ.д., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Математика, физика және информатика институтының доценті, Алматы қ., Қазақстан
[2] PhD докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМІНІҢ ТӨМЕНГІ ЖАСТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУҒА КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Кіші жастағы оқушылардың логикалық ойлауын дамытуды іске асыру үшін мұғалімге оқушыларды логикалық дамытудың құрылымы мен заңдылықтарын, балалардың ойлауының жас ерекшеліктерін білу қажет, оқушылардың логикалық дамуын іске асыру әдістемесін игеру іскерлігі қажет. Мұндай білімдер мен іскерліктерді студенттер педагогикалық ЖОО-да оқу барысында психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, арнайы және жалпы гуманитарлық дайындық үдерісінде алады. Мақалада болашақ математика мұғалімдерінің логикалық дайындығының мақсаты, студенттердің кіші жастағы оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға даярлығын қалыптастыру ретінде қарастырылады. Мемлекеттік стандарт талаптарын және математика мұғалімінің іс-әрекеттерінің ерекшеліктерін, «даярлық» ұғымының құрылымын талдауға сүйене отырып, жалпы білім беретін мектептің болашақ математика мұғалімдерінің логикалық дайындығының міндеттері анықталған. Болашақ математика мұғалімінің кәсіби деңгейін арттыру және шеберлігін жетілдіру оның шығармашылық жұмысқа мұқтаждығын және өзін тұрақты дамытуға даярлығын қамтамасыз етпей мүмкін болмайды. Оқушылармен жұмыс істеу барысында ғылыми білімдер негізінде өзінің белсенді педагогикалық позициясын көрсету үшін студент психологиялық-педагогикалық іскерліктер мен дағдыларды игеруі тиіс. Даярлықтың төрт деңгейі аталып көрсетілген. Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту міндеттерін шешуге студенттердің даярлығының деңгейлерін ерекшелеу, оны дамыту үдерісінде даярлықтың күйін бекіту және ЖОО-да кәсіби дайындау барысында оны қалыптастыру мақсатын қою мүмкіндігін берді.

Түйін сөздер: оқушылардың логикалық дайындығы, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, арнайы және жалпы гуманитарлық дайындау, даярлық, өзін тұрақты дамыту.

Аннотация

Б.Д. Сыдыков [1], Ж.О. Хабибуллаев [2]
[1] д.п.н., доцент Института Математики, физики и информатики при КазНПУ имени Абая,
г. Алматы, Қазақстан
[2] PhD докторант, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Яссави,
г. Туркестан, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ГОТОВНОСТИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ МАТЕМАТИКИ К РАЗВИТИЮ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Для того чтобы осуществлять развитие логического мышления младших школьников, учителю необходимо знание структуры и закономерностей логического развития учащихся, возрастных особенностей мышления детей, необходимо умение владения методикой осуществления логического развития учащихся. Такие знания и умения студенты получают, обучаясь в педагогическом вузе в процессе психолого-педагогической, методической, специальной и общегуманитарной подготовки.

В работе рассматривается цель логической подготовки будущих учителей математики как формирование готовности студентов к развитию логического мышления младших школьников. Исходя из анализа требований госстандарта и особенностей деятельности учителей математики, структуры понятия «готовность», сформированы задачи логической подготовки будущих учителей математики общеобразовательной школы.

Повышение профессионального уровня и совершенствование педагогического мастерства будущего учителя математики невозможны без выработки у него потребности в творческой работе и готовности к постоянному саморазвитию.

Чтобы показать в работе со школьниками свою активную педагогическую позицию на основе научных знаний, студент должен обладать психолого-педагогическими умениями и навыками.

Были выделены четыре уровня готовности. Выделение уровней готовности студентов к решению задач развития логического мышления школьников позволить не только зафиксировать состояние готовности в процессе ее развития, но и ставить цели ее формирования в ходе профессиональной подготовки в вузе.

Ключевые слова: логическое развития учащихся, психолого-педагогическая, методическая, специальная и общегуманитарная подготовка, готовность, саморазвития.

Abstract

FORMATION THE PROFESSIONAL READINESS OF THE FUTURE TEACHER OF MATHEMATICS TO THE DEVELOPMENT OF LOGICAL THINKING OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Sydykhov B.D. [1], *Khabibullayev Zh.O.* [2]

[1]*Dr.Sci. (Pedagogical), Assosiate Professor of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan*

[2] *PhD student, Khoja Ahmed Yassavi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan*

For the development of logical thinking of primary school students, the teacher needs to know the structure and patterns of the logical development of students, the age-specific features of children's thinking, and the ability to master the methods of implementing the logical development of students are necessary. Such knowledge and skills students receive by studying in a pedagogical university in the process of psychological, pedagogical, methodical, special and humanitarian training.

The goal of the logical preparation of future mathematics teachers as the formation of students' readiness for the development of logical thinking of primary school students is considered. Based on the analysis of the requirements of the state standard and the specifics of the activity of mathematics teachers, the structure of the concept of "readiness", the tasks of the logical preparation of future mathematics teachers of the general education school are formed. The tasks of the logical preparation of future mathematics teachers of the general education school was formed on the base of the analysis of the requirements of the state standard and the specifics of the activity of mathematics teachers, and the structure of the concept of "readiness".

Raising the professional level and improving the pedagogical skills of the future teacher of mathematics is impossible without developing a need for creative work and readiness for constant self-development.

The student must have psychological and pedagogical skills for the showing their active pedagogical position on the basis of scientific knowledge and skills in the work with scholl students.

There were four levels of preparedness. The allocation of students' readiness levels to solve the problems of developing the logical thinking of schoolchildren allows not only to fix the state of readiness in the process of its development, but also to set the goals of its formation in the course of professional training in the university.

Key words: logical development of students, psychological-pedagogical, methodical, special and general humanitarian training, readiness, self-development.

Жоғары білім беруде педогогикалық іс-әрекетке дайындау үдерісі маманды дайындаудың мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, формалары мен әдістерін, сонымен қатар, оның нәтижелерін қамтитын күрделі біртұтас көп қырлы динамикалық жүйені құрайды. Бұл бүкіл үдерісті элементтері, оның құраушылары арқылы қарап шығу мүмкіндігін береді [1].

Болашақ математика мұғалімдерінің логикалық дайындығының мақсатын анықтау барысында біз келесі философиялық қағидаларды басшылыққа алдық. Адамның мақсатқа бағытталған кез келген іс-әрекеті оның соңғы нәтижелері туралы саналы түсініктің болуын ұйғарады. Сондықтан мақсат әдіс-тәсілдерді және әрекеттің сипатын анықтаушы, адамзат іс-әрекетін басты бағыттауышы ретінде болады.

Болашақ математика мұғалімдерін логикалық дайындаудың мақсаты педагогикалық ЖОО студент-терін жалпы педагогикалық дайындау мақсатынан келіп шығады, себебі бұл дайындық жалпы кәсіби педагогикалық дайындық үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Егер жалпы педагогикалық дайындықтың мақсатын педагогикалық теория негіздерін және жалпы педагогикалық іскерліктер мен дағдыларды игерген мұғалімді қалыптастыру ретінде қарастыратын болсақ [2], онда болашақ математика мұғалімдерін логикалық дайындау мақсаты мұғалімнің кәсіби дайындығына қазіргі қоғамның талап-тарын, білім беру жүйесіндегі өзгерістерді, орта мектептің білім беру үдірісінің ерекшеліктерін ескере отырып анықталады.

Адам ойлау логикасын өмір сүру, оқыту және тәрбиелеу үдірісінде меңгереді. Оны дамыту мектепте әртүрлі цикл пәндерін оқып-үйрену барысында оқытудың барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады. Бастауыштағы оқыту шығармашылықпен ойлайтын жеке тұлға оқушыны қалыптастыруда ерекше маңызға ие. Осы кезеңде оқушының бойында қаланатынның барлығы адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуы, оны дамыту үдерісінің табыстылығы мен деңгейін көптеген жылдарға анықтап береді. Бастауыш мектепте әдеттенген қасиеттер, білімдер, іскерліктер және дағдылар жеткіншектің мектептің негізгі және жоғары сыныптарында немесе басқа оқу орнында ары қарай білім және тәрбие алуына арқау болуын қамтамасыз ететін және кәсіби іс-әрекеттерінің сапасын анықтайды.

Оқыту мен білім берудің негізгі міндеттері, соның ішінде, бастауыш мектептегі: «оқушыларды ғылым негіздерінен біліммен қаруландыру; оларда ғылыми дүнетанымды қалыптастыру; білімді практикада қолдану іскерліктері мен дағдыларын игеру; логикалық пішінді және шығармашылықпен ойлауды дамыту, оқушыларда өздігінен «жаңалық ашу», жаңа білімді игеру қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру» болып табылады [3].

Кіші жастағы оқушылардың логикалық ойлауын дамытуды іске асыру үшін мұғалімге оқушыларды логикалық дамытудың құрылымы мен заңдылықтарын, балалардың ойлауының жас ерекшеліктерін білу қажет, оқушылардың логикалық дамуын іске асыру әдістемесін игеру іскерлігі қажет. Мұндай білімдер мен іскерліктерді студенттер педагогикалық ЖОО-да оқу барысында психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, арнайы және жалпы гуманитарлық дайындық үдерісінде алады.

Жоғарыды айтылғандарды ескере отырып, біз болашақ математика мұғалімдерінің логикалық дайындығының мақсатын, студенттердің кіші жастағы оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға даярлығын қалыптастыру ретінде қарастырамыз.

Логикалық дайындықтың құрылымы мен міндеттерін анықтап алу, «даярлық» ұғымына анықтама беруді талап етеді. Анықтамалық әдебиеттерде «даярлық» ұғымы «бір нәрсе үшін барлығы жасалған, барлығы дайын қалып-күй» ретінде анықталады. Қазіргі заманғы педагогикада «даярлық» ұғымы іс-әрекеттің қандай да бір түріне қатысты әр қилы айтылады. Сонымен бірқатар, зерттеулерде бұл ұғым тұлғаның жекелеген қасиеттерімен, не қалып-күйімен теңестіріледі.

Кейбір авторлар қажеттіліктерді ерекше атап көрсетеді, басқалары – бұл ұғымды анықтау барысында жалпыланған білімдер мен іскерліктер жүйесін, үшіншілері даярлықты тұлғаның мақсатты іс-әрекетінің соңғы нәтижесі ретінде біртұтас қарастырады.

Педагогикалық ЖОО түлектерінің педагогикалық іс-әрекетке даярлығы мәселесіне В.А.Сластениннің тұжырымдамасында кәсіби педагогикалық даярлық өзара байланысқан құрылымдық компоненттердің күрделі жинтығы ретінде айтылады, сонымен қатар:

- психологиялық даярлық – әртүрлі дәрежеде қалыптасқан мұғалімдік іс-әрекетке бағыттылық, пәнге деген қызығушылықтың болуы және білімнің осы саласынан өзіндік білім алуға деген қажеттілік, кәсіби ойлауды дамыту;

– ғылыми-шығармашылық даярлық – кәсіби іс-әрекеттер үшін қажетті қоғамдық-саяси, психологиялық-педагогикалық білімнің қажетті көлемінің болуы;

– практикалық даярлық – талап етілетін деңгейде қалыптасқан кәсіби іскерліктер мен дағдылардың болуы;

– психофизиологиялық даярлық – белгілі бір мамандық бойынша қалыптасқан кәсіби-құнды тұлғалық қасиеттерді, педагогикалық іс-әрекеттерді игеру үшін сәйкесінше алғы шарттардың болуы;

физикалық даярлық – денсаулық және физикалық даму жағдайының тұтас педагогикалық кәсіптің және белгілі бір мамандықтың талаптарына сәйкестігі көрсетілген [4].

Мемлекеттік стандарт талаптарын және математика мұғалімінің іс-әрекеттерінің ерекшеліктерін, «даярлық» ұғымының құрылымын талдауға сүйене отырып, біз жалпы білім беретін мектептің болашақ математика мұғалімдерінің логикалық дайындығының келесі міндеттерін атап көрсетеміз:

– болашақ мұғалімдерді ЖОО-да оқыту үдерісінде логика негіздері бойынша білімдермен қамтамасыз ету;

– студенттерде кіші жастағы оқушылардың логикалық ойлауын дамыту, логиканы қолданып педагогикалық және әдістемелік міндеттерді дұрыс шешу іскерліктерін қалыптастыру;

– педагогикалық іс-әрекеттің қарастырылып отырған бағытына оң қарым-қатынас қалыптастыру.

Математика мұғалімінің логикалық дайындығының негізгі міндеттерінің бірі кіші жастағы оқушылардың логикалық ойлауын дамыту іскерліктерін қалыптастыру болып табылады.

Психологтар «логикалық ойлау» ұғымын әр түрлі түсіндіреді, соның ішінде, өте кең түрде, жалпы алғанда ойлаумен теңестіруге дейін барады. Математиктер «абстрактылы ойлауды аналитикалық ойлауға, логикалық ойлауға, кеңістіктік ойлауға ажыратуға болады» деп есептейді [5].

Ойлаудың формалары бұл ойлар мазмұнының байланыстары. Ойлаудың үш негізгі формасы белгілі: түсінік(ұғым), пайымдау(ой-пікір), ой қорытындылау.

В.А. Филь бастуыш сынып оқушыларының дәлелдеу іскерліктерін оқып-зерттеген: оқушыларға дәлелдеулерді логикалық құру схемасымен таныстырды және оларды ой түйіп, қорытынды жасауға жаттықтырды. Нәтижелерді талдау зерттеушіге дәлелдеудің алты деңгейін ерекшелеу мүмкіндігін берді. Олар балалардың логикалық пікірлесуді игеру үдерісін сипаттайды [6]:

– нөлдік деңгей (оқушы қандай да бір дәлелдеуді жасай алмайды);

– бірінші деңгей (оқушы тек кездейсоқ, тікелей қабылданатын белгілерді, әдетте, сыртқы белгілерді жиі атайды);

– екінші деңгей (оқушы қойылған міндетті шешу үшін бірқатар белгілерді, олардың маңыздылығынан тәуелсіз түрде ажырата алады);

– үшінші деңгей (оқушы өзінің шешімін түсіндіру үшін тек маңызды белгелерді дұрыс қолданады, дегенмен, ол әлі де болса жалпыланған пайымдаулар деңгейіне көтерілмейді);

– төртінші деңгей (оқушы нақты бір міндетті өзіне белгілі заңдар және т.б. қолдану негізінде шешеді).

Сонымен, силлогизм және барлық басқа логикалық формалар ойлау іс-әрекеттерінің дұрыс өтуі үшін әбден қажет.

Осының нәтижесінде әрбір ойлау дәлелді, сенімді, қайшылықсыз болады, объективті болмысты дұрыс бейнелейді.

Қазіргі кездегі психологиялық әдебиеттерде ойлаудың екі негізгі тұжырымдамасы неғұрлым жалпыланған түрде ұсынылған [7].

Ойлау – бұл талдаудың жинақталған үдерісі (осы амалдардың және олардан туындайтын – абстракциялау мен жалпылаудың өзара қарым-қатынасына сүйене отырып); ойлау – бұл интериоризацияланған амалдар жүйесі (интериоризациялау механизмдеріне сүйене отырып).

Педагогтардың көптеген бақылаулары, психологтардың зерттеулері сенімді түрде көрсеткендей, мектептің бастауыш сыныптарында оқуға үйренбеген, логикалық ойлау тәсілдерін игермеген бала, әдетте орта сыныптарда үлгермейтіндердің қатарына өтеді.

Студенттерде педагогикалық және әдістемелік мәселелерді логиканы қолданып шешу іскерліктерін қалыптастыру қажет, дербес жағдайда оқулық материалды логикалық-дидактикалық талдау жүргізу іскерлігін қалыптастыру қажет. Логикалық-дидактикалық талдау деп біз ұсынылуы тиіс оқулық материалдың құрылымын талдаудан тұратын іс-әрекетті және оның мектеп оқулығында баяндалуының дидактикалық ерекшеліктерін, ал сонан соң жүргізілген талдау негізінде материалдың ерекшелігіне оқытудың нақты әдістерін таңдауды түсінеміз.

Сонымен, болашақ математика мұғалімдерінің логикалық дайындығының мақсаты студенттердің кіші жастағы оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға даярлығын қалыптастыру болып табылады.

Мақсатқа сәйкес болашақ математика мұғалімдерінің логикалық дайындығының:

– болашақ математика мұғалімдерін ЖОО-да оқыту үдерісінде логика негіздері бойынша білімдермен қамтамасыз ету;

– студенттерде кіші жастағы оқушылардың логикалық ойлауын дамыту іскерліктерін; логиканы қолданып педагогикалық және әдістемелік мәселелерді дұрыс шешу іскерлігін қалыптастыру;

– педагогикалық іс-әрекеттің қарастырылып отырған бағытына оң қарым-қатынасты қалыптастыру тәрізді міндеттерін атап көрсетуге болады.

Жоғарыда баяндалғандарды қорытындылай келе, жоғары білікті математика мұғалімін дайындау міндеттері өте күрделі және көпқырлы болып келеді, студенттерді тар кәсіпкер ретінде тәрбиелемей, олардың кең жалпы математикалық дамуына, математикалық ой-өріс алуына, математикалық ойлаудың жоғары деңгейіне жетуіне көмектесу, эстетикалық талғам мен функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру қажет деп есептейміз [8].

Кәсіби педагогикалық бағыттылық және бағдар мәселесі өте өткір болып қалуда, себебі педагогикалық ЖОО-ның көптеген студенттері өзінің болашақ іс-әрекетін мұғалімдік қызметпен байланыстырмауда. Сондықтан, олардың бір бөлігі «жоғарғы білім алу үшін оқуға түскендер», ал келесі бөлігі «конкурстан өту ұпайы төмен болған соң», ал үшінші бөлігі – «оқу жеңіл болған соң» және т.б. осы мамандыққа түскендер болып келеді. Тек аз бөлігі ғана балаларға деген сүйіспеншілік немесе балалармен жұмыс істеуге қызығатындығы туралы айтады.

Педагогикалық іс-әрекетке даярлық мәселесі қазіргі заманғы әдебиеттерде алуан тұрғыда қарастырылады: негізгі педагогикалық іскерліктердің мазмұны мен құрылымы оқып зерттелінеді: жалпы білімдік және тәрбиелік міндеттерді шешу барысында педагогикалық үдерістің барысын аша түсуде мұғалімдердің қолданатын іскерліктер жүйесі зерттелінеді.

Оқушылармен жұмыс істеу барысында ғылыми білімдер негізінде өзінің белсенді педагогикалық позициясын көрсету үшін студент психологиялық-педагогикалық іскерліктер мен дағдыларды меңгеруі тиіс:

- әдістемелер кешенін қолдана отырып тұлғаны, оның жекелеген қасиеттерін оқып-зерттеу; осы негізде оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру үшін бастапқы мәліметтер ретінде оқушының және ұжымның психологиялық-педагогикалық мінездемесін құра білу; оқыту үдерісінде оқушылардың эстетикалық тәрбиесін практикалық тұрғыда жүзеге асыра білу; кешендік, біртұтастық ыңғайдың талаптарын басшылыққа ала отырып, сабақтарды жоспарлау, оқушылардың білімді және іскерліктерді

игеруіне қол жеткізуімен қатар, осы негізде тұлғаның толық дамуына, оның өмір мен еңбекке даярлығына қол жеткізу. Олар балаларды математикалық оқыту мен тәрбиелеудің (еліктеу, қол жетімділік, қызығушылық, эмоционалдық, бірізділік, жүйелілік) негізгі ұстанымдарының талаптарын ескере отырып, математика сабақтарының мазмұнын талдай және жасай білуі қажет, балалардың психологиялық ерекшеліктері мен мінездерін талқылай білу (белсенділік немесе енжарлық, сабақтағы, сыныптан тыс жұмыстарда зорығып шаршау себептерін), педагогикалық аңғарымпаздықтың болуы және сабақта назарды үлестіру;

- математика сабақтарында оқушыларды оқыту әдістерін дұрыс таңдай білу, сабаққа дайындалу барысында педагогикалық әдебиетті, математикалық материалды игеру, дербестік, шығармашылық белсенділік көрсете білу;

- оқушы тұлғасына әсер ету және оның эмоционалды аймағын ояту құралы ретінде (математикалық материалдарды хабарлау барысында) мәнерлі сөйлей білу;

- сабақтың жекелеген бөлімдері арасында уақытты дәл үлестіру және сабақта пайда болған жағдайға тез икемделу;

- өз әркеттерін бақылау және бағалай білу, оқушылардың дайындық дәрежесі мен жасына қарай олармен дұрыс мәнерлі қатынас орнату;

- тәрбие жұмысы үдерісінде проблемалы - ізденіс есептерін анықтау және коя білу, фронтальды және жекелік ыңғай әдістерін тәрбиемен үйлестіру;

- оқытудың техникалық құралдарын игеру, көрнекі құралдар дайындай білу, оқушыларды тәрбиелеуде пәнаралық байланыстарды пайдалану тәсілдерін, математиканы эмоционалды қабылдауды белсенді-лендіру тәсілдерін, олардың күйзелісін және меңгеруді игеріп алу;

- математика сабағын құру ұстанымдарын: қалыпсыздық, шығармашылық ізденіс, эмоциялық қанықтық және қанағаттанарлықты іске асыра білу.

Біз бұларды оқушыларды логикалық тәрбиелеу бойынша жұмысқа даярлық деп атадық. Математика сабақтарында оқушылардың математикалық, логикалық ойлауын дамытуға байланысты есептерді шешуге студенттердің даярлығын, мотивациялық және үдерістік (процессуалдық) компоненттердің бірлігі ретінде қарастырамыз. Математика сабақтарында оқушылардың ойлауын дамытуға есептер шығаруға студенттердің даярлығының көрсеткіштерінің бірі ретінде педагогикалық іс-әрекеттің мотивтерінің ішінен, біздің мәлімет бойынша студенттердің физика-математика факультетін таңдау мотиві, олардың математика мұғалімі кәсібінің қоғамдағы маңызын сезіну, белгілі бір іскерліктерді, педагогикалық өзіндік білім алуға ұмтылуды талап ететін (мотивациялық компонент), сонымен бірге, педагогикалық іскерліктерді, психология-педагогикалық білімді, әсіресе олардың әрекеттілігін, жүйе-лілігін талап ететін (процессуалды компонент) мектептегі математикалық іс-әрекетке студенттердің қарым-қатынасы ерекше маңызды болып табылады.

Даярлықтың *төрт деңгейі* атап көрсетілді. Даярлықтың *бастауыш деңгейіндегі* студенттердің іс-әрекеті педагогикалық ЖОО-да оқуды кездейсоқ таңдаумен, математика мұғалімі кәсібінің қоғамдық маңыздылығын сезінбеумен, педагогикалық практикаға жауапкершіліксіз, немқұрайды қараумен, педагогикалық тұрғыда өзінің білімін жетілдіруге тұрақсыз ұмтылумен сипатталады. Олар репродуктивті сипаттағы іскерліктердің белгілі бір жиынтығына ие, білімдері үзбелі, жүйесіз, шашыраңқы, студенттер оны практикада үлкен еңбектене отырып қолданады.

Даярлықтың *орта деңгейіндегі* студенттер көптеген жағдайда педагогикалық ЖОО-на математиканың тартымдылығынан түскен; математика мұғалімі кәсібінің қоғамдық маңыздылығын олар сезінеді, педагогикалық іс-әрекетке көзқарасы оң, педагогикалық тұрғыда өздігінен білім алуға ұмтылыс көрінеді, дегенмен пәндердің бір циклімен шектеледі; олар типтік жағдайларда оқу-тәрбие үдерісінің іскерліктерін игерген. Білімдері жекелеген пәндер бойынша, тақырыптар бойынша жүйеленген, оларды практикада типтік емес жағдайларда қолдануды біледі.

Даярлықтың *жоғары деңгейіндегі* студенттер педагогикалық ЖОО-на математика мұғалімі мамандығына қоғам үшін әртүрлі педагогикалық іс-әрекетке жауапкершілікпен қарайды, оны сүйеді, оған көңіл бөледі.

Көптеген пәндер бойынша білімдер жүйеленген, бірақ басшылық оны барлық жағдайда әрекетке қоса бермейді. Педагогикалық тұрғыда өзіндік білім алумен тұрақты шұғылданады, әдетте екі немесе одан да көп пәндерден шығармашылық-репродуктивті сипаттағы көптеген жалпы педагогикалық іскерліктерді игерген.

Жоғарғы деңгей студенттері ЖОО-на математика мұғалімі кәсібінің маңыздылығын терең сезіне отырып, балалармен жұмыс істеуге қызығушылық танытып, оларды математикаға оқытуды қалап, математика арқылы тәрбиелеу үшін түскен. Мұндай студенттер үшін педагогикалық іс-әрекет қажеттілік, барлық пәндер бойынша білімдер жүйеленген болып келеді. Олар мұны көптеген басым жағдайларда жеңіл іске қоса алады.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту есептерін шешуге студенттердің даярлығының деңгейлерін ерекшелеу, оны дамыту үдерісінде даярлықтың күйін бекіту және ЖОО-да кәсіби дайындау барысында оны қалыптастыру мақсатын қою мүмкіндігін береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: Жарлық № 205 01.03.2016. – Астана, 2016. - 70 б. //http:akorda.kz.

2 Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. – 2-ое изд. перер. и доп. – М.: Просвещение , 1999 – 141 с.

3 Роль логики в профессиональной подготовке учителя. Предварительная публика /Сост. Б.В. Бирюкова, А.А. Столяр и др. – М.: Могилев, 1981 – 82 с.

4 Сластенин В.А. Формирование личности учителя советской школы в процессе профессиональной подготовки. – М.: Просвещение, 1976. – 166 с.

5 Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Білім, 2005. – 270 б.

6 Филь В.А. Особенности доказательства у младших школьников //Обучение и развитие младших школьников. – М.: Просвещение, 1970. – 438 с.

7 Люблинская А.А. Учителю о психологии младшего школьника: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 1977 – 224 с.

8 Сыдықов Б.Д. Болашақ мұғалімді оқушылардың функционалдық сауаттылығын ақпараттық жүйелер негізінде дамытуға дайындау. Хабаршы. «Физика-математикалық ғылымдар» сериясы №2(50), Абай атындағы ҚазҰПУ. – Алматы, 2015. – Б.232-238.

УДК 517.95
ГРНТИ 01.01.02

Ж.А. Токибетов [1], Ә.Ж. Жанай [2]

[1]к.ф. - м.н., профессор Казахского национального университета им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

[2]магистрант 1 курса по специальности Математика Казахского национального университета им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

О ЗАДАЧЕ КОШИ ДЛЯ СИСТЕМЫ ГИПЕРБОЛИЧЕСКОГО ТИПА ПЕРВОГО ПОРЯДКА

Аннотация

В данной статье рассматриваются система Мойсила-Теодереску, полученная с помощью градиента гармоничной функции и система уравнений первого порядка гиперболического типа, полученая модификацией волнового типа уравнения. Построены представления их решения соответственно через производные гармонических и волновых функции. Решена задача Коши для системы уравнеий первого порядка гиперболического типа. Указан метод нахождения решения задачи Коши, когда данные задачи бесконечно дифференцируемые функции и ряды, зависящие от этих данных, а также ряды полученнные дважды почленным дифференцированием этих рядов равномерно сходящиеся.Найдено явное рещение задачи Коши-Дирихле для волнового уравнения в трехмерном случе. Целью статьи является решение задачи Коши для системы гиперболического типа первого порядка. Данная проблема мало изучена и требует дальнейших исследований.

Ключевые слова: задача Коши, система Мойсила-Теодереску, эллиптическая система, гиперболическая система, комплексная вектор-функция, задача Коши-Дирихле.

Аңдатпа

Ж.Ә. Тоқыбетов [1], Ә.Ж. Жанай [2]

ГИПЕРБОЛАЛЫҚ ТЕКТІ БІРІНШІ РЕТТІ ТЕҢДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІ ҮШІН КОШИ ЕСЕБІ

[1]ф.-м.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры
Алматы қ., Қазақстан
[2]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Математика мамандығы 1-курс магистранты
Алматы қ., Қазақстан

Бұл мақалада гармониялық функцияның градиенті арқылы алынған Мойсил-Теодереску жүйесі мен толқындық теңдеу модификациясы арқылы алынған бірінші ретті эллиптикалық және гиперболалық текті теңдеулер жүйесі қарастырылған. Гармониялық және толқындық функцияларының туындылары арқылы сәйкес олардың шешімдерінің өрнектелуі құрастырылған. Әрі есептің берілгені шексіз дифференциалданатын функциялар және осы функцияларға тәуелді қатарлар болса, осы қатарларды екі рет бөліктеу арқылы дифференциалдап, алынған қатарлар бірқалыпты жинақталады деп қорытындылайтын Коши есебінің шешімін табу әдісі көрсетілген. Гипперболалық текті бірінші ретті теңдеулер жүйесі үшін Коши есебі айқын шешілген. Үш өлшемді жағдайда 1-ші ретті теңдеулер жүйесі үшін Коши есебінің айқын шешімі табылған. Мақаланың мақсаты гипперболалық текті бірінші ретті теңдеулер жүйесі үшін Коши есебін шешу болып табылады. Берілген мәселе аз зерттелген, сол себепті алдағы уақытта көптеген зерттеулерді талап етеді.

Түйін сөздер: Коши есебі, Мойсил-Теодереску жүйесі, эллиптикалық жүйе, гиперболалық жүйе, комплекс вектор-функция, Коши-Дирихле есебі.

Abstract

ON THE CAUCHY PROBLEM FOR A SYSTEM OF HYPERBOLIC TYPE OF THE FIRST ORDER

Tokibetov Zh.A.[1], Zhanay A.Zh.[2]
[1]Cand.Sci. (Phy-Math), Professor of the Kazakh national university named after Al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan
[2]Student of Master Programme in Mathematics of the Kazakh National University named after Al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan

In this paper we consider the Moisil-Teoderesku system obtained with the help of a gradient of a harmonic function and a system of first-order equations of the hyperbolic type obtained by modifying the wave type of the equation. Representations of their solutions, respectively, through the derivatives of harmonic and wave functions are constructed. The Cauchy problem for a system of first-order equations of hyperbolic type is solved. A method is found for finding a solution of the Cauchy problem when the data of the problem are infinitely differentiable functions and series depending on these data, and also the series obtained by twice termwise differentiation of these series are uniformly convergent. An explicit solution of the Cauchy-Dirichlet problem for the wave equation in the three-dimensional case is found. The aim of the paper is to solve the Cauchy problem for a first-order hyperbolic type system. This problem has been little studied and requires further research.

Key words: Cauchy problem, Moisil-Teoderescu system, elliptic system, hyperbolic system, complex vector-function, Cauchy-Dirichlet problem.

Система Мойсила-Теодереску

$$u_x + v_y + w_z = 0,\ s_x - v_z + w_y = 0,\ s_y + u_z - w_x = 0,\ s_z - u_y + v_x = 0 \tag{1}$$

в [1] получена простой модификацией из системы

$$u_x + v_y + w_z = 0,\ v_z - w_y = 0,$$

$$u_z - w_x = 0,\ u_y - v_x = 0, \tag{2}$$

которой удовлетворяет решения уравнения Лапласа

$$\frac{\partial^2 U}{\partial x^2} + \frac{\partial^2 U}{\partial y^2} + \frac{\partial^2 U}{\partial z^2} = 0, \tag{3}$$

т.е. градиент гармонической функции трех независимых переменных $\nabla U = (\frac{\partial U}{\partial x}, \frac{\partial U}{\partial y}, \frac{\partial U}{\partial z}) = (u, v, w)$,

а система (1) получается введением левой части (2) новую искомую функцию s.

Анологичное построение можно осуществить, отправляясь от волнового уравнения с тремя независимыми переменнными

$$\frac{\partial^2 U}{\partial x^2}+\frac{\partial^2 U}{\partial y^2}-\frac{\partial^2 U}{\partial z^2}=0. \tag{4}$$

Градиент $\left(\frac{\partial U}{\partial x},\frac{\partial U}{\partial y},\frac{\partial U}{\partial z}\right)=(u,v,w)$ решения этого уравнения удовлетворяет системе уравнений

$$u_x+v_y-w_z=0,\ u_z-w_y=0,\ u_z-w_x=0,\ u_y-v_x=0. \tag{5}$$

По аналогии с системой (1) при помощи системы (5) построим гиперболическую систему

$$u_x+v_y-w_z=0,\ s_x-v_z+w_y=0,\ s_y+u_z-w_x=0,\ -s_x-v_y+v_x=0 \tag{6}$$

и все компоненты s,u,v,w решения этой системы удовлетворяют волновому уравнению (4).

Теперь выпишем общее решение системы (6) с помощью двух произвольных решений волнового уравнения (4). Для этого введем в рассмотрение с действительной переменной z и комплексную переменную $\varsigma=x+iy,$ а так-же две комплексные функции $q=u-iv$, $q=-w+is$. Тогда система (6) получается из системы

$$(\frac{\partial}{\partial x}+i\frac{\partial}{\partial y})(u-iv)+\frac{\partial}{\partial z}(-w+is)=0,\ \frac{\partial}{\partial z}(u-iv)+(\frac{\partial}{\partial x}-i\frac{\partial}{\partial y})(-w+is)=0 \tag{7}$$

отделением действительных и мнимых частей. Затем общее решение системы(7) ищем в виде

$$u-iv=\alpha\frac{\partial\varphi}{\partial z}+\delta(\frac{\partial}{\partial x}+i\frac{\partial}{\partial y})\varphi+\gamma(\frac{\partial}{\partial x}-i\frac{\partial}{\partial y})\varphi,$$

$$-w-is=\gamma\frac{\partial\varphi}{\partial z}+\mu(\frac{\partial}{\partial x}+i\frac{\partial}{\partial y})\varphi+\nu(\frac{\partial}{\partial x}-i\frac{\partial}{\partial y})\varphi, \tag{8}$$

где $\alpha,\beta,\gamma,\delta,\mu,\nu-$ произвольные комплексные постоянные, а $\varphi(x,y,z)=\sigma+i\omega-$ комплексная функция , действительная и комплексная части соответственно равны волновым функциям σ и ω от трех независимых переменных. Подставляя (8) в (2) определим, что они удовлетворяются при $\delta=0,-\gamma=\beta,\mu=-\alpha,\nu=0$. Следовательно, для того чтобы формулы (8) представляли общего решения системы, (8) имела вид:

$$u-iv=\alpha\frac{\partial\varphi}{\partial z}+\beta(\frac{\partial}{\partial x}-i\frac{\partial}{\partial y})\varphi,\ -w+is=-\beta\frac{\partial\varphi}{\partial z}-\alpha(\frac{\partial}{\partial x}+i\frac{\partial}{\partial y})\varphi, \tag{9}$$

где $\varphi=\sigma+i\omega$, $\alpha=\alpha_1+i\alpha_2$, $\beta=\beta_1+i\beta_2-$ произвольные комплексные числа.

Из (9) находим

$$u=\beta_1\sigma_x+\beta_2\sigma_y+\alpha_1\sigma_z-\beta_2\omega_x+\beta_1\omega_y-\alpha_2\omega_z,$$

$$v=-\beta_2\sigma_x+\beta_1\sigma_y-\alpha_2\sigma_z-\beta_1\omega_x-\beta_2\omega_y-\alpha_1\omega_z,$$

$$w=\alpha_1\sigma_x-\alpha_2\sigma_y+\beta_1\sigma_z-\alpha_2\omega_x-\alpha_1\omega_y-\beta_2\omega_z,$$

$$s=-\alpha_2\sigma_z-\alpha_1\sigma_y-\beta_2\sigma_z-\alpha_1\omega_x+\alpha_2\omega_y-\beta_1\omega_z.$$

Если ввести векторные обозначения $A=(\beta_1,\alpha_1,-\beta_2)$, $B=(-\beta_2,\beta_1,-\alpha_2)$, $C=(-\alpha_1,\alpha_2,-\beta_1)$, $D=(-\alpha_2,-\alpha_1,-\beta_2)$, то общее решение гиперболлической системы первого порядка (6) записывается в виде

$$u=(A,\nabla\sigma)+(B,\nabla\omega),\ v=(B,\nabla\sigma)-(A,\nabla\omega),$$

$$w=(C,\nabla\sigma)+(D,\nabla\omega),\ s=(D,\nabla\sigma)-(C,\nabla\omega). \tag{10}$$

Эти формулы получены другим методом одним из авторов получены в другой работе в виде

где $U=\mathrm{Re}\{(L,\nabla\varphi)\}$,

$$L=\begin{pmatrix} \beta & -i\beta & \alpha \\ i\beta & \beta & i\alpha \\ \alpha & i\alpha & \beta \\ i\alpha & -\alpha & i\beta \end{pmatrix}$$

Рассмотрим задачу Коши: о нахождении решения системы (6) удовлетворяющее условиям

$$u=f, v=g, w=h, s=\tau \text{ при } z=0, \tag{11}$$

где $f, g, h, \tau -$ дважды непрерывно дифференцируемые функции, заданные в некоторой области Ω плоскости $z=0$. Так как $u, v, w, s -$ решения системы (6) также являются решением и волнового уравнения (4), то из уравнений системы (6) используя условий (11) при $z=0$, находим

$$u_z=h_x-\tau_y,\ \ v_z=\tau_x+h_y,\ w_z=f_x-g_y,\ s_z=g_x-f_y. \tag{12}$$

Отсюда видим, что нам достаточно решить задачу Коши для волнового уравнения с начальными условиями (11), (12). Решение этой задачи можно написать явной формулой, полученной методом спуска Адамара [2].

Мы здесь приведем один метод нахождения решения задачи (6), (11), (12), при условий что $f, g, h, \tau -$ бесконечно дифференцируемые функции и ряды зависящие от этих функции, а также ряды, полученные из них почленным дифференцированнем дважды по $x, y, z,$ сходятся равномерно. Итак , пусть требуется определить регулярное решение $(u(x,y,z), v(x,,y,z), w(x,y,z), s(x,y,z))$ системы (8), удовлетворяющее условиям (11),(12). Так как, каждая компонента этого вектора удовлетворяет волновому уравнению, то мы для одной из них, например, $s(x,y,z)$ рассмотрим задачу Коши: требуется найти регулярное решение уравнения

$$s_{zz}=\Delta s,\ (\Delta\equiv\frac{\partial^2}{\partial x^2}+\frac{\partial^2}{\partial y^2}), \tag{13}$$

удовлетворяющее начальным условиям (11), (12).

Вводя в рассмотрение новые функции $s_1(x,t), s_2(x,t)$ следующим образом

$$s(x,y,z)=s_1(x,y,z),\ \frac{\partial s(x,y,z)}{\partial Z}=s_2(x,y,z), \tag{14}$$

мы получим систему дифференциальных уравнений

$$\frac{\partial s_1}{\partial z}=s_2, \frac{\partial s_2}{\partial z}=\Delta s_1. \tag{15}$$

Тогда задача Коши (13), (11), (12) переходит к следующей задаче: требуется найти вектор-функцию $s=(s_1,s_2)$, являющимся решением системы

$$\frac{\partial s}{\partial z}=Ms, \tag{16}$$

удовлетворяющее начальному условию

$$s(x,y,0)=s_0(x,y), \tag{17}$$

где

$$S=\binom{S_1}{S_2},\ M=\begin{pmatrix}0 & 1\\ \Delta & 0\end{pmatrix},\ S_0(x,y)=\begin{pmatrix}\tau(x,y)\\ g_x(x,y)-f_y(x,y)\end{pmatrix}. \tag{17}$$

Применяя экпоненциальный дифференциальный оператор [3] к уравнению (16), получим

$$s-z\frac{\partial s}{\partial z}+z^2\frac{\partial^2 s}{\partial z^2}+\ldots=s_0. \tag{18}$$

Так как

$$\frac{\partial^2 s}{\partial Z^2}=M\frac{\partial s}{\partial Z}=M^2 s,\frac{\partial^3 s}{\partial Z^3}=M^2\frac{\partial s}{\partial Z}=M^3 s,\ldots,\frac{\partial^m s}{\partial Z^m}=M^m s,\ldots,$$

и

$$M^2=\Delta E, M^3=M\Delta, M^4=M^2\Delta=\Delta^2 E, M^5=M\Delta^2, M^6=E\Delta^3,\ldots,$$

то мы имеем

$$E[1+\frac{z^2}{2!}\Delta+\frac{z^4}{4!}\Delta^2+\ldots]s-M[z+\frac{z^3}{3!}+\frac{z^5}{5!}\Delta^2+\ldots]s=s_0. \tag{19}$$

Если введем следующее матричное обозначение

$$B=Ech(z\sqrt{\Delta})-M\frac{sh(z\sqrt{\Delta})}{\sqrt{\Delta}},$$

то (19) записывается в виде

$$Bs=s_0. \tag{20}$$

Подействуя обратной матрицей

$$B^{-1}=Ech(z\sqrt{\Delta})+M\frac{sh(z\sqrt{\Delta})}{\sqrt{\Delta}}$$

слева, мы из (20) получим

$$s=B^{-1}s_0$$

или

$$s=\begin{pmatrix}s_1\\ s_2\end{pmatrix}=\begin{pmatrix}s\\ \frac{\partial s}{\partial z}\end{pmatrix}=\begin{pmatrix}ch(z\sqrt{\Delta}) & sh(z\sqrt{\Delta})\\ \sqrt{\Delta}sh(z\sqrt{\Delta}) & ch(z\sqrt{\Delta})\end{pmatrix}\begin{pmatrix}\tau(x,y)\\ g_x-f_y\end{pmatrix}.$$

Отсюда

$$s(x,t)=ch(z\sqrt{\Delta})\tau(x,y)+\frac{sh(z\sqrt{\Delta})}{\sqrt{\Delta}}(g_x(x,y)-f_y(x,y)). \tag{21}$$

Точно также повторяя вывод формул (17)-(21), получим других решений задачи Коши-Дирихле (6),(11),(12):

$$u(x,t)=ch(z\sqrt{\Delta})f(x,y)+\frac{sh(z\sqrt{\Delta})}{\sqrt{\Delta}}(h_x(x,y)-\tau_y(x,y)),$$

$$v(x,t)=ch(z\sqrt{\Delta})g(x,y)+\frac{sh(z\sqrt{\Delta})}{\sqrt{\Delta}}(\tau_x(x,y)-h_y(x,y)),$$

$$w(x,y)=ch(z\sqrt{\Delta})h(x,y)+\frac{sh(z\sqrt{\Delta})}{\sqrt{\Delta}}(f_x(x,y)-g_y(x,y)).$$

Список использованной литературы:

1 *Янушаускас А.Я. Задача о наклонной производной теории потенциала. Изд-во «Наука». – Новосибирск, 1985.*

2 *Тоқыбетов Ж.Ә., Хайруллин Е.М. Математикалық физика теңдеулері. – Астана, 2010. – 376 б.*

3 *Маукеев Б. Дифференциалдық теңдеулерді шешу. – Алматы: Мектеп,1989. – 231б.*

ӘОЖ 37.026.9
ҒТАМР 11.25.41

Б.Қ. Төлбасова[1], А. Есдәулет[2]

[1]п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ, Математика, физика және информатика институтының доценті, Алматы қ., Қазақстан
[2]Абай атындағы ҚазҰПУ, «Математика» мамандығының магистранты, Алматы қ., Қазақстан

О.А. ЖӘУТІКОВТІҢ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Аңдатпа

Мақала О.А. Жәутіковтің математикаға қосқан үлесі, дәлірек айтқанда дифференциалдық теңдеулерді шеше білу маңыздылығы туралы сөз етілген. О.А. Жәутіковтің еңбектерінде дифференциалдық теңдеулердің шексіз жүйесі шешулерінің дифферециалдық қасиеті болатындығы және оның біреуі-ақ екендігі жөнінде бірқатар іргелі теориялар дәлелденді әрі дифферециалдық теңдеулер шешулерінің сапасы туралы да мәселелер қарастырылды. Мақалада, қолданбалы математика есептерін шешуде дифференциалдық теңдеулердің ерекшелігі мысал арқылы көрсетілген. Дифференциалдық теңдеу есептерін шешу әдісін қосымша үйрету, көптеген жағдайда өз білімін саналы түрде тереңдетуге, сонымен қатар дифференциалдық теңдеу есептерін шешу барысында: оқушылардың практикалық іс-әрекеті, мәдениеті дамиды; шешу, сызу техникасы жоғарылайды; есептің шартын, шығарылуын талдау жеңілдейтіні анық. Сондықтан дифферециалдық теңдеу есептерін шешуге лайықты көңіл бөлініп отыруы керек.

Түйін сөздер: О.А. Жәутіков, дифференциалдық теңдеу, қолданбалы математика есептері, сызу техникасы, есептің шешімін талдау.

Аннотация
Б.Қ. Төлбасова[1], А. Есдәулет[3]
[1]к.п.н., доцент Института Математики, физики и информатики при КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан
[2]магистрант специальности «Математика» КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

ВКЛАД О.А.ЖАУТЫКОВА В РЕШЕНИИ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫХ УРАВНЕНИЙ

В статье рассматривается вклад О.А. Жаутыкова в развитие математической науки в Казахстане, в частности в решение дифференциальных уравнений. О.А. Жаутыковым были доказаны ряд прикладных теорий в решении дифференциальных уравнений, а также в своих трудах он говорил о качестве решений дифференциальных уравнений. В статье приводится пример, где указывается значимость применения дифференциальных уравнений в решении прикладных задач. Дополнительное изучение методов дифференциальных уравнений, во многих случаях дает возможность сознательно совершенствовать свои знания в математике, то есть: у обучающихся развивается математическая культура и практические действия; повышается техника решения и черчения; облегчается аналитическая возможность понимания условий задач и путей их решения. Поэтому, очень важно уделять должное внимание решению задач дифференциальных уравнений.

Ключевые слова: О.А.Жаутыков, дифференциальное уравнение, задачи прикладной математики, техника черчения, анализ решения задач.

Abstract

O.ZHAUTYIKOV'S CONTRIBUTION IN THE SOLUTION OF DIFFERENTIAL EQUATIONS

Tulbassova B.[1], Esdaulet A.[2]
[1]Cand. Sci. (Pedagogic), Associate Professor of the Mathematics, Physics and Informatics Institute at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan
[2]Master's student by specialty Mathematics, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

The contribution of O.A. Zhautykov in the development of mathematical science in Kazakhstan, in particular in solving differential equations is considered in the article. O.A. Zhautykov proved a number of applied theories in solving differential equations, and also in his works he spoke of the quality of solving differential equations. The article gives an example where the significance of the application of differential equations in solving applied problems is indicated. Additional study of the methods of differential equations, in many cases, makes it possible to consciously improve their knowledge in mathematics, that is: students develop a mathematical culture and practical actions; the technique of solution and drawing is improved; the analytical possibility of understanding the conditions of the problems and the ways of their solution is facilitated. Therefore, it is very important to pay due attention to solving the problems of differential equations.

Key words: O.A. Zhautykov, differential equation, problems of applied mathematics, drawing techniques, analysis of problem solving.

US scientists say that the world's current coal reserves are around of 2300 billion tons. The largest coal reserves are in the United States (more than 753 billion tons) and then 600 billion tons in Russia and the third place in China where coal reserves of 506 billion tons. The following countries: Germany (143 billion), Britain (85 billion), Australia (76) billion), Poland (40 billion), Ukraine (33 billion), Kazakhstan (35 billion), India (32 billion), Canada (7 billion), South Africa (30 billion), the Czech Republic (6.5 billion) are entered in the first ten countries where have largest coal reserves after USA, Russia and China. Since 1983, the world's top coal producer has been China. In 2011 China produced 3,520 million tonnes of coal – 49.5% of 7,695 million tonnes world coal production. In 2011 other large producers were United States (993 million tonnes), India (589), European Union (576) and Australia (416) [10].

Kazakhstan with some reserves of 35 billion tons of coal is in 8 th place among the countries of the world reserves of coal. Kazakhstan is among the 10 countries of the largest coal producer in the world market, and the 3rd place among the countries of the CIS coal reserves and owns coal production per capita the first place. Being some country rich in coal the research in the field of preliminary assessment of the quality of coal and preservation of the environment in our country is still a problem [13].

Associated with the rapid growth in coal production has been the increasing use of on-line analysis analytical methods in the coal industry. Coal is one of the most important sources of energy and its quality is dependent also on it`s elemental composition. Some elements present in coal can be environmentally hazardous when the coal is burned and some others can be economically attractive if recovered from ashes of fumes in coal burning power plants. Also increasing effort is given to monitoring coal quality in the search, production, preparation, transport and combustion sequence using nuclear techniques based on X-ray, gamma-ray and neutron interactions to on-line process measurement of coal ash (Ad), moisture (W), calorific value (Q), sulphur (S) and element analyses [6].

Recent developments in the application of X-ray fluorescence suggest the possibility of the simultaneous multielement analysis coal as method of establishing the most important economical parameters directly from coal classification. For example, the ash content of coal is most simply determined by X-ray and gamma ray techniques which depend on the fact that ash has an effective atomic number greater than that of coal matter.

Interest in mineral matter content of coal intensified as electric power plants become larger and the boilers began to operate at higher temperatures. Problems of fireside boiler-tube fouling anf corrosion, which became increasingly severe at the higher temperatures, were related to the sulphur, chlorine, alkali, and ash content of coals. Within the past several years the general public has become more interested in both air and water pollution. Therefore, both the consumer and the producer need a more knowledge of the minerel matter in coal and of the products and byproducts of the mineral matter produced when coal is combusted.

XRF method covers E = (0.11-60) keV energy range and λ = (11.3-0.002) Å wavelenghth range. For the following reasons XRF method for the study of coal and coal ash are considered to be the most convenient method:

1. Sample preparation of coal is easy. The analyzed sample can be presented in various forms, e.g., solid, liquid, powder
2. Information on nearly all elements in the sample can be extracted from simultaneously spectrum
3. X-ray fluorescence covers nearly all the elements (Z>11) in the periodic table.
4. X-ray give adequate accuracy and much simplier and less expensive than other methods.

References:

1 Barkla, G.G., The Spectra of the Fluorescent Roentgen Radiation`s, Phil. Mag 22, 396, 1911

2 Moseley, H.G.J., The High-Frequency Spectra of the Elements, Phil. Mag 26, 1024, 1912

3 Tertian R and Claisse, F., Principles of Quantitative X-ray Fluorescence Anaylsis, Heyden, London, 1982.

4 Instrument Business Outlook., 2014 IBO Industrial Design Awards, August 15, 2014

5 Sowerby D., Nuclear Techniques in the Coal Industry, Proc.of an International Symposium on Nuclear techniques, IAEA, Vienna, 1990.

6 Valkovic V., Trace Elements in Coal, CRC Press, Inc., Boca Raton, Florida, 1983

7 Clayton G.C, Coleman F.C., Curent Develop. and Appl. of Nuclear Techniques in the Coal Industry. Proc.of an Advisory Group Meeting, IAEA, Vienna, 1984

8 Burr A., Characteristic X-ray emission lines. In handbook of Spestroscopy. Volume 1, CRC Press, Cleveland, Ohio, 1974

9 Van Grieken, R. E., Markowicz, A. A., Handbook of X-Ray Spectrometry 2nd ed.; Marcel Dekker Inc.: New York, 2002; Vol. 29; ISBN 0-8247-0600-5

10 World Energy Council – World Energy Resources: 2013 Survey.

11 Cechak T., Baimolda D., Wolterbeek. XRFA in Monitoring Impact of Coal Burning. Jajpur:IRSP.–1997, –Vol.1, –P.162-163

12 Bernasconi G., Valkovic V., Baimolda D. Trace element analysis of bulk coal samples. The 1994 European Conference on Energy Dispersive X-ray Spectrometry. Budapest.–1994.– From 30 May to 3 June.

13 Baimolda D., Application of the XRF analysis in Coal Industry, Prague, 1996

14 Баймолда Д. Рентген флуорецсенциялық зерттеу әдісін көмір өндірісінде қолдану. Монографиялық еңбек. Павлодар, - 2010.

ӘОЖ 550.3:504
ҒТАМР 37.01.94

Д. Баймолда[1]

[1]PhD докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ
Математика, физика және информатика иститутының қауым. профессоры,
Алматы қ., Қазақстан

КӨМІРДІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫН ЗЕРТТЕУДЕ АНАЛИТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Бұл мақалада әлемнің дамушы елдері үшін негізгі энергия көзі болып табылатын көмірдің химиялық құрамын зерттеуде аналитикалық әдістерді қолдану жолдары және оның кейбір артықшылықтары туралы сөз болады. Әлем бойынша көмір өндірісі соңғы жылдары аса қарқынды түрде дамып бара жатқаны белгілі. Осыған байланысты көмір өндірісінде аналитикалық әдістерді қолдану мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр. Сондай-ақ, рентген сәулесі (X-ray), гамма сәулесі (γ-ray) және нейтрондық әрекеттестік секілді физикалық құбылыстарға негізделген аналитикалық әдістердің көмегімен көмірді жақпай тұрып-ақ оның сапасына баға беруге болатындығы жөнінде айтылады. Мақалада көмірді өндірмес бұрын кеніш жағдайындағы және жағу процестері барысында көмірдің сапалылығын аналитикалық әдістердің арасындағы ең қолайлы әдістердің бірі - рентген флуорецсенциялық зерттеу әдісінің көмегімен қалай зерттеп, бақылауға болатындығы айтылады.

Түйін сөздер: аналитикалық әдіс, көмір, рентген сәулесі, көмірдің күлі, микроэлемент, гамма-сәулесі, күкірт

Аннотация
Д. Баймолда[1]
[1]доктор PhD, ассоц.профессор Института Математики, физики и информатики при КазНПУ им.Абая, г.Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ АНАЛИТИЧЕСКИХ МЕТОДОВ ДЛЯ ИССЛЕДОВАНИЯ ХИМИЧЕСКОГО СОСТАВА УГЛЯ

В этой статье рассматривается актуальные вопросы о применении аналитических методов для изучения химического состава угля так как уголь является, основным источником энергии для большинство развивающихся стран мира. Последние годы аналитические методы основанные на физическом явлении такие как рентгеновские лучи, гамма-излучения и взаимодействие нейтронов широко применяется для исследования химических элементов в составе угля. При использовании этих аналитических методов, можно оценить качество угля без сжигания во время добычи в угольных шахтах и при транспорторировке. В этой статье рассматривается также использование рентген флуорецсентного анализа как одним из очень подходящим аналитическим методом для анализа химических элементов угля и золы. Применение аналитических методов для анализа углей дает возможностей достовернего предварительного оценки о качестве угля. Это одним из требований и потребностей сегодняшнего дня.

Ключевые слова: аналитические методы, уголь, рентгеновские лучи, золы угля, микроэлементы, сера

Abstract
Baimolda D.[1]

APPLICATION OF ANALYTICAL METHODS FOR RESEARCH CHEMICAL COMPOSITION OF COAL

[1]PhD., Associate Professor of the Mathematics, Physics and Informatics Institute at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

This article reports about using of the analytical methods for the determination of chemical elements in the coal. Recent years the coal production is developed dynamically in the world. That was directly related to the application of analytical techniques in the coal industry. Analytical methods based on the physical phenomena, such as X-rays, Gamma radiation (gamma-ray) and a neutron interactions are used for the analysis of the coal. Using these analytical methods, it is possible to evaluate the quality of the coal without burning and to control the coal processes during production and transport. In addition, it was considered that a rapid and reliable analysis of the X-ray fluorescence method of chemical elements of coal and ash provides opportunities for a reliable preliminary assessment of the quality of the coal. This is one of the requirements and needs of today.

Key words: analytical method, coal, X-ray, coal ash, microelement, gamma-ray, sulfur

Электр жылу станциялары барған сайын үлкейіп, су қайнататын қазандықтар жоғары температурада жұмыс істей бастауы осы станцияларға қажет негізгі отын – көмірдің құрамындағы минералдық заттарға деген мамандардың қызығушылығын арттырып отыр. Су қайнатқыш қазандық және ыстық су құбырларының жоғары температурада коррозияға ұшырауы көмірдегі күкірт, хлор, алкальды элементтер және көмірдің күлділігіне тікелей байланысты болмақ. Сондай-ақ, электр жылу станциялары көмірді жаққан кезде түтін болып шығатын көмірқышқыл және басқада улы газдар ауаны ластандырумен бірге атмосфераны барған сайын жылытып бара жатқандығына әлем елдері дабыл қаға бастады және бұған аса алаңдаушылықпен қарап отырғаны белгілі. Сондықтан көмірді пайдаланушылар мен көмірді өндірушілер көмірдің құрамындағы жанбайтын минералдық заттар және көмірді жаққаннан кейін пайда болатын улы, зиянды заттар жөнінде көбірек білгілері келетіндігі түсінікті жайт болмақ [1].

Көмір және көмірдің күлі (coal ash) құрамындағы элементтерді зерттей алатын аналитикалық әдістерді екі түрлі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа жататын қарапайым аналитикалық әдістер арқылы жеке сынамалардағы көп элементтерді бірден, бір жолда анықтау қиын. Егер де бірнеше элементті бірден анықтау қажет болса, онда зерттелетін сынаманың мөлшері жеткілікті дәрежеде көп болуы керек. Мұндай әдістерге: атом абсорбциялық спектрометр, потенциометр, вольтметр және абсорбциялық спектрфотометр арқылы зерттеу аспаптарын жатқызуға болады. Екінші топтағы аналитикалық әдістерге өзіндік рентген сәулелері арқылы тіркейтін (detection of characteristic X-rays), масс спектрометр (mass spectroscopy), активтендіру жолымен зерттеу (activation analysis) және басқаларын жатқызамыз [2].

Көмір құрамындағы элементтерді зерттеуде нейтрондық активтендіру (neutron activation), оптикалық эмиссия (optical emission), масс спектрометрия және рентген флуоресценция әдістері кеңінен қолданылады. Атом абсорбциялық және нейтрондық активтендіру әдістері көмірдің құрамындағы элементтерді ~ 1 ppm (~10^{-6} %) деңгейіне дейін анықтай алса, ал рентген флуоресценция және оптикалық эмиссия әдістері (1-10) ppm және одан жоғары деңгейдегісін анықтай алады. Бұл әдістермен көмірді жақпай

тұрып, көмірдің сапасын көрсете алатын көмірдің күлі (Ad), энергетикалық көрсеткіші (Q), ылғалдығы (W), күкірт (S) құрамы және басқа элементтерді зерттеуге болады [3]. Мысалы, көмірді жақпай тұрып, көмірдің күлін рентген және гамма сәулелерін пайдалану арқылы анықтауға болады. Көмірдің өзімен салыстырғанда көмірдің күлінің тиімді (эффективті) атом нөмірі көбірек болатындығын ескеру қажет. Ал нейтрон активтендіру техникасымен көмір құрамындағы күкірт, күл, ылғалдық, және басқа да элементтерді анықтауға болады. Егер де рентген сәулесі фотондарының тасқыны денемен әрекеттесу жағдайына барса, онда осы әрекеттестіктен бірқатар физикалық құбылыстар орын алады. Әрекеттесу салдарынан, ең алдымен, рентген сәулесі фотондарының тасқыны әлсірейді. Рентген флуоресценциялық зерттеуде (РФЗ) екі түрлі физикалық процесс маңызды деп саналады: 1) Фотоэлектрлік эффект 2) Рентген сәулесінің шашырауы. Ал фотоэлектрлік эффект құбылысы өз кезегінде үш түрлі әрекеттесуді туғызады:

– әр элементке сай өзіндік өлшемді рентген сәулесін шашады;
– фотоэлектронды шығарады;
– Аугер (Auger) электронын туғызады. Сондай-ақ фотоэлектрлік эффект барысында когеренттік шашырау және когеренттік емес Комптон (Compton) шашыраулары пайда болады [4].

1-суретте рентген сәулесінің денемен арадағы әрекеттесуі кезінде пайда болатын физикалық құбылыстар көрсетілген. Егер затпен әрекеттесуші фотонның энергиясы (E) атомдағы ядро мен электронның байланыс энергиясы ($E_б$)–дан артық болған жағдайда фотоэлектрондық әрекеттесу процесі жүріп, оның салдарынан электрондық қабаттан (орбитадан) бір электрон босап шығады. Бұл босаған электронды фотоэлектрон деп атайды. Ал өзінің электронынан айырылған атом тұрақсыз жағдайға көшеді. Тұрақсыз жағдайға ұшыраған атом дереу тұрақты жағдайға көшуге талпынып, орбитаның сыртқы қабатындағы электрондарының бірі ядроға жақын орбиталардың біріндегі босаған электронның орнын басады. Осы жағдайда энергиялардың айрымашылығы рентген сәулесі фотондары ретінде сыртқа шығады.



Сурет 1. Рентген сәулелерінің затпен әрекеттесуі.

(а)

E –энергиялы алғашқы Фотон



(б) Фотоэлектрон $E_{pe}= E- ф_k$



Аугер электроны: $E_{ay}=Ф_K - ф_L - ф_M$

(c (d

Сурет 2. (a) E энергиялы фотонның атоммен әрекеттестікке баруы (b) фотоэлектрлік әрекеттесу барысында фотон К-орбитадағы электронға жұтылып, соның салдарынан энергиясы көбейген электрон К- орбитасын тастап сыртқа шығады. (c) К-орбитадағы босаған электронның орнын энергиясы жоғары L- орбитадан бір электрон келіп басады. Энергиялардың айрмашылығы (c) өзіндік рентген фотоны немесе (d) Аугер электроны ретінде көрініс береді

Бұл атомды тастап сыртқа шыққан өзіндік рентген фотондары спектрде өзіндік сызықтармен айырықша көрсетіледі немесе сыртқы орбита электронын (Auger electron) шығару үшін жұтылып кетеді. Фотоэлектрлік әрекеттесу 2-суретте көрсетілген.

Энергия қабаттарындағы электрондардың байланыс энергиясын ($E_б$) фотоэлектрлік жұтылу немесе абсорбцияның шегі деп атаймыз. Барлық элементтердің атомдарындағы K, L_1, L_{11} және I_{111} орбиталары үшінгі абсорбция шегінің мәндерін Файн (Fine) және Хенди (Hendee) секілді зерттеушілер өз еңбектерінде алғаш жариялады (1955).

Бүгінде зерттеушілердің бәрі пайдаланатын Рентген сәулесінің энергетикалық деңгейлері және диаграммалық сызықтары туралы терминологияны 1920 жылдары Сиегбан (Siegbahn) алғаш ғылымға енгізді және бұл кейін Сандстром (Sandstrom) тарапынан қайта қаралды [5]. Өзіндік спектрлік сызықтың жиілігі $\mathbf{V_{ji}}$ мен атом нөмірі **Z** арасындағы байланыс жалпы түрде Мозлей (Moseley) ережесі бойынша беріледі.

$$V_{j,i} = k(Z-a)^2 \qquad (1)$$

$\mathbf{V_{ji}}$ – бұл электронның энергетикалық J деңгейінен I деңгейіне секірген кезінде бөлініп шығатын өзіндік рентген сәулесінің жиілігі, **k**– спектр серияларына қатысты тұрақты коэффициент. Мозлейдің заңына қарағанда өзіндік рентген сызығы жиілігінің квадрат түбірі мен қоздырылған атомның атомдық нөмірі арасында шамамен түзу сызықты қатынас бар. Бұл түзу сызық бойындағы байланысты 3.3-суреттен көруге болады. Мозлейдің заңы Мендеелевтің периодтық жүйесінің физикалық негізін құруда маңызды рөл атқарды. Элементтің атомдық нөмірі жоғарылаған сайын оның өзіндік рентген спектрі қысқа толқындар жаққа қарай ауысады.

Фотонның толқын ұзындығы **λ** мен оның энергиясы E арасындағы байланысты төмендегідей өрнек арқылы көрсетуге болады:

$$\lambda(A) = 12.4/E\ (кэВ) \qquad (2)$$

мұндағы толқын ұзындығы –**λ** ангстрем бойынша өлшенеді. Кейде зерттеушілер ангстремнің орнына нанометр (1нм $=10^{-9}$м) өлшемін пайдаланады.

1A=0.1 нм $=10^{-10}$ м болатындықтан (3.2) өрнекті басқаша түрде былай жазуға болады:

$$\lambda\ (нм) = 1.24/E(кэВ) \text{ немесе } E(кэВ) = 1.24/\lambda(нм) \qquad (2a)$$

Рентген флуоресценциялық зерттеуде энергия E=(0.11-60) кэВ аралығындағы ал толқын ұзындығы **λ**=(11.3- 0.02) нм аралықтағы ауқымды қамтиды. K-, L- және M- сериялары үшін негізгі рентген сәулелерінің энергиялары бірқатар еңбектерде жарыққа шықты [6].

Рентген және гамма сәулелері арқылы зерттеу техникасын анықтау дәлдігі жоғары және бұл техниканың қолданылуы жеңіл. Бұл әдістер нейтрон активтендіру техникасына қарағанда айтарлықтай арзан болып келеді. Рентген флуоресценциялық зерттеу әдісі E=(0.11-60) кэВ аралығындағы энергиялық аумақты және λ = (11.3 - 0,02) нм аралығындағы толқын ұзындығы аумағын қамтиды. Рентген флуросценциялық (X-ray fluorescence) әдісі көмір және көмірдің күліндегі элементтерді зерттеуде төменде келтірілген бірқатар себептерге сай қолдануға өте қолайлы әдіс деп саналады:

- негізінде көмір сынамасын дайындау жұмысы жеңіл;
- көмірдегі көп элементтерді бірден анықтауға болады;
- атомдық нөмірі Z › 11 ден жоғары барлық элементтер зерттеуге қамтыла алады;
- көмірдің құрамындағы элементтердің концентрациясын анықтауда тиісті сандық әдістерді қолдану арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Бұрын көмір және көмірдің күлі құрамындағы C, H, O, N, S, Si, Fe, Al, K, Ca, Mg секілді элементтерді ғана химиялық зерттеу жолымен анықтап келді. Ал көмірдегі микроэлементтің құрамы ~ 0.1% не одан төмен болса, онда оны химиялық жолмен зерттеу қиын болар еді. Сондықтан бұл қиындықты шешу жолы ол көмірдің элементтік құрамын ядролық физика әдістері арқылы: рентген флуоресценция әдісі, гамма-сәулесі арқылы зерттеу әдісі және нейтрон әрекеттесу техникасы арқылы зерттеу кең қолданысқа ие болып отыр.

Соңғы жылдары қоршаған ортаны қорғау, экологияны дұрыс сақтау мәселелері өткір қойылып, соған байланысты көмірдегі күкірт құрамын тікелей он-лайн режимімен анықтау мәселесі алға қойылып отыр. Күкірттің – 2.308 кэВ S- Ka рентген сәулесін (X-ray) тіркеу, өлшеу жұмыстары шетелдік бірқатар ғалым-дардың еңбектерінде кеңінен зерттеліп, талқыланған [7,8]. Осы еңбектерге қарағанда көмір құрамындағы элементтердің бір-біріне әсер ету эффектісіне (inter-element effects) байланысты математикалық жолмен тиісті түзетулер жасалғаннан кейін жақсы нәтижеге қол жеткізілген. Алайда көмірдің элементтік құрамын зерттейтін зерттеу мақсатындағы аспап құралдары жоғары ажыратқыштық қасиетке тән рентген спектрометрі (High–resolution X-ray spectrometr) болуы тиісті екендігі, сонымен бірге, зерттелетін көмір түйіршектерінің көлемінен болатын (particle size) эффектіні азайту үшін көмірді әбден құрғатып, оның түйіршіктерінің майдалығын < 0.2 мм ден кіші болатындай жақсылап тұрып ұнтақтау қажеттігі бірқатар шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде айтылыпты [9,10].

Көмірдегі күкіртті анықтауда шапшаң гамма сәулесіне негізделген нейтрон активтендіру техникасын пайдалану арқылы жүргізген соңғы зерттеу жұмыстары зерттеуші Вормалдтың (Wormald) еңбектерінде көрсетіледі [10]. Өткізуші (transmission) геометрия бойынша Калифорний-252 (Cf-252) нейтрон көзі және NaI(Tl) сцинтилляциялық тіркеу детекторын пайдаланып көмірдегі күкірттің S= 5.420 МэВ гамма сәулесі өлшенді.

Ағылшын зерттеушілері Пейдж (Page) және Пиггинстер (Piggins) [11] Британия көмірлерінде сульфатты күкірттің аз болатындығын және күкірт құрамы пириттік күкірттің (FeS_2) құрамына тікелей байланысты болып келетіндігін анықтады. Сондықтан көмірдегі темірдің Fe- Ka (6.403 кэВ) рентген сәулесін (X-ray) тіркеу арқылы көмірдегі күкірт құрамы жайында толық ақпарат алуға болады. Ал пириттік күкірт –FeS_2 болса, көмірдегі темірдің ең басты қайнар көзі болмақ.

Де Калб (De Kalb) және Фассел (Fassel) деген ғалым зерттеушілер [12] матрицалық эффектіні (matrix effects) болдырмау мақсатында өте жұқа көмір сынамаларын (< 5мг/см) дайындау арқылы көмірдегі күкірттің мөлшерін жақсы дәлдікпен анықтауға болатындығын көрсетті. Көмірдегі күкірт элементін және басқадай элементтерді рентген флуоресценциялық зерттеу әдісімен анықтауда элементтердің бір-біріне

ықпал етуінен пайда болатын элементаралық эффектінің (inter-element effects) әсерін есептеу жұмысы бірқатар қиындықты туғызады және бұл процедура уақытты көп алады. Бұл осы саладағы зерттеуші мамандар үшін өте есте болатын жағдай.

Көмірдің күлі – көмірді жаққан кезде пайда болатын, көмірдің құрамындағы жанбайтын минералдық заттар. Көмір құрамындағы минералдық заттар қаншама көп болса, көмірдің күлділігі де соншама көп болады. Көмірдің күлі негізінде силикат, алюминий, темір, кальций, магнезий, титан, сондай-ақ, калий секілді элементтердің қоспаларынан тұрады. Көмірдегі күлдің құрамын ядролық физика әдістерімен зерттеу жұмыстары соңғы 20 жылда үлкен қарқынмен жүріп, бұл салада көптеген зерттеуші ғалымдардың зерттеу еңбектері жарыққа шықты және бұған жаңа зерттеу техникалары мен әдістері енгізілді. Сондай бір әдіс - ол рентген сәулесі не гамма сәулесінің көмірден шағылып қайта қайтқан энергиясы арқылы көмірдегі күлді анықтауға арналған. Англиялық Гунсонс (Gunsons) және Сортекс (Sortex) [13] көмірдегі күлді он-лайн режимі бойынша анықтай алатын күл өлшегіш (on-line ash meter) аспап құралын жасапты. Бұл аспап құрал: 10 мКю (mCi) радиоактивті екі Плутоний-238 (Pu-238) изотопынан және бір пропорционал детектордан тұрады. Көмірге қарай бағытталып, жіберілген рентген сәулесінің бір тобы көмірге еніп, жұтылады, яғни абсорбцияланады (absorption), ал тағы бір тобы көмірден қайта шашырап (scattered), детекторға келіп тіркеледі.

Бұл физикалық екі құбылыс жағдайдың түзілуі көмірдің элементтік құрамына тікелей байланысты болмақ. Атомдық нөмірлері аз элементтер, яғни жанғыш элементтер фотондарды жұта алмайтындықтан, фотондардың көмір бетінен қайта шашырауы көп болады. Бұған қарағанда атомдық нөмірлері жоғары, яғни күлді түзуші элементтер рентген сәулелерін қайта қайтарып жібермей, жұтып алатындығы байқалады. Ендеше көмір бетінен қайта шашыраған рентген сәулелерін зерттеу арқылы көмірдегі күлді анықтауға болады деген ғылыми тұжырымды ғалым мамандар әлдеқашан бұрын жасаған болатын. [13]

Зерттеуші ғалым Бертхолдтың (Berthold) алғаш ойлап тапқан күлді анықтағыш (ash meter) аспабы алғашқы энергия көзі – америций гамма көзінен қайтқан 60 кэВ гамма сәулесін тіркеу арқылы көмірдегі күлді анықтайды. Бұл әдіс және соған негізделген құрал аспап соңғы жылдары Шығыс Еуропаның көптеген елдерінде кеңінен пайдаланылуда.

Көмірдегі күлдің құрамын анықтау үшін қос энергиялы гамма сәулесін өткізу (Dual energy transmission-DET) техникасы немесе көмірден қайта шашылған (backscattering) техниканы пайдалану әдістері жаңадан іске қосылды. DET техникасы бойынша көмірдегі күлдің құрамы, 60 кэВ америций-241 (Am-241) изотопы мен 661 кэВ сезий-137 (Cs-137) изотобынан шыққан гамма сәулелерінің қарқындылығын біріктіріп өлшеу арқылы анықталады [14].

Жоғары энергиялы гамма сәулелерінің (High energy gamma rays) көмірден өту қабілеттігі көмірдің бір аудан бірлігіне сай келерлік массасының шамасына тікелей байланысты болмақ. Ал төменгі энергиялы (low energy) гамма сәулелерінің өту қабілеттігі көмірдегі күлдің құрамына және көмірдің бір аудан бірлігіне сай келетін массасының шамасына тікелей байланысты. Ал қос энергиялы гамма сәулелерінің шашырау әдісі (Dual energy backscattering –DEB) алғашқы 60 кэВ пен 661 кэВ энергиялардың көмірден қайта шашылған кездегі сәулелерінің қарқындарының қатынасының (I_{high},/ I_{low}) өлшемі бойынша анықталады. Зерттеуші ғалым Арикан (Arikan) және басқалары [15] қайта шашырау әдісіне негізделген рентген флуоресценциялық техниканы пайдаланып, Түркия көмірлерінің күлін анықтау жұмыстарын жүргізген. Плутоний-238 (Pu-238) радиоизотопын қоздырушы көз ретінде пайдаланған түркиялық зерттеушілер Түркияның 60 шақты көмір шахталарынан әкелінген көмір сынамаларын зерттеу арқылы ондағы күлдің құрамы (8–40)% аралығында екенін анықтаған. Сондай-ақ, Индия көмірлеріндегі күлді анықтау үшін радиоизотоптық қоздырушы РФЗ жұмыстарының сәтті жүргізілгені туралы Нараяана (Narayana) және басқалардың еңбектерінде ерекше атап көрсетілген [15].

Көмірдегі күлді анықтау кезінде күлдің құрамындағы түрлі химиялық заттар, көмір түйіршектерінің көлемінен болатын эффектілер және көмірдің ылғалдығы әсерінен бірқатар қателіктер орын алады. Көмір күлінің құрамында темірдің болуы және оның күл құрамындағы мөлшерінің кейде ~40%-ға дейін болатындығы көп жағдайда қате есептеулерге әкеледі. Көмірдің күліндегі микроэлементтерді зерттеу бір жағынан қоршаған ортаны қорғау, экологияны сақтау тұрғысынан маңызды болса, екінші жағынан көмірдің күлінен кейбір элементтерді ажыратып пайдалану экономика тұрғысынан пайдалы болмақ. Индиялық зерттеуші Венкатсваре (Venkatesware) және басқалары [16] 100 шақты көмір күлінің сынамаларын зерттеу арқылы ондағы кейбір сынамаларда темірдің құрамы ~30% -ға жақын болғанын анықтап тапты.

Көмірдегі микроэлементтерді зерттеу жұмысын алғаш рет ғалым Голдшмидт (Goldschmidt) бастаған бір топ ғалымдар бастап жүргізді [17]. Ол, сондай-ақ, осы микроэлементтерді геохимиялық тұрғыдан топтау (classification) керек деген ұсынысты алғаш көтеріп, ғылымға енгізген.

Халкофильдік элементтерге көбінесе сульфид түріндегі элементтерді жатқызатыны белгілі. Негізгі элемент болып саналатын күкіртке қоса, бұл топқа Zn, Cd, Hg, Cu, Pb, As, Sb, Se, және басқаларын жатқызамыз. Егерде бұл аталған элементтер көмірдің құрамында кездесетін болса, онда бұл элементтер көп жағдайда сульфидтік минералдар түрінде болып келеді.

Литофильдік элементтер көбінесе силикат фазасы түрінде кездеседі. Бұл топқа, сондай-ақ, Si, Al, Ti, K, Na, Zr, Be, Y элементтерін жатқызамыз. Бұлар көмірде каолинит, иллит секілді силикат минералдары және басқа да саз балшықты минералдар мен кварц және ауыр металлдармен бірлескен минералдар түрінде кездеседі. Mg, Fe, Mn секілді элементтер көп жағдайда көмір қабаттарымен байланысқан күйде кездеседі. Ал Ba, Cr, Co, Pb, Sr, Ba секілді элементтер органикалық емес көмірдің құрамында болады.

Ал көмірдегі микроэлементтерді анықтауда ең көп сұранысқа ие әдістер: нейтрон активтендіру (НА) және рентген флуросценциялық (РФ) әдістері болмақ. Көмірдегі микроэлементтерді зерттеу жұмысына нейтрон активтендіру әдісін қолдану Лион (Lyon) және Емери (Emery) [18], Валкович (Valkovic) және т.б. [19], Глускотер (Gluskoter) [20] және тб. еңбектерінде айтылады. Зерттеуші Родес (Rhodes) көмірде болатын барлық басты элементтер мен аз кездесетін элементерді анықтауға болады деген тұжырым жасайды [21]. Рейнолдс (Reynolds) және басқалары [22] өз зерттеулерінде көмірдегі ядролардан шыққан шапшаң гамма фотондарын натрий-иод (Na-I) және германий-литий (Ge-Li) секілді бірнеше детекторды қатар пайдаланып тіркеуге болатындығын келтіреді. Бұл зерттеулерде күкірттің құрамы жоғары және күкірттің құрамы төмен битум көмірлері пайдаланылған. Жоғары деңгейде ажыратқыш Ge(Li) детекторлық жүйесін пайдалану арқылы көмірдегі H, C, Si, Al, S, Fe, N, Na, K, Ti, CI секілді 14 элементтің 100 ден астам гамма шоғырын спектрден көруге болады. Бірақта бұл әдістің ең бір ыңғайсыздығы ол зерттеу аспап-құралының күрделілігі, әрі қымбаттылығында болып табылады. Рентген флуоресценциялық (X-ray fluorescence) әдісі көмір және көмірдің күліндегі микроэлементтерді зерттеуде қолдануға өте ыңғайлы әдіс деп саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Gluskoter, H.J., Mineral matter and trace elements in coal. Adv. in Chem.141, 1973.*

2 *Valkovic, V., Trace Elements in Coal, CRC Press, Inc., Boca Raton, Florida, 1983.*

3 *Sowerby, D., Nuclear techniques in the Coal Industry, Proc,of an International Symposyum on Nuckear techniques, IAEA, Vienna, 1990*

4 *Dziunikowski, B ., Energy-Dispersive Z-Ray Fluorescence Analysis, PWN Warsaw and Elsevier, Amsterdam, 1989*

5 *Sandstrom, A.F., Experimental methods of X-ray Spectroscopy. In Encyclopedya of Physics, vol 30, Springer-Verlag, Berlin, Gottingen/Heidelberg, 1957*

6 *Burr, A., Characteristic X-ray emission lines. In Handbook of Spectroscopy. Vol 1, CRC Press, Cheveland, Ohio, 1974*

7 *Van Krevelen , D.W., Coal. Elsevier, Amsterdam, 1961.*

8 *Given, P.H., Miller, R.N., Deter. of forms of sulphur in coals. Fuel, 57,1998*

9 *Zubovic, P., Hatch, J.R., and Medlin, J.H., Assessment of the chemical composition of coal resources. Proc.U.N. Symp. World Coal Prospects, Katowice, 1979.*

10 *Hurley, R.G., White, E.W., Analytical Chemistry. 46, 2234, 1974.*

11 *Page, D., Piggins, T., Development of an X-ray fluorescence method for on-line determination of sulphur in coal. Int. J. Appl. Radiat. Isot*

12 *De Kalb, E.X., Fassel.V.A., Energy-dispersive X-ray fluorescence analysis of coal. Proc of ERDA and Gamma Sources and Appl., Univ of Mich. Ann Arbor Conf, 1976*

13 *Boyce, I.C., Clayton. C.G., Page,D.,Some considerations relating to the accuracy of measuring the ash content of coal, by backscattering. Nuclear techniques and Mineral resources (Proc.Symp. Vienna,1977)*

14 *Valkovic, V., Markowicz, A., Haselberger, N., Review of Recent applications of radioisotope excited X-ray fluorescence. X-ray Spectromk 22, 1993*

15 *Arkan, P., Zararsiz, A., Efe, N., Determination of ash in Turkish coal using back-scattering in X-ray fluorescence techniques and Mineral Resour (Proc of Symp.Vienna, 1990) IAEA, 1991*

16 *Venkateswara, R.N., et al., Elemental analysis of coal ash using energy dispersive X-ray fluorescence. X-ray Spectrom. 16, 1987.*

17 *Goldschmidt, V.M., Rare elements in coal ashes. Ind. Eng. Chem., 27, 1935.*

18 *Lyon, W.S and Emery, J.F., Neutron activation analysis applied to the study of elements entering and leaving a coal-fired steam plant. Int. J. Environ.Anal. Chem. 4, 125, 1975.*

19 *Valkovic, V., Trace Elements, Taylor and Francis, Ltd., Int.Scient. Pub. 1975.*

20 *Gluskoter, H.J., Illinois State Geological Survey, Circular 499, Trace elements in coal: Occurrence and distribution. 154, 1977.*

21 *Lloyd, W.G and Francis, H.E., Determination of sulphur in whole coal by X-ray fluorescence spectrometry. Proc.of ERDA Symp.on X-ray and Gamma ray sources and Appl. Univ. of Mich. Ann Arbor, CONF, 1976.*

22 *Reynolds, G., Elias, E., Nuclear assay of coal. EPRI research project 983-1, Final report, January, 1979.*

УДК 523.9
ГРНТИ 25.00.03

Б.Т. Ерболат[1], Б.М. Жекеева[2]

[1]ф.-м.ғ.к., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің доценті, Алматы қ., Қазақстан
[2]Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Физика мамандығының магистранты, Алматы қ., Қазақстан

ГЕЛИОТЕХНИКАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада гелиотехника негіздері қарастырылған. Қазіргі таңда баламалы энергетика саласы, атап айтқанда, күн энергетикасы интенсивті даму үстінде. Осыған орай, күн сәулесі энергиясын электр тогына максималды эффективті түрде түрлендіруге мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдер мен құрал-құрылғыларын іздестіру жұмыстары жалғасуда. Күн энергиясын пайдалану экономикалық жағынан өте пайдалы бола тұрса да гелиотехника ғылымы XX ғасырдың екінші жартысынан бері ғана дами бастады. Ең жас ғылым саласы соған қарамастан өте тез кең бағдарламалық масштабпен өсіп келеді. Себебі, біріншіден, Жер бетіне түсетін Күн энергиясы өте көп. Екіншіден, Жер шарындағы халық саны мен орны көбеюде. Сондықтан, арзан энергия көзін табумен қатар, оны пайдаланудың жолдары қарастырылуда. Жер бетіндегі энергия қорлары таусылып келеді. Оны шешу тек қана арзан Күн энергиясын электр энергиясына айналдыру болып табылады.

Түйін сөздер: күн энергиясы, гелиотехника, электр энергиясы, гелиотехникалық құрылғылар, күн батареясы, фотоэлемент.

Аннотация

Б.Т. Ерболат[1], Б.М. Жекеева[2]

[1]к.ф.-м.н., доцент Казахского государственного женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан
[2]Магистрант по специальности Физика Казахского государственного женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан

СОВРЕМЕННЫЕ ОСНОВНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ГЕЛИОТЕХНИКИ

В статье рассматриваются основы гелиотехники. В настоящее время интенсивно развивается отрасль альтернативной энергетики- солнечная энергетика. В связи с этим, продолжается поиск методов- способов, приборов и устройств позволяющих преобразовать солнечную энергию в электричество с максимальной эффективностью. Несмотря на экономическую целесообразность использования солнечной энергии, гелиотехническая наука развивается, начиная со второй половины XX века. Гелиотехника, являясь самой молодой сферой науки, развивается с масштабной быстротой. Во-первых, причиной этому является большое количество солнечной энергии падающей на поверхность Земли. Во-вторых, количество населения земли и их популяция интенсивно увеличиваются. Следовательно, исследуются пути нахождения источника дешевой энергии и его эффективного использования. Истощаются запасы энергии в земной поверхности. Решением этому является преобразование дешевой солнечной энергии в электрическую энергию.

Ключевые слова: солнечная энергия, гелиотехника, электрическая энергия, гелиотехнические устройства, солнечная батарея, фотоэлемент.

Abstract

MODERN BASIC FEATURES OF THE SOLAR RADIATION ENGINEERING

Yerbolat B.T.[1], Zhekeyeva B.M.[2]

[1]Cand. Sci. (Phys-Math), Associate Professor, Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
[2] Student of Master Programme in Physics, Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

In the article considered bases of the solar radiation engineering. Presently intensively develops industry of alternative energetic - solar energy. In accordance with continued the searching of ways - methods proceeds, devices and equipments that allows to transform solar energy in electricity with maximal efficiency. In spite of financial viability of the application of solar energy, solar radiation engineering science develops, since the second half of XX of century. The solar radiation engineering, being the youngest sphere of science, develops quickly. Firstly, by reason there is plenty of sunny energy of falling in a surface Earth. Secondly, the amount of population of Earth and their population increase intensively. So, are investigated the ways of reveal of cheap energy source and his effective application. The supplies of energy are exhausted in an Earth surface. The decision for this are transformation of cheap solar energy to electric energy.

Key words: solar energy, solar radiation engineering, electric energy, solar radiation engineering devices, solar battery, photocell.

Қазақстанның экономикалық өрлеуі индустриалды-инновациялық дамумен бейнеленеді. Сондықтан, экономиканың тегершісі саналатын энергетиканың дамуын жоспарлау 30-50 жыл бұрын жүргізілуі тиіс. Біздегі қалаларда электр энергиясын тұтыну 30 пайызға артқан. Қазір біз пайдаланып жүрген шамдарды энергияны үнемдеу шамдарымен ауыстырған кезде, біз энергияны 80 пайызға дейін үнемдейді екенбіз. Сондықтан, қуат көздерін үнемдеу баршаға ортақ идея болуы тиіс.

Қазақстанда электр энергиясын өндіру негізінен жылу және гидро (су) электр станцияларында жүргізіледі. Бұлар жалпы электр энергия өндірісінің 85-90% құрайды.

Күн радиациясын электр энергиясына айналдыру біршама шығындармен жүргізіледі, олар концентраторлардың толық зерттелмегенімен және олардың толқын ұзындығы бойынша сәулелерді дифференциялдай алмайтын қабілеттерімен белгілі, ол күн сәулесімен жарық ағынының белгілі бір ұзындығында тиімді жұмыс істейтін жартылай өткізгішті түрлендіргіштердің жұмысы үшін қажетті болып табылады. Күн энергетикалық қондырғылардың төмендегідей ерекшеліктері бар:

- электр энергиясын экологиялық таза өндіру, парник газдарының қалдықтарының толығымен болмауы;
- қолданудың көп салалығы;
- құрылымының қарапайымдылығы мен салмағының аздығы;
- жұмыс істегенде шудың болмауы;
- қуат жинақтаудың модульдік принципі;
- жоғры сенімділік.

Күн батареясы – күн электр магнитті сәулесін электр энергиясына түрлендіретін альтернативті энергия түрінің бір генераторы болып табылады. Ең тиімді қондырғы ретінде энергетикалық көзқараспен қарайтын болсақ, күн энергиясын электр энергиясына айналдыратын құрылғы жартылай өткізгішті фотоэлектрлік түрлендіргіштер болады, себебі, олар тікелей, бір сатылы энергияның өтуін қарастырады.

Күн энергиясын пайдалану экономикалық жағынан өте пайдалы бола тұрса да, гелиотехника ғылымы XX ғасырдың екінші жартысынан бері ғана енші алып дами бастады. Ең жас ғылым саласы соған қарамай өте тез кең бағдарламалық масштабпен өсіп келеді. Себебі, біріншіден, Жер бетіне түсетін Күн энергиясы өте көп. Екіншіден, Жер шарындағы халық саны мен орны көбеюде. Сондықтан арзан энергия көзін табумен қатар, оны пайдаланудың жолдары қарастырылуда. Жер бетіндегі энергия қорлары таусылып келеді. Оны шешу тек қана арзан Күн энергиясын электр энергиясына айналдыру болып табылады. Күн энергиясы арқылы төменгі температуралы Күн қондырғылары мен суды ысытуға, ащы суды тұщы-ландыруға, дәрі-дәрмекке арналған шөптерді кептіруге болады. Күн парниктері мен жылыжайларда ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруге пайдалану керек. Күн энергиясын шоғырландыру (концентрациялау) арқылы отарлар да, қос басында, геологиялық партияда барлауға барған кезде тамақ пісіруге болады. Ал, жоғары температуралы Күн қондырғылары арқылы 3000^0-3500^0 С температураға дейін көтеріп металл балқытуға болады. Қазіргі кездерде Күннің энергиясын термоэлементтер мен фотоэлементтер арқылы электр энергиясына айналдыруда, сонымен қатар, Күн энергиясын шоғырландырып, дақыл ұрықтарына импульс режімімен бірқалыпты дозада түсіру арқылы оның өнімділік сапасын арттыруға болады. Күн энергиясын медицинада емдеу мақсаттарында қолданады. Күн энергиясын тікелей электр энергиясына айналдыру космостық коробльдерде де қолданылады. Корабль барлық уақытта күн сәулесінің бел ортасында жүретіндіктен, электр энергиясын көп өндіріп алуға болады.

Қазақстанда электр энергиясын өндіру негізінен, жылу және гидро (су) электр станцияларында жүргізілетіндігін, бұлар жалпы электр энергия өндірісінің 85-90% құрайтындығын ескеріп, оны Күн энергиясымен алмастыруға болатынына көз жеткізіп, экономикалық жағынан өте тиімді Күн энергиясын пайдалану керек екенін түсіндіру.

Әлемнің көпшілік елдерінде үйдің үстіне және ғимараттың қабырғасына түсетін күн энергиясы, осы үйлерде тұратын тұрғындардың бір жылда тұтынатын энергиясынан көп болып келеді. Күннің шуағы мен жылуын қолдану-бұл бізге қажетті энергияның барлық түрін алуға болатын таза, қарапайым және табиғи тәсіл. Күн коллекторларының көмегімен тұрғын үйлер мен коммерциялық ғимараттарды жылытуға болады немесе оларды жылы сумен қамтамасыз етуге болады. Күн шуағын параболалық айналардың концентрациясы арқылы (рефлекторларды) жылу алу үшін қолданады (бірнеше мың градус Цельсия температурасымен). Оны электр энергиясын өндіру үшін немесе қыздыру үшін де қолдануға болады. Одан басқа, Күннің көмегімен энергияны ала алатын тағы да бір жол бар - фотоэлектрлік технология. Фотоэлектрлік элементі – бұл күн радиациясын тікелей электр энергиясына түрлендіретін құрылғы.

Активті және пассивті деп аталатын күн жүйесін қолдану арқылы күн радиациясын қажетті энергияға түрлендіре алады. Активті күн жүйесіне күн коллекторлары мен фотоэлектрлік элементтер жатады. Ал,

пассивті жүйені Күн энергиясын жоғары деңгейде қолдану үшін ғимараттарды жобалаудың көмегімен және құрылыс материалдарды таңдап алады.

Күн энергиясын пайдалы энергияға жанама жолмен де айналдыра аламыз. Ол үшін ол басқа энергия түрлеріне түрленеді. Мысалы: биомасса, су және жел энергиясына. Жердегі ауа райы Күн энергиясын басқарады. Күн радиациясының көп бөлігін теңіздер мен мұхиттар жұтып отырады. Олардағы су қызады да, жоғалады және олар жаңбыр түрінде жерге қайтадан түседі де, гидроэлектр станцияны тамақтандырады. Жел турбинасына қажет жел, ауаның біркелкі емес қыздырылуынан пайда болады. Күн энергиясының көмегімен пайда болатын басқа сарқылмайтын энергия көзіне жататын категория – биомасса. Жасыл өсімдіктер күн сәулесін жұтып алады да, фотосинтездің арқасында органикалық зат түзіледі. Соңында олардан жылу және электр энергиясын алуға болады. Осылайша, жел, су және биомасса энергиясы туынды күн энергиясы болып табылады. Күн орасан зор энергия береді. Солардың біреуін біз физиологиялық өзгешелігімізге қолданамыз. Соған қарамастан миллиардтаған мегаватт біздің қасымыздан бос өтіп, қараңғы батқан әр кеш сайын жоқ болып кетеді. Болашақта адамзат тегін күн энергиясынан барынша пайда табуды үйренеді. Әзірге мұны жасайтын технологиялар әлі де даму үстінде. Дәл қазір күн энергиясын пайдалансақ, көп пайдаға кеңелетінімізді білеміз. Күн электр торабының негізгі артықшылықтары:

1) уақыт шексіздігі. Жақын бірнеше миллион жыл ішінде әйтеуір Күн сөнбейді. Осыған орай, күннің шикізаты Жерге түсуі тоқтайды немесе оны біреу жауып тастайды немесе өшіріп тастайды деген қауіп жоқ;

2) санының шексіздігі. Ешкім адамға күн сәулесін мұнша қолдануға болады деп айта алмайды, әркім оны қанша қолданғысы келсе, сонша қолдана алады. Тіпті, барлық адам көп мөлшерде күн энергиясын қолданып, оны өзінен кейінге сақтаса да, бұл ештене өзгертпейді, аккумуляторларды зарядтауға да, жағажайда демалуға да жетеді.

3) қолдануға шектеу қойылмаса, онда неге артығын сатпасқа? Кейбір адамдар осылай істеуде. Мысалы, кейбір елдерде жергілікті электрмен жабдықтаушы компаниялармен келісімге отырып, оған қолма-қол ақша үшін немесе кредит төлемақысы үшін электр энергиясын әкеліп тұруға болады.

4) энергиясы – қымбат ляззат. Онсыз өмір сүре алмайсын, сонымен қатар, ол үшін аз ақша да төлемейсін. Электр энергиясынан жаңұя бюджетінің үштен бір бөлігін (немесе одан да көп) үнемдесек, өмір сүру одан да оңай болушы еді.

5) сонымен қатар, күнделікті тұрмысқа қажетті жұмыстарды тегін күн сәулесіне ауыстыруға болады. Бензин, ағаш, көмір, газды қолданудан бас тарту керек. Ал, жылыту, сумен қамтамасыз ету, кондиционер, ыстық су мен автокөлікпен жүруге шусыз және экологиялық таза электр энергия жауап берсін.

6) географиялық тұрғыдан қол жетімділік. Күн әлемнің әр бұрышын әр түрлі сәулелендіреді. Бір жерде жарық және ұзағырақ, ал кей жерде көмескі және азырақ. Бірақ жерге күннің сәулесі түспейтін жер жоқ. Сым арқылы электрмен жабдықталған аймақ өте аз. Сондықтан, ғаламшарды миллиондаған километр алмас жіптермен орғанша, кішігірім күн батарея қондырғысын орнатқан оңайырақ деп есептейміз.

Қазіргі кезде Күн энергиясы халық шаруашылығында гелиотехникалық құрылғылар (жылыжай, саяжай, суқайнатқыш, сужылытқыш, кептіргіш сияқты әр түрлі қондырғылар) өте жиі қолданылады.

Күн пештері. Олар арзан, әрі дайындалуы қарапайым. Олар айнамен жабылған және сыртқы шағылдырғышпен жабдықталған, сәулені шағылыстыратын материал (мысалы, фольга) төселген кең жақсы жылу жіберілмейтін қораптан тұрады. Кәдімгі алюминийден жасалған немесе тот баспайтын болаттан жасалған ыдыстарға қарағанда, қара түсті кастрөл жұтқыш рөлін атқарады. Күн пештерінің көмегімен суды залалсыздандыру үшін судың қайнауына дейін жеткізу керек. Күн пештері жәшікті және айналы (шағылыстырғышымен) болады.

Күн тазартқыштары. Тым тұздалған немесе аса ластанған су болса да, күн тазартқыштары арзан тазартылған сумен қамтамасыз етеді. Оның негізінде ашық контейнердегі судың булануы жатыр. Күн тазартқышы Күн энергиясын қолдану арқылы бұл процесті тездетеді. Ол шишаландырылған қара түсті жылу өткізбейтін контейнерден тұрады, ол буландыратын тұщы су арнайы сыйымдылыққа ағуы үшін контейнер еңкейтіліп жасалған. Өлшемі ас плитасымен бірдей кішігірім күн тазартқышы күн шуақты күндері 10 литр тазартылған су өндіруі мүмкін.

Күн энергиясын белсенді қолдану арнайы құрылғының болуы кезінде ғана мүмкін. Күн энергиясының күн шуағының сәуле шығаруын жылуға күн панельдерін (жазық немесе вакуум) қолдану арқылы алады. Оларда сорғыштың көмегімен жылу ұстағыш – антифриздің (сумен пропиленгликольдің арнайы ерітіндісі) айналымы ұсталып тұрады. Жылу жылу ұстағыштан жылу алмастырғыш арқылы жылу аккумуляторға немесе жылу жинақтағыш су қыздырғышқа беріледі. Сонымен, күннің энергия жүйесі

толықтай күн панельдерімен, жылу аккумуляторлардан, сорғыштан, басқару блогынан және құбырдан тұрады.

Жалпақ күн панельдері (күн бұлтты болғанда да шашыранды энергияны жұта алады) Финляндияның климаттық жағдайына жақсы бейімделген.

Күн энергиясын ең алдымен тұрмыстық ыстық суды алу үшін қолданады. Су айналымы бар жылыту жүйесіне күн панельдерін қоссақ, ол одан бізге пайдалы болып келеді. Күн жылуы ыстық сумен қамтамасыз ету көлемінің жартысын өндіру үшін жеткілікті. Егер де панельдер жылыту жүйесіне қосылған болса, онда күн энергиясы барлық жылу тұтынудың 25-35 %-ы ғана жеткілікті. Аз энергия тұтынатын және пассивті үйлерде бұл бөлік одан көп болуы мүмкін [3].

Күн энергетикасы энергия көзінің сарқылмайтын түрі болып табылады, әрі экологиялық жағынан да еш зияны жоқ. Күннің сәулеленуі – Жердегі энергия көзінің негізгі түрі. Оның қуаттылығы Күн тұрақтысымен анықталатындығы белгілі. Күн тұрақтысы – күн сәулесіне перпендикуляр болатын, бірлік ауданнан бірлік уақыт ішінде өтетін күннің сәуле шығару ағыны. Бір астрономиялық бірлік қашықтығында (Жер орбитасында) күн тұрақтысы шамамен 1370 Вт/м²-қа тең. Жер атмосферасынан өткен кезде Күн сәулеленуі шамамен 370 Вт/м² энергияны жоғалтады. Осыдан Жерге тек 1000 Вт/м²-қа тең энергия ғана келіп түседі. Бұл келіп түскен энергия әр түрлі табиғи және жасанды процестерде қолданылады. Күн сәулесі арқылы тікелей жылытуға немесе фотоэлементтер көмегімен энергияны қайта өңдеу арқылы электр энергиясын алуға не басқа да пайдалы жұмыстарды атқаруға болады. Шындығында, қазіргі заманды электр энергиясынсыз мүлдем елестету мүмкін емес. Сол себепті де, электр энергиясын алудың шығыны аз, экологиялық таза көздерін табу бүгінгі күннің негізгі мәселесіне айналып отыр. Әлем бойынша электр энергиясын ең көп өндіретін елдерге АҚШ, Қытай жатады. Бұл елдерде электр энергиясының өндірісі әлемдік өндірістің 20%-ын құрайды. Соңғы кездері экологиялық проблемалар, пайдалы қазбалардың жетіспеушілігі және оның географиялық біркелкі таралмауы салдарынан электр энергиясын өндіру жел энергетикалық құрылғыларын, Күн батареяларын, газ генераторларын пайдалану арқылы жүзеге аса бастады.

Жалпы алғанда, Күн сәулеленуінен электр энергиясы мен жылу алудың бірнеше әдістері бар. Олар:

1) электр энергиясын фотоэлементтер көмегімен алу;

2) күн энергиясын жылу машиналарының көмегі арқылы электр энергиясына айналдыру (Жылу машиналарының түрлері: поршеньдік немесе турбиналық бу машиналары. Стирлинг қозғалтқышы);

3) гелиотермальдық энергетика – Күн сәулелерін жұтатын беттің қызуы мен жылудың таралуы және қолданылуы;

4) термоәуелік электр станциялары (Күн энергиясының турбогенератор арқылы бағытталып, ауа ағыны энергиясына айналуы);

5) күн аэростаттық электр станциялары (аэростат баллоны ішіндегі су буының аэростат бетіндегі күн сәулесі қызуы салдарынан генерациялануы).

Күн энергиясын электр энергиясына айналдыратын қондырғылардың бірі – Күн батареялары. Күн батареясы немесе фотоэлектрлік генератор – Күн сәулесінің энергиясын электр энергиясына айналдыратын шала өткізгішті фотоэлектрлік түрлендіргіштен (ФЭТ) тұратын ток көзі. Көптеген тізбектей-параллель қосылған ФЭТ-тер Күн батареясын қажетті кернеу және ток күшімен қамтамасыз етеді. Жеке ФЭТ-тің электр қозғаушы күші 0,5-0,55 В-қа тең және ол оның ауданына тәуелсіз (1 см² ауданға келетін қысқа тұйықталу тогының шамасы – 35-40 мА). Күн батареясындағы ток шамасы оның жарықтану жағдайына байланысты. Күн сәулелері Күн батареясы бетіне перпендикуляр түскенде, ол ең үлкен мәніне жетеді. Қазіргі Күн батареяларының пайдалы әсер коэффициенті – 8-10%, олай болса 1 м² ауданға тең келетін қуат шамамен 130 Вт-қа тең. Температура жоғарылаған сайын (25ºС-тан жоғары) ФЭТ-тегі кернеудің төмендеуіне байланысты Күн батареясының пайдалы әсер коэффициенті кеміп, Күн батареяларының жиынтық қуаты ондаған, тіпті жүздеген кВт-қа жетеді. Күн батареяларының өлшемдері әр түрлі болады. Мысалы: микрокалькуляторда орнатылғандарынан бастап, ғимараттар шатырлары мен автокөліктер төбелеріне орнатылатындарына дейінгі өлшемдерде. Сондай-ақ, Күн батареялары ғарыш кемелері мен аппараттарында энергиямен жабдықтау жүйесіндегі негізгі электр энергиясының көзі ретінде қолданылады. Ал тұрмыс пен техникада қолданылатын көптеген бұйымдарды – калькулятор, қол сағаты, плеер, фонарь, т.б. токпен қоректендіру көзі де Күн батареялары болып табылатындығы бәрімізге белгілі [4]. Күн энергиясын пайдалану жолында жастарды гелиотехника ғылымы саласымен таныстырып, оларға бағыт-бағдар көрсетіп, осы бастан келешек «Гелиотехниктерді» тәрбиелеуіміз керек. Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, гелиоқондырғылар төменгі температуралы Күн қондырғылары және жоғары температуралы Күн қондырғылары болып бөлінеді. Атап айтқанда, ыстық жәшік, су қыздырғыш, құм

жылытқыш, су тұщыландырғыш, күн жылыжайлары мен парниктер, күн тоңазытқыштары, гелиокептіргіштер, күн асханасы және күн пештері. Аталған гелиоқондырғылар қазіргі гелиотехниканың негізі болып отыр. Ал, олардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері гелиотехниканың негізгі ерекшеліктері болып табылады. Себебі, қазіргі таңда гелиотехниканың жұмыс істеу принципімен оқушылар мектеп қабырғасынан бастап таныс болып, шаруашылықта пайдаланып келеді.

Қорытынды. Қазіргі таңда электр энергияны пайдаланбайтын бірде-бір сала жоқ, сондықтан электр энергиясынсыз болашақты мүлдем елестету мүмкін емес. Электр энергетикасына адамдардың қажеттілігі күннен-күнгі артуына байланысты электр энергияны алудың шығыны аз, экологиялық таза көздерін табу бүгінгі күннің негізгі мәселесіне айналды. Күн энергиясын тікелей электр энергиясына айналдырудың ғылыми теориясы мен оның халық шаруашылығында қалай пайдаланудың тәжірибесін ұштастыра түсіндіру қажет. Күн энергиясы мол аудандарда оны халық шаруашылығына пайдалануға болады. Күн энергиясын пайдалану жолында жастарды гелиотехника ғылымы саласымен таныстырып, оларға бағыт-бағдар беріп отыру керек деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Тасболатұлы Б., Тасболат Е., Оспанкулова Г. Гелиотехниканың физикалық негізі. Эврика. – №8 (24) 2007. – 22-27 б.*

2 *Тасболатұлы Б. Гелиотехника. – Алматы, 2011. – 11-13 б.*

3 *С.Е.Полякова Оценка доступного потенциала солнечной энергии над территорией Казахстана. – Алма-Ата.- Наука.-2003-30 с.*

4 *Мақала: Күн батареясы. – "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2003. – 5-том,127 б.*

5 *Мақала: Фотоэлемент. – "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы. 9-том, 227-228 беттер. – Алматы, 2007*

6 *Соминский М.С. Солнечная электроэнергия. – Москва:Наука, 1971. – 163 с.*

7 *www.malimetter.kz*

ӘОЖ 621.1.016
ҒТАМР 44.31.03

А.Жамалов[1] , Д.О. Жакупова[2]

[1]т.ғ.д., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры, Алматы қ., Қазақстан
[2] Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университет, «Физика» мамандығының 2-курс магистранты, Алматы қ., Қазақстан

КҮН ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ЖЫЛУМЕН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ

Аңдатпа

Бұл жұмыста күн жүйесі арқылы жылумен қамтамасыздандыру қарастырылған. Күн жүйесі арқылы жылумен қамтамасыздандыру дегеніміз – Күн радиациясы энергиясын жылу көзі жүйесі ретінде пайдалану болып табылады. Еліміздің аумағында соңғы уақыттарда қайта жаңаратын энергия көздерін эффективті түрде пайдалану қарқынды түрде даму үстінде, дегенменде бұл сала әзірге қарқынды бәсекелестік тудыра қойған жоқ. Бірақ физик ғалымдардың тұжырымдамасы бойынша, «Күннен Жерге бір күннің ішінде келетін Күн энергиясының мөлшері әлемді энергиямен толығымен бір жыл қамтамасыз етуге жетеді»,- дейді. Күн жүйесі арқылы жылумен қамтамасыздандырудың активті жағдайының артықшылығы – жүйені қарастыруда оңайлылығы және икемділігі. Сонымен қатар, жұмыстың, жүйенің және жылу шығынының азаюын автоматты түрде басқаруға болады. Бірақ, Күн жүйесінің активті түрін қолдануда мынадай мәселелер бой алдырады: негізгі кемшілік қондырғының және автоматты басқару жүйесінің сенімсіздігі.

Түйін сөздер: күн жүйесі, күн энергиясы, активті жүйе, пассивті жүйе, гелиожүйе, жылу, күн коллеторы, температура.

Аннотация
А. Жамалов[1], Д.О. Жакупова[2]
[1]д.т.н., профессор Казахского государственного женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан
[2] Казахский государственный женский педагогический университет, магистрант 2-курса специальности «Физика», г. Алматы, Казахстан

ОБЕСПЕЧЕНИЕ ТЕПЛОТОЙ ПРИ ПОМОЩИ СОЛНЕЧНОЙ СИСТЕМЫ

В данной работе рассматривается обеспечение теплотой при помощи солнечной системы. Теплоснабжением энергии через солнечную систему является солнечное излучение, используемое в качестве источника тепла системы. В последние годы на территории нашей страны быстро развивается использование возобновляемых источников энергии, однако эта отрасль не вызывает жесткой конкуренции. Но по концепции ученых физиков «той энергии, которая за один день приходит с Солнца на Землю, достаточно, чтобы обеспечить весь мир энергией на целый один год». Преимущество тепла, представленной позиции активов Солнечной системы – это легкость и гибкость в рассмотрении системы. В то же время, работа и система может управляться автоматически за счет уменьшения потерь тепла. Тем не менее, в использовании Солнечной системы типа актив возникли следующие вопросы: основной дефект в установке автоматизированных систем управления и небезопасность.

Ключевые слова: солнечная система, солнечная энергия,активная система, пассивная система, гелиосистема, теплота, солнечный коллектор, температура.

Abstract

PROVIDING HEAT THROUGH THE SOLAR SYSTEM

Zhamalov A.[1], Zhakupova D.O.[2]
[1]Dr. Sci. (Engineering), Professor, Kazakh State Women's Training University, Almaty, Kazakhstan
[2]Student of Master Programme in Physics, Kazakh State Women's Training University, Almaty, Kazakhstan

In this paper, we consider the provision of heat by the solar system. The heat supply of energy through the solar system is solar radiation, used as a heat source of the system. In recent years, the use of renewable energy sources is rapidly developing in our country, however this industry does not cause fierce competition. But according to the concept of physicists "the energy that comes from the Sun to Earth in one day is enough to provide the whole world with energy for a whole year." The advantage of the heat represented by the position of the assets of the solar system is the ease and flexibility in reviewing the system. At the same time, the work and the system can be controlled automatically by reducing heat losses. Nevertheless, in the use of the solar system type of asset, the following issues arose: the main defect in the installation of automated control systems and insecurity.

Key words: Solar system, solar energy, active system, passive system, solar system, heat, solar collector, temperature.

Күн жүйесі арқылы жылумен қамтамасыздандыру дегеніміз – Күн радиациясы энергиясын жылу көзі жүйесі ретінде пайдалану болып табылады.

Күн архитектурасы үйді Күн жүйесінің пассивті (енжар) және активті (белсенді) түрде жылытуға мүмкіндік береді. Күн жүйесінің пассивті түрде жылуы бұрыннан бері белгілі. Сондай-ақ, архитектурада, көлемді-жобалық формада және ғимарат салу барысында Күн энергиясымен жылу берілу мен аккумуляторға қолданумен тұжырымдалады. Бұл жағдайда үй Күн коллекторына (жинаушы) айналады.

Күн арқылы жылумен қамтамасыздандырудың пассивті жүйесі – бұл тікелей Күн энергиясын қолдануға мүмкіндік беретін, ғимарат салудың тікелей жобалық элементі болып табылады.

Пассивті жүйедегі ғимарат жергілікті жердің климаттық жағдайының максималды есебі арқылы жасалады. Оларға сәйкес келетін технологиялар және Күн энергиясы есебінен келетін жылу мен жарыққа қажетті материалдар қолданылады. Мұндай ғимараттар экологиялық жағынан таза және энергетикаға тәуелсіз болады.

Активті жүйе дегеніміз – Күн энергиясын алуда қондырғының ғимаратқа қатысы жоқ, бөлек, өз бетінше жеке тұруы болып табылады. Күн жүйесінің активті түрдегі жылумен қамтамасыздандырудың негізгі сипаттамасы – Күн энергиясы коллекторының, қосымша энергия көзіне керекті жылу аккумуляторының болуы. Жылу алмастырушы (теплообменник), насос, жалғайтын сымкерней (трубопровод) немесе желшығарғыш (воздухопровод) және реттеу жүйесі [9].

Қондырғы келесі үлгі бойынша жұмыс істейді: жұмысқа керекті белгілі қысымы бар сұйықтық айналым сорғысы (циркуляционный насос) арқылы коллектор аймағына түседі. Бұл жерде бак-аккумулятор тұтынушыны жылумен қамтамасыз ететін, ол жылу тасымалдайтын екінші контур болып табылады.

Кеңейтілген бак (расширительный бак) қайнау барысында жүйеге керекті артылған сұйықтықты қабылдау үшін қызмет етеді. Сонымен қатар, сұйықтықтың қосалқы қорын жинауға керек. Жылумен қамтамасыз ету шегіндегі су айналымы келесі тізбек бойынша жүзеге асады: қайнаған су бак-аккумулятордың жоғарғы бөлігіне жиналады, жылу радиоторы арқылы өтіп, қайнаған аймақ айналым сорғысы арқылы бактың төменгі бөлігіне өтеді. Контурдағы жылумен қамтамасыз ету айналымы үздіксіз жүреді.

Элементтерді таңдау және талдау әр нақты жағдайда климаттық факторлар, обьекті тағайындау, жылуды қолдану және экономикалық көрсеткіштер бойынша анықталады.

Күн жүйесінің активті және пассивті жағдайын салыстыру олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға әкеледі [11].

Күн жүйесі арқылы жылумен қамтамасыздандырудың активті жағдайының артықшылығы – жүйені қарастыруда оңайлылығы және икемділігі. Сонымен қатар, жұмыстың, жүйенің және жылу шығынының азаюын автоматты түрде басқаруға болады. Бірақ, Күн жүйесінің активті түрін қолдануда мынадай мәселелер бой алдырады: негізгі кемшілік қондырғының және автоматты басқару жүйесінің сенімсіздігі.

Үйдің жылу балансын есептеу ірі көрсеткіштерді есептеу арқылы жүзеге асады.

Бастапқы деректер:

– Кәдімгі әйнек салынған терезе $k_1 = 1{,}2$;

– Жылу оқшаулайтын қабырға $k_2 = 0{,}85$;

– Терезе мен еден ауданының сәйкестілігі 10 % құрайды $(k_3 = 0{,}8)$;

– Сыртқы температура 10^0 С $(k_4 = 0{,}7)$;

– Сыртқы қабырға $k_5 = 1{,}33$;

– Жылытатын үй-жай $k_6 = 0{,}82$;

– Биіктік 2,5 м $(k_7 = 1{,}0)$;

– Үй-жайдың ауданы 46 м^2.

Жылу шығынының (теплопотерь) мөлшері келесі өрнек бойынша анықталады:

$$Q_{mn} = q \cdot s \cdot k_1 \cdot k_2 \cdot k_3 \cdot k_4 \cdot k_5 \cdot k_6 \cdot k_7$$

мұндағы q - жылу шығынының меншікті мөлшері (60-80 Вт/м^2); s - үй-жай ауданы (м^2); k - үй құрылысындағы жылу шығыны коэффициенті.

Онда

$$Q_m = 86 \cdot 46 \cdot 1{,}2 \cdot 0{,}85 \cdot 0{,}8 \cdot 0{,}7 \cdot 1{,}33 \cdot 0{,}82 \cdot 1{,}0 = 2464{,}393 \text{ Вт}$$

Гелиожүйенің жылулық қуаты Биристель жүйесіне тәуелділік пен ғимараттың жылулық шығынына байланысты:

$$P_k = (1{,}15 + 1{,}2)Q_m = (1{,}15 + 1{,}2) \cdot 2464{,}393 = 5791{,}3 Вт = 5{,}8 кВт$$

Жылу жүктемесінің айлық көрсеткіші мынаған тең

$$Q_m^{ай} = P_k k_м h_c = 5791{,}3 \cdot 31 \cdot 24 = 4308744{,}72 \text{ Вт*сағ} = 4308{,}74 \text{ кВт*сағ.}$$

Мерзімдік жылу үшін жылу жүктемесінің жылдық мөлшері мынаған тең:

$$Q_m^{ай} = P_k k_k h_c = 5791{,}3 \cdot 31 \cdot 24 = 4308744{,}72 \text{ Вт*сағ} = 4308{,}74 \text{ кВт*сағ.}$$

Мерзімдік жылу үшін жылу жүктемесінің жылдық мөлшері мынаған тең:

$$Q_m^{жыл} = Q_m^{ай} \cdot 12 = 51704{,}88 \text{ кВт*сағ.}$$

Үйді жылыту жүктемесімен жабдықтауға керекті Күн коллекторының ауданы мынаған тең:

$$A_{ck} = \frac{Q_m^{ай}}{391{,}7} = \frac{4308{,}74}{391{,}7} = 11 \text{ м}^2$$

Онда бак-акккумулятордың көлемі мынаған тең:

$$V_{бак} = 0{,}1 A_{ck} = 0.1 \cdot 11 = 1{,}1 \text{ м}^3$$

Күн жүйесімен жылытудың пассивті жағдайы деп – элемент ретінде Күн радиациясын алу және оны жылытуға түрлендіру үшін ғимараттың өзі және оның жеке қоршауы қызмет етеді.

Күн контуры құрамына Күн коллекторы және суы бар бак-аккумулятор кіреді. Бұлар сәйкесінше, Күн энергиясының түрленуіне және қор жинауына қажет [1].

Айналым сорғысы (Циркуляционный насос) Күн контурынан жылу тасымалдау айналымын тудырады. Сорғы көмегімен Күн коллекторынан Күн энергиясы бак-аккумуляторға беріледі. Күн жүйесінің ыстық сумен қамтамасыз етуі кезінде циркуляциялық насосқа Күн энергиясынан 2% электр энергиясы кетеді. Сорғыны Күн коллекторының алдына орналастырған дұрыс. Қазіргі насостарды Күн контурына қолдануда, ол бірнеше тізбектен тұрады, әдетте 3-4 тізбектен. Сол сияқты, сорғы қуатын реттеу Күн контурындағы жылу берілу шығынын түрлендіре алады.

Ауа шығарғыш (воздухосборник) – Күн контурындағы ауаны сыртқа шығаруға арналған. Ауа шығарғыш Күн контурының жоғарғы нүктесінде орналасқаны дұрыс. Шығару түтігі арқылы Күн контурын жылу тасымалдағышпен толтырғанда ауа шығарғыш ашық тұру керек. Күн контурын жылу тасымалдағышпен толтыру барысында ауа шығарғыштан барлық ауа шығады. Күн контуры толғаннан кейін ауа шығарғышты жабамыз. Бірінші күндері ауаны ауа шығарғыш арқылы шығарып отыру керек.

Сурет 1. Гелиосистеманың фрагменттері

Күн контурының станциясында ықшамдалып жинақталған элементтер бар. Оларға : сорғы, кері қақпақ (обратный клапан), монометр, қорғап тұратын қақпақ және кеңейтілген бак кіреді. Күн контурының станциясы өте ыңғайлы және Күн қондырғысын құрастыру барысында ықшамды болады.

Блок АБ (автоматтандырылған басқарғыш) – бұл осылай аталатын Күн контуры станциясының «миы» болып саналады. Блок АБ Күн қондырғысын бақылап және оны басқарып отырады. Осы арқылы нәтижелі жұмыс жасалады. Мысалы, блок АБ коллектордан шыққан және бак-аккумулятордағы температураларды датчик арқылы салыстырып отырады. Реле көмегімен циркуляциялық насосты қосып немесе өшіріп отырамыз.

Кернеулік сымдар (трубопроводы) Күн контурының жеке бөліктерін жалғайды. Мысалы, Күн коллекторын бак-аккумулятормен жалғайды. Кернеулік сымдардың материалдары Күн қондырғысы мен Күн коллекторына байланысты. Ыстық сумен қамтамасыз етуге арналған Күн қондырғысы үшін мыстан жасалған кернеулік сымдар дұрыс болады. Мыс – ұзақ жылға шыдайды және үлкен температураға шыдамды болады.

Қорғаныш қақпағы (предохранительный клапан) Күн қондырғысына керек. Әсіресе ыстық сумен және жылумен қамтамасыз етуде. Қорғаныш қақпақ Күн контурында критикалық қысымға жеткенде автоматты түрде ашылуы тиіс. Автоматты түрде ашылуы қондырғылардың зақымдануының алдын алады. Қысымның көтерілуі ең алдымен кеңейтілген бакқа әсер етеді. Ал кеңейтілген бак қысымды қысып отырады. Қысым критикалық жағдайдан асқанда қорғаныш қақпақ автоматты түрде ашылып кетеді. Қақпақ арқылы жылу тасымалдағыш сұйық күйде немесе газ түрінде шығарылады. Ол сыйымдылыққа (улавливающуюся емкость) келіп түседі. Күн коллекторы мен қорғаныш қақпағының арасындағы басқа компоненттер болмауы тиіс.

Шығару тетігі (сливной винтиль) Күн контурының ең төмен аумағында орналасқан. Шығару тетігі арқылы Күн контурындағы артық сұйықтық шығады.

Кері қақпақ (обратный клапан) жылу тасымалдауды тек бір бағытта қамтамасыздандырады. Түнде Күн контуры мен бак-аккумулятор арасында циркуляция болуы мүмкін. Жылу тасымалдағыш энергия көмегімен қайнайды, бак-аккумулятор арқылы жоғары шығады.

Дөңгелек кран (шаровой кран) қондырғыны зақымдамай профилактика жүргізуге, компоненттерді жөндеуге көмектеседі. Насоста осында компонентке жатады [19].

Эксперименттік зерттеу барысы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің территориясында орналасқан «Баламалы энергия көздері» зертханасында жүргізілді. Зертхана заманауи технологияға

сай құрал-жабдықтармен жабдықталған. Зертхананың жалпы ауданы 44кв.м құрайды. Эксперимент барысында Күн коллекторы көмегімен Күн энергиясы жылу энергиясына түрдендіріліп, нәтижесінде зертхана ішінде орналасқан сыйымдылығы 500 литр бак-аккумулятордағы суық су циркуляция нәтижесінде ыстық суға айналып еден арқылы өтіп, салқын су қайтадан бак-аккумуляторға келіп кіреді. Осылайша процесс қайталануы нәтижесінде еден арқылы үй жылумен қамтамасыз етіледі. Зерттеудің алынған нәтижелері төмендегі кестелер мен графиктерде көрсетілген. 30,31 – суреттерде зертхананың сыртқы және ішкі көріністері көрсетілген.

Сурет 2. Күн коллекторы

Сурет 3. Зертхананың сыртқы көрінісі

Сурет 4. Зертхананың ішкі көрінісі

Күн коллекторының үйді жылыту барысындағы көрсеткіштері

Кесте 1. Қазан айында алынған күн коллекторының жылыту көрсеткіші

№	уақыт 14.10. 2016жыл	T_1, ^0C	T_2, ^0C	$T_{суык}$, ^0C	$T_{ыстык}$, ^0C	η, %	N, Вт	E, Дж	$T_{ед,бер}$, ^0C	$T_{ед,шык}$, ^0C	P, бар қысым
1	8:00	18	10	8	8	0	0	5521	10	10	1
2	9:00	29	16	9	11	21	12,8	5523	15	13	1,2
3	10:00	41	23	11	15	58	14,5	5530	20	15	1,3
4	11:00	62	34	14	17	72	19	5536	32	20	1,5
5	12:00	78	43	15,6	19	100	24	5556	37	27	2,8
6	13:00	81	46	16	25	100	25	5564	40	31	5,4
7	14:00	83	48	18	40	100	26,2	5574	40	36	5,4
8	15:00	76	44	21	42	100	21,7	5589	40	36	5,4
9	16:00	60	41	20	41,5	95	14,4	5600	39	35	5,4
10	17:00	52	39	20	41	62	12,4	5605	38,5	34	5,1
11	18:00	20	36	19	39	0	0	5610	35	30	2,1
12	19:00	9	35	16	34	0	0	5610	34	29	1,6
13	20:00	0	33	15	30	0	0	5610	30	26	1

Сырттағы температура (-5 ^0C)(-10 ^0C) болғанда, бөлме ішіндегі температура + 25 ^0C, +26 ^0C көрсетті (14.10.2016 ж.).



Сурет 5. Күн коллекторы мен бак-аккумулятордағы су температурасының көрсеткіші (14.10.2016ж.)

Кесте 2. Қараша айында алынған күн коллекторының жылыту көрсеткіші

№	уақыт 14.11. 2016жыл	T_1, ^0C	T_2, ^0C	$T_{суык}$, ^0C	$T_{ыстык}$, ^0C	η, %	N, Вт	E, Дж	$T_{ед,бер}$, ^0C	$T_{ед,шык}$, ^0C	P, бар қысым
1	8:00	16	10	7	9	0	0	5621	12	10	1
2	9:00	27	14	9	11	20	13	5623	15	12	1,1
3	10:00	40	21	11	14	55	13,5	5630	23	14	1,2
4	11:00	61	32	13	16	69	18	5636	33	21	1,7
5	12:00	78	41	14,7	18	98	23	5656	36	25	2,5
6	13:00	80	45	15	23	100	24,5	5664	38	30	4,4
7	14:00	81	47	17	37	100	26	5674	40	34	5,4
8	15:00	74	43	20	42	97	22	5689	39	36	5,3
9	16:00	57	39	18	41	94	13	5700	39	35	5,4
10	17:00	49	37	17	40	73	11,4	5705	36,5	33	4,1
11	18:00	18	35	15	38	69	10	5710	34	30	2,1
12	19:00	7	33	14	35	0	0	5710	32	27	1,3
13	20:00	2	30	13	32	0	0	5710	30	26	1

Сырттағы температура (-15 ^0C),(-18 ^0C) болғанда, бөлме ішіндегі температура + 20 ^0C, +22 ^0C көрсетті (14.11.2016 ж.).



Сурет 6. Күн коллекторы мен бак-аккумулятордағы су температурасының көрсеткіші (14.11.2016 ж).

Қорытынды: Зерттеудің нәтижесінде көрсетілгендей, осы жұмысты жүзеге асыру барысында сырттағы теріс (-) температураға қарамастан, Күн коллекторы арқылы Күн энергиясын жылу энергиясына айналдырып бак-аккумуляторға жіберіп, одан әрі еденге орналастырылған жіңішке құбырлар арқылы еденге беріліп, циркуляция арқылы процесс қайталанып отырды, нәтижесінде бөлме температурасы қалыпты түрде 20-25 ^{0}C -ты көрсетті.

Қорыта келгенде, Күн сужылытқыш жүйелерді пайдалану бойынша әлемдік көшбасшылар Израиль және Кипр заңдары барлық жаңа үйлерде Күн сужылытқыш құрылғыларды орнатуды талап етеді. Осы сияқты алдағы уақыттарда технологияның дамуына байланысты біздің елімізде де экологиялық және экономикалық тұрғыдан алғанда тиімді болып табылатын Күн энергиясын (қайта жаңартылатын) күнделікті өмірде жылумен және ыстық сумен қамтамасыз ету үшін тұрғылықты түрде пайдалану қалыптасады деген ойдамын.

УДК 621.385.6.029.6
ГРНТИ 01.04.03; 05.12.07; 05.27.02

А.Ж.Жамалов [1], И.Е.Сыдыққұл [2]

[1]д.т.н., профессор Казахского государственного женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан
[2]магистрант 1-го курса специальности «Физика» Казахского государственного женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан

ОПТИМИЗАЦИЯ ЕМКОСТИ АККУМУЛЯТОРА ТЕПЛОТЫ В СИСТЕМАХ СОЛНЕЧНОГО ОТОПЛЕНИЯ

Аннотация

В этой статье рассматривается система автономной вместимости энергии, которая учитывает следующие основные три фактора: ценностные показатели вместимости энергии аккумулятора, влияние солнечного коллектора на энергию аккумулятора и вместимость тепла самого аккумулятора. Также в статье рассматривается система теплового баланса, которая играет важную роль. Учитывая эти факторы, коэффициент системы аккумулятора обменивается с вместимостью аккумулятора теплового баланса. Сущность применения аккумулятора теплоты заключается в рациональном использовании дневного избытка солнечной энергии в ночное время и пасмурные дни. В расчетах, определяющим показателем является максимально возможная теплопроизводительность при продолжительности работы солнечной нагревательной установки в течение ясного солнечного дня. При отсутствии солнечной радиации и полной разрядки теплового аккумулятора дефицит тепла обеспечивается отопительным дублером.

Ключевые слова: Системы солнечного теплоснабжения, аккумулятор, энергоемкость, оптимальная энергоемкость, солнечный коллектор, термоаккумулятор, отопление дома.

Аңдатпа

А.Ж. Жамалов[1], И.Е. Сыдыққұл [2]

КҮН ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖЫЛУ АККУМУЛЯТОРЫНЫҢ ЖЫЛУ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

[1]т.ғ.д., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры, Алматы қ., Қазақстан
[2]Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, «Физика» мамандығының магистранты, Алматы қ., Қазақстан

Бұл мақалада келесі негізгі үш факторды ескеретін жүйенің автономды энергия сыйымдылығы қарастырылады: аккумулятордың энергия сыйымдылығының бағалы көрсеткіштері, аккумулятордың энергия сыйымдылығына күн коллекторының ықпалы және аккумулятордың өзінің жылу сыйымдылығы. Сонымен бірге, мақалада маңызды рөл атқаратын жылулық тепе-теңдік жүйесі қарастырылады. Осы факторларды ескере отырып, аккумулятор жүйесінің коэффиценті аккумулятордың жылулық тепе-теңдігінің сыйымдылығымен алмастырылады.

Аккумуляторды қолданудың мәні күн энергиясын түнгі уақытта және бұлтты күндері оны ұтымды пайдаланумен тұжырымдалады. Көрсеткішті анықтайтын есептеулерде ашық күнде күнмен жылыту қордырғысының жұмыс істеу ұзақтығындағы ең жоғарғы мүмкін болатын жылу өнімділігі болып табылады. Күн радиациясы болмаған кезде және жылулық аккумулятордың толық разрядталуы кезінде жылу тапшылығы қосымша жылытқышпен қамтамасыз етіледі.

Түйін сөздер: Күн жүйесі арқылы жылуды жабдықтау, аккумулятор, энергияның жұмсалуы, оптимальді энергияның жұмсалуы, күн коллекторы, термоаккумулятор, үйді жылыту.

Abstract

OPTIMIZATION OF HEAT CAPACITY BATTERY IN THE SYSTEMS OF SOLAR HEATING

Zhamalov A.Zh[1], Sydykkul I.E[2]
[1]dr. Sci. (Engineering), Professor, Kazakh State Women's Training University, Almaty, Kazakhstan
[2]Student of Master Programme in Physics, Kazakh State Women's Training University, Almaty, Kazakhstan

In this article systems, autonomous capacity energy takes into account the following three main factories: valuable indicators of the capacity of the battery; battery energy symmetrical collector's effect; and heat capacity of the battery is taken into account. However, article systems heat is considered the real role balancing together. These reasons are given, system any exactly the exchange was given to the capacity of the battery coefficient attitude. The entity of use of the accumulator of

warmth consists in rational use of day excess of solar energy at night and cloudy days. In calculations defining indices are greatest possible heat of productivity period of operation of solar heating installation during clear sunny day. In the absence of solar radiation and a complete discharge of the heat accumulator the deficit of heat is provided with the heating standby.

Key words: Systems of solar heat supply, the accumulator, power consumption, optimum power consumption, a solar collector, thermoaccumulating material, house heating.

Неотъемлемой частью системы солнечного теплоснабжения является аккумулятор теплоты, оптимальная емкость которого зависит от ожидаемого режима поступления солнечной радиации, характера предполагаемых нагрузок, требуемой надежности процесса, способа снабжения дополнительной энергией и результатов экономического анализа, определяющего, какая часть от общей нагрузки должна быть обеспечена солнечной энергией и какая- вспомогательным источником энергии.

При проектировании аккумулятора теплоты системы солнечного отопления возникают две основные задачи: выбор материала для аккумулирования теплоты и определение емкости аккумулятора теплоты. Аккумуляторы теплоты в системах солнечного отопления могут быть теплоемкостными (без изменения агрегатного состояния), изотермическими (использующими скрытую теплоту фазового перехода), химическими и фотохимическими (основанными на обратимых химических и фотохимических реакциях, таких как циклическая гидратация и дегидратация, расщепление и рекомбинация молекул и.т.п.), а так же фотосинтетическими и термохимическими (основанными на необратимых фотохимических и термохимических реакциях, таких как получение биомассы и биогаза, производство водорода).

Теплоемкостные аккумуляторы теплоты имеют наиболее широкое распространение, а изотермические находятся в стадии опытной проверки ранее выполненных научных разработок.

Основные параметры термоаккумулирующих материалов приведены в различных источниках.

В одной из первых работ по определению емкости аккумулятора теплоты систем солнечного отопления было показано, что в системах солнечного отопления даже незначительное аккумулирование существенно повышает коэффициент замещения системы. Вместе с тем увеличение емкости аккумулятора теплоты, отнесенной к единице поверхности солнечного нагревателя, на 400-600 $\frac{кДж}{м^2\,°C}$ не дает заметного роста коэффициента замещения. Оптимальная емкость аккумулятора теплоты систем солнечного отопления, отнесенная к единице поверхности солнечного нагревателя, согласно, в климатических условиях штата Массачусетс США равна 300 $\frac{кДж}{м^2\,°C}$.

Оптимальная энергоемкость аккумулирующих систем для зданий определяется тремя основными факторами: стоимостными показателями, влиянием энергоемкости аккумулятора на формирование баланса солнечного нагревателя и тепловыми потерями самого аккумулятора.

Оптимальная энергоемкость аккумулятора теплоты системы солнечного отопления может быть определена также по методике расчета долгосрочных характеристик, системы на математических моделях. Метод не очень удобен для оптимизационных расчетов и требует большого объема вычислений [1].

Поскольку технико-экономические показатели системы солнечного отопления существенно зависят от степени оптимизации емкости аккумулятора теплоты, эту задачу рассмотрим несколько подробнее.

Сущность применения аккумулятора теплоты заключается в рациональном использовании дневного избытка солнечной энергии в ночное время и пасмурные дни. В расчетах, определяющим показателем является максимально возможная теплопроизводительность продолжительности работы солнечной нагревательной установки в течение ясного солнечного дня. При отсутствии солнечной радиации и полной разрядки теплового аккумулятора дефицит тепла обеспечивается отопительным дублером.

Требуется установить влияние емкости аккумулятора теплоты на фактический коэффициент замещения $K_{эф}$ системы при заранее заданной поверхности солнечного нагревателя и соответственно расчетного коэффициента замещения $K_{зр}$. Аккумулятор теплоты системы отопления находиться внутри здания, эффективность его равна единице.

Запишем уравнение теплового баланса солнечного нагревателя, обогреваемого помещения и отопительного дублера за произвольный (суточный, недельный, месячный и т.д.) промежуток времени отопительного периода $\Delta\tau$ года:

$$Q_{тп}^{\Delta\tau} = Q_{гу}^{\Delta\tau} + Q_{д}^{\Delta\tau} \qquad (1)$$

где $Q_{mn}^{\Delta\tau}$,$Q_{zy}^{\Delta\tau}$ $Q_{\partial}^{\Delta\tau}$ - теплопотребность обогреваемого дома, теплопроизводительность солнечной установки и отопительного дублера за промежуток времени $\Delta\tau$.

Значения $Q_{mn}^{\Delta\tau}$,$Q_{zy}^{\Delta\tau}$ могут быть определены из выражений

$$Q_{mn}^{\Delta\tau} = q_0 V(t_k - t_0^{-\Delta\tau}), \quad (2)$$

$$Q_{zy}^{\Delta\tau} = \eta_{zy}^{-\Delta\tau} \sum Q_{nad}^{\Delta\tau} F_{zy}. \quad (3)$$

Обозначим

$$a = \frac{Q_{mn}^{\Delta\tau}}{Q_{zy}^{\Delta\tau}}, \quad (4)$$

$$b = \frac{Q_{\partial}^{\Delta\tau}}{Q_{mn}^{\Delta\tau}}. \quad (5)$$

Подставляя (4) и (5) в выражение (1), получим

$$b = 1 - \frac{1}{a}. \quad (6)$$

С учетом (2) и (3) формулу (6) можно переписать в виде

$$b = 1 - \frac{\eta_{zy}^{-\Delta\tau} \sum Q_{ПАД}^{\Delta\psi} F_{ZY}}{(t_k - t_0^{-\Delta\tau}) \Delta\tau q_0 V}. \quad (7)$$

Отметим, что отношение $\frac{F_{zy}}{q_0 V}$ - один из основных показателей отапливаемого дома и для конкретного объекта является постоянной величиной[2].

Для исключения значения $\frac{F_{zy}}{q_0 V}$ из формулы (7) воспользуемся уравнением теплового баланса солнечного нагревателя, отапливаемого дома и аккумулятора солнечного тепла за ясный солнечный день:

$$Q_{zy}^{\partial н} = Q_{mn}^{\partial н} + Q_{ak}, \quad (8)$$

где Q_{ak} - количество солнечного тепла, аккумулированного в течение ясного дня.

Аналогично выражениям (2) и (3) для $Q_{zy}^{\partial н}$, $Q_{mn}^{\partial н}$ запишем

$$Q_{zy}^{\partial н} = \eta_{zy\sum}^{\partial н} Q_{nad}^{\partial н} F_{zy}, \quad (9)$$

$$Q_{mn}^{\partial н} = q_0 V(t_r - t_0^{-\partial н}) \Delta\tau_{\partial н}. \quad (10)$$

Количество аккумулированного солнечного тепла (тепловая нагрузка на аккумулятор) в течение ясного дня определяется следующим образом:

$$Q_{ak} = (GG_p)_{ak} \Delta t_{ak}, \quad (11)$$

где G_{ak}, G_{Pak} - масса и удельная теплоемкость аккумулирующей среды;

Δt_{ak} -разность температур в начале и в конце зарядки или разрядки теплового аккумулятора.

Подставляя значения $Q_{zy}^{\partial н}$ и $Q_{mn}^{\partial н}$ из выражений (9) и (10) в уравнение теплового баланса (5), после некоторых преобразований получаем

$$\frac{F_{zy}}{q_0 V} = \frac{(t_k - t_0^{-\partial н}) \Delta\tau_{\partial н}}{\eta_{zy}^{-\partial н} \sum Q_{nad}^{\partial н} - \varphi \Delta t_{ak}} \quad (12)$$

$\varphi = \frac{(GG_p)_{ak}}{F_{zy}}$ -удельная теплоаккумулирующая способность теплового аккумулятора, отнесенная к единице поверхности солнечного нагревателя.

Подставляя значение $\frac{F_{zy}}{q_0 V}$ из (12) в формулу (7), находим

$$b = 1 - \frac{\eta_{zy}^{-\Delta\tau \sum Q_{пад}^{\Delta\tau (t_r - t_0)\Delta\tau_{дн}}}}{(\eta_{zy}^{-дн} \sum Q_{пад}^{дн} - \varphi \Delta t_{ak})(t_k - t_{-\Delta\tau_0})\Delta\tau}. \quad (13)$$

По выражению (13) можно определить оптимальное значение $\frac{(GG_p)_{ak}}{F_{zy}}$ при заданных отношениях $\frac{Q_{mn}^{\Delta\tau}}{Q_{zy}^{\Delta\tau}}$ или $\frac{Q_a^{\Delta\tau}}{Q_{mn}^{\Delta\tau}}$:

$$\varphi = \frac{\bar{\eta}_{zy}^{дн} \sum Q_{пад}^{дн} - \frac{\bar{\eta}_{zy}^{-\Delta\tau} \sum Q_{пад}^{\Delta\tau} (t_k - t_0)\Delta\tau_{дн}}{(1-b)(t_k - t_0^{-\Delta\tau})\Delta\tau}}{\Delta t_{ak}}. \quad (14)$$

С учетом выражения (6) решение (14) может быть переписано в виде

$$\varphi = \frac{\bar{\eta}_{zy}^{дн} \sum Q_{пад}^{дн} - \frac{\bar{\eta}_{zy}^{-\Delta\tau} a \sum Q_{пад}^{\Delta\tau} (t_k - \bar{t}_0^{\Delta\tau})\Delta\tau_{дн}}{(t_k - \bar{t}_0^{дн})\Delta\tau}}{\Delta t_{ak}} \quad (15)$$

Выражение (15) существенно упрощается, если считать

$$\left.\begin{aligned} &\bar{\eta}_{гу}^{дн} = \bar{\eta}_{гу}^{\Delta\tau} \\ &\sum Q_{пад}^{\Delta\tau} = n \sum Q_{пад}^{дн} \\ &\Delta\tau_{дн} = \frac{1}{3} \cdot 24 \end{aligned}\right\} \quad (16)$$

Подставляя соотношение (16) в выражение (15), получаем

$$\varphi = \frac{\eta\left(1 - \frac{q}{3}\right)}{\Delta t_{ak}} \sum Q_{пад}^{дн} \quad (17)$$

С учетом величины эффективности солнечного нагревателя η выражение (17) может быть переписано в виде

$$\varphi = \frac{1 - \frac{q}{3}}{\Delta t_{ak}} \sum Q_{пад}^{дн} \quad (18)$$

Принимая во внимание, что коэффициент фактического замещения системы

$$K_{эф} = 1 - b \quad (19)$$



Рисунок 1. Зависимость фактического коэффициента замещения системы

$K_{эф}$ от удельной энергоемкости аккумулятора теплоты системы φ при расчетном значении $K_{зр}$= 0.65:

1, 2, 3, 4 - соответственно при $\Delta t_{ак}$ =10,15,20,25◦С и $Q_{пол} = 6000 кДж/м^2 \cdot день$;

1, 2, 3, 4-то же при $Q_{дн}^{пол} = 4000 кДж/м^2 \cdot день$.

а также (6) и (19), зависимость (18) можно переписать в несколько удобном для практического применения виде:

$$K_{эф} = \frac{1}{3(1 - \frac{\varphi \Delta t_{ak}}{\sum Q_{пол}^{дн}}} . \quad (20)$$

граничным условием применимости выражения (20) является $K_{эф} \le K_{эф}$ [3].

На рисунке 1, приведена номограмма зависимости фактического коэффициента замещения системы $К_{эф}$ от емкости аккумулятора системы солнечного отопления, отнесенной к единице поверхности солнечного нагревателя φ, от разности температур в начале и в конце разрядки $\Delta t_{ак}$ аккумулятора теплоты и от количества полезной энергии, выработанной солнечным нагревателем в течение дня $\sum Q_{пол}^{дн}$.

Как видно из рисунка 1, в случае $\Delta \tau_{дн} = \frac{1}{3} \cdot 24$ (т.е. когда солнечный водонагреватель может давать полезную энергию в течение 8ч за световой день) при отсутствии аккумулятора теплоты коэффициент замещения системы $K_{ак}$ составляет 0,33. Применение же в системе аккумулятора теплоты в зависимости от количества выработанной солнечным нагревателем в течение дня полезной энергии $\sum Q_{пол}^{дн}$, разности температур в конце и в начале разрядки Δt_{ak} аккумулятора теплоты приводят к существенному повышению коэффициента замещения системы при той же общей поверхности солнечного нагревателя системы.

Приведем численный пример установления влияния емкости аккумулятора теплоты системы солнечного отопления на фактический коэффициент системы $K_{эф}$. Расчетное значение коэффициента замещения для «условного» объекта с поверхностью солнечного нагревателя F zy равно 0,6. Среднедневное значение полезной энергии, выработанной солнечным нагревателем $\sum Q_{пол}^{дн}$ в ясный солнечный день, для рассматриваемого периода равно $6000 кДж/м^2 \cdot °C$. Солнечный нагреватель дает полезную энергию в течение 8 ч дня. Разность температура аккумуляторе теплоты в конце и в начале его зарядки составляет 15°С.

Как видно из рисунка 1, при отсутствии аккумулятора теплоты фактический коэффициент замещения системы $К_{эф}$ почти в 2раза меньше расчетного. Другими словами, около 50% полезной энергии, выработанной солнечным нагревателем, является лишним из-за отсутствия нагрузки.

При увеличении емкости аккумулятора теплоты, отнесенной к единице поверхности солнечного нагревателя φ, от 50 до 175 кДж/м^2 ◦С (что эквивалентно теплоаккумулирующей способностей воды от 12 до 42 л на 1м^2 поверхности солнечного нагревателя), значение $К_{эф}$ возрастает от 0,33 до 0,60. Дальнейшее увеличение φ, как следует из рисунка 1, не имеет смысла, так как расчетная поверхность солнечного нагревателя не позволит достичь значений $K_{эф} \ge K_{зр}$ [4].

Вывод

В данной работе рассмотрены две основные задачи: выбор материала для аккумулирования теплоты и определение емкости аккумулятора теплоты. А также приведены удельная теплоаккумулирующая способность теплового аккумулятора отнесенная к единице поверхности солнечного нагревателя.

Список использованной литературы:

1 *Жамалов А.Ж., Обозов А.Дж. Разработка бивалентного энергетического модуля на базе двухроторной ветроустановки. –Усть-Каменогорск, 2004. – С.125-128.*

2 *Zhamalov A.Zh., Obozov A.Dzh., Kunelbayev M.M., Isaev R., Akparaliev R. Исследование электрических параметров. – Бишкек, 2014. – 183 с.*

3 *Ботпаев Р., Акпаралиев Р., Обозов А.Дж. Сравнительный анализ потенциала солнечной энергии в Бишкеке /Конференция «Энергетика: проблемы и развитие». – Бишкек, 2010. – 46 с.*

4 *Жамалов А.Ж. Гелиоэнергетический потенциал Республики Казахстан и его методы использования. – Алматы,2010. – 56 с.*

ӘОЖ 004.896
ҒТАМР 28.23.27

С.Қ. Жолдасбаев [1], А.И. Елеусінов [2], Т.Ү. Исламғожаев [3], Ш.С. Мәжітов [4], А.Т. Қожағұл [5]

[1,2]магистр, Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институтының инженері, Алматы қ., Қазақстан
[3,5]докторант, Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институтының инженері, Алматы қ., Қазақстан
[4]Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институтның инженері, Алматы қ., Қазақстан

МОБИЛЬДІ РОБОТТЫҢ КЕҢІСТІКТЕГІ ҚОЗҒАЛЫСЫН ЖЫЛДАМДЫҚ БЕРУ МЕН БҰРЫЛУ МЕХАНИЗМДЕРІНІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ НЕГІЗІНДЕ МОДЕЛЬДЕУ

Андатпа

Жұмыста барлау жүргізу мақсаттарындағы құрастырылған арнайы мобильді роботтың қозғалу принциптері мен орын ауыстыруының сипаттамасы және сол сипаттамалар бойынша оның қозғалыс бағытын, кеңістіктегі орналасу орны мен жағдайын анықтап отыру және бағыттау мәселелерінің қозғалу механизмдеріне тәуелділігі қарастырылады. Роботты құрастыру мен түрлендіруде қозғалыстың орташа жылдамдықпен бағаланатын жылдам жүруін болжау негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Жұмыстың мақсаты әдістік-техникалық есептер шешімдерімен байланысты шектеулерді қарастырмай, яғни жол жүру барысында қалыптасқан зерттеулер арқылы, қондырғының кеңістіктегі орын ауыстыруын қадағалау мақсаттарында оның жылдамдығы мен бұрылу механизмдерінің арақатынастарын анықтау негізінде қозғалыс моделін құру.

Түйін сөздер: мобильді робот, робот кинематикасы, динамикасы, орын ауыстыру.

Аннотация

С.К. Джолдасбаев [1], А.И. Елеусинов [2], Т.У. Исламгожаев [3], Ш.С. Мажитов [4], А.Т. Кожагул [5]
[1,2]магистр, инженер, Института информационных и вычислительных технологий, г.Алматы, Казахстан,
[3,5]докторант, инженер, Института информационных и вычислительных технологий, г.Алматы, Казахстан
[4]инженер, Института информационных и вычислительных технологий,г.Алматы, Казахстан

МОДЕЛИРОВАНИЕ ДВИЖЕНИЯ МОБИЛЬНОГО РОБОТА В ПРОСТРАНСТВЕ НА ОСНОВЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ МЕХАНИЗМОВ ПЕРЕДАЧИ СКОРОСТИ И ПОВОРОТА

В работе рассматривается проблема, приведенная в целях исследовательских работ, предназначенных для перемещения мобильного робота, а также описания принципов и перемещения тех же характеристик, направление движения пространства, чтобы двигаться вперед и определить местонахождение и состояние зависимости механизма движения. Прогнозирование расчетной средней скорости движения, сборка и модернизация робота являются одной из главных проблем. Методы работы и технических отчетов имеют ограничения в связи с решениями, установленными в ходе поездки в целях исследования, контроль установки перемещения в пространстве и механизмов для определения корреляции между скоростью вращения и моделью движения.

Ключевые слова: мобильный робот, кинематика робота, динамика, перемещения.

Abstrac

SIMULATION OF MOBILE ROBOT MOTION IN A SPACE BASED ON INTERACTION OF SPEED AND TURN SPEED MECHANISMS

Joldasbayev S.[1], Yeleussinov A.[2], Islamgozhayev T.[3], Mazhitov Sh.[4], Kozhagul A.[5]

[1,2]master, engineer of the Institute of Information and Computational Technologies, Almaty, Kazakhstan

[3,5]PhD student, engineer of the Institute of Information and Computational Technologies, Almaty, Kazakhstan

[4] engineer of the Institute of Information and Computational Technologies, Almaty, Kazakhstan

The article deals with the problem presented for research purposes intended to transfer a mobile robot, as well as describing principles and transferring the same characteristics, the direction of movement of space to move forward and determine the location and state of dependence of the motion mechanism. Forecasting the estimated average speed, assembly and upgrading of the robot is one of the main problems. The purpose of the methods of work and technical reports includes limitations in connection with solutions established during the trip for research purposes, monitoring the installation of movement in space and mechanisms for determining the correlation between the speed of rotation of the motion model.

Key words: mobile robot, robot kinematics, dynamics, movements.

Есептің қойылымы. Мобильді робот дөңгелекті болғанымен оның қозғалу принциптері шынжыр табанды көліктердің жұмысы іспеттес, кешеннің оң және сол жақтарын қозғалысқа келтіру механизмдері сәйкес екі мотордың жұмысы әсері нәтижесінде қозғалысқа келіп отырады. Арнайы тежегіш оң немесе сол жағына мотор айналымдарын беру арқылы, сәйкес оң немесе сол жаққа қарай бұрылу орындалады. Ұсынылып отырған жұмыс мақсаты осы үдерістерді барынша нақтырақ сипаттау және қозғалыстың тиімді болуы үшін есептемелер жүргізу.

Аталған мәселелерді шешу үшін төмендегідей бөліп қарастырылған есептерді шешу жолдары ұсынылады: роботтың моделінің кинематикасы мен динамикасын зерттеу (қатынастарды зерттеу: робот құрылымы параметрлері мен фазалық жиіліктік сипаты, қисықты үлестіру функциясы параметрлерінен бұрылуды басқару жүйесін іске қосу үдерісінің жиілігі мен қажетті траектория дәлдігі).

Зерттеу әдістері. Қарастырылып отырған жүйенің қозғалысының теңдеуін *Oxyz* тұрақты координата кеңістігінде қарастыру жеткілікті (1-сурет). *Oxy* жазықтығы робот дөңгелегінің айналуының горизонталь жазықтығымен сәйкес келеді.



Сурет 1. Мобильді роботтың қозғалысының жазықтықтағы сызбасы

Роботты $O'X'Y'$ координата жүйесімен байланыстырсақ, O' нүктесі роботтың дөңгелегінің айналу өсінің ортасы және оған перпендикуляр X' өсі роботтың қозғалыс бағытымен бағытталады. Онда роботтың тұғырының орны қатты дене ретінде φ, x, y үштігімен беріледі, мұндағы φ - X және X' өстерінің арасындағы бұрыш, x, y - O' нүктесінің координаталары. Роботтың сызықтық және бұрыштық жылдамдықтары (1) теңдеулер жүйесінен анықталады [1].

$$\begin{cases} \upsilon = \dfrac{1}{2}(\vartheta_o + \vartheta_c); \\ \omega = \dfrac{1}{l}(\vartheta_o - \vartheta_c). \end{cases} \tag{1}$$

Егер x, y, φ координаталарын қарастырсақ, онда

$$\begin{cases} \dot{x} = \vartheta \cos\varphi; \\ \dot{y} = \vartheta \sin\varphi; \\ \dot{\varphi} = \omega. \end{cases} \tag{2}$$

(2) өрнегі айқын екені белгілі. (1)-жүйені (2)-жүйеге қойсақ,

$$\begin{cases} \dot{x} = \frac{1}{2}(\vartheta_o + \vartheta_c)\cos\varphi; \\ \dot{y} = \frac{1}{2}(\vartheta_o + \vartheta_c)\sin\varphi; \\ \dot{\varphi} = \frac{1}{l}(\vartheta_o - \vartheta_c). \end{cases} \tag{3}$$

3-ретті сызықты емес дифференциалды теңдеулер жүйесін (3) аламыз. Осылайша (3) теңдеуін алты дөңгелекті мобильді роботтың кинематикалық моделі ретінде қарастыруға болады.

Мобильді робот тұрақты тоқ көзінен қуат алатын болғандықтан тұрақты тоқ қозғалтқышының теңдеуін қарастырамыз.

$$L\dot{I} + RI + K_\omega \omega_m = U \tag{4}$$

мұндағы L – зәкір орамының индуктивтілігі, I – зәкір тоғы, R – зәкір орамының кедергісі, w_m – қозғалтқыш білігінің айналуының бұрыштық жылдамдығы, U – зәкір орамына берілетін кернеу. Біліктің айналуы мен дөңгелектің айналуының бұрыштық жылдамдығы өзара былай байланысқан:

$$\omega_m = \omega_\omega i \tag{5}$$

мұндағы i – редуктордың беріліс саны.

Қозғалтқыштың моментінің өрнегін былай жазсақ болады:

$$\tau = K_M I \tag{6}$$

(6) ескеріп (4) теңдеуді түрлендірсек, келесі түрдегі теңдеуді аламыз:

$$\dot{\tau} = -\frac{R}{L}\tau - \frac{K_M K_\omega i}{L}\omega_\omega + \frac{K_M}{L}U \tag{7}$$

немесе оң және сол жақ дөңгелектер үшін жазсақ:

$$\begin{cases} \dot{\tau}_o = -\frac{R}{L}\tau_o - \frac{K_M K_\omega i}{L}\omega_o + \frac{K_M}{L}U_o \\ \dot{\tau}_c = -\frac{R}{L}\tau_c - \frac{K_M K_\omega i}{L}\omega_c + \frac{K_M}{L}U_c \end{cases} \tag{8}$$

(8) жүйеден байқағанымыздай оң және сол жақ қозғалтқыштардың параметрлері бірдей. Жүйені енді фазалық координата w_o , w_c арқылы жазамыз. (1) қатынасын пайдаланып және $\vartheta_o = \omega_o \rho$, $\vartheta_c = \omega_c \rho$ екенін ескерсек,

$$\begin{cases} \omega_o = \frac{1}{\rho}(\vartheta + \frac{\omega l}{2}); \\ \omega_c = \frac{1}{\rho}(\vartheta - \frac{\omega l}{2}). \end{cases} \tag{9}$$

Жүйенің динамикасын математикалық моделдеу үшін алынған теңдеулерді бір жүйеге жинақтасақ [2],

$$\begin{cases} \dot{x} = \vartheta\cos\varphi; \\ \dot{y} = \vartheta\sin\varphi; \\ \dot{\varphi} = \omega; \\ \dot{\vartheta} = -b\omega^2 + \dfrac{1}{\rho m}(\tau_o + \tau_c); \\ \dot{\omega} = \dfrac{bm\omega\vartheta}{i_z} + \dfrac{l}{2\rho i_z}(\tau_o - \tau_c); \\ \dot{\tau}_o = -\dfrac{R}{L}\tau_o - \dfrac{K_M K_\omega i}{L}(\vartheta - \dfrac{\omega l}{2}) + \dfrac{K_M}{L}U_o; \\ \dot{\tau}_c = -\dfrac{R}{L}\tau_c - \dfrac{K_M K_\omega i}{L}(\vartheta + \dfrac{\omega l}{2}) + \dfrac{K_M}{L}U_c. \end{cases} \quad (10)$$

Бұл жүйе фазалық векторлардан $(x, y, \upsilon, \varphi, \omega, \tau_o, \tau_c)^T$ және басқару векторынан $(U_o, U_c)^T$ құралған жетінші ретті сызықты емес дифференциалды теңдеулер жүйесі.

Мобильді роботтың аппараттық бөлігі. Алдымен роботтың қозғалыс механизмдері мен құрылымы жайлы қысқаша сипаттама берейік. Робот ұзындығы 1,5 м, ені 1 м, биіктігі 0,5 м (0,8 м айналмалы тұғырмен қоса алғанда), салмағы 300 кг жуық. Оның қозғалысын реттеуші 3 жұп дөңгелек (жалпы саны 6), сәйкесінше 6 аспа, қуаттылығы 3000 Вт 2 қозғалтқыш және бір-бірімен байланысқан батареялар жүйесінен құралған (2-сурет). Аталған нысан робот болғандықтан, оны басқару жүйесі автономды немесе қашықтықтан жұмыс істейді. Демек, қондырғы адамның тікелей қатысынсыз жұмыс істеуі, қозғалыс барысында адам кенеттен әсер ете алмайтындығы, құрылатын модельдің қарапайым жағдайға қарағанда дәлірек болуын талап етеді.

Құрылғы бір энергия көзіне қосылған қуаттық мүмкіндіктері бірдей бір-бірінен тәуелсіз екі жақтың жеке қозғалтқыштарымен қозғалады: M_1=M_2 (мотор1 және мотор2). Қозғаушы сұлбаның мұндай жинақтамасы құрылғы қозғалысының қуаттылығын арттырады және авотномды қозғалыс жасау барысында қолданатын алгоритмдердің есептемесін жеңілдетеді деп болжам жасалуда. Себебі әрбір қозғалтқыш үшін жеке жұмыс істеуі мен сәйкесінше жүріп өткен жол, демек, құрылғы қанша уақыт түзу сызықты қозғалыс жасағанын, қанша уақыт және қай бағытта бұрылу жасағанын датчиктер көрсеткіштері ақау берген жағдайларда, осы қозғалтқыштар арқылы анықтап отыруға мүмкіндік береді.



Сурет 2. Құрылғының қозғалыс механизмінің орналасу сұлбасы

Мұндағы M_1 және M_2 қозғалтқыштары тұсындағы дөңгелектер жетекші дөңгелектер болса, қалғандары онымен өзара шынжыр тізбек арқылы байланысқан дөңгелектер. Қозғалтқыштарға C_1 және C_2 басқару құрылғысына (контроллер) команда беру арқылы роботтың жылдамдығын басқаруға болады. Мобильді робот 40 км/сағ жылдамдықпен қозғала алады (3-сурет).



Сурет 3. Қозғалыс жылдамдығының көрінісі

Жобалау мен модельдеу нәтижесінде алты дөңгелекті мобильді робот құрастырылды (4-сурет). Мобильді робот арнайы әскери мақсатқа арналған, оның компьютерлік көру жүйесімен, пулемет отырғызатын айналмалы тұғырмен жабдықталған. Ол қарсыласты толық бақылауға, оның тірі немесе басқа да техникалық күшін жою үшін шешім қабылдауға бағытталған. Оператордың роботты алыстан басқару мүмкіндігі бар.

Сурет 4. Алтыдөңгелекті мобильді робот

Қорытынды. Барлау қызметтеріне арналған мобильді робот үлгісінің қозғалыс механизмдері құрылымына сипаттама беріліп, негізгі мақсат ретінде роботтың орын ауыстыруының қозғалтқыш жүйеге тәуелділігі туралы баяндалды.

Жұмыс барысында құрастырылған алты дөңгелекті мобильді роботты жазық жерде еркін орын ауыстыруына бағытталған шешімдер мен есептеулер шынайы құрылғыға жарамды болды. Роботтық кешен әлі де болса жетілдіруді қажет етеді. Оның кемшіліктері ретінде тұрған орнынан жұлып қозғалуы мен бастапқы жылдамдығының аздығы, бұрылулар барысында қозғалтқышта бөлінетін жұмыс қуаттылығының жұтылуы, соның есесінен артық энергиялық шығынның орын алуы сияқты мәселелерді атап өтуге болады.

Жұмыстың келесі мақсаты аталған мобильді жүйенің автономды басқарылуын құру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Зенкевич С.Л., Назарова А.В. Система управления мобильного колесного робота // Вестник МГТУ им. Н.Э. Баумана. Сер. “Приборостроение”. 2006. №3.

2 Бартенев В.В., Яцун С.Ф., Аль-Еззи А.С. Математическая модель движения мобильного робота с двумя независимыми ведущими колесами по горизонтальной плоскости // Известия Самарского научного центра Российской академии наук, т. 13, №4, 2011.

3 Мартыненко Ю.Г. Динамика мобильных роботов // Соросовский образовательный журнал. 2000, №5, 110-116 бет.

4 Буданов В.М., Девянин Е.А. «О движении колесных роботов», Прикладная математика и механика, т. 67, вып. 2, 2003.

5 Голубев Ю.Ф. «Основы теоретической механики». – М.: Изд-во МГУ, 2000.

6 Gyula Mester. Motion Control of Wheeled Mobile Robots // SISY 2006 • 4th Serbian-Hungarian Joint Symposium on Intelligent Systems

7 Spyros G. Tzafestas. «Introduction to Mobile Robot Control», School of Electrical and Computer Engineering, 2013.

8 Talgat Islamgozhayev,Maksat Kalimoldayev, Arman Eleusinov, Shokan Mazhitov, OrkenMamyrbayev. First results in the development of a mobile robot with trajectory planning and object recognition capabilities // De Gruyter Open, Open Eng. 2016; 6; 347-352.

УДК 002.66
ГРНТИ 20.15.13

А.Ж. Зорканов[1]

[1]*магистрант Казахского национального университета им. аль-Фараби,*
г. Алматы, Казахстан

МОДЕЛИРОВАНИЕ ПЕРЕХОДА ОТКАЗОУСТОЙЧИВОЙ РОБОТОСИСТЕМЫ ИЗ НЕАКТИВНОГО СОСТОЯНИЯ В АКТИВНОЕ

Аннотация

В современном мире робототехнические системы широко применяются в различных сферах жизни. Они применяются в производстве, медицине, науке и т.д. Эти робототехнические системы непосредственно взаимодействуют с аппаратными устройствами. Программное обеспечение таких систем представляет собой встроенную систему реального времени, задача которой реагировать на события, генерируемые роботами, т.е. в ответ на эти события вырабатывать управляющие сигналы. Такое ПО встраивается в большие аппаратные системы и должно обеспечивать реакцию на события, происходящие в окружении системы, т.е. в режиме реального времени. Огромное количество технологических систем, использующих промышленных роботов, требуют всестороннего исследования совместного функционирования системы роботов. В связи с этим поставленная в магистерской работе задача исследования отказоустойчивой робототехнической системы в режиме реального времени весьма своевременна и актуальна. В данной статье рассмотрена отказоустойчивая система реального времени. Роботы выполняют одну общую задачу, каждой из которых отведен определенный промежуток времени.

Ключевые слова: Система реального времени, робототехническая система, отказоустойчивость, моделирование, мультиагентная система, критическая область.

Аңдатпа

А.Ж. Зорканов[1]

БҰЗЫЛУҒА ТҰРАҚТЫ РОБОТТЫ ЖҮЙЕНІҢ БЕЛСЕНДІРІЛМЕГЕН КҮЙДЕН БЕЛСЕНДІ КҮЙГЕ ӨТУІН МОДЕЛЬДЕУ

[1]*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты, Алматы қ., Қазақстан*

Қазіргі уақытта роботты жүйелер өмірдің түрлі салаларында кеңінен пайдаланылады. Олар өндірісте, медицинада, ғылымда және т.б. қолданылады. Бұл роботты жүйелер аппаратты құрылғылармен тікелей өзара әрекеттеседі. Мұндай жүйелердің бағдарламалық жасақтамасы нақты уақыттағы, міндеті роботтармен түрлендірілетін жағдайларға жауап қайтару болып табылатын, яғни осы оқиғаларға жауап ретінде басқарушы сигналдарды өндіретін, кіріктірілген жүйеден тұрады. Мұндай БЖ үлкен аппараттық жүйелерге орнатылады және нақты уақыт режимінде жүйе айналасында болып жатқан жағдайларға жауап қайтаруды қамтамасыз етуі қажет. Өнеркәсіптік роботтарды қолданатын орасан көп технологиялық жүйелер робот жүйелерінің қосалқы әрекет етуін жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Осыған орай, магистрлік жұмыста қойылған зерттеу міндеті бұзылуға тұрақты роботты жүйені нақты уақыт режимінде зерттеу дер кезінде қолға алынған және өзекті болып табылады. Осы мақалада шынайы уақыттағы бұзылуға тұрақты жүйе қарастырылған. Роботтар бір жалпы тапсырманы орындайды, олардың әрқайсысына белгіленген уақыт аралығы берілген.

Түйін сөздер: Нақты уақыт жүйесі, роботты жүйе, бұзылуға тұрақтылық, модельдеу, мультиагентті жүйе, сыни аймақ.

Abstract

SIMULATION MODEL FOR THE FAULT-TOLERANT ROBOTIC SYSTEM'S TRANSITION FROM INACTIVE TO ACTIVE STATE.

Zorkanov A.[1]

[1]*student of master program, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

А.А. Шаповалов [5] мұғалімнің кәсіби әдістемелік даярлығының төмендегідей деңгейлерін көрсетеді:

- кәсібилікке дейінгі даярлық;
- бастапқы кәсіби-әдістемелік даярлық;
- кәсіби-әдістемелік даярлығы қалыптасқан педагогикалық тәсілдерді жүзеге асыру;
- өз бетінше кәсіби-әдістемелік ойлау қабілетінің қалыптасуы арқылы оқушылардың әрекетін рефлексивті басқару.

С.С. Маусымбаев [2] өз еңбегінде жалпы кәсіби-тереңдетілген (арнайы) кәсіби дайындау мынадай талаптармен жүзеге асырылады деп көрсеткен:

- жалпы кәсіби даярлық тереңдетілген кәсіби даярлықтың теориялық негізін құрайды. Жалпы кәсіби даярлау білім беру бағдарламаларының негізгі мақсаттарын кәсіби қызметте іске асыру үшін қажетті теориялық және практикалық білімді, іскерліктерді, дағдылары қалыптастырады;
- тереңдетілген кәсіби даярлауда білім алушылар физика және информатиканың белгілі бір негізгі саласының материалдарын оқып үйренуге міндетті және осы саладағы қазіргі заман талаптарымен танысып, зерттеу әдістерін игеруі тиіс.

Сонымен қатар, жаратылыстану пәндері мұғалімін даярлау, әсіресе, физикалық пәндерді үйренуде (оқыту мазмұнының ықпалдастығының жоғары дәрежеде болуы салдарынан) оқытудың проблемалылығын жоғары дәрежеде пайдалануға мүмкіндік туғызады деп көрсетеді.

Б.Д.Сыдықов [3] «Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жүйесі» атты докторлық диссертациясында физика және кәсіптік білім пәндері мұғалімдерін ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде оқыту арқылы кәсіби дайындауды психологиялық-педагогикалық тұрғыда негіздеп, оның әдістемелік жүйесін жасады.

Біз өз зерттеуімізде жоғарыда көрсетілген әдіскер ғалымдардың еңбектерін, олардың болашақ мұғалімдерді даярлау мәселесі бойынша көрсеткен ұсыныстарын басшылыққа аламыз. Педагогикалық

жоғары оқу орындары үшін мұғалімдерді даярлау мәселесі бүгінгі күннің өте өзекті мәселелерінің бірі екендігі сөзсіз. Ал ол процесті жүзеге асыру теориялық, әрі практикалық мәнге ие. Болашақ мұғалімдерді даярлау мәселесімен шұғылданған әдіскер ғалымдар мұғалімдер даярлаудың әртүрлі модельдерін ұсынады. Олар әлеуметтік-экономикалық өзгерістер негізінде пайда болып, қоғамда болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер негізінде толықтырылып отыратындығы белгілі. Болашақ мұғалімдерді даярлау мәселесіне арналған еңбектерді арқау ете отырып, болашақ физика мұғалімдерін даярлаудың практикалық іс-әркетке негізделген жүйесін [1] төмендегідей көрсетуге болады (сурет 1).



Сурет 1. Болашақ физика мұғалімдерін даярлау жүйесі

Болашақ мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру өте күрделі, әрі көп уақытты қажет ететін, сондай-ақ, оқытушылардан кешенді жұмыстарды атқаруын көздейтін күрделі процесс.

Мұғалімнің көп қырлы құзыреттілігінің ішінен психодидактикалық құзыреттіліктің мәні зор деп есептейміз, сондықтан да психодидактикалық мәселелерге тоқталуды жөн көрдік.

I. XXI ғасырға дейін жасалған, мектеп практикасына енгізілген оқытудың психодидактикалық моделдері 2-суретте көрсетілген [6]. 2 – суреттегі модельдердің әрбіреуіне қысқаша тоқталайық.

1. Оқытудың мұғалім тарапынан мағлұмат беру және оқушылар тарапынан қайталап, есте сақтап қалу моделі. Бұл моделді қолданған жағдайда мұғалім білім мазмұнын оқушыларға даяр күйінде береді, ал оқушылар болса берілген білімді дайын күйінде қабылдап алып, есінде сақтайды және еш өзгеріссіз қайталап айтып береді. Оқытудың бұл түрі иллюстрациялап түсіндіру және репродукциялау әдістерімен байланысты.



Сурет 2. Мектеп практикасына енгізілген оқытудың психодидактикалық моделі

2. Оқыту барысында жаңа оқу материалын қалыптастыру, үйрету моделі. Бұл оқушылардың ойлау қабілеті мен ойлау әрекетін кезең-кезеңмен ұйымдастырып, іске асырумен байланысты. Бұл модель белгілі психологтар П.Я. Гальпериннің, Н.Ф. Талызинаның және психодидакт А.В. Усованың теориясымен тығыз байланысты.

3. Оқытуды дамыту моделі. Бұл оқушылардың теориялық ойлау қабілетін қалыптастыруға, басқаша айтқанда, абстракциялық ойлаудан нақты білімге ие болу теориясын көздейді. Мұндай теория оқу материалының мазмұнын теориялық тұрғыдан жалпылау деп аталады. Бұл теория көрнекі психологтар В.В. Давыдов пен Д.В. Эльконинге тән.

4. Білім беруді белсендіру моделі. Мұнда басты назар оқушылардың өз беттерінше білім алу іскерлігін белсендіруге, алған білімдерін практикада қолдана білуге аударылады. Мұнда оқу материалын меңгертуде проблемалық жағдаятты қолдану, оқушылардың өз беттерінше жұмыстарын ұйымдастыру және т.с.с. жұмыстар топтастырылады.

5. Білім беруді оптималдандыру моделі. Мұндай модельдің басты көрсеткіші қысқа уақыт ішінде оқытуды оптималдандыру жолдарын пайдаланып білімнің жоғарғы сапасын қамтамасыз ету. Бұл Ю.К. Бабанскийдің оптимизация теориясына тиесілі.

6. *Кіріктірілген (интеграцияланған) оқыту моделі.* Мұнда оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың санасында әлемнің ғылыми сиапттамасын қалыптастыру болып табылады. Оның алғашқы кезеңі тектес пәндерді пәнаралық сипатта байланыстырып оқыту болса, соңғы кезеңі оқушылардың табиғат жайындағы білімдерін кіріктіру болып есептеледі. Бұл білім беру мазмұнының жаңа технологиясын кіріктіру арқылы жүзеге асады.

7. Бағдарланған оқыту моделі. Бұл модель оқытудың барлық кезеңінде тұлғаны дамытуға бағытталған. Сондықтан бұл модельді тұлғаны дамытуға бағытталған модель деп айтуға болады. Сонымен қатар, бір жақты емес, екі жақты іс-әрекет орын алады. Мұнда оқушының басқа оқушыға қатысты қабілеті ескеріледі. Оқыту процесі гуманистік жағдайда сараланған жағдайда жүргізіледі. Түсіндіру процесі ғана емес, бірлесіп түсіну процесі де жүзеге асады.

8. *Еркін білім алу моделі.* Бұл адамдардың өзі қызығушылық білгерген білім жүйесіне байланысты тиісті дағдыларды игеріп, оларды дамытуға байланысты жеке талабын қанағаттандыру. Мұндай моделге жеке адамды музыкаға үйрету, тігін тігуге үйрету, жеке пәндерді жаттықтырушы жалдап үйрену және т.б. жатқызуға болады.

Білім берудің және білім алудың жоғарыда көрсетілген модельдері бірнеше жыл бұрын практикаға енгізілген, әрі олар практикада іс жүзінде сыналған. Олардың кейбіреуі өз алдына жеке, ал кейбіреуі бір-бірімен біріге пайдаланылып келеді. Жоғарыда көрсетілген модельдерді талдау және олардың байланыстарын зерделеу нәтижесінде біз білім берудің жаңа моделін ұсынамыз. Ол өз бетінше білім алуға, алған білімдерін практикада қолдана білуге негізделген. Оны біз шартты түрде «Бағдарланған білім беру технологияларының интеграцияланған моделі» деп атап қойдық (6-сурет).

II. Білім беру модельдерін іске асыруға арналған психодидактикалық әдістер.

1. Проблемалық оқыту – мәні проблемалық ситуация туғызу мен оқушылардың оқу проблемасын дербес шешулері бойынша іс-әрекеттерін басқару болып табылатын оқыту түрі.

2. Программаланған оқыту – бұл педагог (немесе оны алмастыратын оқытушы машина) сияқты оқушылардың да әрекеттері қарастырылған, алдын ала дайындалған программа бойынша оқыту.

3. Проблемалық программалап оқыту – жоғарыдағы екі әдісті біріктіріп қолдану.

4. Жүйелік-функционалдық әдіс. Білім жүйесінің элементтерін бөліп алып және оның әрбір функциясына байланысты оқыту әдісі.

5. Жүйелік-құрылымдық әдіс. Білімнің жалпы құрылымына талдау жасап, оны теориялық құрамымен салыстырып оқыту.

6. Жүйелік-логикалық әдіс. Білімдер жүйесі элементтерінің логикалық байланысына қарай оқыту.

7. Ойын арқылы оқыту әдісі. Ойын – оқу процесіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі. Сонымен бірге, ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады.

8. Коммуникативтік әдіс. Бұл әдістің негізінде оқушылар жұппен, топпен, ұжыммен жұмыс істеуге дағдыланады. Оның нәтижесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды, пәнге қызығушылықтары артады.

9. Пәнаралық байланыс негізінде оқыту әдісі. Мұндай әдістің мақсаты басқа оқу пәндерден алған білімдерін өзара байланыстыру, біріктіру және жүйелеу болып табылады.

10. Демонстрациялық-техникалық әдіс. Бұл әдіс арқылы құбылыстар мен процестерді тәжірибе көмегімен демонстрациялайды немесе кино-фильмдерді, диафильмдерді көрсету арқылы түсіндіреді. Бұл әдістің сапасын көтеруге, объектіні дұрыс таңдап алып, демонстрацияланатын заттың, құбылыстың мәнді жақтарына оқушылардың көңілін аударуға, сонымен қатар, әдістерді педагогтың біліктігіне қарай пайдалана білу үшін қолданады.

11. Практикалық әдіс. Бұл әдістің басты мақсаты алған білімдерін әртүрлі жағдайларға қолдана білу дағдысын қалыптастыру. Олар графиктік, сандық, сапалық, эксперименттік есептерді шығару арқылы орындалады. Бұл әдіс көбіне алған білімдерін бекіту мақсатында және білімдерін практикада іс жүзінде қолдана білу дағдысын қалыптастыруда қолданылады.

12. Білімдерді модельдеу әдісі. Бұл әдіс ғылыми танымның зерттеу объектілерін олардың модельдерін жасап, зерделеу арқылы танып-білу әдісі. Модельдеу әдісінің пайда болуы техникалық жүйелердің күрделілігіне, материалдық процестер мен құбылыстарды зерттеу қажеттілігіне орай туындайтын ой-түрткілерге, себептерге т.с.с байланысты.

Болашақ мұғалімдерді даярлау процесінде жоғарыда көрсетілген жалпы құзыреттіліктер, оның ішінде, психодидактикалық құзыреттіліктер толық ашылып, олардың өзара байланыстары көрсетілуі тиіс. Оларды қалыптастыру технологиясы өз алдына бір зерттеу нысаны бола алады.

Жоғары кәсіби педагогикалық білім берудің мемлекеттік стандартында мұғалім іскерлігінің келесі функциялары көрсетілген: оқытушы, дамытушы, тәрбиелеуші, коммуникативті, ұйымдастырушы, басқарушы, бағдарлық және ақпараттық.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында білім алушылардың болашақ кәсібіне даярлығын бағалауда бұл сипаттамалардың алатын орны ерекше.

Болашақ физика мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлықтарын көрсететін негізгі сипаттамалардың бірі – олардың келешекте оқытатын пәндерін өте жоғары деңгейде білуі. Өзінің келешекте жеткіншек ұрпаққа не оқытатын білмеген маманнан еш уақытта жақсы ұстаз шықпайды. Физика мұғалімі педагог ретінде педагогика ғылымының дамуына, физиканы оқыту әдістемесіне, ал физик маман ретінде физика ғылымының практикада іс жүзінде қолданылуына көңіл бөліп отыруы керек. Мұғалім физикалық және әдістемелік тұрғыдан оқу материалын дұрыс, айқын әрі дәл баяндауы үшін, алдымен, өзі сол оқу материалын түсінуі, оны баяндауды егжей-тегжейлі білуі тиіс.

Физиканы оқытуда жоғары нәтижеге қол жеткізуде материалды жан-жақты баяндау – болашақ мұғалімдер даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындары үшін ерекше көңіл аударатын мәселе. Бұл білім алушылардың шығармашылық әдістемелік көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Болашақ мұғалімдерді даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындарындағы жалпы физика курсында білім алушыларға пропедевтиканы жүзеге асыру әдістерін үйрету өте маңызды. Бұл мақсат курстың қандай да бір бөлімін оқытудың алдында кіріспе дәрістер арқылы, сонымен бірге, қатаң анықтамасына дейін түсінктерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бірінші жағдайда болашақ мұғалімдердің алдында сол оқытылатын курстың мақсаты мен құрылымы айқындалады, алдағы уақытта шешетін мәселелері тұжырымдалады. Екінші жағдайда болашақ мұғалімдердің физикалық мәдениеті мен дүние танымы қалыптасады.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби бағдарда оқытуды жүзеге асырудың қажетті шарттарының бірі – барлық оқу жұмыстарын мотивациямен қамтамасыз ету. Ол болашақ мұғалімдер даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындарындағы оқу процесін үйлесімділігін арттырады. Мотивация, сонымен қатар, білім алушылардың дұрыс әдістемелік көзқарастарын қалыптастыру үшін өте қажет, себебі, олар алдағы педагогикалық іс-әркеттерінде тек дұрыс білім беріп қана қоймай, оқушылардың оқу іс-әрекеттерін басқара алулары керек.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында физикалық құбылыстар мен процестерді оқытуда көңіл аударарлық факторлардың бірі – білім алушыларға құбылыстардың компьютерлік модельдерін құра білуді, оларды сабақта қолдана білуді үйрету. Физиканы оқытудағы модельдеу әдісінің мәні мынада: нысанды оқып-үйрену барысында, алдыңғы зерттеу нысанын алмастыратын басқа зерттеу нысаны қолданылады. Түпнұсқаны алмастыратын зерттеу нысанын модель деп атайды. Модельдеу кезінде, бір зат (модель) туралы білімдер басқа бір зерттеу нысанына (түпнұсқаға) тасымалданады. Молекулалық физиканы, электродинамиканы, оптиканы, атомдық және ядролық физика, заттардың құрылысы және өрістер, молекула мен атомдардың құрылысын, олардың қозғалысын, оқып-үйрену үдерісінде білім алушыларда модельдік ұғымдарды және олар туралы түсініктерді қалыптастыру қажеттігі туындайды. Бұл жерде техникалық және зертханалық құрылғылар мен тәжірибелердің модельдері қолданылады, олар Резерфорд тәжірибиесі, Штерн тәжірбиесінің моделі, үдеткіш, циклотрон, бетатрон, ядролық реактор-лардың және т.б. модельдері. Мұндай модель ұқсастықтар білім алушыларға құбылыстың ішкі механизмін түсіну үшін маңызды мәнге ие болады.

Физикалық ойлау мен мәдениеттің ерекше белгісі қатаң логикалық пайымдаулар болып табылады. Физиканы оқытуда ғылыми немесе әдістемелік тұрғыдан қатаңдық деңгейлерін таңдау мәселесі өте маңызды. Материалдарды баяндаудың қатаңдық критерийлерін дұрыс анықтау білім алушылардың ойлау қабілеті мен дайындық дәрежелерін және пайымдау деңгейлерін ескерудегі басты мәселе болып табылады.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ физика мұғалімдерін даярлауды жүзеге асырудың қажетті шарттарының бірі жалпы физика курсы бойынша мектеп физикасының негізгі түсініктері мен ұғымдарын анықтау және мектеп оқулықтарын міндетті түрде қолдану мәселелері. Мектепте енгізілген физикалық түсініктер мен ұғымдар бір жағынан қатаң логикалық формальды анықтамалар арқылы берілсе, екінші жағынан меңгерілген ұғыммен ары қарай жұмыс істеуге мүмкіндік беретін мысалдардың көмегімен тұжырымдалады. Сондықтан болашақ мұғалімдер даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындарының білім алушылары физикалық ұғымдардың анықтамалары мен ұғымдар арасындағы логикалық байланыстарды меңгерулері керек. Ол үшін білім алушылар мектептің физика оқулығының мазмұнымен толық таныс болуы керек. Ал бұл мәселеге болашақ физика мұғалімдерін даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындарында жалпы физика курсын, физиканы оқыту әдістемесін оқытуда мектеп оқулықтарын пайдаланбай жету мүмкін емес. Сондай-ақ, мектеп оқулықтарын пайдалану білім алушыларды болашақта өздері меңгеруге тиіс іскерліктер мен дағдылардың көлемімен танысуға мүмкіндік береді, келешекте оқытатын оқу материалдарын үйренуге қызығушылық тудырады және оларды терең, берік ұғындырады.

Болашақ физика мұғалімдерін заман талабына сай қалыптастыруда тағы бір мәселе маңызды рөл атқарады. Ол физиканың тарихи аспектілерінің өркендеу сатылары. Бұл мәселелер жаңа физикалық теориялар мен түсініктердің шығу тегіне дұрыс көзқарас қалыптастырады, себебі жаңа түсініктерді енгізу мен жаңа теорияларды үйренудің даму тарихымен танысу оқушыларға олардың пайда болуы мен эволюция мотивтерін көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, оқушылардың пәнге деген танымдық қызығушылықтарын туғызады. Болашақ мұғалімдер, физиканың тарихымен таныстырудың оқушы-лардың жеке тұлғасына, олардың адамгершілік және әсемдік тану сапаларына белгілі бір мөлшерде әсер етеіндіктерін білулері тиіс.

Білім алушылар болашақ мұғалімдер даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындарында оқудың алғашқы күнінен бастап оқушылықтан болашақ мұғалімдік позициясына көшулері қажет, өздерін мұғалім-тәрбиеші іс-әрекетіне дайындауға бейімдеулері керек, немен шұғылдануды, қандай пәндерді оқып-үйренуі және мектеп мұғалімі мамандығын алудағы мәнін білулері тиіс.

Сонымен оқытудың мақсатына жету оқушының өзін тек объект ретінде көрсету емес, оқытудың субъектісі болуына тәуелді, бұл процесте ол оның соншама ізденімпаздығы мен белсенділігінде болып табылады. Білім алушыларды ізденімпаздық пен белсенділікке тәрбиелеу олардың мұғалімдік іс-әрекеттері үшін мәні зор, себебі, мұғалім оқу материалын еске түсіріп қана қоймай, білімдерді өздігінен сабақта, сабақтан тыс іс-әрекеттерінде әдістемелік жағынан қайта өңдей алулары керек.

Қорыта келгенде, педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ физика мұғалімдерін өз ісінің білікті маманы етіп тәрбиелеу үшін барлық оқыту процесін, жалпы физика курсын кәсіби бағдарда оқытуды жүзеге асыру керек. Ол үшін барлық оқытылатын оқу материалдары әдістемелік көзқарас тұрғысынан болашақ физика мұғалімдерінің кәсібіне деген дайындықтарының негізгі сипаттамаларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Мамбетакунов Э., Жораев М. Педагогикалык жогорку окуу жайларында физиканы окутуу. – Бишкек: 2014. – 380 бет.

2 Маусымбаев С.С. Жоғары оқу орнында болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін кәсіби даярлау теориясы мен практикасы: пед. ғыл. док. дис.... автореф:13.00.08. – Алматы: ҚазҰПУ, 2005. – 371 б.

3 Сыдықов Б.Д. Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жүйесі. Пед.ғыл.докт. ... автореф. – Түркістан, 2008. – 21б.

4 Усова А.В. Психолого-дидактические основы формирования физических понятий. Учебное пособие по спецкурсу. – Челябинск: Челябинский рабочий, 1988. – 86 с.

5 Шаповалов А.А. Конструктивно-проектировочная деятельность в структуре профессиональной подготовки учителя физики: Дис. доктора пед. наук: 13.00.02. – Барнаул, 2000. – 479 с.

6 Мамбетакунов Э. Физика мугалимдерин даярдоонун психодидактикалык мәселелери. Вестник КГНУ им. Ж. Баласагына. – Бишкек, 2011. – Б.59-63.

ӘОЖ 534.1/.2
ГРНТИ 29.37.03

Қ.М. Мұқашев[1], М.Е. Алиева[2]

[1]ф.-м.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, Алматы қ., Қазақстан

[2] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты, Алматы қ., Қазақстан

ТОЛҚЫНДЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Толқындық процестерді оқыту дидактикасын жетілдіру оның физикалық мағынасын терең түсінуде шешуші рөл атқарады. Жұмыста ультра дыбыстық толқындардың серпімді ортада таралуы, шағылуы және қабылдануы туралы мәселелер бұған дейінгі кездесетін дәстүрлі көзқарастардан өзгеше түрде баяндалады. Соған байланысты орын алатын Допплер эффектісінің туындау себептері аналитикалық түрде талдаудан өткізіледі. Әрбір аналитикалық талдау көрнекі модельмен дәлелденеді. Модельдің көрнекі және нақты түрде құрылуы - аналитикалық талдауды оқушының саналы түрде қабылдауының алғы шарты. Толқындық құбылыстар физика курсының барлық бөлімдеріне ортақ мәселе. Оларды саналы меңгеруді жетілдірудің осындай дидактикалық мүмкіндігін курстың барлық салаларында қолдану жоғары технологияларды жүзеге асыруға жол ашады.

Түйін сөздер: толқындық физика, оқыту дидактикасы, Допплер эффектісі, дыбыс, ультрадыбыс, дыбыс көздері.

Аннотация

К.М. Мукашев[1], М.Е. Алиева[2]

[1]д.ф.-м.г.д., профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан

[2] PhD докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, г.Алматы, Казахстан

ВОЗМОЖНОСТИ ПОВЫШЕНИЯ ДИДАКТИЧЕСКОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ ВОЛНОВЫХ ПРОЦЕССОВ

Повышение дидактических возможностей преподавания физики волновых процессов играет решающую роль в освоении сущности излагаемого материала. Исходя из этого, в работе вопросы распространения, отражения и приема упругих колебаний излагаются, в отличие от традиционных методов, в несколько ином русле. В каждом конкретном случае механизм возникновения эффекта Допплера доказывается аналитически. Каждое аналитическое доказательство сопровождается и закрепляется привлечением модельного эксперимента. Указывается, что

обстоятельность и выразительность модельного эксперимента являются главным условием сознательного восприятия обучающим любого, самого трудного аналитического выражения. Принципы волновых процессов в определенной степени можно считать базовыми для большинства физических явлений. Поэтому разработка эффективных методов повышения дидактических принципов любого нового материала является главным условием его сознательного восприятия и внесения своего вклада в создание и освоение новых высоких технологий.

Ключевые слова: волновая физика, дидактика преподавания, эффект Допплера, звук, ультразвук, источники звуков.

Abstract

THE POSSIBILITY OF INCREASING THE DIDACTIC TEACHING EFFECTIVENESS WAVE PROCESSES

Mukashev K.M.[1], Aliyeva M.Ye.[2]
[1]Dr. Sci. (Phys-Math), Professor, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan
[2]PhD student at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

The increase of didactic possibilities of teaching of physics of wave processes plays a decisive role mastering of the essence of the expounded material. On this basis, the questions of distribution, reflection and reception of resilient vibrations are expounded in-process, unlike traditional methods, in an a few other ways. In every case the mechanism of origin of the effect of Dopler is proved analytically. Every analytical proof is accompanied and fastened by bringing in of model experiment. Specified, that circumstantiality and expressiveness of model experiment are the main condition of conscious perception teaching any, most difficult analytical expression. Principles of wave processes up to a point can be considered base for most physical phenomena. Therefore development of effective methods of increase of didactic principles of any new material is the main condition of his conscious perception and bringing of the contribution to creation and mastering of new high-tech.

Key words: wave physics, teaching didactics, the effect of Doppler, sound, ultrasound, sound source

Жоғары оқу орындарында (ЖОО) толқындық процестер физикасын оқытудың негізгі міндеті – өз бетінше білімін толықтырудың және жетілдірудің қажеттілігін түсінетін, көзқарасы жан-жақты дамыған, жасампаздықпен жұмыс істеуге бейімделген, терең білімді, қабілеттілігі жоғары тұлғаны дайындауға үлес қосу. Бұл мәселені сабақ кезінде шәкірттің есінде тұрақты орын алатын, физикалық құбылыстың мағынасын ешбір күмәнсіз түсіндіруге бағытталған экспериментсіз шешу мүмкін емес. Бүгінгі таңда, басқа ғылым салалары секілді, физика ғылымы да қарқынды даму үстінде. Оның жетістіктерін күнделікті тіршілікте өмір келбетінің өзгерісінен аңғару қиын емес. Сонымен бірге ЖОО-да физиканы оқытудың дидактикасы да тиісті дәрежеде жетіліп отыруы тиіс. Мұндай жағдайда физикалық экспериментке, тіпті модель түрінде болсын, дидактикалық проблеманы дамыту жолында үлкен міндет жүктеледі.

Кезінде осы мәселенің кейбір тұстарының орынды шешілгенін В.Г. Разумовскийдің, А.А. Синявинаның, Б.Т. Войцеховскийдің зерттеулерінен байқауға болады. Дегенмен, оқулықтарда физикалық экспериментке біршама көңіл бөлінгенімен, оның көптеген салалары жалаң баяндаудан аса алмай келе жатыр. Егер танымдылықты жетілдірудің ғылыми әдістемесіне жүгінетін болсақ, әрбір жаңа тақырыпты оқыту, алдымен, сол мәселені сипаттаушы және дәлелдеуші тәжірибеден, болмағанда, құбылыстың физикалық мағынасын мүлтіксіз бейнелеу арқылы түсіндіруге арналған, модель түрінде дайындалған эксперименттен басталуы қажет. Физика курсында өзінің шешімін таба алмай келе жатқан бағыттың бірі - толқындық құбылыстардың таралуы мен қабылдануы кезінде орын алатын Допплер эффектісі. Бұл құбылыс - кез келген кеңістікте таралатын электр-магниттік толқындар үшін де, серпімді ортада таралатын ультрадыбыстық толқындар үшін де ортақ мәселе. Осы мәселелерді терең түсіне алмаған оқушы толқындық құбылыстардың барлық түріне, толқындық қозғалыстың заңдылықтарының ешқайсысына тиісті дәрежеде көңіл бөлмей өте береді. Нәтижесінде, оның ойында білімге деген сенімсіздікке жол беріледі.

Толқындық процестердің кең тараған түрлерінің бір түрі - дыбыс және ультрадыбыстар [1,2]. Соған қарамастан, оқу үрдісінде осы мәселелерге мейлінше қысқа көңіл бөлінеді және білім алушының көзқарасын теориялық тұрғыдан дамытуға бағытталған ешбір талдау жүргізілмейді. Бұл мәселені көрнекі түрде шешудің бір мүмкіндігі осы мақала төңірегінде қарастырылады. Сол үшін ғылым мен техниканың әртүрлі бағыттарында өзіндік орыны бар Допплер эффектісіне дидактика тарапынан бірнеше мысалдар келтірейік.

Допплер эффектісінің мағынасы толқындық процестердің тербеліс жиілігінің, оны өндіруші және қабылдаушы құралдардың қозғалу жылдамдығына тәуелдігінен байқалады. Допплер эффектісін түсіндіру үшін дыбыс көзі жиілігі тұрақты тербелістерді өндіреді және толқындық тербелістерді өндіруші құрал мен қабылдағыштың толқынның таралу кеңістігіндегі орын ауыстыру, қозғалу мүмкіншіліктеріне шек

қойылмайды деген шарттар алдын-ала қабылданады [3]. Соған байланысты келесі жағдайлар қарастырылады.

Дыбыс көзі орнықты. Дыбыс көзі мен қабылдағыш қара нүктелермен белгіленсін (1а-сурет). Өндірілетін тербелістің жиілігі f_0 болсын. Егер өндіргіш пен қабылдағыштың екеуі де тыныштық күйде болса, қабылдағышқа келген тербелістің жиілігі дыбыс көзінен шыққан тербелістің жиілігіне тең (1б-сурет). Бұл тербелістер 1а-суретте радиусы бірте-бірте ұлғаятын шеңбер доғалары арқылы бейнеленген. Әрбір доға тербелістің оң мәнді амплитудасының орнына сәйкес келеді. Жақын орналасқан екі доғаның ара қашықтығы дыбыс толқынының ұзындығымен анықталады $(\lambda_0 = c / f_0)$.



Сурет 1. Жылжымалы қабылдағышқа сәйкес келетін Допплер эффектісі

Дыбыс толқындары қабылдағышқа қарай C жылдамдықпен таралады. Толқынды өндіруші мен қабылдағыш қозғалыссыз болғандықтан, таратылған тербеліс пен қабылданған тербелістердің жиіліктері өзара тең, яғни $f = f_0$. Мұндай жағдайда тербеліс жиіліктерінің өзара ығысуы

$$\Delta f = f - f_0 = 0.$$

Егер 1-қабылдағыш дыбыс көзіне қарай V_1 жылдамдықпен қозғалатын болса, толқын шыңдарының өзара жақындау жылдамдығы дыбыстың ортадағы таралу жылдамдығынан жоғары болады: $C + V_1$. Қабылдағыш өндіретін тербелістің жиілігі толқындық процестің таралу жылдамдығының өсу дәрежесіне пропорционал:

$$f = f_0 \cdot \frac{C + V_1}{C} = f_0\left(1 + \frac{V_1}{C}\right). \qquad (1)$$

Бұл жолы қабылданған тербелістің жиілігі біршама өзгеріске ұшырайды:

$$\Delta f_1 = f - f_0 = f_0 \frac{V_1}{C}; \text{ немесе } \Delta f_1 = f_0 \cdot \frac{V_1}{C}. \qquad (2)$$

Тербеліс жиілігінің ығысуы жылдамдықтың салыстырмалы мәніне пропорционал (1в-сурет). Қабылдағыш өндірген тербеліс жиілігі:

$$f = f_0 + \Delta f.$$

Егер қабылдағыш $V_2 = V_1$ жылдамдықпен дыбыс көзінен қашықтайтын болса (2-қабылдағыш), толқын шыңдарының орыны алғашқы жағдаймен салыстырғанда қашықтайды. Мұндай жағдайда толқынның таралу жылдамдығы $C - V_2$ шамасына дейін төмендейді. Соған сәйкес қабылдағышта туындайтын тербелістің жиілігі осы кезде:

$$f = f_0(C - V_2)/C = f_0\left(1 - \frac{V_2}{C}\right), \tag{3}$$

немесе

$$\Delta f_2 = -f_0 \cdot \frac{V_2}{C}, \tag{4}$$

Қабылдағыш дыбыс көзінен қашықтаған кезде, қабылданған тербеліс жиілігі сондай шамаға төмендейді (1г-сурет). Қабылдағыш өндірген тербеліс жиілігі $f = f_0 - \Delta f$. Нәтижесінде, Допплер эффектісінің теңдеуі жалпылама түрде төмендегідей жазылады:

$$f = f_0 \pm \Delta f \tag{5}$$

мұндағы Δf - Допплер жиілігі деп аталады.

Дыбыс көзі жылжымалы. Ендігі кезекте қабылдағыш орнықты, ал дыбыс көзі жылжымалы болсын (2-сурет). Дыбыс көзі қабылдағышқа қарай V жылдамдықпен қозғалысқа келсін. Толқын шыңдарының ара қашықтығы, онымен бірге толқын ұзындығы да бұл бағытта қысқарады $\lambda = \lambda_0(C - V)/C$. Белгілі $\lambda = C/f$ қатынасын пайдалана отырып, қабылдағыштың кірісіндегі тербеліс жиілігінің дыбыс көзінің жиілігінен артық болатындығын дәлелдеуге болады (2в-сурет):

$$f = \frac{f_0}{1 - \frac{V}{C}} \qquad f \succ f_0, \ \Delta f \succ 0. \tag{6}$$

Егер тербеліс көзі қабылдағыштан қарсы бағытта V жылдамдықпен қашықтайтын болса, қабылдағыштың кірісіндегі тербеліс жиілігі төмендейді немесе толқын ұзындығы ұлғаяды:

$$\lambda = \lambda_0 \frac{C}{C - V}; \qquad f = f_0 \frac{C - V}{C} = f_0\left(1 - \frac{V}{C}\right) \tag{7}$$



Сурет 2. Тербеліс көзінің қозғалысына сәйкес келетін Допплер эффектісі

Әдетте, ультрадыбыстық медициналық құралдарда дыбысты өндіруші мен қабылдағыш бүтін бір құрал ретінде жасалынады, дыбысты өндіру мен қабылдау бір орында жүргізіледі. Биологиялық құрылымдардың ішіне ультрадыбыстық тербеліс таратылатын болса, толқындық тербеліс олардың әртүрлі тығыздықтағы бөлшектерінен шағылып, жан-жаққа шашырай тарайды. Қабылдағышқа қарай шағылысқан тербеліс *эхо- сигнал* деп аталады. Шағылған тербеліс ультрадыбыстық түрлендіргіш арқылы қабылданады. Осы жолы ол қабылдағыштың міндетін атқарады. Егер ультрадыбыстың таралу жолындағы биологиялық құрылымдар қозғалмайтын болса, таратылған тербеліс пен эхо сигналдың арасында

тербеліс жиілігінің ығысуы болмайды. Керісінше, қозғалыстағы биологиялық құрылымдардан шағылған сигнал мен таратылған сигналдың арасында қабылданған тербелістің жиілігін өзгертуге себепкер жиілік ығысуы туындайды. Осы мәселенің өзіндік бейнесі 3-суретте біріккен дыбыс көзі мен қабылдағыш және жылжымалы шағылыстырғыштың өзара орналасуы түрінде бейнеленген.



Сурет 3. Тербеліс көзі мен қабылдағыш орнықты, шағылыстырғыш- жылжымалы а-таратушы мен қабылдағыш біріккен және қозғалыссыз, шағылыстырғыш оларға қарай V жылдамдықпен қозғалуда; б-өндіргіштен тараған f_0 жиіліктегі тербеліс; в-шағылыстырғышқа жеткен тербеліс; г-қабылдағышқа жеткен тербеліс.

Шағылыстырғыш дыбыс көзіне қарай V жылдамдықпен қозғалуда. Осы кездегі тербелістердің пішіндері 3в-суреттерінде көрсетілген. Олардың пішіні жоғарыда қарастырылған жылжымалы қабылдағыш кезіндегі дыбыстың түрін қайталайды және

$$f_1 = f_0(C+V)/C\,. \tag{8}$$

Осы тербелістерді кейін шағылыстыру арқылы, шағылыстырғыштың өзі екінші реттік дыбыс көзінің міндетін атқарады. Сондықтан қабылдағышқа жеткен тербелістің жиілігі

$$f_2 = f_1 C/(C-V) \tag{9}$$

Бұл жағдай жоғарыда қарастырылған дыбыс көзінің жылжымалы болуына сәйкес келетін процесті қайталайды. Нәтижесінде қабылдағыштың кірісіндегі эхо сигналдың жиілігі келесі теңдеумен табылады:

$$f = f_0 \frac{C+V}{C} \cdot \frac{C}{C-V} = f_0 \frac{C+V}{C-V} \tag{10}$$

Керісінше, егер шағылыстырғыш қарсы бағытта жақындаудың орнына, қашықтайтын болса, қабылдағыштың кірісіндегі тербеліс жиілігі төмендейді және оның мәні келесі қатынаспен табылады:

$$f = f_0 \frac{C-V}{C+V} \tag{11}$$

Осы құбылысты медицинада ультрадыбыстық тербелістерді пайдалану нәтижесінде жылжымалы биологиялық құрылымдарды зерттеу үшін, ал авиағарыш саласында аса жоғары электрмагниттік толқындарды тарату арқылы, ұшу нысандарының бағытын және жылдамдығын анықтау үшін қолдануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Гаврилов Л.Р., Цирульников Е.М. Фокусированный ультразвук в физиологии и медицине. – Л.: Наука, 1980.*
2 *Эльпинер И.К. Биофизика ультразвука. – М.: Наука, 1973.*
3 *Улащик В.С., Чиркин А.А. Ультразвуковая терапия. – Минск: Беларусь, 1983.*

УДК 519.6
ГРНТИ 27.41

Э.Н. Нурлыбаева [1], Ж.М. Ташенова [2], А.Қ. Кудайкулов [3], Д.М. Жанакова [4]

[1]доктор PhD, старший преподаватель Казахской национальной академии искусств им.Т.Жургенова, г.Алматы, Казахстан
[2]доктор PhD, доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г.Астана, Казахстан
[3]д.ф.-м.н., академик Казахского агротехнического университета им.С.Сейфуллина, г.Алматы, Казахстан
[4]магистр, старший преподаватель Казахской национальной академии искусств им.Т.Жургенова, г.Алматы, Казахстан

АППАРАТНЫЕ МЕТОДЫ И АЛГОРИТМЫ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПАРАМЕТРОВ СИСТЕМЫ С ПЛАВАЮЩЕЙ ПЛОЩАДЬЮ ПОПЕРЕЧНОГО СЕЧЕНИЯ

Аннотация

В работе, на основе фундаментальных законов сохранения энергии, разработан вычислительный алгоритм и метод исследования нелинейного термомеханического состояния защимленного двумя концами стержня. Радиус сечения меняется линейно по координате. Боковая поверхность частично теплоизолирована, на одной из локальной боковой поверхности подведен тепловой поток постоянной интенсивности. Через другие локальные боковые поверхности происходит теплообмен с окружающей его средой. Определяется закон распределения температуры по длине исследуемого стержня, а также закон распределения составляющих деформации, напряжения и перемещения. Определяется величина возникающей осьевой силы в зависимости от температуры. В связи с этим, методы и алгоритмы вычисления разработки приложений являются актуальными темами на данный момент. Показывается применительность разработанного алгоритма и метода для решения множества прикладных инженерных задач.

Ключевые слова: температура, деформация, поверхность, радиус сечения, тепловой поток, алгоритм.

Аңдатпа

Э.Н. Нұрлыбаева[1], Ж.М. Ташенова[2], А.Қ. Құдайқұлов[3], Д.М. Жанақова[4]

КӨЛДЕНЕҢ ҚИМА АУДАНЫНЫҢ ӨЗГЕРМЕЛІ СЫРЫҚТЫ АППАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ПАРАМЕТРЛЕРІН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕРІ МЕН АЛГОРИТМДЕРІ

[1]PhD докторы, Т. Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан
[2]PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің доценті, Астана қ., Қазақстан
[3] ф-м. ғ.д., академик, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехника университеті, Алматы қ., Қазақстан
[4] магистр, Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

Мақалада сырықтың екі шеті қысылған сызықтық емес термомеханикалық күйін зерттеу әдісі мен оны есептеу алгоритмі қарастырылған. Қиманың радиусы координата бойынша сызықты түрде өзгереді. Бүйір беті жекелей жылудан оқшауланған, оның бір жергілікті бүйір бетіне тұрақты интенсивтілікпен жылу ағыны жіберіледі. Басқа жергілікті бүйір беттері арқылы қоршаған ортамен жылу алмасу жүреді. Зерттеліп отырған сырықтың ұзындығымен температураны үлестіру заңы, сондай-ақ, деформацияны, кернеуді және орынауыстыруды құраушылардың үлестіру заңдары анықталады. Пайда болатын осьтік күштің шамасы температураға тәуелді анықталады. Осыған байланысты, қосымша жасау әдістері мен есептеу алгоритмдері қазіргі уақытта өзекті тақырып болып табылады. Жасалған алгоритм мен әдістің көптеген қолданбалы инженерлік есептерді шығаруға қолданылатындығы көрсетіледі.

Түйін сөздер: температура, деформация, бет, қима радиусы, жылу ағыны, алгоритм.

Abstract

HARDWARE METHODS AND ALGORITHMS OF DETERMINATION OF THE PARAMETERS OF THE SYSTEM WITH THE FLOATING AREA OF THE CROSS SECTION

Nurlybaeva E.N.[1], Tashenova Zh.M.[2], Kudaikulov A.K.[3], Zhanakova D.M.[4]
[1]PhD, Senior Teacher, T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan
[2]PhD, Associate Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[3]Dr. Sci. (Phys-Math), academician, S.Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Almaty, Kazakhstan
[4] Master of Science, Senior Teacher, T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan

In this paper, based on the fundamental laws of conservation of energy is developed computational algorithm and method for studying nonlinear thermomechanical state two ends of the rod. Radius section varies linearly with the coordinate. The side surface is partially heat-insulated one from the local side turn, they brought the heat flux of constant intensity. After another local side surface of the heat exchange with the surrounding environment. It determined by the law of temperature distribution along the length of the rod also the law of distribution of deformation and displacement voltage. Determined the

value arising osevoy strength depending on the temperature. In this regard, methods and algorithms for computing application development are current topics. Showing as applied elaborate algorithm and method for solving a lot of actual applied engineering problems.

Key words: temperature, deformation, surface, radius of section, heat flow, algorithm.

Көлденең қимасы сырықтың ұзындығы бойынша өзгеретін және шеңбер болып табылатын екі жағы мықтап бекітілген ұзындығы шектелген сырықты қарастырайық. Мұндағы қиманың радиусы координатаға сызықты түрде тәуелді. Сол жақ шетінің радиусын r_0, оң жақ шетінің радиусын r_L, ал сырықтың ұзындығын L арқылы белгілейміз. Онда радиустың координатаға тәуелділігі келесідей болады:

$$r = \frac{r_L - r_0}{L} \cdot x + r_0 \tag{1}$$



Сурет 1. Мәселенің есептеу сұлбасы

Мықтап бекітілген сол жақ шетінде $T(x=0)=T_1$, ал оң жақ шетінде $T(x=L)=T_{2n+1}$ температуралары берілсін. Сырықтың бүйір бетінің бөліктері $(0 \le x \le x_1)$, $(x_2 \le x \le x_3)$, $(x_4 \le x \le x_L)$ жылу оқшауланған делік. $(x_1 \le x \le x_2)$ бөлігінің бүйір бетінің ауданы арқылы сыртқы ортамен жылу алмасу жүреді. Мұндағы, жылу алмасу коэффициенті h, ал сыртқы орта температурасы T_{co}. $(x_3 \le x \le x_4)$ бөлігінің бүйір бетінің ауданына q тұрақты қарқындылықты жылу ағыны келіп тұрады. Бізге $T_0 \in [(-150\ ^\circ C) \div (+150\ ^\circ C)]$ мәнінің әсерін сандық есептеу қажет.

Есепте температураның таралу өрісі $(T = T(x))$, серпімділік ығысулары $(u = u(x))$ және де деформацияның $(\varepsilon_x = \varepsilon_x(x);\ \varepsilon_T = \varepsilon_T(x);\ \varepsilon = \varepsilon(x))$ және кернеудің құраушылары $(\sigma_x = \sigma_x(x);\ \sigma_T = \sigma_T(x);\ \sigma = \sigma(x))$ бар. Есептеу алгоритмін құру мақсатында қарастырып отырған шекті ұзындықтағы жартылай жылу оқшауланған сырықтың бойымен температураның таралу өрісінің математикалық моделін жасау мақсатында, ол үш Түйін квадраттық элементтер арқылы дискреттеледі. Элементтердің жалпы саны n. Онда түйіндердің жалпы саны $(2n+1)$ болады. Мұндағы дискреттеу, элементтер шекаралары сырықтың жылу оқшауланған шекараларымен сәйкес болатындай жасалады. Сонымен қатар, сырықтың жылу оқшауланған бөліктерінің шетіне элементтер шеті сәйкес келгенде дискреттеу орындалады. Әрі қарай элементтің толық жылу энергиясын сипаттайтын әр элемент үшін функционал өрнегі жазылады. Сырықтың жылу оқшауланған бөлігіндегі элементтер үшін төмендегі өрнек қолданылады [1]:

$$I_i = \int_{V_i} \frac{K_{xx}}{2} \left(\frac{\partial T}{\partial x} \right)^2 dV,\ (i = 1, 2, \ldots) \tag{2}$$

мұндағы V_i - i-ші элеметтің көлемі.

Бүйір беті аудандары арқылы жылу алмасу жүріп тұратын сырықтың бөлігіндегі элементтері үшін сәйкес функционалы төмендегі көрініс ие

$$I_j = \int_{V_j} \frac{K_{xx}}{2} \left(\frac{\partial T}{\partial x} \right)^2 dV + \int_{S_{jППБ}} \frac{h}{2} (T - T_{co})^2 dS,\ (j = 1, 2, \ldots) \tag{3}$$

мұндағы V_j - j -ші элеметтің көлемі, $S_{jППБ}$ - j -ші элеметтің бүйір бетінің ауданы.

Бүйір беті ауданында тұрақты қарқындылықты жылу ағыны келіп тұратын сырықтың бөлігіндегі элементтер үшін олардың толық жылулық энергиясын сипаттайтын функционалдың өрнегі келесідей болады:

$$I_k = \int_{V_k} \frac{K_{xx}}{2}\left(\frac{\partial T}{\partial x}\right)^2 dV + \int_{S_{kППБ}} qT(x)dS\,,\ (k = 1,\ 2,\ ...) \tag{4}$$

Жергілікті температура, жылу ағыны және жылу алмасуы бар өзгермелі көлденең қима ауданының қарастырылатын жартылай жылу оқшауланған сырықтың толық жылулық энергиясы функционалының жалпы өрнегі:

$$I = \sum_{t=1}^{n} I_t \tag{5}$$

Температураның Түйін мәндері бойынша осы функционалды минимизациялау арқылы сызықты алгебралық теңдеулер жүйесі түрінде сырықтың бойымен температураның таралу өрісінің математикалық моделі құрастырылады [2].

$$\frac{\partial I}{\partial T_t} = 0\,,\ (t = 2,\ 3,\ ...,\ 2n) \tag{6}$$

T_1 мен T_{2n+1} берілген болып есептелгендіктен, (6) жүйесіндегі теңдеулер саны $(2n+1)$ тең.

T_1-дің әртүрлі мәндерінде және $T_{2n+1}h,\ T_{co}$-ның, сонымен қатар *q-дың* бекітілген мәндерінде сырықтың бойымен температураның таралу өрісінің сипатына T_1-дің сандық әсері зерттеледі.

Сырықтың бойымен температураның таралу өрісін құрғаннан кейін, серпімділік ығысудың таралу өрісі, деформация мен кернеудің құрамдастарының математикалық моделдері құрылады. Ол үшін зерттеліп отырған сырық үш Түйін квадраттық элементтермен $\left(N = \frac{n}{2}\right)$ дискреттеледі. Осыдан келе, әр элемент үшін серпімділік деформацияның потенциалды энергиясын өрнектейтін функционал жазылады.

$$\Pi_i = \int_{V_i} \frac{\sigma_x \varepsilon_x}{2} dV - \int_{V_i} \alpha E T(x) dV\,,\ (i = 1,\ 2,\ ...,\ N) \tag{7}$$

мұндағы V_i- *i*-ші элементтің көлемі, $u = u(x)$- серпімділік ығысудың таралу өрісі, $\varepsilon_x = \frac{\partial u}{\partial x}$ - деформацияның серпімді құраушысының таралу өрісі , $\sigma_x = E\varepsilon_x = E \cdot \frac{\partial u}{\partial x}$ - кернеудің серпімді құраушысының таралу өрісі, E – сырық материалының серпімділік модулі, α - сырық материалының жылулық ұлғаюының коэффициенті, $T = T(x)$- (6) жүйесінің шешімінен анықталатын температураның таралу өрісі.

Зерттеліп отырған сырықтың серпімділік деформациясының потенциалды энергиясы келесідей өрнектеледі

$$\Pi = \sum_{i=1}^{N} \Pi_i \tag{8}$$

Соңғы өрнекті серпімділік ығысуларды түйін мәндері бойынша минимизациялау арқылы, келесі сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесі түрінде зерттеліп жатқан сырықтың ұзындығы бойынша серпімділік ығысулардың таралуының математикалық моделі құралады

$$\frac{\partial \Pi}{\partial u_i} = 0\,,\ (i = 1,\ 2,\ ...,\ (2N+1)) \tag{9}$$

Бұл жүйені шешкенде қарастырып жатқан сырықтың ұзындығы бойынша серпімді ығысуының $u = u(x)$ таралу өрісі анықталады. Осы бойынша құраушыларының сәйкес таралу өрістері құрылады.

$$\varepsilon_x = \frac{\partial u}{\partial x};\ \varepsilon_T = -\alpha T(x);\ \varepsilon = \varepsilon_x + \varepsilon_T \tag{10}$$

$$\sigma_x = E\varepsilon_x;\ \sigma_T = E\varepsilon_T;\ \sigma = (\sigma_x + \sigma_T) \tag{11}$$

Сандық зерттеулерді жүргізу үшін бастапқы мәліметтер ретінде келесілерді аламыз:

$L = 20\ (см)$, $r_0 = 1\ (см)$, $r_\ell = 2\ (см)$, $n = 200$, $N = \frac{n}{2} = 100$, $q = -1000\ (Вт/см^2)$, $K_{xx} = 100\ (Вт/(см\cdot{}^\circ C))$, $h = 10\ (Вт/(см^2\cdot{}^\circ C))$, $T_{co} = 40\ (^\circ C)$, $T_{401} = 150\ (^\circ C)$, және $(-50\ ^\circ C)$ қадамымен $T_1 \in [(-150\ ^\circ C) \div (+150\ ^\circ C)]$ мәндерін алып отырамыз.

Келесі мысалды қарастырайық. Барлық берілген нұсқаларда T_1 мәнінен басқа барлық параметрлер мәні өзгермейді.

Мысалы, $T_1 = 150\ (^\circ C)$ тең болғанда, *OT*, *Ox* және *T*(*x*) координаттар осімен шектелген ауданның мәні $S_1 = 3507{,}259\ (^\circ C \times см)$ тең болсын. Қарастырып отырған сырықтың бойымен таралу өрісі 2 суретте көрсетілген.



Сурет 2. $T(x=0) = T_1$ *әртүрлі мәндеріндегі температураның таралу өрісі*

Бұл суреттен температураның ең үлкен мәні координата түйінінің $x = 13{,}75\ (см)$ мәніне сәйкес келетіні көрініп тұр. Бұл түйіндегі температураның мәні $T_{276} = 264{,}153\ (^\circ C)$ қабылдайды [3].

$1 - T_1 = 150\ ^\circ C$; $2 - T_1 = 100\ ^\circ C$; $3 - T_1 = 50\ ^\circ C$; $4 - T_1 = 0\ ^\circ C$; $5 - T_1 = -50\ ^\circ C$; $6 - T_1 = -100\ ^\circ C$; $7 - T_1 = -150\ ^\circ C$

Қарастырып өткен мысалды талдай отырып, 1-салыстырмалы кестесін құруға болады. Бұл кестеден T_1 мәні төмендеген сайын пайда болатын сығушы күштің шамасы *R* азая беретіні көрінеді. Егер T_1 мәндері теріс болса, онда сығушы күштің шамасы елеулі түрде азаяды. Осылайша, өзгермелі қималы құрылым элементінің бұзылуына әкелмейтіндей етіп, T_1 мәнін беру арқылы температура өрісінің таралуынан пайда болған сығушы күштің *R* шамасын басқаруға болады. Сонымен қатар, бекітілген сол жақ шетінде берілген температураның мәнімен $T(x=0)$ пайда болған сығушы күштің арасындағы тәуелділікті сипаттайтын қисықты 3-суреттен көруге болады. Мұнда сырықтың сол жақ шетінің радиусы оң жақ шетінің радиусынан екі есе кіші болатынын айта кеткен жөн.



Сурет 3. $T(x=0)$ *мен R арасындағы тәуелділік*

Кесте 1. $T(x=0)=T_1$ мәндерінің пайда болған *R* сығушы күшіне әсері

№ п/п	T_1 $(^\circ C)$	$T_{\max}$ $(^\circ C)$	Қима коорд. (*см*)	$u_{\max}$ (*см*)	Қима коорд. (*см*)	Сығылу $\varepsilon_x(\max)$	Қима коорд. (*см*)	Созылу $\varepsilon_x(\max)$	Қима коорд. (*см*)
1	150	264,153	$x=13{,}75$	-0,0135704	$x=8{,}9$	-0,0024920	$x=0{,}15$	0,0017948	$x=14{,}45$
2	0	257,993	$x=13{,}85$	-0,0155244	$x=8{,}6$	-0,0036275	$x=0{,}05$	0,0019657	$x=14{,}45$
3	-150	251,950	$x=13{,}95$	-0,0175417	$x=8{,}2$	-0,0047805	$x=0{,}05$	0,0021365	$x=14{,}45$

Сығылу $\varepsilon_T(\max)$	Қима коорд. (*см*)	ε (max)	Қима коорд. (*см*)	R_i (*кГ*) сығу күші	%	
-0,0033019	$x=13{,}75$	-0,0043406	$x=0{,}05$	-27409,4769	100	
-0,0032249	$x=13{,}85$	-0,0036374	$x=0{,}05$	-22968,6555	83,8	
-0,0031494	$x=13{,}95$	-0,0029341	$x=0{,}05$	-18527,8372	67,6	

Қорытындылай келе, шекті ұзындықтағы көлденең қима ауданының өзгеруші сырықта температура, орын ауыстыру, деформациялар және кернеулік өрістерінде жіберілген жергілікті жылу ағындары мен жылу алмасу мәселелерін зерттеу алгоритмдері және әдістері көрсетілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Ноздрев В.Ф. Курс термодинамики. Просвещение. 1967. – 248 с.*
2. *Сегерлинд Л. Применение метода конечных элементов. – М.: Мир, 1979. – 392 с.*
3. *Бергер И.А., Пановко Я.Г. Прочность. Устойчивость. Колебания. Том – 1. Изд-во «Машиностроение». – М., 1968. – 568 с.*

ӘОЖ 531.3
ҒТАМР 29.03.77

В.Б. Рыстығұлова [1], Р.Ә. Әбдіқахарова [2]

[1]ф.-м.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Математика, физика және информатика институтының доценті,
Алматы қ., Қазақстан
[2] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Физика» мамандығының магистранты,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАРАПАЙЫМ СЕРІППЕЛІ МАЯТНИКТІҢ ЕРКІН ТЕРБЕЛІСТЕРІН МОДЕЛЬДЕУ

Аңдатпа

Мақалада компьютерлік модельдеуді жоғары оқу орындарында физика есептерін шығаруда қолданылатыны, соның ішінде, қарапайым серіппелі маятниктің тербелістерін модельдеу қарастырылған. Қарапайым серіппелі маятник туралы қысқаша түсініктеме келтірілді. Қозғалыс теңдеулерінің математикалық модельдері келтірілді, сонымен қатар бұл теңдеулер жартылай интервал әдісі арқылы түрлендірілді. Есеп жартылай интервалдау әдісі бойынша шығарылды. Процесті модельдеу MS Excel программасында жасалынды. Осы программа арқылы координата мен жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигі тұрғызылды. Зерттеу нәтижесін жоғары оқу орындарында «физика» мамандығында оқитын студенттер үшін тербелістер теориясын оқу кезінде және физикалық процестерді компьютерлік модельдеу курсында қосымша материал ретінде жасалынды, сонымен қатар, мектепте физика пәнінен элективті курста да қолдануға болады.

Түйін сөздер: компьютерлік модельдеу, жартылай интервал әдісі, серіппелі маятник, механикалық тербеліс, MS Excel программасы.

Аннотация
В.Б. Рыстыгулова[1], Р.Ә. Абдикахарова[2]
[1] к.ф.-м.н., доцент Института Математики, физики и информатики при КазНПУ им. Абая,
г.Алматы, Казахстан
[2] магистрант специальности «Физика», КазНПУ им.Абая, г.Алматы, Казахстан

МОДЕЛИРОВАНИЕ СВОБОДНЫХ КОЛЕБАНИЙ ПРОСТЕЙШИХ ПРУЖИННЫХ МАЯТНИКОВ

В статье рассматривается компьютерное моделирование, используемое в высших учебных заведениях для решения задач по физике, в том числе моделирования колебаний простейших маятников. Дана краткая характеристика простейших пружинных маятников. Приведены математические модели уравнения движений, а также данные уравнения были преобразованы методом половинного интервала и решены данным способом. Моделирование процесса создано в программе MS Excel. С помощью данной программы построен график зависимости координаты и скорости от времени. Результаты данного исследования можно использовать при изучение теории колебаний и компьютерного моделирования физических процессов студентами физико-математического факультета по специальности «физика» в высших учебных заведениях, а также как дополнительный материал для элективного курса в школах.

Ключевые слова: Компьютерное моделирование, метод половинного интервала, пружинный маятник, механическое колебание, программа MS Excel.

Abstract

MODELING OF ELEMENTARY FREE OSCILLATIONS OF A SPRING PENDULUM

Rystygulova V.B.[1], Abdikakharova R.A.[2]
[1] Cand. Sci. (Phys-Math), Associate Professor of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics
at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan
[2] Student of Master Programme in Physics, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

The article considers computer simulation used in higher educational institutions to solve problems in physics, including simulation of oscillations of the simplest pendulums. A brief description of the simplest spring pendulums is given. Mathematical models of the equation of motion are given, and also these equations were transformed by the half-interval method and solved by this method. Simulation of the process is created in MS Excel. With the help of this program, a graph of the dependence of the coordinate and velocity on time is plotted. The results of this study can be used in studying the theory of oscillations and computer modeling of physical processes by students of the physics and mathematics faculty in the specialty "physics" in higher education institutions, and also as an additional material for the elective course in schools.

Key words: Computer Modelling, method half slot, spring pendulum, mechanical oscillation, program MS Excel.

Қарапайым пружиналы маятник ілгерілемелі және түзу сызықты қозғала алатын серіппелі пружинаның бір ұшына бекітілген массасы m материалдық нүкте болып табылады. Егер дененің бір еркіндік дәрежесі бар деп және оның деформациясын ескермесек, материалдық нүктені өлшемі шектелген денемен алмастыруға болады. Мұндай идеалдау егер пружинаның ұзындығы аз болса дұрыс болады. Бұл кезде пружина толығымен бір уақытта деформацияланады деп есептеуге болады (деформацияның таралу уақыты тербеліс периодынан айтарлықтай аз болу қажет). Дененің серіппелі деформациясының энергиясы оның кинетикалық энергиясынан көп кіші болу қажет. Пружина үшін керісінше, деформация энергиясы оның кинетикалық энергиясынан көп үлкен болу қажет (осы кезде ғана пружинаны салмақсыз және денені абсолютті қатты, деформацияланбайды деп айтуға болады).

Есептің қойылымы. Қатаңдығы k серіппеге бекітілген массасы m дене горизонталь өс бойымен тербеліс жасайды (1-сурет).



Сурет 1. Серппелі маятниктің қозғалысы

Қарапайым серіппелі маятниктің қозғалыс теңдеуі Ньютонның екінші заңы бойынша:

$$m\vec{a} = \vec{F}, \tag{1}$$

мұндағы m – дененің массасы, $\vec{F}$ – денеге әсер ететін барлық күштердің тең әрекетті күші, $\vec{a}$ – осы күшті тудыратын үдеу. Ox өсін оңға қарай бағыттаймыз және санақ басын дененің тепе-теңдік орнымен сәйкестендіреміз (серіппе деформацияланбаған).

Бастапқыда жүйеде үйкеліс жоқ ($\vec{F}_{үйк} = 0$) деп тербелістің өшуін ескермейміз және денеге тек $\vec{F} = \vec{F}_{серп}$ серпімділік күші әсер етеді деп есептейміз. Дәл осы күш денеде үдеу тудырады. Таңдалған бағытта қозғалыс теңдеуінің проекциясы мынадай түрде қайта жазылады:

$$ma_x = F_x, \tag{2}$$

мұндағы a_x – Ox осіндегі үдеудің проекциясы, F_x – осы өстегі серпімділік күшінің проекциясы. Осы проекция дененің тепе-теңдік орнынан ығысуына тура пропорционал (берілген жағдайда санақ басы ретінде дененің координатадағы орнын аламыз), сонымен қатар күштің проекциясы мен координатаның таңбасы қарама-қарсы болады (себебі, серпімділік күші дененің ығысуына әрқашан да қарама-қарсы): $F_x = -kx$, мұндағы x – дененің координтасы (ығысуы). Осыдан, (2) теңдеу мынадай түрге ие болады:

$$ma_x = -kx. \tag{3}$$

(3) теңдеу серпімділік күшінің әсерінен болатын дененің қозғалыс теңдеуі. Бұл теңдеуді үдеу проекциясы арқылы өрнектеп , басқа түрде жазайық:

$$\ddot{x} = \frac{d^2x}{dt^2} = -\frac{k}{m}x \tag{4}$$

немесе

$$\ddot{x} + \omega_0^{\,2} x = 0. \tag{4, а}$$

Бұл серіппелі маятниктің өшпейтін еркін тербелісінің теңдеуі – тұрақты коэффициенттері бар екінші ретті сызықты біртекті дифференциальдық теңдеу. $\omega = \sqrt{k/m}$ шамасы тербелмелі жүйенің меншікті циклдік жиілігі болып табылады.

Осы теңдеудің аналитикалық шешімі (*математикалық моделі*):

$$\begin{cases} x = x_{\max} \cdot \sin(\omega_0 \cdot t + \varphi_0); \\ \vartheta_x = \omega_0 \cdot x_{\max} \cdot \cos(\omega_0 \cdot t + \varphi_0) = \omega_0 \cdot x_{\max} \sin\left(\omega_0 \cdot t + \varphi_0 + \dfrac{\pi}{2}\right); \\ a_x = -\omega_0^2 \cdot x_{\max} \cdot \sin(\omega_0 \cdot t + \varphi_0) = \omega_0^2 \cdot x_{\max} \sin(\omega_0 \cdot t + \varphi_0 + \pi). \end{cases} \quad (*)$$

Бұл формулалар x, ϑ_x, a_x шамаларын кез келген уақытта табуға мүмкіндік береді. Олар математикалық талдауда (4,а) теңдеуді аналитикалық шешу жолымен алынған. Алайда, дененің қозғалысы айнымалы күш әсерінен болатындықтан, бұл есеп өте күрделі.

(4) шешу үшін жартылай интервал әдісін қолданайық және теңдеулер жүйесін құрастырайық (*есептеу формулалары*):

$$\begin{cases} \left(\dfrac{dx}{dt}\right)_{1/2} \approx \left(\dfrac{dx}{dt}\right)_0 - \dfrac{k}{m} \cdot x_0 \cdot \dfrac{\Delta t}{2}, \\ \left(\dfrac{dx}{dt}\right)_{i+1/2} \approx \left(\dfrac{dx}{dt}\right)_{i-1/2} - \dfrac{k}{m} \cdot x_i \cdot \dfrac{\Delta t}{2}, \\ x_{i+1} \approx x_i + \left(\dfrac{dx}{dt}\right)_{i+1/2} \cdot \Delta t. \end{cases} \quad (5)$$

Денеге серпімділік күшінен басқа қозғалыс жылдамдығына пропорционал $F_{тр} = f \cdot \vartheta$ үйкеліс күші әсер етеді деп қарастырайық, мұндағы $f -$ үйкеліс коэффициенті (кедергі). Сонда қозғалыс теңдеуі (үйкеліс күші жылдамдыққа қарама-қарсы бағытталғанын ескере келе) келесі түрге ие болады:

$$m\frac{d^2x}{dt^2} = -k \cdot x - f \cdot \frac{dx}{dt};$$

$$\frac{d^2x}{dt^2} = -\frac{f}{m} \cdot \frac{dx}{dt} - \frac{k}{m} \cdot x = -2\beta \cdot \frac{dx}{dt} - \omega_0 \cdot x,$$

мұндағы $x -$ кез келген уақыт мезетіндегі дененің тепе-теңдік күйінен ығысуы; $\dfrac{dx}{dt} -$ сол мезеттегі дененің жылдамдығы, $\omega_0 = \sqrt{k/m} -$ серіппелі маятник тербелісінің меншікті циклдік жиілігі, $\beta = f/2m -$ өшу коэффициенті. Бұл еркін өшетін тербеліс теңдеуі және бұл теңдеу жартылай интервал әдісімен оңай шешіледі [1,2].

MS Excel-де есепті шығару барысы

1. Excel іске қос, жұмыс парағын дайында.

Есептеу формулаларында (1.5-теңдеу) берілген мәліметтерді, айнымалы және тұрақты шамаларды айқындап алыңыздар.

2. Берілген мәліметтер кестесін толтыр.

1) Берілген мәліметтерге $m = 1\ кг$, $k = 5\ Н/м$, $t_{\max} = 10\ с$, $\vartheta_0 = 3 м/с$, $x_0 = 0\ м$ сандық мәндерін келесі ұяшықтарға енгіз:

- Дене массасын - D11
- Серіппенің қатаңдығын -D12
- Уақыттың соңғы мезетін -D14
- Бастапқы ығысуды - D16
- Бастапқы жылдамдықты - D17.

Бастапқы уақыт мезеті әрқашан нөлге тең деп алады: $t_0 = 0\ с$ (D13 ұяшығы).

2) Меншікті циклдық жиілікті, тербеліс периодын және Δt қадамын есептеңіздер (уақыт интервалының арасындағы бөліктер саны n үлкен болуы қажет, 50-ден кем емес).

Есептеу нәтижелері

Шешімдер парағындағы мәліметтер кестесіне («уақыт, с; жылдамдық, м/с; уақыт, с; Координата, м») толтыру:

1) B және D бағандары уақыт мәндерін өзінде сақтайды. «Уақыт, с» деген екі бағанды қосу қажет, себебі жылдамдықты және координатаны есептеу әртүрлі уақыт мезеттерінде өтеді. B4 және D4 ұяшықтарына бастапқы уақыт мезеті байланыс орнатылып сәйкес ұяшықтарға көшіріледі (**Лист1** –де D13 ұяшығы), кейін D5 ұяшығына t_1 уақыт моментін есептеуге арналған формула енгізіледі, одан кейін төмен орналасқан ұяшықтар диапазонына көшіріледі; ал B5 ұяшығына алдыңғысынан $\Delta t/2$ шамасына қалып отыратын $t_{1/2}$ уақыт мезетін есептеуге арналған аралық формула енгізіледі, кейінгі B бағанындағы уақыт өзгерісі Δt интервалы арқылы жүзеге асуы тиіс.

2) C және E бағандары координата және жылдамдық шамаларына арналған. Бұл ұяшықтарды толтыру жоғарыдағы әдіспен жүзеге асырылады. Бұл «Жылдамдық, м/с» бағанын толтырғанда C5 ұяшығына аралық формула енгізілетінін білдіреді, бірінші интервал ортасында жылдамдықты есептейді, уақытты есептеу басталып қойғаннан кейін $\Delta t/2$ интервалы арқылы. Жылдамдықты кейінгі есептеу Δt қадамды итерационды формуласы арқылы есептеледі. E5 ұяшығына координатаны есептеуге арналған формула енгізіледі, кейін астындағы ұяшықтарға көшіріледі.

3) C4 және E4 ұяшықтары **Лист1** –ге сәйкес ұяшықтармен байланыстырылады.



Сурет 2

Ескерту:

1. Жылдамдық және координатаны есептеу кезінде, уақыт бағандарындағы уақыт мәндері қолданылмайды! Олар график тұрғызу үшін ғана қажет.

2. Формула құрастырған сәтте тұрақты шамаларға абсолютті сілтемелер қолдануды ұмытпаңыз.

3. **(Лист1)** кестесі бар парақтың атын Есеп 1 деп ауыстыру.

4. Есептеудің нәтижелеріне сәйкес $x(t)$ және $\vartheta(t)$ графиктерін тұрғызу. Ох осі бойынша барлық жағдайда бір шама қолданылмайды (уақыт), екі тәуелділікті бір координаталар жүйесінде көрсетуге болады. Графикке қойылатын негізгі талаптар:

− Диаграмма типі – Нүктелі.

− Мәліметтер қатарының аталуы: Жылдамдық, м/с және Координата, м (пернетақтадан сәйкес жолдарға енгізіледі немесе мәліметтер кестесіне сілтеме түрінде енгізіледі).

− Диаграмманың аты және шамалардың өлшем бірліктерімен көрсетілген координата осьтерінің аталулары мына түрде беріледі:

«Диаграмма аты» - горизонталды серіппелі маятниктің тербелісі.

«Ось X (категориясы)» - Уақыт t/c

«Ось Y (мәні)» - координата (м), Жылдамдық (м/с).

− Екі өс бойынша тордың негізгі сызықтарын қосу.

− Аңызды шығару және оның **(«төменде»)** диаграммада орналасуын көрсету.

− Диаграмманы бөлек парақта орналастыру.

5. Мәліметтерді серіппелі маятниктің тербелісінің графиктері.xls файлында сақтау.

График

Алынған нәтиже бойынша $x(t)$ және $\vartheta(t)$ графиктері мынадай түрде шықты.



Сурет 3

Компьютерлік есептеуді пайдалана отырып, өздігінен есептің шешіміне қол жеткізу оқушының қызығушылығын арттыра түседі және көп жағдайда ғылыми зерттеуге жол ашады. Нәтижесінде көптеген оқушылар өз тапсырмаларын ойластырып, оны компьютерлік модельдерді пайдаланап шешуге тырысады.

Компьютерлік модель мобильді лабораториялық жұмыстарды істеуге де мүмкіндік береді. Мұндай есептерді шешуге ең аз уақыт кетеді. Әрине мұндай лабораториялық жұмыстар әдеттегі қарапайым жұмыстарды алмастырмауы тиіс. Дегенмен физикалық процестердің графигін нақты есептегі физикалық параметрлерге сәйкес шешімін алу – оқушылардың білім деңгейін көтереді, физикалық процесті жете түсінуіне мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Щеглова И.Ю., Богуславский А.А. Моделирование колебательных процессов (на примере физических задач): методическое пособие для студентов физико-математического факультета / И.Ю.Щеглова, А.А.Богуславский. – Коломна: Коломенский гос. пед. институт, 2009. – 130 с.

2 Гулд Х., Тобочник Я. Компьютерное моделирование в физике : В 2-х частях. Часть1: Пер. с англ. – М. : Мир, 1990. – 349 с.

3 Нұрқасымова С.Н., Аканова Р.А. Кинематика бөлімінің есептерін шығаруда физикалық процестерді компьютерлік модельдеу. – А.: Вестник КазНИТУ, 2015. – 424 с.

ӘОЖ 538.945
ҒТАМР 29.19.29

В.Б. Рыстығұлова [1], Н.Т.Жетенбаев[2]

[1]ф.-м.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Математика, физика және информатика институтының доценті,
Алматы қ., Қазақстан
[2] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Физика» мамандығының магистранты,
Алматы қ., Қазақстан

ДЖОЗЕФСОН ӘСЕРІ ЖӘНЕ АСҚЫНӨТКІЗГІШТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Джозефсон әсері термині қазіргі уақытта екі асқынөткізгіштің түйісуінде әлсіз байланыс арқылы орын алатын құбылыстар жиынтығына жатады. 1962 жылы ағылшын физигі Б.Д. Джозефсонның (асқынөткізгіштердің түйісуі диэлектрик қабаты арқылы болатын) туннельдік ауысуды зерттеген қысқаша теориялық жұмысы жарық көрді және екі әсер туралы болжам жасалды: берілген кернеу болмаған жағдайда түйісу арқылы тұрақты асқынөткізгіш ток жүруі мүмкін және U шекті кернеу кезінде түйісу арқылы әдеттегі тұрақты токпен қоса жиілігі ν = 2eU/h болатын айнымалы асқынөткізгіш ток жүруі мүмкін.

Мақалада стационар және стационар емес Джозефсон әсеріне байланысты құбылыстар қарастырылды. Бұл құбылыс тікелей негізгі кванттық-механикалық сипаттама – толқын функциясы фазасымен анықталады. Джозефсонның стационар емес әсері тұрақты потенциалдар айырмының көмегімен айнымалы ток тудыруға мүмкіндік береді. Джозефсон әсері әртекті интерференциялық құрылғыларда (СКВИД-терде) қолданылады.

Асқынөткізгіш материалдарды өнеркәсіптік барлық саласында түрліше пайдаланудың мәселесі қарастырылуда.

Түйін сөздер: Джозефсон әсері, асқынөткізгіш, әлсіз асқынөткізгіштік, Джозефсон тоғы, джозефсондық электромагниттік сәуле шығару, сквидтер, асқынөткізгіш магниттер, асқынөткізгішті көлемді резонаторлар.

Аннотация
В.Б.Рыстыгулова[1], Н.Т.Жетенбаев[2]
[1] к.ф.-м.н., доцент Института Математики, физики и информатики при КазНПУ им. Абая,
г.Алматы, Казахстан
[2] магистрант специальности «Физика», КазНПУ им.Абая, г.Алматы, Казахстан

ЭФФЕКТЫ ДЖОЗЕФСОНА И ПРИМЕНЕНИЕ СВЕРХПРОВОДНИКОВ

Термин эффект Джозефсона в настоящее время относится к совокупности явлений, имеющих место в контактах двух сверхпроводников через слабую связь. В 1962 году появилась короткая теоретическая работа английского физика Б.Д. Джозефсона, где исследовался туннельный переход (контакт сверхпроводников через прослойку диэлектрика) и было предсказано два эффекта: через контакт в отсутствие приложенного напряжения может течь постоянный сверхпроводящий ток и при конечном напряжении U через контакт помимо обычного постоянного тока будет также течь переменный сверхпроводящий ток частоты ν = 2eU/h.

В статье рассматриваются явления, связанные со стационарным и нестационарным эффектом Джозефсона. Это явление непосредственно определяется фундаментальной квантово-механической характеристикой – фазой волновой функции. Нестационарный эффект Джозефсона позволяет создавать переменные токи с помощью постоянной разности потенциалов. Эффект Джозефсона используется в различного рода интерференционных устройствах (СКВИДах).

Обсуждаются вопросы различных применений сверхпроводящих материалов во всех отраслях промышленности.

Ключевые слова: эффект Джозефсона, сверхпроводник, слабая сверхпроводимость, тока Джозефсона, джозефсоновское электромагнитное излучение, сквиды, сверхпроводящие магниты, сверхпроводящие объемные резонаторы.

Abstract
EFFECTS JOSEPHSON'S AND THEIR APPLICATION IN SUPERCONDUCTORS
RystygulovaV.B.[1], Zhetenbaev N.T.[2]
[1] Cand. Sci. (Phys-Math), Associate Professor of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics
at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan
[2] Student of Master Programme in Physics, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

Josephson's effect currently refers to a set of phenomena occurring in the contacts of two superconductors through a weak bond. In 1962, there is appeared a short theoretical work by the English physicist B.D. Josephson, where the tunnel junction (the contact of superconductors through a dielectric gap) was discribed, and two effects were predicted: their were a constant superconducting current that can flow through the contact in the absence of the applied voltage and at the final voltage U

through the contact, in addition to the usual direct current, an alternating superconducting current of frequency ν = 2eU / h.

The article deals with phenomena associated with the stationary and nonstationary Josephson's effect. This phenomenon is directly determined by the fundamental quantum-mechanical characteristic it is the phase of the wave function. The non-stationary Josephson's effect allows creating alternating currents by means of a constant potential difference. Josephson's effect is used in various kinds of interference devices (SQUIDs).

The problems of various applications of superconducting materials in all branches of industry are discussed.

Key words: Josephson effect, superconductor, weak superconductivity, Josephson current, Josephson electromagnetic radiation, SQUIDs, superconducting magnets, superconducting bulk resonators.

1962 жылы Джозефсон *әлсіз асқынөткізгіштік* әсері туралы теориялық болжам жасады. Бұл әсер, кейіннен оның тәжірибесінен көрініс тауып, асқынөткізгіштіктің кванттық әсері екені туралы деректі тағы бір рет дәлелдеді. «Әлсіз асқынөткізгіштік» терминімен әлсіз байланысқан асқынөткізгіш жүйесінде, асқынөткізгіш тізбектерде, асқынөткізгіштігі қандай да бір әдіспен бәсеңдеген бөлігінде (бөліктің «осал жері») асқынөткізгіштік құбылыстардың бар болуы түсіндіріледі [1, 2].

Джозефсон диэлектриктің өте жұқа қабатымен бөлінген, екі асқынөткізгіш арасындағы түйісу арқылы асқынөткізгіш токтың өту қабілеті бар жағдайды сараптады. Кейіннен тәжірибеде де байқалған бұл әсер *Джозефсон әсері* деп аталды.

Джозефсон әсері *стационар* және *стационар емес* болып екіге бөлінеді. Оның біріншісі қалыңдығы 1-2 нм диэлектрикпен толтырылған асқынөткізгіштер арасындағы туннельдік түйісу арқылы тұрақты токтың жүру мүмкіндігінен тұрады. Мұндай жағдайда асқынөткізгіш ток потенциалдар айырымы нөлдік сипаттағы бөгет арқылы өтеді.

Егер ток тығыздығы үшін белгілі кванттық-механикалық өрнекті алсақ,

$$j = \frac{i e \hbar}{2m}(\psi \nabla \psi^* - \psi^* \nabla \psi) \qquad (1)$$

және ψ толқындық функция жалпы жағдайда, комплексті шама екенін ескерсек, яғни, $\psi = |\psi| e^{i\varphi}$ ($\varphi -$ толқындық функция фазасы), онда $j \sim \nabla \varphi$ екенін оңай табуға болады. Шынайы металлдарда біз (сыртқы өріс болмаған жағдайда) макроскопиялық токты байқай алмау себебіміз, әртүрлі электрондардағы фазалар мәні кездейсоқ шамалар болып табылады және фазалардың бытыраңқылығы ток тығыздығының орташа мәнінің нөлге тең болуына алып келеді.

Асқынөткізгіштер электрондық реттелумен, фазалық когеренттілікпен сипатталады. Бұл кезде барлық электронды жұптар осы асқынөткізгіште бірдей фазасы бар толқындық функциямен сипатталады және ток болмайды $(\Delta\varphi = 0)$. Алайда, егер екі түрлі асқынөткізгіштен тұратын туннельдік түйісу жасаса, онда мұндай түйісу арқылы потенциалдар айырымы $V = 0$ болмаған жағдайда да, фазалар айырымына $\varphi = \varphi_1 - \varphi_2$ тәуелді ток өтеді (1-сурет). Бұл тоқтың тығыздығы (*Джозефсон тоғы*) келесі қарапайым қатынас арқылы сипатталады:

$$j = j_0 \sin\varphi . \qquad (2)$$

Бұл құбылыс толқындық функция фазасы деп аталатын іргелі кванттық-механикалық сипаттамамен анықталады.



Сурет 1. Тура асқынөткізгіш ток (I_C шамасына дейін) диэлектрик қабаты арқылы кедергісіз жүрген кездегі Джозефсон әсерінің сызбалық кескіні

Металл-диэлектрик-асқынөткізгіш түйісуінің критикалық температура жақын және асқынөткізгіштік күйге өткен кездегі типтік вольт-амперлік сипаттамасының түрі 2-суретте келтірілген, ал 3-суретте түрлі температурадағы асқынөткізгіш-диэлектрик-асқынөткізгіш түйісуінің вольт-амперлік тәуелділіктері бейнеленген.



Сурет 2. 0 К және критикалық температураға жақын кездегі металл-диэлектрик-асқынөткізгіш түйісуінің вольт-амперлік сипаттамасы

3-суреттен 1,3 К температурада кезіндегі вольт-амперлік сипаттама кәдімгі өткізгіштің вольт-амперлік сипаттамасына сәйкес келетіні көрініп тұр. Температура 1,2 К-ге төмендеген кезде, графикте температура төмендеген сайын арта беретін майысу пайда болады. 0,3 К температурада түйісу арқылы өтетін ток 3,8 В кернеу шамасында секірмелі түрде пайда болады.

Джозефсонның стацонар емес әсері туннельдік түйісуге тұрақты потенциалдар айырымын берген кезде байқалады. Бұл кезде мұндай түйісу арқылы айнымалы асқынөткізгіш ток жүретіні анықталған. Бұл айнымалы ток тербелмелі контурдегі ток сияқты электромагнитті сәуле шығарады, ал бұл сәуле тәжірибеде байқалады. 1965 жылы Харьковте Янсон, Свистунов және Дмитриенко бірінші рет джозефсондық электромагниттік сәуле шығаруды байқаған.



Сурет 3. A1-Al₂O₃-A1 түйісуінің типтік вольт-амперлік сипаттамасы (асқынөткізгіш-диэлектрик-асқынөткізгіш)

Куперлік жұптар диэлектриктердің қабаты арқылы өтіп, $2eU$ (U – түйісуге берілген потенциалдар айырымы) энергияға ие болады. Қарапайым металда бұл энергия кедергі күшін жеңу үшін керек болар еді. Асқынөткізгіш тоғы жүрген кезде энергияның шығыны керек болмайды және электрондық жұптан алынған $2eU$ энергиясы квант түрінде $\hbar\omega = 2eU$ энергиямен сәуле шығарады. Тәжірибеде шынымен де жиілігі $\omega = 2eU/\hbar$ сәуле шығару байқалған. Энергияны айнымалы ток қана шығара алғандықтан, *Джозефсон түйісуі* арқылы да дәл осындай ток өтеді.

Әрине, абсолют нөлден өзге температурада түйісу арқылы асқынөткізгіш токтан өзге жұптаспаған электрондар тудырған қалыпты токтың жүруі де мүмкін. Алайда, кернеу аз кезде (кейбір төменгі шектік мәннен төмен), бұл токтың мәні өте аз.

Сонымен, Джозефсонның стационар емес әсері тұрақты потенциалдар айырымы арқылы айнымалы ток тудыруға мүмкіндік береді. Бұл әсерді жиіліктер диапазоны кең асқынөткізгішті кванттық генераторларда пайдалану көп қызығушылық тудыруда.

Джозефсон әсері әртекті интерференциялық құрылғыларда (СКВИД-терде) қолданылады. Солардың бірінің (магниттің ағыны шамасын дәл анықтауға арналған) сызба кескіні 4-суретте көрсетілген.



Сурет 4. Тұйықталған магнит ағынының шамасын анықтауға арналған асқынөткізгіш кванттық интерференциялық құрылғының сызба кескіні

Асқынөткізгіштік құбылысы ашыла салысымен асқынөткізгіш материалдарды түрлі салада қолдану мәселесі бірден талқылауға түсті. Камерлинг-Оннес асқынөткізгіштердің көмегімен күшті магниттік өрістерді алуға арналған тиімді құрылғылар жасауға болады деп есептеді. Алайда, асқынөткізгіштерді шын мәнінде қолданысқа енгізу XX ғасырдың 50-жылдарының басы мен 60-жылдардың басында бірақ қолға алынды. Қазіргі уақытта әртүрлі пішін мен көлемдегі асқынөткізгіш магниттер жұмыс істейді. Оларды қолдану ғылыми-зерттеу аясынан шығып кеткен. Бүгінде оларды зертханалық тәжірибелерде, күшейткіш техникаларда, томографияда, басқарылатын термоядролық реакцияларға арналған құрылғыларда кеңінен қолданады. Асқынөткізгіштік көмегімен көптеген өлшеу аспаптарының сезімталдығын көп есе арттыруға мүмкіндік туды. Мұндай аспаптарды *сквидтер* (ағылш. *Superconducting Quantum Interference Devices*) деп атайды. Сквидтерді техникаға, соның ішінде, заманауи медицинаға енгізуді ерекше атап өтуге болады [3].

Қазіргі уақытта асқынөткізгіштер күшті магниттік өрісін жасайтын аумақтарда көбірек қолданыс табуда. Заманауи өнеркәсіпте екінші текті асқынөткізгіштерден темір магниттерді пайдаланғаннан да, айтарлықтай күшті өріс (20 Тл-дан көп) алуға болатын, асқынөткізгіш магниттер орамасын дайындауға қолданылатын, әртүрлі сымдар мен кабельдер жасайды. Асқынөткізгіш магниттер өте үнемді болып табылады. Мысалы, ішкі диаметрі 4 см және ұзындығы 10 см, өрісі 100 кГс мыс соленоидты ұстап тұру үшін, магнитті салқындататын суды толығымен бұрып жіберуге қажетті, 5100 кВт-тан кем емес электр қуаты керек. Бұл магнит арқылы минутына 1 $м^3$ кем емес суды сорып, кейін оны салқындату керек деген сөз. Асқынөткізгіш нұсқасында магнит өрісінің мұндай көлемін оңай жасай алады, тек ораманы салқындату үшін гелий криостат құрылымы қажет. Бұл техникалық тұрғыдан онша қиын мәселе емес.

Асқынөткізгіш магниттердің тағы бір артықшылығы, олар өріс көлемде «тұрақталған» кезде, қысқа тұйықталу режимінде жұмыс істей береді. Бұл уақытқа тәуелсіз өріс тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл қасиет заттарды ядролық магниттік және электронды парамагниттік резонанстар әдістер, томографтар және т.б. арқылы зерттеу кезінде өте маңызды.

Асқынөткізгіштертің тағы бір қолданысы – үйкеліссіз мойынтірек пен тірек жасау. Егер тоғы бар металл сақинаға асқынөткізгіш сфераны орналастырса, онда оның бетінде Мейснер әсері күшімен асқынөткізгіш ток ықпалданады. Бұл сақина мен сфера арасындағы итеруші күштің пайда болуына әкеліп соғады да, сфера сақина үстінде ілініп қалады. Дәл осындай әсер егер асқынөткізгіш сақина үстіне тұрақты магнитті орналастырса байқалады. Осының негізінде көліктердің жаңа түрлері жасалуы мүмкін. Әңгіме жолмен үйкеліс мүлдем болмайтын, магнитті жастықшалардағы пойыздар жасау туралы болып отыр. Ұзындығы 400 м осындай асқынөткізгіш жолдың үлгісі Жапонияда 1970-жылдары жасалған болатын. Есептеулер көрсеткендей, магнитті жастықшадағы пойыз жылдамдығын 500 км/сағатқа дейін арттыра алады. Мұндай пойыздар рельстің үстінде 2-3 см биіктікте «ілініп тұрады», осылайша ол көрсетілген жылдамдыққа дейін жетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта төзімділігі $5 \cdot 10^{11}$-ге жететін асқынөткізгіш көлемді резонаторлар кеңінен қолданыста. Бір жағынан, мұндай құрылғылар жоғары жиілікті іріктегіштікті алуға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, асқынөткізгіш резонаторлар үдеткіш электрлік өрісті жасауға қажетті, қуатты айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік беретін, асқынөткізгіш үдеткіштерде кеңінен қолданылады.

Асқынөткізгіштікті пайдалану асажылдам электронды-есептеуіш машиналарды жасауға алып келеді. Әңгіме криотрондар – ажыратып-қосқыш асқынөткізгіш элементтер туралы болып отыр. Мұндай құрылғылар асқынөткізгіш еске сақтау элементтерімен оңай үйлесім табады. Киотрондардың қарапайым жартылайөткізгіш құрылғылардың алдындағы ең маңызды артықшылығы стационар күйде энергияға

қажеттілігінің болмауы болып табылады. Джозефсон ауысуын жасағаннан кейін, оларды криотронмен алмастыру туралы ұсыныс болды. Мұндай жүйенің ажыратып-қосқыш уақыты 10^{-12} секундқа жуық болды. Дәл осы артықшылық күшті есептеуіш машиналар жасауға түрткі болады. Бірақ, әзірге мұның бәрі зертханалық үлгіде қалып отыр.

Жоғары температуралы асқынөткізгіштерді кеңінен пайдаланудың преспективалық бағыттары криоэнергетика мен криоэлектроника болып есептеледі. Криоэнергетикада висмут ЖТАӨ материалдар негізінде өте ұзын (бірнеше км-ге жететін) желілер мен кабельдерді жасау әдістемесі жасалған. Осының өзі асқынөткізгіш орамы бар шағын қозғалтқыштарды, асқынөткізгіш трансформаторларды, индуктивтілік катушкаларын және т.б. дайындауға жеткілікті. Осы материалдар негізінде асқынөткізгіш соленоидтар жасалды, ол сұйық азоттың (77 К) температурасында 10000 Гс (1 Тл= 10000 Гаусс) магнит өрісін қамтамасыз ете алады.

Криоэлектроникада сипаттамасы бойынша гелий баламасынан кем емес үлдірлі сквидтерді жасаудың әдістемесі дайындалған. Биомагнитті өрістерді зерттеу үшін ЖТАӨ-ден мінсіз магнитті экрандар алу әдісі игерілді. ЖТАӨ-ден антенналар, тарату желілері, резонаторлар, сүзгілер, жиіліктерді араластырғыштар және т.б. жасалды.

Технологиялық және қолданбалы зерттеулердің қарқыны өте жоғары. Сондықтан, асқынөткізгіштіктің металқышқылдық қосылыстардағы табиғаты анықталмас бұрын, жоғары температуралық асқынөткізгіш-терден бұйымдар жасау өндірісі тезірек дамып кетуі мүмкін. Технология үшін жеткілікті жоғары температурада асқынөткізгіш материалдардың бар болу мәселесі аса маңызды. Алайда, технология саласында белгілі болған ЖТАӨ-терді жан-жақты зерттемей, жоғарғы температуралы асқынөткізгіш-тіктің барлық сырын, ең қызық физикалық құбылыс ретінде түсінбей алға жылжу мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Эффект Джозефсона: Учебно-методическое пособие / Сост. Я.В. Фоминов, Н.М. Щелкачёв. – М.: МФТИ, 2010. – 32 с.

2 Шмидт В.В. Введение в физику сверхпроводников. – М.: МЦНМО, 2000.

3 Корнев В. К. Эффект Джозефсона и его применение в сверхпроводниковой электронике // Соросовский образовательный журнал, том 7, №8. 2001. – С.83-90.

УДК 373.1.013
ГРНТИ 14.25.07

Д.Ә. Сақабай[1], Е.М.Байзакова[2]

[1] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
«Кәсіптік оқыту» мамандығының 4 курс студенті,
Алматы қ., Қазақстан
[2]п.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Математика, физика және информатика институтінің аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Педагогикалық практика - болашақ кәсіптік оқыту маманын кәсіби даярлау жүйесінде басты элемент болып табылады. Педагогикалық практика кезінде студенттер өз мамандығы бойынша пән мұғалімі және бір сыныптың сынып жетекшісі міндетін басшылыққа алып жұмыс істейді. Қазіргі таңда сабақ беруде инновациялық технологияларды және оның әдістерін қолдану маңызды орынға ие болып отыр. Бұл инновациялық технологиялар мен оның әдістерін қолдану оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуі мен олардың өзіндік жеке қабілеттерін ашуына қолайлы жағдай туғызады.

Бұл мақалада педагогикалық тәжірибенің мағынасы, озат педагогикалық тәжірибенің белгілері мен педагогикалық тәжірибеде инновациялық әдістердің қолданылуы, инновация және олардың түрлері мен инновациялық үрдіс және оның өзектілігі мен негізгі мақсаттары, инновациялық үрдісті күшейтетін факторлар, инновациялық оқытудың негізгі ұстаным-дары мен әдістері, студенттердің өзіндік жұмысын орындаудағы жаңа иновациялық әдістер қарастырылған.

Түйін сөздер: педагогикалық тәжірибе, инновация, инновациялық іс-әрекет, инновациялық оқыту, инновациялық үрдіс, озат педагогикалық тәжірибе, модификациялық инновация, комбинаторлық инновация.

Аннотация
Д.А. Сакабай[1], Е.М. Байзакова[2]
[1] студентка 4 курса по специальности «Профессиональное обучение» КазНПУ им. Абая, г.Алматы, Казахстан
[2]к.п.н., старший преподаватель Института Математики, физики и информатики при КазНПУ им.Абая, г.Алматы, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОЕ ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ В ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ПРАКТИКЕ

Педагогическая практика - является основным элементом в системе профессиональной подготовки будущего специалиста профессионального обучения. В педагогической практике студенты руководствуются задачей учитель предмета по своей специальности и класную руководитель одного класса. В настоящее время использование инновационных технологий и его методы в обучении занимает важное место. Применение инновационных технологий и его методы способствует учащихся и учителями творчески работать и раскрыть их самостоятельной индивидуальных способностей.

В статье рассматривается значение педагогической практики, передового педагогического опыта, применение инновационных методов в педагогической практике, виды инноваций и инновационных процессов их признаки, актуальность, а также основные цели и задачи, факторы, усиливающие инновационный процесс, основные принципы и методы инновационного обучения, рассмотрены новые инновационные методы обучения используемые студентами при выполнении самостоятельной работы.

Ключевые слова: педагогическая практика, инновация, инновационная деятельность, инновационное обучение, инновационный процесс, передовой педагогический опыт, модификационная инновация, комбинаторная инновация.

Abstract
Sakabay D.A.[1], Bayzakova E.M.[2]
[1] Baccalaureate Student by specialty «Professional education» at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan
[2] Cand.Sci. (Pedagogical), Senior Lecturer of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

EFFECTIVE USING INNOVATION METHODS OF TEACHING AND TRAINING IN PEDAGOGICAL PRACTICE

Pedagogical practice - is the main element in the vocational training system of the future professional training specialist. In pedagogical practice, students are guided by the task of the teacher of the subject in their specialty and the class leader of one class. At present, the use of innovative technologies and its methods in teaching occupy an important place. The application of innovative technologies and its methods encourages students and teachers to work creatively and reveal their individual individual abilities.

The article discusses the importance of teaching practice, best teaching practices, the use of innovative methods in teaching practice, the types of innovation and innovation processes, their characteristics, the relevance and the main objectives and tasks, the factors that enhance the innovation process, the basic principles and innovative teaching techniques, and considers new and innovative learning methods used by students during independent work.

Key words: pedagogical practice, innovation, innovative activity, innovative learning, the process of innovation, advanced pedagogical experience, Modification innovation, combinatorial innovation.

Қазіргі уақытта еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында кәсіптік оқыту педагогі өз іс-әрекетінің мәнін терең түсінбей, қоғамдық-саяси, арнаулы ғылыми, кәсіби педагогикалық-психологиялық білімдер жүйесін игермей, ол алған теориялық білімін тәжірибемен ұштастырмай, шығармашылық іскерлігінсіз жүзеге асыра алмайды. Педагогикалық тәжірибе болашақ мамандарды педагогикалық іс-әрекеттің алғашқы және аса құнды тәжірибесімен қаруландырады, студенттердің педагогикалық іс-әрекеті кәсіптік жұмысқа дейін-ақ даярлығының көрсеткіші қызметін атқарады. Мұның бәрі студенттердің педагогикалық тәжірибесін жетілдіру проблемасының теориялық және тәжірибелік мәнділігін қамтамасыз етеді.

Болашақ мамандардың кәсіптік білім беру жүйесінде педагогикалық тәжірибесінің алатын орны ерекше. Ол болашақ мұғалімдердің теориялық дайындығын, олардың мектептегі оқу-тәрбие үрдісі барысындағы тәжірибелік қызметін ұштастыруы қажет.

Педагогикалық тәжірибе - студенттерді мамандыққа даярлаудың ең күрделі бөлігі. Сондықтан да мектепте студенттер-практиканттар бірінші күннен бастап мұғалімдер ұжымының мүшесі екендігін сезініп, соның жұмысына бар ынтасымен араласып кетуіне көңіл бөлу керек. Осындай қамқорлық арқасында ғана болашақ мұғалімде педагогтық сезім, нағыз мамандық ерекшеліктері қалыптасады және қазіргі заман талабына сай әрбір жастың болашақтағы қалаған мамандығы туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық тәжірибе барысында студенттердің теориялық дәріс алу кезінде алған білімдері нақтыланып тереңдей түседі, оқу-тәрбиелік тапсырмаларды орындау кезінде психологиялық-педагогикалық және

арнаулы білім одан әрі тереңдетіле түседі. Студент-практиканттарға мектеп өміріндегі негізгі педагогикалық заңдылықтарды қадағалауға жағдай туғызылып, жан-жақты оқу-тәрбие барысында оқушының білімін тереңдету тұжырымдамасын жүзеге асыруды қадағалауға мүмкіндік туғызады және жүзеге асыруға ат салысуға жағдай жасалады [1].

Педагогикалық практика кәсіптік оқыту педагогының кәсіби даярлығы жүйесінде мынадай маңызды қызметтер атқарады: *оқытушылық, дамытушылық, тәрбиелік, диагностикалық.* Осыған орай, кәсіптік мектептегі педагогикалық практика университеттегі теориялық оқыту мен студенттердің оқу-тәрбие мекемелеріндегі өзіндік жұмысы арасындағы байланыстырушы буын болып табылады, студенттерді алғашқы, әрі өте құнды педагогикалық іс-әрекет тәжірибесімен қаруландырады, теориялық білімді бекіту мен тереңдету құралы ретінде қарастырылады.

Педагогикалық практика кезінде студенттер өз мамандығы бойынша пән мұғалімі және бір сыныптың сынып жетекшісі міндетін басшылыққа алып жұмыс істейді. Педагогикалық практиканың ерекшелігі жоғары оқу орнында алған теориялық білім негіздерінің мектеп тәжірибесінде жүзеге асуы, мағынасының тереңдеуі және студенттің өз бетімен жұмыс істеуінің жоғарылауы [2].

Озат педагогикалық тәжірибе сөзін түрліше түсінеміз. Кең мағынада озат педагогикалық тәжірибе-мұғалімнің шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі. Мұғалімнің тәжірибесінде жаңалық болмауы мүмкін, бірақ ол ғылымда белгілі ұстанымдарды, әдістерді табысты түрде пайдаланып, басқа мұғалімдерге үлгі болып, озат тәжірибесі басқа мектептерге таратылады.

Педагогикалық тәжірибенің тар мағынасы: шығармашылық ізденіс, жаңалығы бар тәжірибе, жаңашылдардың тәжірибесі. Мұндай педагогикалық тәжірибе өте құнды, себебі, ол мектеп тәжірибесіне жаңалық енгізеді. Сондықтан бірінші кезекте осы тәжірибені талдап, баға беріп, тарату керек. Жай шеберлік пен жаңашылық арасындағы айырмашылық қиын, себебі, мұғалім ғылымда белгілі ұстанымдар мен әдістерді қолданып, қол жеткен жетістіктермен шектелмейді, жаңа әдістер мен дәстүрлі әдістерді тиімді етіп ұштастырып, бірте-бірте жаңашылдыққа ұласады. Соның негізінде кез келген жақсы тәжірибені мектептің тәжірибесіне енгізуге болады, ал жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибелерін жан-жақты талдап, қорытындылап тарату керек. Озат тәжірибенің белгілері және оға қойылатын талаптар мыналар*: Бірінші белгісі* – қоғам дамуының бағытына, әлеуметтік сұранысқа сәйкестігі. Озат мұғалімдер мен білім беру ұйымдарының қызметкерлері өмір талаптарына сай жұмыс істеп, педагогикалық үрдісті жетілдірудің тиімді жолдарын табады. Озат тәжірибенің *екінші белгісі* - педагогикалық қызметтің тұрақты, жақсы нәтижелері. Педагогикалық «өнім» - оқушылардың білім, іскерлік, дағдыларының, жалпы дамуының, тәрбиелігінің деңгейі. Озат тәжірибенің *үшінші белгісі*-оқыту, тәрбие, дамуда тұрақты, жақсы нәтижелерге жету үшін мұғалімдер мен оқушылардың өз күштері және құралдарын орнымен жұмсауы.

Жаңалық - озат тәжірибенің *төртінші белгісі.* Педагогикалық озат тәжірибе оқу- тәрбие жұмысын үнемі дамытып және жетілдіріп отырады [3].

Инновация - педагогикалық үрдіске оқыту мен тәрбиенің жаңа тұжырымдамаларын, оқу жоспарларын және бағдарламаларын, түрлерін, әдістерін, құралдарын енгізіп, мақсатқа жету. Инновациялық үрдіссіз мектептің дамуы мүмкін емес.

«Инновациялық оқыту» дегеніміз не? « *Инновация»* сөзі латын тілінен аударғанда « жаңалау, жаңашыл немесе өзгеріс» деген мағынаны білдіреді. 1957-1964 ж. он жылдық тарихқа американдық білім жүйесіндегі инновациялар жаңа өзгерістер кезеңі ретінде енеді [4].

Инновациялық үрдіс дегеніміз- жаңашылдықтың құрылымы, мазмұны және жаңашылдықты ұйымдастыру. *Инновациялық үрдістің басты түсінігі* – кешенді іс-әрекет қалыптастыру, игеру, жаңашылдықты пайдалана білу. Қазіргі кезде заман талабына сай жаңа ақпараттық технологияларды мультимедиа, интернет жүйесі арқылы пайдалану ерекше дамыған. Инновациялық әдістерді енгізуде электрондық оқулықты пайдалану өте тиімді. Инновациялық технологияларды қолдану оқушыға оқыту үрдісінде пайдасын тигізеді.

Инновациялық оқытудың өзектілігі мыналардан тұрады:

– Білім берудің жүйесінде авторитарлық стильді формализм деп қарау.
– Білім берудің ізгіліктік тұжырымдамамен сай келуі.
– Оқытуда негізгі бағыттарды пайдалану.
– Оқушының әлеуметтік шығармашылығын ашуды іздеу.

Инновациялық оқытудың негізгі мақсаттары мыналар:

– Оқушылардың интеллектуалды, коммуникативті, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
– Оқушылардың жеке басының сапасын қалыптастыру.
– Әртүрлі ойлау қабілеттерін жетілдіру.

Инновациялық оқытудың негізгі технологияларына жататындар: дамыта оқыту, проблемалық оқыту, ойлау қабілеттерін дамыту; дифференциалдық оқыту; сабақ жүйесінде жетістіктерге жетуді тудыру.

Инновациялық оқытудың негізгі ұстанымдары: а) креативті (шығармашылығын дамыту); ә) жүйесін игеру; б) дәстүрден тыс сабақ формалары; в) көрнекіліктерді пайдалану.

Осы заманғы жаңа инновациялық технологияларда, педагогикалық технология - практикада іске асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы.

Инновациялық технологиялар арқылы пәнді оқытқанда мынадай тиімді әдістерді қолданған абзал:

– тірек конспектісі;
– миға шабуыл;
– топтық пікірталас;
– кластерлеу;
– кілтті терминдер;
– дидактикалық ойындар;
– мәтінді зерттеу;
– мәтінмен жұмыс;
– үй тапсырмасының дәстүрден тыс формалары.

Инновациялық мектептің мақсаты - жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Н.Нұрахметов инновацияны мынадай топтарға бөледі:

– білім мазмұнындағы инновация;
– оқу-тәрбие үрдісінің әдістемесі, технологиясы, түрі, әдістері және құралдарындағы инновация;
– мектептегі басқару жүйесіндегі инновация.

Жаңалықтан кейін болған өзгерістердің сипатына қарай топталған инновацияның түрлері мынадай болады:

– Жеке, бір-бірімен байланысы жоқ.
– Модульдік (бір-бірімен байланысты) бір-біріне жақын пәндерге және жас деңгейлері бірдей оқушы-ларменн жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарына енгізілген жаңалықтар;
– Жүйелі: барлық мектептерде болатын өзгерістер.

Инновацияның түрлері: модификациялық, комбинаторлық, түбірлі. *Модификациялық инновация* -педагогикадағы әдіс-тәсілдерді жетілдіру. Мысалы, А.С. Макаренконың қиын балаларды тәрбиелеу әдістерін А.Ысқақов осы заманға лайықтап қолданды. *Комбиноторлық инновация* - белгілі әдістердің элементтерін бір-біріне қосу. Инновацияның бұл түрін қазіргі кезде тілдерді оқыту әдістемесімен айналысатын ғалымдар қолдануда. *Түбірлі* - мектепке білімнің мемлекеттік стандарттарының енгізілуі [5].

Инновациялық іс-әрекет – қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына сай мектеп жұмысын дамытатын, мектеп өміріне оң өзгерістер әкелетін іс-әрекет.

Инновациялық үрдістің кезеңдері:

– инновацияның себептер;
– жаңалықты жобалау;
– жаңалықты жүзеге асыру.

Инновациялық үрдісті күшейтетін бес фактор бар:

– мектеп басшыларынң шығармашылығы, оқытудың жаңа технологияларын жасауға қабілеттілік, педагогикалық үрдіске қатысушылардың бір–бірімен өзара әрекеті және қарым-қатынасы;
– инновациялық үрдістің жоспары, бағдарламасы;
– бағдарлама, жоспар бойынша мектепке ғалымдардың кеңес беруі, керек жағдайда инновациялық үрдіске түзетулер енгізуі. Жоспарда нәтижелерге жетуге ықпал ететін жағдайларды көрсетіп, сәтсіздік болғанда, оны жоятын шараларды белгілеу;
– әлеуметтік-экономикалық жағдай;
– инновациялық үрдіске қатысушылар: бастама көтерушілер, көмектесушілер, қарсы тұрушылар.

Инновациялық әдістердің ең негізгілерінің бірі - *«Интерактивті оқыту әдісі»* (ағыл.Interaction – өзара әрекеттесу, бір-біріне әсер ету). Ең негізгі қағидасы-педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып, дамыту.

Жалпы интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдалана отырып, көптеген сабақ түрлерін өткізу, студенттің бойында қызығушылық, белсенділік, танымдық, ізденушілік, табыстылық сезімдері мен қасиет-терін қалыптастырады, бұл өз кезегінде студенттің сабақ барысында белсенділігін оятады. Интерактивті тақта студенттің барлығына оқу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Сабақ барысында интерактивті тапсырмаларды үй тапсырмасын тексеру және жаңа тақырыпты түсіндіру барысында да тиімді пайдалануға болады.

Сондай-ақ, интерактивті құралдарды сабаққа пайдалану дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:

– Пән бойынша базалық білімді меңгеру.
– Алған білімді жүйелеу.

– Өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру.
– Жалпы оқуға деген ынтасын арттыру.
– Студенттерге оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру [6].

Студенттердің өзіндік жұмысын орындауларында келесі жаңа әдістерді қолданудамыз:

«Тал (ағаш) түріндегі шешім» әдісі - қойылған сұраққа тек бір жақты жауап беру мүмкін болмаған жағдайда, жағдайдың шешімін қабылдау үдерісін тиімді ету мақсатында қабылданатын техника. Әдістеме жағдайларды талдау кезінде қолданылады және оның себептерін толық түсінуге көмектеседі.

Интеллект-карта әдісі - ойлау үдерісінің графикалық бейнесі. Құрылымдандырылған материалдың графикалық шешімінің негізі - нейронның құрылымы ретінде іске асырылады. Назар қойылатын объект бейненің ортасына, ал одан таратылатын тармақтар сызық ретінде нақты сөздермен жазылады немесе бейнемен белгіленеді. Олардан туындайтын екінші ой әрі қарай тармақтала береді. Бұл әдіс аудиториядан тыс, мысалы студенттің өзіндік жұмысы ретінде қолданылады.

Білім алушының жеке жетістіктерін бағалау әдісіне портфолионы жатқызамыз. Портфолио сөзі итальяндық «құжаттар папкасы», «маман папкасы» деген мағынадағы сөзінен алынған. Білім алушының портфолиосы тек оқу үдерісіндегі ғана емес, сонымен қатар, белгілі бір уақыт аралығында жеке жетістіктері (нәтижелері) туралы толық ақпарат береді. Портфолионы қолдана отырып, оқытушы:

– студенттерді таңдаған бағытындағы өз мүмкіндіктерін үздіксіз жаңғырту;
– студенттердің өз нәтижелеріне және оны іске асыру әдістерін коррекциялау арқылы өзін-өзі бағалауын іске асыру;
– білім алушының оқумен байланысты және байланыссыз мүмкіндіктерін жүзеге асыруын мотивациялау;
– білім алушының жеке жетістіктері мен теріс нәтижелерінің қозғалу динамикасын бағалау;
– білім алу нәтижелерінің есеп бере алмаған тұстарын бекіту мүкіндіктеріне ие болады.

Портфолио студент жұмыстарының (проектілі, зерттеу, бақылау және творчестволық-эссе және т.б.), оның жұмыстары туралы оқытушылардың мінездемесі мен пікірлері, сонымен бірге, белсенділік танытқан басқа аймақтардағы оның нәтижелерін дәлелдейтін құжаттар жиынтығынан тұрады. Портфолионың құрамына енетін барлық компоненттер сапалық та, сандық та, ұпай түрінде де бағалана алады.

Эссе - оқыту әдісі. Эссе - бұл жеке тапсырмалар бойынша және де тақырыпқа нақты бәсеке бола алмайтын ойлар мен жеке қабылдаудан тұратын, аз көлемді және еркін композициялы прозаикалық туынды (шығарма). Эссенің негізгі белгілері:

– шағын көлемді;
– нақты жағдай;
– оны ашық түрде тұлғалық ойлау;
– еркін композиция;
– пародоксалдылық және афористтілік;
– сөйлеу интонациясы мен лексика [7].

Қорыта айтқанда, педпрактика барысында бүгінгі студент-болашақ маман кәсіби бағыт-бағдар алып, заман мен қоғам талабына сай байсалды да, байыпты азамат болып қалыптасуы сөзсіз.

Педагогикалық практиканың білікті де, білімді мамандар әзірлеуде, бәсекелестікке қабілетті зиялы қауымды даярлаудағы маңызы орасан зор. Педагогикалық қызметтің басты мақсаты - студенттермен оқу-тәрбие ісінде жаңа педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалану болып табылады. Ол үшін жаңа технологияларды игеру және оны шығармашылықпен дамыту, инновациялық технологиялармен білім беру керек. Сонда ғана қабілетті мамандар дайындай аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Иманқұлова Л. «Қазақстан мектебі» , №7., 2012 ж. – (65 б.) 36-38 б.
2 «Қазақстан жоғары мектебі» № 2, 2012 ж. Байзакова Е:М. Сақаева Ұ. « Педагогикалық практиканың болашақ мұғалімді даярлаудағы рөлі». – (310 б.) 143-145 б.
3 Сексенбаева С. « Қазақстан мектебі», №6,. 2016 ж. –(65б.) 25-29 б.
4 «Хабаршы (Вестник)» Абай атындағы ҚазҰПУ, «Физика-математика ғылымдары» сериясы №3(27), Алматы 2009 ж. Байзакова Е.М. М. Әділ « инновациялық оқытудың түрлері және қашықтықтан оқыту технологиясының өзектілігі». – (195 б.) 43-46б.
5 Сексенбаева С. «Білім технологиялары», №2., 2014 ж. – (65б.) 5-6б.
6 Серікбаева Р. « Қазақстан мектебі», №5., 2012 ж. – (65б.) 41-42б.
7 Республикалық ғылыми журнал» «Оңт.үстік Қазақстан ғылымы мен білімі» №1 (92) 2012 ж. (157б.) 32-35б.

ӘОЖ 539.186:537; 539.196:537
ҒТАМР 29.29.39

З.М. Тастамбекова[1], А.С. Дробышев[2]

[1]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Физика мамандығының магистранты, Алматы қ., Қазақстан
3 ф.-м.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Эксперименталды және теоретикалық физика ғылыми-зерттеу институтының профессоры, Алматы қ., Қазақстан

АЗОТ КРИОМАТРИЦАСЫНДА СУ КРИОКОНДЕНСАТЫНЫҢ ПОЛИМОРФТЫ ЖӘНЕ ПОЛИАМОРФТЫ АЙНАЛЫМДАРЫ

Аннотация

Зерттеу жұмысында азот криоматрицасында орналасқан азот-су қоспасынан тұратын біртекті жүйенің криоконденсациясы жүргізілді. Төсеніш бетінде конденсацияланууға ұшырайтын су молекулалаларының нанокластерлері бірігіп, димер және мономер су молекулаларынан айтарылықтай мөлшерге ие полиагрегаттар түзіледі. Әмбебап вакуумды спектрофотометр көмегімен азот криоматрицасындағы су молекулаларының арасындағы және молекулаішілік байланыстардың (валентті және деформациялық тербелмелі) қасиеттері орнатылды. Екі диапазондағы температураның криоконденсация үрдісіне әсері ИҚ-спектрометр көмегімен алынған жұтылу жолақтарындағы мәліметтер арқылы көрінеді. Су молекулаларының квазиеркін күйде болуы молекулалар арасындағы сутектік байланыстардың түзілмеуінің әсерінен туындағанын алынған мәліметтер толықтырды.

Түйін сөздер: ИҚ-спектрлер, криоконденсат, полиморфизм, криоматрица, валентті және деформациялық тербелістер.

Аннотация
З.М. Тастамбекова[1], А.С. Дробышев[2]
[1]магистрант по специальности Физика КазНУ им.фль-Фараби, г.Алматы, Казахстан
[2]д.ф.-м.н., профессор Научно исследовательского института экспериментальной физики при КазНУ им.аль-Фараби

ПОЛИМОРФНЫЕ И ПОЛИАМОРФНЫЕ ПРЕВРАЩЕНИЯ КРИОКОНДЕНСАТОВ ВОДЫ В КРИОМАТРИЦЕ АЗОТА

В данном исследовании была проведена криоконденсация однородной системы, состоящей из смеси азот-вода, в криоматрице азота. Молекулы воды, образуя нанокластеры, конденсируются на подложку, в результате чего мономеры и димеры воды образуют полиагрегаты в значительном количестве. С помощью универсального вакуумного спектрофотометра установлены свойства между молекулами воды в криоматрице азота и внутримолекулярными связями (валентные и деформационные колебания). Влияние температуры, взятой в двух интервалах, на процесс криоконденсации видно из данных на спектрах поглощения, полученных с помощью ИК-спектрометра. Получены данные о существовании квазисвободных молекул, обусловленных отсутствием межмолекулярной водородной связи.

Ключевые слова: ИК-спектры, криоконденсат, полиморфизм, криоматрица, валентные и деформационные колебания

Abstract

POLYMORPHIC AND POLYAMORPHIC TRANSFORMATIONS OF WATER CRYOCONDENSATES IN NITROGEN CRYOMATRIX

Tastambekova Z.M.[1], Drobyshev A.S.[2]
[1]Student of Master Programme in Physics, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan
[2]Dr. Sci. (Phys-Math), Professor of the Institute of Experimental and Theoretical Physics at al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan

In this study, cryocondensation of a homogeneous system consisting of a nitrogen-water mixture in nitrogen cryomatrix was carried out. Water molecules, forming nanoclusters, condense on the substrate, as a result of which monomers and water dimers form polyaggregates in a significant amount. Using a universal vacuum spectrophotometer, the properties between water molecules in nitrogen cryomatrix and intramolecular bonds (valence and deformation vibrations) are established. The effect of the temperature taken in two intervals on the process of cryocondensation is seen from the data on the absorption spectra obtained with the help of an IR spectrometer. Data are obtained on the existence of quasi-free molecules due to the absence of an intermolecular hydrogen bond.

Key words: IR spectra, cryocondensate, polymorphism, cryomatrix, valence and deformation oscillations

Кіріспе

Әр түрлі газдардың криоматрицасындағы су молекуласының тербелмелі спектрлері ұзақ жылдар бойы зерттелуде [1]. Олар сутектік байланысқан жүйелердің кластер түзу механизмі туралы, сонымен қатар, су молекулаларының қатысуымен жүретін күрделі комплекстің түзілуі туралы ақпатартты алуға бағытталған [2]. Біртекті жүйелер үшін судың криовакуумды конденсаты жоғары деңгейдегі полиаморфтық және полифорфтық қасиетке ие [3]. Терең зерттелген конденсациялану температурасы 10-200 К аралығында судың қатты күйі үш аморфтық күйде болады: жоғары тығыздыққа ие, төмен тығыздыққа ие және баяу қозғалғыштық; екі кристалдық торға (кубтық және гексоганальды) ие, сонымен қатар, аса тұтқыр - аса суытылған сұйықтық күйі (Tg = 137 К). Өмір сүру уақыты мен температураға тәуелді судың осы күйлерінің өзгеруін зерттеу соңғы 10-15 жылда қарқынды жүргізілуде. Біз ИҚ-спектрінде судың жұқа қабатының оптикалық қасиетін зерттеп, үлгідегі термореттелген құрылымдық трансформациялардың тербелмелі спектрге әсері анықталды. Жүргізілген жұмыстарымыздың жаңа бағыты, әр түрлі газдардың криоматрицасындағы (көбінесе, азот) судың әлсіз ерітінділерін зерттеу болып табылады. Шекті аз концентрациялар бойынша классикалық криоматрицалық оқшаулану бағытынан [4] зерттеу жұмысымыздың ерекшелігі – концентрациясы айталықтай жоғары ерітінділерді зерттеу болып табылады. Бұл зерттеуіміздің аспектілердің бірі – азот матрицасының булануынан кейінгі су молекулаларының төсенішке реконденсациялану үрдісі мен төсеніште түзілген реконденсаттардың [5] оптикалық қасиетін зерттеу жұмыстарымен байланысты. Біздің басты мақсатымыз, матрицаның температура өзгерісіне су молекуласының әр типті тербелісі қалай әсер ететіні туралы болып табылмақ. Су молекуласының атом матрицасындағы күйі туралы ақпаратты алу әдістемесінің негізінде су молекуласының азот молекуласымен байланыспаған күйіндегі жұтылу жолақтарының амплитудасының талдауы жатыр.

Эксперименттік бөлім

Әрбір экспериментте су буының (таза H_2O, таза D_2O немесе екеуінің қоспасы) белгілі бір мөлшері (50 ммоль) алдын-ала тазаланған N_2 газымен белгіленген мольдік қатынасты М/А (N_2/су) сақтай отырып, толықтай араластырылды. Бұл газдар қоспасы минутына шамамен 50 ммоль жылдамдықпен ағын жүйесі көмегімен вакуумды камераға жіберілді. Матрицалық ұяшықтың температурасы 30 К және 4К арасында болды. Эксперимент кезінде пайдаланған қондырғының сызбасы 1-суретте көрсетілген. Қондырғының басты өзегі диаметрі мен биіктігі 450 мм болатын цилиндрлі вакуумды камера (1) болып табылады. Вакуумды камерадан ауаны шығару бекітпемен CFF-100 (3) байланысқан турбомолекулярлы сорғы Turbo-V-301 (2) көмегімен жүзеге асырылды. Форвакуумды сорғы ретінде құрғақ спиральды сорғы SH-110 қолданылды. Камерадағы вакуум шамасы $P = 10^{-8}$ Торр шамасына жетті. Камера ішіндегі қысымды өлшеу бақылаушысы AGC-100 бар кең диапазондағы қысымды өлшейтін тетік FRG 700 (4) арқылы орындалды. Камераның ортасына дискісінде азот пен су буының қоспасын конденсациялайтын құрастырылған айналы төсеніші (6) бар Гиффорд–Мак-Магон микрокриогенді салқындатқыш жүйесі (5) орналастырылды. Төсеніш жұмысшы қабаты күміспен қапталған мыстан жасалды. Төсеніштің диаметрі d = 60 мм. Минималды конденсациялану температурасы Т=12 К. Температураны өлшеу бақылаушысы М335/20с бар кремнийлі тетік ДТ 670-1.4 көмегімен орындалды. Конденсацияның жылдамдығы мен қалыңдығын фотоэлектронды көбейткіш P25a-SS-0-100 (7) негізіндегі екі сәулелі лазерлі интерферометрмен жүзеге асырылды. Perkin-Elmer 521 спектрофотометріндегі ИҚ-спектрлерінің (8) жұтылу жолақтарының спектрлері 400-4200 $см^{-1}$ жиілігі аралығында өлшенді.



Сурет 1. Эксперименталды қондырғының сызбасы: вакуумды камера (1); турбомолекулярлы сорғы Turbo-V-301 (2); вакуумды бекітпе CFF-100 (3); қысымды өлшейтін тетік FRG-700 (4); Гиффорда–Мак-Магон микрокриогенді салқындатқыш жүйесі (5); төсеніш (6); лазерлі интерферометр (7); ИҚ-спектрлерінің оптикалық каналы (8); ИҚ-спектрометр (9); ағын жүйесі (10)

Экспериментті орындау реттілігі төмендегідей. Вакуумды камераны қысым P = 10^{-8} Торр болғанша сорғыланды, содан кейін төсеніштің ластануының алдын алу үшін қорғаныш қабатпен жауып, температураны T = 12 K дейін суытылды. Ағын жүйесі (10) көмегімен камера ішінде қоспаның жұмысшы қысымы P = 10^{-5} Торр орнатылды, төсеніш ашылып, екі сәулелі лазерлі интерферометрмен бақылай отырып, қабаттың криотұну үрдісі жүре бастады. Үлгідегі қабаттың қалыңдығы 25-30 мкм болған кезде, газдың жіберілуі тоқтатылды, камерада P = 10^{-8} Торр қысым орнатылды. Ары қарай үлгінің тербелмелі спектрлері өлшенді, ары қарай ИҚ-спектрометрге (9) ν =1260 $см^{-1}$ жиілігін орнатып, конденсациялану температурасына T = 16 K тең болатын тұрақты температурада 30-40 минут бойы интерферометрдің сигналы өлшеніп отырды. Сөйтіп, тұрақты температурадағы үлгінің күйі талданды. Ары қарай өлшеу екі әдіспен жүзеге асырылды. Бірінші жағдайда, үлгі температурасы 0,5-1 K көтерілді және нәтижелер тіркеліп отырды. Бұл кезде интерферометрдің сигналы байқалған толқын жиілігінде өлшенді. Екінші жағдайда, үлгі 1,35 - 1,45 K/мин жылдамдықпен қыздырылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Осы зерттеу жұмысында зерттеу нысаны таза су болып табылады. Дегенмен, ерітінді құрамының матрицадағы үрдістерге әсері зерттелген жоқ. Әртипті молекулаішілік тербелістердің азот матрицасын қыздыруға әсері мақсат болып табылды. Сөйтіп, матрица ішіндегі сәйкес кластерлердің OH-байланысының деформациялық және валентті тербелістерінің күйі қарастырылды. Зерттеу жұмысына тазалығы 99,92 % болатын су мен 99,96 % газды азот қолданылды. Зерттеудің басты тапсырмасы матрицадағы судың полиагрегатының тербелмелі спектрлеріне азот матрицасының температурасының өзгерісін анықтау болып табылды. Матрицадағы судың концентрациясы 3% құрады және конденсациялану температурасы 16 K, конденсациялау қысымы P=10^{-4} Торр, ал үлгілер қалыңдығы d=50 мкм болды. Алынған мәліметтерді қарастыру оңтайлы болу үшін екі температуралар аралығына бөлінді - (16-24 K) және (26-32 K). 16-24 K температурасы аралығындағы үлгілердің шағылысу спектрлері 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2. Азот матрицасындағы 16-24 K температура аралығындағы судың шағылу спектрлері бойынша алынған мәліметтер: судың деформациялық тербеліс жиілігінің диапазоны (сол жақтағы сурет), сутектік байланысқан күйлері (ортаңғы сурет) және квазиеркін валентті симметриялық және асиметриялық тербелістері (оң жақтағы сурет)

Судың деформациялық тербеліс жиілігінің диапазоны бойынша алынған мәліметтер (сол жақтағы сурет), сутектік байланысқан қосылыстар (ортаңғы сурет) және квазиеркін валентті симметриялық және асиметриялық тербелістер (оң жақтағы сурет) көрсетілген. Температура аралығы 26 - 32 K болатын ұқсас мәліметтер 3-суретте көрсетілген.

Келтірілген мәліметтерден көрініп тұрғандай, шағылысу спектрлері судың матрицалық-оқшауланған күйіне тән ерекшеліктерге ие. Әсіресе, деформациялық тербелістің жиілігі диапазонында (сол жақтағы сурет) максимум шамасы υ=1584 cm^{-1} және υ=1604 cm^{-1} болатын екі жұтылу жолақтары бар. Бірінші жұтылу жолағы [6] сәйкес қатты азоттағы судың мономерлерінің деформациялық тербелістеріне тән. Ал жұтылу жолағы υ=1604 cm^{-1} матрицадағы судың полимерлеріне тиісті екендігін байқауға болады. Осы жағдайда, төсеніштегі температура артқан сайын, мономерлердің тербеліс амплитудасының монотонды азаюы полимерлердің жұтылуының қарқындылығымен қатар жүреді. 2- және 3-суреттердің орталық

бөлігінде О-Н байланысының сутектік байланысқан күйлерінің тербеліс жиілігінің диапазоны келтірілген. Осы аралықтағы спектрлер мен олардың [7] сәйкес келуі үлгіде әртүрлі масштабтағы полиагрегаттардың бар екендігі туралы болжам жасауға мүмкіндік береді. Тербеліс жиілігі υ=3234 cm^{-1} квадромерлерге сәйкес келсе, тербеліс жиілігі υ=3330 cm^{-1} полимерлерге, ал υ=3526 cm^{-1} шыңы димерлерге сәйкес келеді. Аталған зерттеу жұмысында біз үлгінің кластерлік құрамын толықтай талдауды жоспарламадық. Айта кететін маңызды ақпарат, матрицаның температурасын көтеру төмен температураның өзінде осы аралықтағы тербеліс жиілігі диапазонында спектрлердің трансформациясына әкеледі.



Сурет 3. Азот матрицасындағы 26-32 К температура аралығындағы судың шағылу спектрлері бойынша алынған мәліметтер: судың деформациялық тербеліс жиілігінің диапазоны (сол жақтағы сурет), сутектік байланысқан күйлер (ортаңғы сурет) және квазиеркін валентті симметриялық және асимметриялық тербелістері (оң жақтағы сурет)

2- және 3-суреттер бойынша оң жақтағы суретте байланыспаған күйдегі су молекулаларының валентті тербеліс жиілігінің диапазонының жұтылу спектрлері көрсетілген. Шамасы υ=3653 cm^{-1} болатын жұтылу жолақтарының максималды мәні су молекуласының сызықты димерінің квазиеркін тербелісіне тән. Шамасы υ=3712 cm^{-1} және υ=3742 cm^{-1} тербеліс жиілігіндегі қос жұтылу жолағы байланыспаған күйдегі су молекулаларының симметриялы және асимметриялы валентті тербелісіне сәйкес келеді.

Жиілік максимумы υ=1583 cm^{-1} болатын деформациялық тербеліс амплитудасы матрицаны қыздырудың басынан бастап монотонды азаюды көрсетеді. Мономерлерінің валентті асимметриялық тербелісіне сәйкес жилігі бар υ=3740 cm^{-1} жұтылу жолақтары да өздерін солай көрсетеді. Осы жағдайларда валентті симметриялық тербеліс амплитудасы υ=3712 cm^{-1} жиілігінде температура аралығы 16-30К мәндерінде тұрақты қалады.

4-суретте келтірілген жиілік максимумы υ=1605 cm^{-1} болатын жұтылу амплитудасы өзгерісінің термограмммасы азот матрицасындағы су полиагрегаттары санының өзгерісіне тән болуы мүмкін.



Сурет 4. Судың квазиеркін молекулаларының валентті және деформациялық жиілігіндегі амплитуданың термостимулдық өзгерісі

Матрицаның T=33 K кезіндегі булануы судың матрицадан реконденсация үрдісі кезіндегі төсенішке орнығу кластерлерінің санының бірден азаюына әкеледі. Бұл матрицаның булануы кезіндегі құрамның өзгеруі мен кластерлердің өзіндік жинақталуымен және сол кластерлердің төсенішке конденсациясымен байланысты.

Қорытынды

Байланыспаған су молекуласы мен ауыр суға тән жұтылу жолақтарындағы тербеліс жиілігі қарастырылған жүйеде судың димері немесе мономері болуы мүмкін екендігін білдіреді. Бұл кезде, осы жиіліктегі жұтылу амплитудасының өзгерісі мономер мен димерлердің өте үлкен агрегаттарға біріккендігін көрсетеді. Дегенмен, мұндай көзқарас келесідей түсіндіріледі. Азоттың балқу температурасы келтірілген жағдайда T=38 K [8]. Ал қарастырылған температура аралығында (16-32 K) азот кубтық торы бар кристалық күйде болады. Сонымен қатар, әр түрлі жиілікте жұтылу амплитудасын ауыстыру әр түрлі өзгерістерге ұшыратады. Осы кезекте төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

1) Аталған параметрде түзілген азот криоматрицасындағы су кластерлері ірі полиагрегат жүйесіне ие. Су молекулаларының байланысқан күйіндегі аралық жұтылу жолақтары осыны көрсетеді. Бұл бірінші кезекте газды азоттағы су буының концентрациясының жоғары болуымен байланысты, матрицалық изоляция мен су-азот әлсіз қатты ерітіндісінің конденсациясын айтуға болады. Су мен ауыр судың сутектік байланысқан тербеліс жиілігі аралығындағы жұтылу жолақтарының жұқа құрылымы азот матрицасында құрылымдық параметрлері қалыптасқан кластерлер бар екендігін көрсетеді. Матрицаның температурасын көтеру полиагрегаттардың тұрақты формаға бірігуіне әкеледі, қарастырылған жолақтардың жұқа құрылымының өзгерісі осыны дәлелдейді. Бұл үрдістердің әр түрлі тербеліс жиілігіндегі термограмманың сатылы сипаты арқылы дискретті екендігін байқауға болады.

2) Матрицаны қыздыру кезіндегі әр типті тербелулер (деформациялық және валентті) өздеріне тән ерекше сипатта болады. Су мен ауыр судың байланыспаған валентті тербелулері көлемдік кристалдық құрылымға құралуы үшін айтарлықтай энергия керек. Сондықтан температураның кең аралығында бұл тербелістердің жұтылу амплитудасының мәні тұрақты болады. Ал квазиеркін молекулалардың деформациялық тербелісіне келсек, олар жоғары энергияны қажет етпейтін молекулаішілік протонды туннелдену есебінен байланысқан күйге өтеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Bjerrum N. Structure and properties of ice // Science. – 1992. –Vol.115, №2989. –P. 385-390. - статьи из журнала

2 Bertie J.E., Whalley E. Infrared spectra of ices II, III and V in the range of 4000-350 cm^{-1} // J.Chem.Phys. – 1964. – Vol. 40, №8. – P. 1637-1645. - статьи из журнала

3 Parent Ph., Laffon C., Mangeney C., Bournel F., Tronc M. Structure of water ice surface studied by x-ray absorption spectroscopy at the O K- edge // J. Chem. Phys. – 2002 – Vol.117 – P.10842. - статьи из журнала

4 Sivakumar T.C., Rice S.A., Sceats M.G. Raman spectroscopic studies of the OH stretching region of low density amorphous solid water and of polycrystalline ice Ih // J. Chem. Phys. – 1978 – Vol.69 – №8. - P.3468-3476.

5 Зацепина Г.Н. Физические свойства и структура воды. – М.: Изд-во Московского университета, 1987. – 171 с.

6 Ediger M.D., Angell C.A., Nagel R. Supercooled Liquids and Glasses // J.Phys.Chem. – 1996. – Vol.100. – P.13200-13212.

7 Кукушкин С.А., Осипов А.В. Процессы конденсации тонких пленок // УФН. – 1998. – Т. 168, №10. – С. 1083 – 1116.

8 Bader R.F.W. IR-spectra and interaction potential of ice // Can. J. Chem. – 1964. – Vol. 42. – P. 1822-1835.

ӘОЖ 621.32; 628.9.02/.04
ҒТАМР 45.51.29

С.М. Тезекеев[1], Ж.Н. Бекмуратова[2]

[1]Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Математика, физика және информатика институтының аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан
[2]Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Физика мамандығының студенті,
Алматы қ., Қазақстан

ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМДАРДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада жарықдиодты шамдардың жарық сипаттамаларын басқа шамдармен салыстыра отырып қарастырылады. Есептеулер бойынша жарықдиодты шамдардың басқа шамдарға қарағанда энергияны қаншалықты үнемдейтіндігін, жұмсалатын қаржы көлемін анықтадық. Олардың қызмет мерзімі ұзақ екендігіне көз жеткіздік. Шамдардың көзге тигізетін әсерлерін қарастырдық. Мақаламызда үйге және көшеге қандай жарықдиодты шамдарды пайдалануға болатындығы жайында ұсыныстар айтылды. Қыздыру шамының, люминесценттік және жарықдиодты шамдардың интегралдық шығару спектрлерін салыстыру үшін ЗС1 және СЗС16 жарық сүзгіштері мен қоса Ю-117 люксметр құралын қолдандық. Жарық сүзгіштерінің, жарық өткізу коффициенті бойынша адам көзіне неғұрлым жағымды жарықдиодты шамдардың түс температурасы 3000 ^{0}К-ге дейін екендігі анықталды. Мақалада есептеулер арқылы қыздыру шамдарының орнына жарықдиодты шамдарды қолдану бізге алты жарым айдан кейін үнемділік бойынша ұтыс бере бастайтыны дәлелденеді.

Түйін сөздер: жарықдиод, люксметр, жарық сүзгіштері, жарықтылық, спектр, қыздыру шамы, люминесцентті шам

Аннотация

С.М. Тезекеев[1], Ж.Н. Бекмуратова[2]
[1]старший преподаватель Института Математики, физики и информатики при КазНПУ им.Абая,
г. Алматы, Казахстан
[2]студентка по специальности Физика КазНПУ им.Абая, г.Алматы, Казахстан

ПРЕИМУЩЕСТВА И НЕДОСТАТКИ СВЕТОДИОДНЫХ ЛАМП

В статье световые характеристики светодиодных ламп рассматриваются в сравнении с другими лампами освещения. Показано, насколько энергетический экономичны светодиодные лампы в сравнении с другими лампами освещения, а также обьемы финансовых затрат в процессе эксплуатации. Убедились в их длительном сроке службы. Рассмотрели влияние ламп на зрение. В статье приводятся рекомендации по применению светодиодных ламп для бытового и уличного освещения. Для сравнения интегральных спектров испускания ламп накаливания, люминесцентных и светодиодных ламп использовали светофильтры ЗС1 и СЗС16 совместно с люксметром Ю-117. По коэффициентам пропускания света через светофильтры установили, что наиболее благоприятны для зрения человека светодиодные лампы с цветовой температурой до 3000 ^{0}К. В статье строго доказывается расчётами, что использование светодиодных ламп, вместо ламп накаливания даёт экономическую выгоду начиная с шести с половиной месяцев и далее в разы.

Ключевые слова: светодиод, люксметр, фильтры, освещенность, спектр, лампа накаливания, люминесцентная лампа

Abstarct

ADVANTAGES AND DISADVANTAGES OF LED LAMP

Tezekeyev S.M.[1], Bekmuratova Zh.N.[2]
1 Senior Lecturer of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan
2 Baccalaureate student by specialty Physics of Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

In this article the light characteristics of LED lamps are considered in comparison with other lighting lamps. It is shown, that how energy-efficient of LED lamps are in comparison with other lighting lamps, as well as the amount of financial costs in operation. Were convinced of their long life. Examined the effect of lamps on the eyesight. The article gives recommendations on the using of LED lamps for household and street lighting. The compare the integral spectra of the emission of incandescent lamps, fluorescent and LED lamps, the light filters ZS1 and SZS16 are together with the luxmeter U117. On the coefficient of light transmission through the light filters have established that the most favorable for human eyes LED lamps with a color temperature of up to 3000K. In the article it is strictly proved by calculations that the use of LED lamps, instead of incandescent lamps, gives economic benefit starting from six and a half months and further at times.

Key words: light-emitting diode, luxmeter, filters, illumination, range, incandescent lamp, fluorescent lamp

1992 жылы Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған орта және даму тақырыбында конференция өтті. Конференцияда әлемнің 197 елінің өкілдері бас қосты. Конференция нәтижесінде «тұрақты даму бағдарламасы» қабылданды. Бұл бағдарламаның мақсаты қазіргі заманда қоғамның мемлекетаралық, мемлекеттік, жергілікті және жеке тұтынушылар тарапынан әлемдік экологиялық апаттарды болдырмау шараларын қолға алуы қажеттігі. Осы мақсатқа жетудің шешуші факторларының бірі энергияны үнемдеу мәселесі болып табылады [1].

Халықаралық энергетикалық агенттік бағалауы бойынша әлем бойынша тұтынылатын бүкіл электр қуатының 1/5 жуығы, яғни шамамен 20 пайызы жарықтандыруға жұмсалады екен. Осы мәселе бойынша энергияны үнемдеу мақсатында әлем елдерінде түрлі жобалар жасалып қолданылуда. Солардың бірі жарықдиодты шамдарды қолдану. Олардың басты артықшылығы энергия үнемдеуінде және ұзақ уақыт жұмыс жасау мерзімінде. Біздің есептеу жұмыстарымызда жарықдиодты шамдардың жұмыс атқару мерзіміне байланысты, энергияны қаншалықты үнемдейтіндігін және қаржы шығынын анықтадық. Сондай-ақ, ЗС1 және СЗС16 жарық сүзгіштері мен қоса люксметр Ю-117 құралы арқылы табиғи жарықтың сәуле шығару спектрінің көзге тиімді аралығын өлшеп, оның өткізу коэффициентін анықтап, қолымыздағы шамдардың сәуле шығару спектрінің өткізу коэффициенттерімен салыстырдық.

Есептеу және зерттеу жұмыстары үшін үйге және офистерге қолдануға арналған:

1. 100 Ваттық, жұмыс мерзімі 1000 сағат, бағасы 80 тг болатын қарапайым қыздыру шамын.
2. 20 Ваттық (100Ваттық қыздыру шамының орнына қолдануға болады), жұмыс мерзімі 8000 сағат деп көрсетілген, бағасы 600 тг люминесценттік шамын.
3. Euro Light компаниясының, 100 Ваттық қыздыру шамының орнына қолдануға болатын, 12 Ваттық, түс температурасы 3000 ^{0}К, жағымды ақ жарықты, жұмыс мерзімі 25000 сағат, бағасы 1500 тг жарықдиодты шамын.
4. Euro Light компаниясының, 50 Ваттық қыздыру шамының орнына қолдануға болатын, 6 Ваттық, жағымды ақ жарықты, түс температурасы 3000 ^{0}К, бағасы 600 тг болатын жарықдиодты шамын.
5. Euro Light компаниясының, 50 Ваттық қыздыру шамының орнына қолдануға болатын, 6 Ваттық, жарық ақ жарықты, түс температурасы 5000К, бағасы 600 тг болатын жарықдиодты шамын алдық.

№1 кестеде есептеуіміз шамдарды күніне 6 сағат жанып тұрады деген шартпен алынған.

Кесте 1. Есептеу нәтижелері

Атауы	Қызмет мерзімі	Электр энергиясының шығыны	Жұмсалатын қаржы көлемі
Қыздыру шамы (100 Вт), бағасы 80 тг	1000 сағат, күніне 6 сағат деп есептесек 1000/6=166күн 166/365= 0,45 яғни шамамен жарты жыл	100Вт=0,1кВт 0,1х180=18кВт·сағ	18кВт·13,20=237,6тг
Люминесцентті шам (20Вт) Бағасы шамамен 600тг	8000сағат, күніне 6 сағ деп есептесек 8000/6=1333күн 1333/365=3,65 Шамамен 3,5 жыл	20Вт=0.02кВт 0,02·180=3,6кВт·сағ	3,6кВт·13,20=47,52тг
Жарықдиодты шам 12Вт, Цоколі Е27 , бағасы 1500тг	25000сағат, күніне 6сағ 25000/6=4166күн 4166/365=11,4 Яғни 11жылдан артық жұмыс жасайды	12Вт=0,012кВт 0,012·180=2,16кВт·сағ	2,16кВт·13,20=28,5тг
Жарықдиодты шам 6Вт, цоколі Е27	25000сағ. 4166күн, 11жыл	6Вт = 0.006кВт 0,006·180=1.08кВт	1,08кВт·13,20=14,2тг
Жарықдиод шамы 6Вт, цоколі Е14	25000сағ. 4166 күн, 11 жыл	6Вт = 0.006кВт 0,006·180=1.08кВт	1,08кВт·13,20=14,2тг

Есептеулеріміздің нәтижесі бойынша, 25000 сағат жұмыс атқаруға арналған жарықдиод шамын, егер күніне 6 сағат жұмыс істейді деп есептесек, онда бұл шам 11 жыл қызмет атқарады екен. Ал енді осы уақыт аралығында біз неше рет қыздыру және люминесценттік шамдарды ауыстырады екенбіз? Есептеп көрейік:

Қыздыру шамын жарықдиод шамымен салыстырсақ 11жылда ең аз дегенде
жылына 2 данадан 24 шам
24х80тг=1920тг
Люминесцентті шамды 11 жылда ең аз дегенде 3 рет ауыстырамыз
600тг х 3=1800тг
Ал жарықдиодты шамның бағасы 1500тг

Бұл шамды сатып алар кезде адамдарды басты ойландыратыны бағасы. Бұл оның кемшілігі ретінде көрінеді. Бастапқы кезде әрине сіз шығындаласыз. Бірақ біршама уақыттан кейін қыздыру шамы мен жарықдиодты шамға жұмсалған қаржы көлемі теңеседі де, ары қарай жарықдиодты шам ұтыс, ал қыздыру шамы ұтылыс бере бастайды. Екеуінің шығыны теңесетін ең аз уақыт аралығын есептеп шығарайық:

Қыздыру шамы: 0,1кВт • 180 сағ • Х (күн) • 13,2тг = 237,6Х тг + 80 $У_1$ тг (1)
Жарықдиод шамы: 0,012 кВт • 180 сағ • Х (күн) • 13,2 тг = 28,512Х тг + 1500 $У_2$ тг (2)
237,6Х тг + 80 $У_1$ тг = 28,512Х тг + 1500 $У_2$ тг (3)
Мұндағы $У_1$-қыздыру шамының саны, $У_2$-жарықдиод шамының саны.

Шығыны теңесетін ең аз уақыт аралығында қыздыру шамының минимал екі данасы сатылып алынсын дейік, яғни $У_1$=2, себебі нақты қанша уақыт аралығында шығындары теңесетіндігін білмегендіктен біз 2 қыздыру шамын қолдануымыз да мүмкін, ал жарықдиод шамы үшін $У_2$=1, себебі оның жұмыс істеу уақыты үлкен болғандықтан. Сонда

237,6Х – 28,512Х = 1500 – 80 • 2 (4)
Х = 6, 408785 ай (5)

Қыздыру шамы мен жарықдиодты шамға жұмсалған қаржы теңесуі үшін ≈ 6,41 ай өту керек екен. Есептеу:

1. Қыздыру шамы: 0,1кВт • 180 сағ • 6,408785 • 13,2 тг = 1522,72 тг
Жұмыс жасау мерзімі бойынша 6,41 айда екі шам 80 тенгеден, 160тг шығын
Барлығы: 1522,72 тг + 160 тг = 1682,72 тг шығын шығады.
2. Жарықдиод шамы: 0,012 кВт • 180 сағ • 6,408785 • 13,2 тг =182,72 тг
Жұмыс жасау мерзімі 11 жыл болғандықтан осы уақытта тек бір шам қолданамыз. Шам бағасы 1500 тг
Барлығы: 182,72 тг + 1500 тг = 1682,72 тг шығын шығады.

Енді тағы да осынша уақыт шамдарды қолдандық дейік. Сонда қыздыру шамына біз 1682,72 + 1682,72 = 3365,44 тг, ал жарықдиод шамына 1682,72 + 182,72 = 1865,44 тг төлейді екенбіз. 1 жыл өткен соң жарықдиод шамын қолдану арқылы сіз ≈ 2 есе ұтасыз.

Біздің келесі зерттеулеріміз шамдардың жарық шығару спектрі бойынша болды. Баршамызға белгілі адам көзі қабылдайтын сәуленің толқын ұзындықтар аралығы ақ жарық болып табылады. Адамның көзі табиғи жарыққа бейімделген, көз үшін жағымды спектр аралығы жасыл және сары (510-590 нм) толқын ұзындықтар аралығы. Табиғи жарық спектрі біртұтас, мұндай жарық кезінде адамның жұмыс жасау қабілеті артып, көзге зияны аз болады. Ал жасанды жарық көздерін түнгі еңбекті жеңілдету үшін қолданады. Сондықтан шамдар адам көзіне зиянсыз, жағымды болуы қажет. Шамдардың түс температурасы 3000 ^{0}К-нен аспағаны жөн. Себебі 3000 ^{0}К нен жоғары шамдар көк түсті толқын ұзындықтарын шығара бастайды. Ал көк түс тек өсімдіктерге ғана пайдалы. Біздің байқауымыз бойынша қыздыру және жарықдиодты шамдардың спектрлері біртұтас, ал люминесценттік шамның спектрі жолақ болып келеді немесе оны импульсация деп атайды. Мұндай жарық жыпылықтап тұрады, жай көзге білінбегенімен көзге әкелер зияны көп. Ең бірінші көзіңізді қажытады, жұмыс жасау қабілетіңіз төмендейді, соңында көзіңіздің көруі нашарлайды. Люминесценттік шамның басқалардан тағы да бір кемшілігі бар, шам құрамында сынап буы болады. Егер шам сынатын болса сынап буы ауа молекулаларымен диффузияға ұшырап, адамды күн өткен сайын улай береді. Ол алдымен тісіңізге, сосын тыныс жолдарына әсер етеді де бүйректің де жұмысын бұзады. Ең өкініштісі адамдар осыны дер кезінде біле алмайды. Біздің Қазақтанда істен шыққан люминесценттік шамдарды жоятын арнайы орындар болмағандықтан оларды қолданыстан біртіндеп шығарған жөн. Ал қыздыру шамының кемшілігі ол алған энергияның 90 пайызын жылуға жібереді де, аз бөлігін жарық ретінде шығарады. Тез істен шығады. Бұл екі шамның сыну қауіптері де жоғары. Ал

жарықдиодты шамның сынып қалатындай немесе жылжып кететіндей бөлшектері жоқ. Ол арнайы жартылай өткізгіштерден, пластиктерден жасалады. Қызып кетпеу үшін арнайы жылу сейілткіштері бар. Жұмыс жасау мерзімі көп [2].

Келесі зерттеуімізде біз жарықтылықты өлшеуге арналған люксметр Ю-117 құралы мен жарық сүзгіштері ЗС1 және СЗС16 арқылы табиғи жарықтың сәуле шығару спектрінің көзге тиімді аралығын өлшеп, оның өткізу коэффициентін анықтадық та қолымыздағы шамдардың сәуле шығару спектрінің өткізу коэффициенттерімен салыстырдық. Жарық сүзгіштерінің қасиеті олар бізге қажетті жарық толқындарының аралығын өткізіп береді. Біздегі сүзгіштер *СЗС-16 (көк) 340-800 нм аралығын, ЗС-1 (жасыл) 420-620 нм аралығын өткізеді.* Осылайша қыздыру, люминесценттік және жарықдиодты шамдардың спектрінің өткізу коэффициенттерін алдық. Зерттеу нәтижесі 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2

Жарық көзі	Сүзгіштерсіз	ЗС-1	Коэфиценті	СЗС-16	Коэфиценті
1. Табиғи жарық	970люкс	300люкс	0,31	690люкс	0,76
2. Қыздыру шамы	350люкс	60люкс	0,17	240люкс	0,68
3. Люминесцентті шам	350люкс	80люкс	0,228	250люкс	0,71
4. Е27 12В Жарықдиодты шамы	350люкс	60люкс	0,17	240люкс	0,68
5. Е27 6В Жарықдиодты шамы	320люкс	60люкс	0,18	225люкс	0,7
6. Е14 6В Жарықдиодты шамы	340люкс	80люкс	0,23	260люкс	0,76

Кестеден көріп тұрғанымыздай, 12 Ваттық жарықдиодтың көрсеткіштері қыздыру шамымен бірдей. Ал Е14 цокольді жарықдиодтың жасыл толқын ұзындық аралығы жоғары болғанымен, көзге тиімсіз көк толқын ұзындығының аралығы да жоғары. Қыздыру шамының спектрі табиғи жарыққа жақын, біртұтас және жағымды болып келеді. *Сондықтан кестедегі нәтижелер бойынша біз Е27 цокольді, 12 Ваттық, түс температурасы 3000 ^{0}К, жағымды ақ жарықты жарықдиод шамын үйге қолдануға кеңес береміз.* Дәл қыздыру шамындай болғанымен ол энергияны 8 есе аз шығындайды.

Көшенің және жолдардың жарықтылығы – біздің өзімізді жайлы сезінуіміздің және қауіпсіздігіміздің кепілі. Көшені жарықтандыруда шамдардың жарық беруі және жарықтылығы маңызды болып табылады. Уақыт өте келе кейбір шамдардың бұл қасиеттері төмендей бастайды.

Қазіргі таңға дейін Алматы көшелерін жарықтандыруда натрийлық шамдар қолданылып келген болатын. ДНАТ шамдары жарық қызғылт-сары түсімен ерекшеленеді. Олардың жарық беруі 200 люмен/Вт-қа дейін барады. Мұндай шамдардың басты кемшілігі ауа температурасы төмен кезде дұрыс жарық бермеуінде, яғни ауа температурасына тікелей тәуелді ДНАТ шамдары жоғары және төменгі қысымды болып бөлінеді [3]. Екеуінің бір-бірінен елеулі айырмашылықтары бар. Төменгі қысымды натрийлық шамдар жоғарғы қысымды шамға қарағанда жарық беруі 30 пайызға жоғары. Дәл осы шамдар көбінше көшені жарықтандыруда қолданылады.

Ал жоғарғы қысымды шамдар өздерінің ПӘК көрсеткіштерімен ерекшеленеді де, бірақ жарық беруі төмен болады. Сол үшін бұл шамдар спортзалдарда, әр түрлі комплекстік және т.б. жерлерде қолданылуда. Жарық беруі 130-150 люмен.

Алматы қаласының әкімдігі 2017 жылға қарай көше жарықтандыруда қолданылып келе жатқан натрийлық шамдарды жарықдиодты шамдарға ауыстыру жайлы атап өткен болатын. Ол үшін 34 млн. доллар қаржы бөлініп, қазіргі таңда 74000 жарықтандыру нүктелерінің 1300-і осы шамдарға ауыстырылды. Ондағы басты мақсат энергияны үнемдеу [4].

Жарықдиодты шамдардың жарық шығаруы ДНАТ шамдарымен бірдей десек те болады. Бірақ оның басты артықшылығы энергия үнемдеуінде. Бұл қазір Қазақстандағы басты мәселелердің бірі болып табылады. Ал екінші артықшылығы ауа температурасына шыдамды келетіндігі және төмен температурада (-43ºС; +43ºС) да жақсы жұмыс жасауы. Жоғарыда атап өткеніміздей, натрийлық шамдар күн суықта жарық беруін төмендетеді. Жарықдиодты шамдардың тағы бір артықшылығы ұзақ жұмыс жасау мерзімінде, шамамен 80 000 сағат.

Ғалымдардың зерттеулері ДНАТ шамдары жұмыс жасау мерзімінің соңына дейін жарық беруі 30%-н жоғалтады екен. Ал жарықдиодты шамдар үшін тек 3-4%.

Ел аузында жарықдиодты шамдар көзге зиян екен деген сөздер де бар. Оның себебі шамдардың түрлерінде. Үйге және көшеге арналған шамдардың спектрлері екі түрлі болады. Үйге арналған шамның түс температурасы 3000 ^{0}К-нен аспағаны жөн. Шам таңдауда мұқият болыңыз [5].

Біз 3-кестеде көшеге қолдануға арналған әр түрлі шамдардың салыстырмалы кестесі жасалған.

Кесте 3

	Қыздыру шамы	ДРЛ	ДРИ	ДНАТ төменгі қысымды	ДНАТ жоғарғы қысымды	Жарықдиодты шам
Үнемділігі	төмен	орташа	орташа	жоғары	орташа	жоғары
Жарық беруі	өте жақсы	жақсы	өте жақсы	нашар	жақсы	өте жақсы
Жарық ағыны люм/Вт	13	30-60	70-95	200-ге дейін	150-ге дейін	150-ге дейін
Жұмыс мерзімі	қысқа 1000 сағ.	12000 сағатқа дейін	15000 сағ. дейін	32 000 сағ. дейін	32 000 сағ. Дейін	80000-нан жоғары
Электр қуатын реттеу мүмкіндігі	ия	жоқ	жоқ	жоқ	Жоқ	жоқ
Сөну және қайта қосылуы	жылдам	ұзақ	ұзақ	ұзақ	ұзақ	жылдам
Сынаптың болуы	жоқ	ия	ия	жоқ	аз мөлшерде	жоқ

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Возобновляемые источники энергии: монография / С.П. Кундас, С. С. Позняк, Л. В. Шенец; Мгэу им. А.Д. Сахарова. – Минск: Мгэу им. А. Д. Сахарова, 2009. – 315 с.

2 Светодиоды: Ф.У. Шуберт – учебник/Москва. – 34 ст.

3 Элементарная светотехника, световые технологии: учебник / Л.П. Варфоломеев. – Москва, 2013. – 284 ст.

4 URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/akimat-almatyi-..

5 URL: https://Wikipedia.ru/

УДК 531/534.01:51-72
ГРНТИ 30.03.19

Г.Уалиев[1], З.Г. Уалиев[2], И.М. Уалиева[3]

[1,2] д.т.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы,
[3] к.ф.-м.н., ассоциированный профессор Казахстанско-Британского технического университета, г. Алматы, Казахстан

ДИНАМИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЭЛЕКТРОМЕХАНИЧЕСКИХ СИСТЕМ НА ОСНОВЕ УРАВНЕНИИ ЛАГРАНЖА-МАКСВЕЛЛА

Аннотация

Проектирование машин выдвигает ряд новых задач с учетом таких факторов, как упругость звеньев, переменность параметров, взаимное влияние привода и исполнительных органов и другие. Большое значение имеет исследование вопросов динамики механизмов с точки зрения точного выполнения заданных законов движения и колебаний, которые возникают при работе механизмов. В статье рассмотрены вопросы составления математических моделей электромеханических систем. Приводится методика анализа движения передаточных механизмов машинного агрегата с учетом характеристик асинхронного двигателя. Показана последовательность определения закона движения ведущего звена. на основе уравнений Лагранжа-Максвелла. Получена система нелинейных дифференциальных уравнений, которые позволяют описать движения не только механической части системы, но и связанной с ней электрической части. Показана методика решения задачи о колебаниях ведущих звеньев механизма при учете динамической характеристики двигателя.

Ключевые слова: математическая модель, электромеханическая система, передаточный механизм, обобщенные координаты, характеристики двигателя.

Аңдатпа

Г. Уалиев[1], З.Г. Уалиев[2], И.М. Уалиева[3]

ЛАГРАНЖ-МАКСВЕЛЛ ТЕҢДЕУІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ЭЛЕКТР-МЕХАНИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ДИНАМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

[1,2] тех.ғ.д., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Математика, физика и информатика институтының профессоры, г,Алматы, Қазақстан

[3] ф.-м.ғ.к., Қазақстан-Британ техникалық университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы қ., Қазақстан

Машиналарды жобалау кезінде звенолар серпімді, айнымалы параметрлер, жетекші мен атқарушы органдар арасындағы байланыстар сияқты факторлар ескеріледі. Механизмдер динамикасын зерттеуде, әсіресе, қозғалыс заңдары мен тербеліс параметрлері нақтылығының орындалу мәселелері ескерілуі қажет. Бұл мақалада электромеханика жүйелерінің математикалық моделін құру мәселелері қарастырылған. Машина агрегатының беріліс механизмдері асинхрондық қозғалтқыштың сипаттамаларын еске отырып, талдау жасау әдістері қарастырылған. Лагранж-Максвелл арқылы звенолар қозғалыстарын анықтау тәртіптері көрсетілген. Механикалық және электрлі бөлімдерінің сызықсыз дифференциалдарын құру қарастырылған. Қозғалтқыштың динамикалық сипаттамаларын ескере отырып жетекші звенолар тербелістерін анықтау әдістері көрсетілген.

Түйін сөздер: математикалық модель, электромеханикалық жүйелер, беріліс механизмдер, жалпылама координаталар, қозғалтқыштың сипаттамалары.

Abstract

DYNAMIC ANALYSIS OF ELECTROMECHANICAL SYSTEMS BASED ON THE LAGRANGE-MAXWELL EQUATION

Ualiyev G.[1], Ualiyev Z.G.[2], Ualiyeva I.M.[3]

[1] Dr.Sci. (Engineering), Professor of Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

Cand. Sci. (Phys-Math), Associate Professor of KBTU, Almaty, Kazakhstan

New tasks such as the elasticity of the links, the variability of the parameters, the mutual influence of the actuators and the executive bodies, etc are required to solve when designing of machines. Studying the precise fulfillment of the prescribed laws of motion and oscillations that arise during the operation of the mechanisms is important in the dynamics issues. In this article the mathematical models of electromechanical systems are considered and how to develop them. The technique for analyzing the transmission'smotion of the mechanisms of the machine assembly is given, taking into account the characteristics of the asynchronous motor. The sequence of determination of the law of motion of the leading link is shown. Based on the Lagrange-Maxwell equations. A system of nonlinear differential equations is obtained that allows us to describe the motion not only of the mechanical part of the system, but also of the electrical part associated with it. The technique of solving the problem of oscillations of the leading links of the mechanism is shown, taking into account the dynamic characteristics of the engine.

Key words: mathematical model, electromechanical systems, transmission mechanism, generalized coordinates, engine characteristics.

Механическая система, состоящая из двигателя (Д), передаточных механизмов, рабочего органа и в некоторых случаях контрольно-управляющих устройств, называется машинным агрегатом. При определении закона движения механизмов рассматриваются локальные динамические модели передаточных механизмов с учетом характеристики двигателя (рис. 1).



Рисунок 1. Простейшая модель, включающая динамическую характеристику двигателя

Рассмотрим некоторые вопросы составления математических моделей электромеханических систем, прежде чем переходить к анализу неравномерности движения машинного агрегата. Для динамического анализа движения электромеханической системы, как механизма с электроприводами, наиболее удобными являются уравнения Лагранжа-Максвелла, которые позволяют получать уравнения движения не только механической части системы, но и связанной с ней электрической части. Составление этих

уравнений предполагает, что состояние электромеханической системы с голономными связями определяется обобщенными координатами механической и электрической части системы.

Уравнения Лагранжа-Максвелла для голономных систем имеет вид [1]:

$$\frac{d}{dt}\frac{dL}{\partial \dot{q}_l} - \frac{dL}{\partial q_l} = Q_L \qquad \mathrm{l} = 1, 2, ..., \mathrm{n}$$

$$\frac{d}{dt}\frac{dL}{\partial \dot{\alpha}_k} - \frac{dL}{\partial \alpha_k} = Q_k \qquad \mathrm{k} = 1, 2, ..., \mathrm{m}$$

где $L=L_э+ L_M$ - функция Лагранжа-Максвелла, $\dot{q}_i$ - обобщенные скорости, $\dot{\alpha}_k$ - обобщенные токи, α – количество электричества.

Для механической части $L_M = T - V$, где T - кинетическая энергия, V – потенциальная энергия.

Электрическая часть функции для механической системы (механизмы с электроприводом) совпадает с магнитной энергией

$$L_э = \frac{1}{2}\sum_{r,s} L_{rs} i_r i_s$$

где r, s – индексы независимых электрических контуров (витков, обмоток), по которым протекают токи $i_r i_s$, L_{rs} - взаимная индуктивность, при $r=s$ – индуктивность. Обобщенная сила Q_k определяется по вариации электрической обобщенной координаты в выражении работы δA электрических сил из выражения:

$$\delta A = \sum_{k=1}^{m}\left[\sum_{r,s}\left\{E_{r,s} - R_{r,s,} i_{r,s}\right\}\right]\delta\alpha_k$$

где $E_{r,s}$ - э.д.с. контура, $R_{r,s,}$ - сопротивление контура.

Рассмотрим электромагнитный прибор, состоящий из подвижной катушки, вращающейся в постоянном магнитном поле, которое создает другая, неподвижная катушка, образующая с подвижной последовательную электрическую цепь. На подвижную катушку действует пара сил, создаваемая упругостью пружины коэффициентом β. За обобщенные координаты системы примем угол поворота подвижной катушки φ и ток i, протекающий через обмотки катушек. Тогда функция Лагранжа примет вид [2]:

$$L_M = \frac{1}{2}(J\dot{\varphi}^2 - c\varphi^2)$$

где J – момент инерции подвижной катушки.

Электрическая функция Лагранжа:

$$L_э = \frac{1}{2}(L_1 + L_{12} + L_{21} + L_2)i^2$$

где индекс *1*- относится к подвижной катушке, *2*- к неподвижной.

Из условий симметрии взаимная индуктивность $L_{12}=L_{21}=B$, обычно принимают $B=B_0 \sin\varphi$, тогда функция L имеет вид [3]:

$$L = \frac{1}{2}(L_1 + L_2 + 2B_0 \sin\varphi)i^2 + I\dot{\varphi}^2 - c\varphi^2$$

Обобщенная сила Q находится из выражения элементарной работы электрических сил

$$\delta A = (E - iR)\delta\alpha$$

где R – суммарное сопротивление обмоток катушки, E- внешняя э.д.с.

Выполняя дифференцирование, получим уравнение Лагранжа-Максвелла в виде

$$I\ddot{\varphi} - M_0 i^2 \cos\varphi + c\varphi = M_П$$

$$(L_1 + L_2 + 2B_0 \sin\varphi)\frac{di}{dt} + 2B_0 i\dot{\varphi}\cos\varphi = E - iR$$

Совместное решение этих уравнений дает искомые функции $\varphi = \varphi(t)$, $i = i(t)$. В случае, когда входное звено механизма с приведенным моментом $J_П(\varphi)$ и приведенным моментом сил $M_П$, как функций угла поворота якоря (ротора) электродвигателя постоянного тока с независимым возбуждением имеем

$$L = \frac{1}{2}(L_B i^2 + L_B i_я^2 + 2Bi_я i_B + I_П\dot{\varphi}^2)$$

где L_B, $L_я$ – индуктивности обмоток возбуждения и якоря,

$L_{вя} = L_{яв} = B$ – взаимная индуктивность.

Движение систем определяется двумя обобщенными координатами φ и $i_Я$, в случае если считать ток в обмотке возбуждения постоянным, которые могут быть найдены из уравнений

$$\frac{d}{dt}\frac{\partial L}{\partial\dot{\varphi}} - \frac{\partial L}{\partial\varphi} = M_П$$

где $M_П$ - приведенный момент сил,

$$\frac{d}{dt}\frac{\partial L}{\partial i_я} - \frac{\partial L}{\partial\alpha_я} = U - i_я R_я$$

где U – напряжение, приложенное к обмотке якоря, R – сопротивление обмотки.

Если индуктивности L_B, $L_Я$ – постоянные, а взаимная индуктивность $B = B(\varphi)$, тогда

$$I_П\ddot{\varphi}(t) + \frac{\dot{\varphi}}{2}\frac{dI_П}{d\varphi} - \frac{dM}{d\varphi}i_B i_Я = M_П,$$

$$L_я\frac{di_я}{dt}T + \frac{dB}{d\varphi}i_я\dot{\varphi} = U - i_я R_я$$

Получим систему нелинейных дифференциальных уравнений решением которой, при известных начальных условиях, определяются угол поворота якоря $\varphi = \varphi(t)$ и токи в обмотках якоря $i_Я = i_Я$ (t).

Теперь покажем методику решения задачи о колебаниях ведущих звеньев механизма при учете динамической характеристики двигателя. Динамическая характеристика асинхронного электродвигателя в установившихся режимах работы может быть записана следующим дифференциальным уравнением [2].

$$\omega_\partial = \omega_\partial^0\left[1 - \nu_\partial(M_\partial + T_\partial\dot{M}_\partial)\right] \qquad (1)$$

где ω_∂ и ω_∂^0 - угловая скорость электродвигателя и скорость идеального холостого хода, ν_∂ - крутизна статической характеристики, M_∂ - момент двигателя, T_∂ - электромагнитная постоянная времени двигателя, зависящая от параметров его электрической цепи.

Для асинхронных двигателей ν_∂ и T_∂ определяются по приближенным зависимостям [4].

$$T_\partial = \frac{1}{2\pi f_c s_k}, \qquad \nu_\partial = \frac{s_k}{2M_H\xi},$$

$$s_k = 1 - \left(\frac{\omega_\partial^H}{\omega_\partial^0}\right)\left(\xi + \sqrt{\xi^2 - 1}\right)$$

где M_H -номинальный момент двигателя, ξ- отношение M_{max}/M_H, $f(c)$ – частота сети, s_k - критическое скольжение, ω_∂^H - номинальная скорость двигателя.

Для машинного агрегата с жесткими звеньями можно записать уравнение движения вида:

$$J_n\ddot{\varphi}_д + 0{,}5\dot{\varphi}^2 J_n'\ (\varphi) = M_n = M_д - M_c \qquad (2)$$

Пренебрегая изменением приведенного момента инерции из уравнений (1) и (2), получим дифференциальное уравнение второго порядка относительно угловой скорости вала двигателя.

$$\nu_д T_д J\ddot{\omega}_д(t) + \nu_д J\dot{\omega}_д + \frac{\omega_д}{\omega_д^0} = 1 - \nu_д(M_c + T_д\dot{M}_c)$$

Методы решения рассмотренных уравнений рассмотрены в работах [2]. Анализируя характеристику (1), можно убедиться в том, что она соответствует динамической модели, при которой ротор соединен со статором посредством некоторого упругого элемента, с жесткостью $c_д = (\nu_д T_д \omega_д^0)^{-1}$ последовательно включенного демпфера с коэффициентом $B_д = (\nu_д \omega_д^0)^{-1}$, обычно для асинхронных двигателей постоянного тока $c_д \approx (0{,}5 \div 20)M_H$.

Таким образом, характеристика двигателя эквивалентна по жесткости такому упругому элементу, который при приложении M_H деформируется на (0,05-2) радиан. Эта величина обычно существенно больше приведенной к валу двигателей статической деформации остальных упругих элементов привода. Здесь приведена методика анализа движения передаточных механизмов машинного агрегата с учетом характеристик асинхронного двигателя и показана последовательность определения закона движения ведущего звена. Изучение колебательного процесса при учете статических или динамических характеристик двигателя дает возможность оценки неравномерности хода машин. Последняя характеристика машинного агрегата, в частности колебания рабочего органа, в дальнейшем необходима при динамическом синтезе механических или электромеханических систем и выбора двигателя и его параметров.

Список использованной литературы

1. Степанов В.В. Курс дифференциальных уравнений. – М., 1959. – С.367.

2 Левитский Н.И. Теория механизмов и машин. – М.: Наука, 1979. – 572 с.

3 Вейц В.Л., Коловский М.З., Кочура А.Б. Динамика управляемых машинных агрегатов. – М.: Наука, 1984.

4 Артоболевский И.И., Бессонов А.П., Шляхтин А.В. Некоторые задачи динамики машин с учетом переменности масс и упругости звеньев: Труды II Всесоюзного съезда по теоретической и прикладной механике. – М., 1965. – Вып.2.

ӘОЖ 53:37.016
ҒТАМР 29.01.45

Ә.Қ. Шоқанов[1], Е.А. Оспанбеков[2], Г.А. Құрманбаева [3]

[1] ф.-м.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Математика, физика және информатика институтының профессоры, Алматы қ., Қазақстан
[2] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты
[2,3]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Физика» мамандығының магистранті,
Алматы қ., Қазақстан

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА «АТОМДЫҚ ЖӘНЕ ЯДРОЛЫҚ ФИЗИКА» КУРСЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Біздің өмір сүруіміз үшін электр энергиясының алар орны ерекше. Күн сайын оған деген сұраныстың артуынан, тұтынушыларды электр энергиясымен толық қамтамасыз ету әлем елдерінің басты мәселесіне айналды. Біздің болашағымыз өзіміздің қолымызда. Сол энергия көздерінің бірі ретінде атом электр станциясы пайдаланылуда. Жалпы физика курсының соңғы бөлімі болып саналатын «Атомдық және ядролық физика» курсы атомдық және ядролық құбылыстарды, ұғымдарды, заңдарды, теорияларды оқып үйрену; атомдық және ядролық құбылыстарды бақылау және эксперименттік зерттеудің негізгі әдістерімен таныстыру; кванттық механиканың негізгі ұғымдарымен және физикалық құбылыстарды оқып-үйренуге арналған.

Мақалада «Атомдық және ядролық физика» курсын жүзеге асырудың әдістемесі қарастырылған. Оқушылардың атомдық энергетика саласындағы білім-біліктерін тереңдету, энергияны пайдалану және алу туралы білімдерін жүйелеу, сонымен қатар, жеке тұлғаны еңбексүйгіштікке, тапқырлыққа ынталандырып, болашақ физика мұғалім-деріне дұрыс бағдар беру, өз бетінше жұмыс істеу қабілетін арттыру жолдары ұсынылады. Курс барысында өз бетімен ізденіс жұмыстарын жасау, жаңашылдыққа ұмтылу, оқушылардың шығармашылық қабілеттіліктерін дамытады.

Түйін сөздер: энергетика, ядролық отындық цикл, ядролық реакторлар, радиация, иондаушы сәулелер.

Аннотация

А.К. Шоканов[1], Е.А. Оспанбеков[2], Г.А. Курманбаева[3]
[1]к.ф.-м.н., профессор Института Математики, физики и информатики
при Казахском национальном педагогическом университете им. Абая, г. Алматы, Казахстан
2 PhD докторант Казахского национального педагогического университета им. Абая, г. Алматы, Казахстан
[3] магистрант специальности Физика Казахского национального педагогического университета им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ОБУЧЕНИЯ КУРСУ "АТОМНАЯ И ЯДЕРНАЯ ФИЗИКА" В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ВУЗЕ

В нашей жизни особое место занимает электроэнергетика. С каждым днем увеличивается количество потребителей и именно поэтому данная тема является одной из мировых проблем. Наше будущее в наших руках. Одним из источников энергии является атомная электростанция. Последним курсом всеобщей физики является атомная и ядерная физика. Этот курс изучает атомные и ядерные явления, понятия; атомные и ядерные наблюдения, а также ознакомление и освоение с экспериментальными исследованиями; с основными понятиями квантовой физики и изучением физических явлений. В данной статье «Атомная и ядерная физика» рассматривается методика осуществления. Дать максимально знания ученикам, Применение практических и теоретических заданий в атомной энергетике, рассмотреть получение и использования энергии ,а также направить в нужное русло каждого индивида, выработать трудолюбие у каждого ученика, направить каждого будущего специалиста, то есть учителя физики и выработать умение работать самостоятельно. В ходе работы использования разного материала (интернет ресурсы, справочники) и всестороннее рассмотрение материала помогает развивать творческие способности учеников.

Ключевые слова: энергетика, ядерно- топливный цикл, ядерные реакторы, радиация, ионизирующие излучения.

Abstract

METHODICAL FOUNDATIONS FOR TRAINING ATHLETES AND NUCLEAR PHYSICS IN THE PEDAGOGICAL UNIVERSITY

Shokanov A.K.[1], Ospanbekov Ye.A.[2], Kurmanbayeva G.A.[3]

[1]Cand. Sci. (Phys.-Math), Professor of the Mathematics, Physics and Informatics Institute at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

[2] PhD student of Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

[3] Student of Master Programme in Physics, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

In our life, a special place is occupied by electric power. With each day, the number of consumers increases, which is why the topic is one of the world's problems. Our future is in our hands. One of the sources of energy is the nuclear power plant. The last course of universal physics is atomic and nuclear physics, this course studies atomic and nuclear phenomena, concepts; Atomic and nuclear observations, as well as acquaintance and development with experimental research; With the basic concepts of quantum physics and the study of physical phenomena. In this article "Atomic and nuclear physics" the technique of implementation is considered. Give maximum knowledge to students, Apply practical and theoretical tasks in nuclear energy, consider the receipt and use of energy, and channel everyone Individual to develop diligence in each student, send each future specialist, that is, a physics teacher and develop the ability to work independently. In the course of using different materials (Internet resources, directories) and comprehensive consideration of the material helps to develop the creative abilities of students.

Key words: power engineering, nuclear fuel cycle, nuclear reactors, radiation, ionizing radiation.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында ел экономикасының өркендеуін қамтамасыз ететін басым бағыттарды айқындап берді. Цифрлық технологияларды қолдануды, тау-кен кешенін дамытуды және білім беру жүйесін өзгертуді қамтитын экономиканы технологиялық жаңғырту мен адамдық капиталды жақсартудың маңызы зор.

Қазіргі кездегі атомдық және ядролық физика саласына үлкен мән беріледі. Көпшілік дамыған мемлекеттерде атом энергетикасы жайындағы дайындық төменгі сыныптардан басталады. Мысалы, осы мәселелерді оқыту мектеп бағдарламаларында Еуропа мемлекеттерінің көпшілігінде және АҚШ-та бастауыш сыныптарда енгізілген. Ал, атомдық өнеркәсіп жетекші болып табылатын Франция елінде балабақшадан бастап электр энергиясын алу әдістерімен таныстыра береді. Оның негізгі мақсаты – балаларға ядролық энергияның маңызын және неліктен дамыту қажеттілігін жеткілікті деңгейде түсіндіру болып табылады [1]. Осы шетел мектептерінде атом электр станциялардың Ұлттық экономиканы дамытудағы рөлдері айқын көрсетіледі.

Қазақстанда да осы салада көптеген жұмыстар жасалып жатыр. Осы мәселені дұрыс жолға қою үшін атом энергетикасын дамыту жайында екі бағдарлама қабылданды.

Бірінші бағдарлама қабылданғанына 20 жылдан астам уақыт өтті. Екінші бағдарлама 2011 жылы қабылданды. Бұл бағдарламада елімізде атом энергетикасының 2011-2014 жылдары аралығында және келешекте 2020 жылға дейінгі даму жоспары бекітілген.

Қазір осы бағдарламаны іске асыру тікелей қолға алынып жатыр. Біздің еліміз атом электр станциясына пайдаланылатын отын, уранға өте бай. Энергетика қазіргі уақытта кез келген өндірістің дамуының негізі болып табылады. Қоғамның өркендеу дәрежесі көбінесе энергияның өндірісімен және тұтынылуымен анықталады. Ғалымдардың айтуынша, Қазақстанда жылдан жылға электр энергиясын тұтыну артып келеді, сондықтан 2030 жылға қарай 6600 мегаватт қуаттылығы бар жаңа станциялар қажет болады [2].

Қазақстан Республикасының болашақ физика мұғалімдерін (бакалаврларды) дайындауға арналған мемлекеттік стандартында пәндердің үш циклі аталған: жалпы білім беру пәндері, базалық пәндер, кәсіптік пәндер. Ұсынылған «Атомдық және ядролық физика» курсы 5В011000 – Физика мамандығының оқу жұмыс жоспарына сәйкес базалық пәндер блогының таңдау компонентіне жатқызылған.

5В011000 – Физика мамандығының оқу жұмыс жоспарына сәйкес «Атомдық және ядролық физика» курсы 3 кредит (135 сағат) көлемінде оқытылады. Жұмыс бағдарламасына сәйкес 15 дәріс, 15 практика, 15 зертхана жоспарланған.

Пәннің қысқаша сипаттамасы.

Пәнді оқытудың ***мақсаты*** атомдық және ядролық құбылыстарды, ұғымдарды, заңдарды, теорияларды оқып үйрену; атомдық және ядролық құбылыстарды бақылау және эксперименттік зерттеудің негізгі әдістерімен таныстыру; кванттық механиканың негізгі ұғымдарымен және физикалық құбылыстарды оқып-үйрену;

Курстың негізгі мәселесі:

– атомның құрылысы, атомның энергия деңгейлері және бұлардың сипаттамалары;

– сәуле шығарылып және шығарылмай атомда өтетін кванттық көшулер, атомның қозуы;

– атомдардың электрлік, магниттік және спектроскопиялық қасиеттері және де бұлардың сыртқы электр және магнит өрістердегі тәртібі жайында;

– кванттық механиканың негізгі заңы – Шредингер теңдеуі;

– атомдар мен молекулалар спектрлеріндегі маңызды заңдылықтарды оқып-үйрену болып табылады.

Пәнді оқып-үйренудегі студенттің міндеттері:

– атомдық және ядролық физиканың негізгі ұғымдармен физикалық шамаларын игеру;

– атомдық және ядролық физиканың негізгі принциптері, заңдары мен заңдылықтарын, бұлардың логикалық мазмұнын және математикалық өрнектерін оқып-үйрену;

– негізгі атомдық құбылыстарды білу;

– атомның қазіргі заманғы теориясының эксперименттік негіздерін, теорияның салдарын және практикалық қолдануларын білу;

– гипотезалар мен модельдердің қолданылу аясы жөнінде айқын түсінігі болу.

Пәнді оқып-үйрену нәтижесінде студент мыналарды орындай білуі тиіс:

– кванттық физиканың заңдары мен принциптерін, физиканың нақты есептерін шығару үшін қолдана білу;

– атомдар мен молекулаларды зерттеу үшін қолданылатын негізгі құралдар, приборлармен жұмыс істей білу, қарапайым жұмыстарын жүргізіп, оны шеше білу, алынған нәтижелерді өңдеп, талдап және бағалай білу;

– бөлімнің негізгі міндеттерін дұрыс, сапалы және санды тұжырымдау;

– физикалық шамалардың мөлшерлерін бағалау;

– құбылыстардың математикалық модельдерін құрып және бұл үшін тиісті математикалық аппаратты, есептеу математикасы әдістерін қоса қолдана білу.

Пәнді үйрету міндеттері:

«Атомдық және ядролық физика» курсын оқып-үйрену нәтижесінде студенттер:

– негізгі физикалық құбылыстар мен олардың ерекшеліктерін;

– оларды бақылау және тәжірибелік зерттеу әдістерін;

– атом ядролары мен элементар бөлшектердің қасиеттерін анықтаудың басты әдістерін;

– негізгі заңдар мен олардың математикалық өрнектерін;

– субатомдық құбылыстардың маңызды ғылыми техникалық қолдануларын ***білуі*** тиіс;

– кванттық физиканың заңдары мен принциптерін, физиканың нақты есептерін шығару үшін қолдана білу;

– атомдар мен молекулаларды зерттеу үшін қолданылатын негізгі құралдар, приборлармен жұмыс істей білу, қарапайым жұмыстарын жүргізіп, оны шеше білу, алынған нәтижелерді өңдеп, талдап және бағалай білу;

– құбылыстардың математикалық модельдерін құрып және бұл үшін тиісті математикалық аппаратты, есептеу математикасы әдістерін қоса қолдана білу.

– бөлімнің негізгі міндеттерін дұрыс, сапалы және санды тұжырымдау;

– физикалық шамалардың мөлшерлерін бағалау;

– кванттық ұғымдар мен релятивтік түсініктерді талдау;

– атомдық ядролар мен элементар бөлшектердің қасиеттері мен ядролық нұрлардың затпен әсерлесуін қарастыруда сапалы пайдалану ***іскерліктерінің*** болуы міндетті;

- қарапайым теориялық есептеулерге үлгілік есептерді шығаруға;

- тәжірибелік жұмыстарды жүргізу мен олардың нәтижелерін талдау ***дағдыларын*** қалыптастыруы тиіс.

«Атомдық және ядролық физика» курсының мазмұны:

Кіріспе. Атомның ядролық моделі. Резерфорд тәжірибелері. Резерфорд формуласы. Ядро зарядын анықтау. Атомның планетарлық моделінің классикалық физика көріністерімен үйлеспеуі.

Бордың кванттық теориясы. Бор постулаттары. Франк-Герц тәжірибелері. Атомның Бор ұсынған моделі. Сутегі атомының энергетикалық күйлері. Сутегі атомының спектрі. Спектрлік сызықтардың изотоптық ығысуы.

Корпускалалық-толқындық дуализм. Зат бөлшектерінің толқындық қасиеттері. Де Бройль жорамалы. Де Бройль жорамалының тәжірибеде расталуы.

Шредингер теңдеуі. Кванттық теориядағы күй түсінігі және оны толқындық функция арқылы бейнелеу. Суперпозиция принципі. Шредингер теңдеуі. Стационар күйлер. Кванталу.

Кванттық механиканың қарапайым есептері. Тікбұрышты потенциалдық шұңқырдағы бөлшек. Сызықтық гармоникалық осциллятор.

Кванттық сандар. Зеемен және Штарк эффектісі. Электронның спині және магниттік моменті.

Қатты дененің кванттық физикасы. Қатты денелердің зоналық теориясының элементтері. Ферми беті. Электрондардың энергетикалық спектрі. Зоналардың электрондармен толтырылуы. Металдар мен жартылай өткізгіштердің электр өткізгіштігі туралы зоналық теорияның негізгі қағидалары.

Атом ядросының физикасы. Ядро өзара әсерлеуші протон-нейтрон бөлшектерінің жүйесі. Ядроның электр заряды. Массалық сан. Изотоптар мен изобаралар. Ядроның құрылуы. Масс-спектрометр. Массаның ақауы. Ядроның байланыс энергиясы. Ядролық күштер. Ядролардың орнықтылығы. Атом ядросының моделдері.

Табиғи және жасанды радиоактивтілік. Радиоактивтіліктің ыдырау заңы. Жартылай ыдырау периоды. Ығысу ережесі. Радиоактивтілік қатары. Радиоактивті изотоптардың қолданылуы.

α-ыдырау. α-бөлшектердің спектрі. α-ыдырау периодының α- бөлшектердің энергиясына тәуелділігі. α-ыдырау нәтижелерінен ядроның өлшемін анықтау. β-ыдырау. β-ыдыраудың түрлері. Электрондардың энергетикалық спектрлері. Рұхсат етілген және тиым салынған β-ауысулар. Ядролардың γ-сәулесін шығаруы. Электрлік және магниттік ауысулар. Ядролық изомерия. γ – кванттардың ішкі конверсиясы. Ядролық γ-резонанс.

Ядролық физиканың эксперименталдық әдістері. Ядролық сәулелерді тіркеу әдістері: Гейгер-Мюллер санауышы, сцинтилляциялық әдіс, пропорциональдық санауыш, көбікшелі камера, Вильсон камерасы, фотоэмульсия әдісі, зарядталған бөлшектердің үдеткіштері.

Ядролық реакциялардың физикасы. Ядролық реакцияның қимасы. Ядролық реакциялар кезіндегі сақталу заңдары. Ядролық реакциялардың механизмі. α – бөлшектердің, пртондардың, нейтрондардың γ – кванттардың әсерімен өтетін ядролық реакциялардың ерекшеліктері. Трансурандық элементтер.

Атом ядроларының бөлінуі және синтезі. Атом ядроларының бөлінуі реакциялары. Бөлінудің тізбекті реакциясы. Ядролық реакторлар. Ядролық энергетика. Басқарылатын термоядролық реакция мәселесі.

Элементар бөлшектер физикасы. Қарапайым бөлшектер туралы негізгі мағлұматтар. Электрондық, күшті және әлсіз әсерлесулер. Ғарыштық сәулелер. Электрон, протон, нейтрон, фотон. Анти-бөлшектер. Мезондар мен гиперондар. Қарапайым бөлшектердің классификациясы. Квактар.

Атомдардың рентгендік спектрі. Спектрдің ерекшеліктері. Рентген спектрлерінің пайда болу механизмі. Мозли заңы. Спектрдің нәзік түзілісі. Энергияның кең аймағындағы ультракүлгінді легірленбеген монокристалдардың $La_2Be_2O_5$ оптикалық және электрондық қасиеттері [3].

Көрсетілген оқу бағдарламасында атомдық энергетика мәселелерінің барлық жүйелері қамтылған. Сондықтан жоғары оқу орындарын бітірген ұстаздар осы салада үлкен ғылыми кәсіптік бағдарламалық жұмысты мектеп бітірушілер арасында толық жүргізе алады.

Қазақстанда негізгі энергия көзі ретіндегі ресурстар көмір, мұнай, газ болып саналады. Егер мұнай мен газ өндіру қарқыны осылай жалғаса берсе, онда ол 2020 жылға қарай 120 млн. тоннаға жетуі мүмкін, олай болған жағдайда барланған мұнай-газ қоры 60-70 жылға ғана жетеді. Міне, көріп отырғанымыздай бұл ресурстар сарқылатын, орнына қайтып келмейтін ресурстар болып табылады. Сондықтан энергияның басқа көздерін, жаңартылған энергия көздерін игеруді ойластыру керек [4].

Энергия көздерінің ішінде ең тиімдісі – атом энергиясы. Сондықтан қазір осы салаға үлкен көңіл бөлінуде. Қазіргі уақытта Азия мемлекеттерінде 60 астам атом электр станциялары салынып жатыр. Біздің елімізде де осы салада көптеген жұмыстар жасалуда. Егер дамыған мемлекеттердің энергетика жүйесін қарастырсақ, барлығы да осы мәселені әр уақытта көтеріп энергия тапшылығын атом электр энергиясын көмегімен шешіп отырған. Бізде ресурс байлығы да, дайын мамандар да болғандықтан болашақта басқа алдыңғы қатардағы мемлекеттер сияқты осы жүйе қарқынды дамиды деген үміт бар.

Атом энергиясын алу үшін уран изотоптары қолданылады және ол арзан және көп энергия көзі болып табылады. Себебі, 1 кг байытылған уранның беретін энергиясы 100 тонна жоғары сапалы көмірдің беретін энергиясымен бірдей. Уранды пайдалану арқылы өндірілген энергия жер бетіндегі 75-80% адамзатты қамтамасыз ете алады. Ал, бізде уранның мол қоры бар. Сонымен қатар, мұнай, газ, көмірден энергия алғанда ауаға улы заттар тарайды, ал атом энергиясын өндіргенде ауа ластанбайды. Біздің «жасыл экономикаға» көшуімізге байланысты, бұл жағымды жағдай, сол себепті, атом энергиясын игеру керек [5].

АЭС-да уранның екі түрлі изотопы $^{238}_{92}U$ және $^{235}_{92}U$ пайдаланылады. Төмендегі (1) теңдеуде нейтрондардың әсерінен жүретін тізбекті реакция көрсетілген. Біріншісінде ыдырау реакция шапшаң нейтрондар әсерінен болса (2), екіншісінде шабан нейтрондардың әсерінен болады (3). Бұл реакциялар кезінде көп мөлшерде энергия бөлініп шығады.

$$^{238}_{92}U + ^{1}_{0}n \rightarrow ^{239}_{92}U \xrightarrow{\beta^-} ^{239}_{93}Np \xrightarrow{\beta^-} ^{239}_{94}Pu \quad (1)$$

$$^{238}_{92}U + ^{1}_{0}n \rightarrow ^{144}_{56}Ba + ^{89}_{36}Kr + 3^{1}_{0}n \quad (2)$$

$$^{235}_{92}U + ^{1}_{0}n \rightarrow ^{140}_{54}Xe + ^{94}_{38}Sr + 2^{1}_{0}n \quad (3)$$

Уран ядросының ыдырауының бір актісінде толық энергия шығымы шамамен 200 МэВ-ке тең. Мұндай энергияның бөлінуі ядролық отынның химиялық отыннан миллиондаған есе асып түсетін үлкен көлемдегі жылулық қабілетін көрсетеді. Мысалы, 1 МВт/тәул алу үшін 1,05 г $^{235}_{92}U$ шығындалады. Екінші реттік нейтрондар тізбекті реакцияны ұстап тұрады. $^{235}_{92}U$ бөлінгендегі босатылған жалпы энергия 195 МэВ-ке тең. Энергияның бөлінуі 1- кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Жылулық нейтрондармен босатылған уран энергиясының бөлінуі

Энергия түрлері	МэВ	%
Кинетикалық(ыдырау болшектері)	162	83
Кинетикалық (нейтрондардың)	6	3,1
Бөліну кезіндегі γ-сәулеленуі	6	3,1
Бөлу өнімдерінің γ-сәулеленуі	5	2,6
Бөлу өнімдерінің β – шашырауы	5	2,6
β-шашырауменбайланысқан нейтрино	11	5,6
Барлығы	195	100

Сол себепті жаңа технологияны пайдалана отырып, осы саланы қолға алу бүгінгі күннің талабы. Сонымен қатар, біздің мемлекетімізде осы салаға мамандарды дайындау, соңғы жылдарда үш жоғары оқу орындарында он жылдан астам жүргізілді. Қазір осы мәселе жайында шешімдер қабылданып, «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы жанынан Халықаралық атом өнеркәсібі ғылыми-оқыту орталығы ашылды. 2017 жылғы 21 сәуірде Алматыда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және «Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» арасындағы «Халықаралық атом өнеркәсібі ғылыми-оқыту орталығын» құру туралы келісімге қол қою рәсімі өтті.

Ядролық технологияларды меңгеруде атомдық және ядролық физика курсының алатын орны өте зор. Бұл саланы меңгеру XIX ғасырдың бірінші жартысынан басталды. Осы кездегі микробөлшектердегі байқалатын әртүрлі құбылыстарды түсіндіру үшін кванттық физика дүниеге келді. Оның ерекшеліктері негізінен классикалық механика қағидаларына сай келмеді. Осы мәселені айқындау негізінде Еуропада Копенгаген қаласында физиктердің ұжымы құрылды. Оған мүше ретінде атомдық физиканың негізін қалаушы дүние жүзіне белгілі ғалымдар Нильс Бор, Альберт Эйнштейн, Луи де Бройль, Вернер Гейзенберг, Шредингер және т.б. ғалымдар кірді. Осы ғалымдардың бір бөлігі микробөлшектердің қасиеттерін түсіндіру үшін классикалық Ньютонның механикасының тұжырымдарын жақтаса, екінші бөлігі оларды жоққа шығарып, кванттық механиканың жаңа теориясын ұсынды. Осы екі жақтылық микробөлшектер үшін кванттық механика қағидалары жүйесіне шешілді.

Жоғары оқу орнында атомдық және ядролық физика курсын оқығанда кванттық механиканың орны өте зор.

Екі жақтылық (дуализм) тек жарыққа ғана емес, барлық бөлшектерге тән қасиет екенін 1924 жылы Луи де Бройль пайымдаған еді.

Толқындық механиканың негізгі екі шартының бірі электронның толқындық қасиетінде жатса, екіншісі Гейзенбергтің анықталмағандық шартымен қарастырылады. Бұл екінші шарт – бір мезгілде электронның импульсмен $p = h/\lambda$, оның орнын дәл анықтауға болмайтынын көрсетеді.

Электронның дәл орнын табуда кететін өлшем қателігі (Δx) қолданылған жарықтың толқын ұзындығымен (λ) байланысты.

$$\Delta x \sim \frac{\lambda}{sin\alpha}$$

Сондықтан қолданылатын жарықтың толқын ұзындығынан денелердің өлшемі кем болса, онда олар байқалмайды. Демек, электрон тәріздес кішкене бөлшектерді табу үшін толқын ұзындығы өте аз жарық қолдануы қажет. Басқаша айтқанда, ең көп энергиялы жарық қоланылуы тиіс. Себебі, энергия (E) толқын ұзындығына кері шама: $E = h/\lambda$. Алайда, электрон аса кішкене болғандықтан үлкен энергиясы бар фотонмен соқтығысқанда, ол электронның моменті өзгереді. Сонда, электронның x өзегі (ось) бойынша анықталатын момент шамасы былайша беріледі: $\Delta px \approx h/\lambda \cdot \sin\alpha$

Енді электронның моменті мен орнын табарда кететін өлшем қателіктерін бірге қарастырсақ, мынадай жуық байланысты табамыз:

$$\Delta x \Delta p \approx \left(\frac{\lambda}{sin\alpha}\right) \cdot \left(\frac{h}{\lambda} sin\alpha\right) \sim h \qquad (4)$$

Бұл теңсіздікті 1927 жылы Гейзенберг анықтаған. Сонымен анықталмағандық шарты (1.5) – белгілі жылдамдығы бар электронның кеңістікте дәл орнын табуға болмайтынын көрсетеді. Егер белгілі мезгілде кеңістікте электронның дәл орны анық болса, онда оның моментінің жуық мөлшері жайында ғана мағлұмат аламыз. Ал егер электронның моментін анық білсек, ондай электронның дәл орнын табуға ешқандай мүмкіншілік жоқ.

Электронның қозғалыс теңдеуі бір жағынан электронның толқындық қасиетін берсе, екінші жағынан өлшемдердің жобалық мәнін көрсетуі тиіс. Бұл тілектерді орындау үшін толқындық теңдеуді пайдалана отырып, оған Луи де Бройль болжамы арқылы бөлшектік қасиет беру керек. Электронның қозғалыс теңдеуінде оның толқындық қасиетін ескеру үшін мына төмендегі жалпы толқындық қозғалыстың теңдеуі негізге алынуы қажет:

$$\nabla^2\psi = \frac{1}{v^2}\frac{\partial^2\psi}{\partial t^2} \qquad (5)$$

немесе

$$\nabla^2\psi_{(XYZ)} + \frac{8\pi^2 m}{h^2}(E - E_n)\psi_{(XYZ)} = 0$$

Теңдеудегі ψ – толқындық функция деп аталады. ∇^2- Лаплас операторы Декарт системасы бойынша:

$$\nabla^2 = \frac{\partial^2}{\partial x^2} + \frac{\partial^2}{\partial y^2} + \frac{\partial^2}{\partial z^2}$$

Сонымен, кванттық механика белгілі уақытта электронның дәл орны мен қозғалыс жылдамдығын табумен шұғылданбайды. Оның орнына кванттық механика белгілі нүктедегі электронның болу ықтималдығы жайындағы түсінікті қолданылады [6].



Сурет 1. s – p – және d – электронның бұлттары



Сурет 2. Ядродан r-қашықтықта электронның болу болжамын беретін радикальдық функцияның графигі

1, 2 – суретте s, p, d, f электрондардың орбитальдары мен толқындық функцияларының сипаттамалары көрсетілген.

Атомдық және ядрлық физиканың негізгі қағидаларын түсіндіру үшін эксперименталдық-практикалық жұмыстар жасалды. Бірнеше лабораториялық жұмыстар іске қосылды. Мысалы, радиометрдің көмегімен пропорционалдық тіркегіштерде элементар ядролық бөлшектер жіктелді. Дозиметрлердің көмегімен табиғи радиациялық фон анықталды. Бірнеше аналитикалық есептер шығарылып, олардың нәтижелері атомдық физика тұрғысынан түсіндірілді. Осылайша айтылған мәселелердің негіздері айқындалып, ғылыми эксперименталдық түрде түсіндірілді.

«Атомдық және ядролық физика» курсын орта мектепте оқытуға мұғалімдерді даярлау әдістемесінің тиімділігіне бақылау жүргізілді. Эксперимент жүргізу барысында эксперименттік және бақылау топ білім алушылары мен оқушыларының нәтижелері салыстырылып, кемшіліктер бойынша жұмыстар жүргізілді. Жүргізілген педагогикалық эксперимент нәтижесі көрсетіп отырғандай, эксперименттік топ білім алушыларының білім деңгейлері бақылау топ білім алушыларына қарағанда үнемі өсіп отырды. Білім алушылардың «Атомдық және ядролы физика» курсы бойынша алған білімдері педагогикалық практика-дан өту барысында қолданылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Золотухина Т.В., Иванова О.А., Золотухина А.А. Образовательная программа "Школьникам об атомной энергетике в действии". (Фестиваль педагогических идей "Открытый урок 2009")

2 Даукеев Г.Ж. Актуальные проблемы обеспечения энергетической безопасности Казахстана. – Алматы энергетика және байланыс институтының хабаршысы. 2008. № 1. – 23-27б.

3 *Vladimir A. Pustovarov, Igor N. Ogorodnikov, Erbol A. Ospanbekov Optical and electronic properties of undoped* $La_2Be_2O_5$ *single crystals in the far ultraviolet energy range (Impact Factor) Journal of the Optical Society of America B – Optical* physics, *Editor: Grover Swartzlander, Vol. 32, Iss. 2 — Feb. 1, 2015. – p. 241-247*

4 Хожин Г.Х. Электрэнергетика. Алматы, ҚР-ның Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011-245 б.

5 Шоқанов Ә.Қ., Құрманбаева Г.А., Жумабек А.Қ. «Атомдық энергетика» қолданбалы курсын оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Хабаршы, «Физика-математика ғылымдары» сериясы №1 (57). – 179-183 б.

6 Шоқанов Ә.Қ. Зат құрылысы. Спектроскопия негіздері. /Оқу құралы. – Алматы:Абай атындағы ҚазҰПУ,2015. – 79 б.

ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ. БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ
ИНФОРМАТИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ. ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

УДК 371.64/.69
ГРНТИ 11.25.41: 14.85.09

С.П. Абдыкаримова[1], А.К. Буканова[2], М.Е. Акаева[3]

[1,2]старший преподаватель Института математики, физики и информатики при Казахском национальном педагогическом университете имени Абая, г.Алматы, Казахстан
[3]магистрант специальности «Информатика» Казахского национального педагогического университета имени Абая, г.Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРОГРАММЫ ISPRING SUITE ПРИ СОЗДАНИИ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ ЭЛЕКТРОННЫХ УЧЕБНЫХ ПОСОБИЙ

Аннотация

В статье рассмотрены особенности использования программных продуктов для создания электронных учебных пособий нового поколения. Также основное внимание акцентировано на создание электронных учебных пособий с помощью систем, основанных на использовании инструментальных средств общего назначения – пакета Microsoft Office. Электронные учебные пособия вовлекают студента в активный процесс обучения и делают процесс познавания глубоким и всесторонним. Основным преимуществом электронного курса является его интерактивность, то есть наличие обратной связи. Полноценный электронный курс сопровождается системой контроля приобретенных знаний и тестирования, при организации которых используются интерактивные компоненты. iSpring Suite – относительно прост в использовании и предоставляет множество возможностей для создания интерактивного, мультимедийного контента. Так же данная программа позволяет превращать презентации в учебные материалы прямо в Power Point.

Ключевые слова: электронное учебное пособие, электронные курсы, мультимедийный контент, система контроля знаний, основные требования к ЭУП, гиперссылка, Power Point, iSpring Suite.

Аңдатпа

С.П. Абдыкаримова[1], А.К. Буканова[2], М.Е. Акаева[3]

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ КУРСТАРЫН ҚҰРУДА ISPRING SUITE БАҒДАРЛАМАСЫН ПАЙДАЛАНУ

[1] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Математика, физика және информатика институтының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан
[3] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Информатика» мамандығының магистранты, Алматы қ., Қазақстан

Мақалада жаңа дәуір электронды оқу құралдарын құруға арналған программалардың ерекшелігі қарастырылған. Сонымен қатар, басты назар Microsoft Office пакетінің негізінде құралатын электрондық оқыту құралдарына аударылып отыр. Электрондық оқу құралдары студенттердің оқу үрдісінде белсенділігін арттырып, оқу үрдісінің терең әрі жан-жақты болуын қамтамасыз етеді. Электрондық оқу курстарының интерактивті болып, студентпен кері байланыстың болуы негізгі қасиетінің бірі. Толық электрондық курс алынған білімді бақылау мен тестілеу жүйесімен сүйемелденіп, анықтау кезінде интерактивтілік компоненттері пайдаланылады. iSpringSuite – пайдаланушы үшін қарапайым және интерактивті, мультимедиалық оқу курсын құруға арналған бағдарламалардың тиімдісі болып табылады. Сонымен қатар, аталған бағдарлама PowerPoint-те жасалған презентацияны бір сәтте оқу материалына айналдыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: электрондық оқу құралы, электрондық курс, мультимедиалық контент, білімді бақылау жүйесі, ЭОҚ қойылатын негізгі талаптар, гиперсілтеме, PowerPoint, iSpringSuite.

Abstract

USING ISPRING SUITE WHEN DEVELOPING MULTIMEDIA ELECTRONIC TRAINING MANUALS

Abdykarimova S.P.[1], Bukanova A.K.[2], Akayeva M.Ye.[3]

[1,2] Senior Lecturer of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

[3] Student of Master Programme in Computer Science, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

The article considers the characteristic use of software products for developing new generation electronic training manuals. Besides, it focuses on developing electronic training manuals using the systems based on applying general purpose tools, Microsoft Office. Electronic training manuals involve students in an active learning process and make the process of cognition deeper and more comprehensive. The main advantage of an electronic course is its interactivity; that is availability of a feedback. A complete electronic course should contain a system of controlling the knowledge acquired by students and testing. Such a system is developed using interactive components. iSpring Suite is rather easy to use and it provides with many opportunities for developing an interactive multimedia content. Besides, the program provides with the possibility of transforming presentations into training materials directly in PowerPoint.

Key words: electronic training manual, electronic courses, multimedia content, system of knowledge control, basic requirements for ETM, hyperlink, PowerPoint, iSpringSuite.

В настоящее время ни у кого не вызывает сомнения тот факт, что электронные учебные пособия позволяют обогатить учебный процесс, дополняя его разнообразными возможностями компьютерных технологий, и делают его таким образом более интересным и привлекательным для обучающихся. Как всем известно, учебные пособия, имеющие электронную форму, существенно отличаются от своих традиционных печатных аналогов. Подача учебных материалов с включением мультимедийных компонент: графики, анимации, видео, звукового сопровождения, моделирования в динамике реальных ситуаций, вовлекают студента в активный процесс обучения и делают процесс познавания глубоким и всесторонним. Основное же преимущество компьютерного учебника заключается в его интерактивности, т.е. наличии обратной связи со студентом непосредственно при «прочтении» такого учебника.

Используя различные элементы управления, компьютерный учебник может буквально «следить» за процессом изучения студентом учебного материала, создавая на основе всплывающих подсказок, звуковых эффектов и речевых наговоров, соответствующих анимационных клипов и видеофрагментов эффект присутствия «виртуального преподавателя».

Кроме того, полноценный электронный учебник, естественно, сопровождается системой контроля приобретенных знаний и тестирования, при организации которой также используются его интерактивные компоненты.

Применение именно в таком понимании электронных учебных пособий в учебном процессе в настоящее время очень актуально, однако существует ряд проблем. Проанализировав созданные разработчиками электронные учебные издания по различным дисциплинам, рекомендованные для школьников, для студентов, мы пришли к выводу, что некоторые из них нецелесообразно использовать систематически в учебном процессе. Это объясняется рядом причин: очень большим объемом некоторых учебников; несоответствием содержания учебника рабочей программе конкретного вуза (или несоответствием распределения информации по отдельным разделам), отсутствием примеров решения задач; экономическими факторами: не любой вуз способен обеспечить всех студентов дорогостоящими учебниками.

Согласно концепции информатизации сферы образования Республики Узбекистан, обмениваясь опытом, изучив работы, анализируя статьи [1-9], касающиеся электронных учебных изданий, изучая опыты ведущих ученых зарубежных стран и стран СНГ, в том числе и отечественные литературы, мы выделили основные требования к ЭУП:

1. Постановка цели и задач.
2. Отбор и структуризация материала.
3. Определение структурных элементов учебника
4. Разработка дизайна.
5. Реализация учебника, его апробация и коррекция.

Создание электронных изданий вызывает интерес у преподавателей различных дисциплин, в том числе и у преподавателей информатики. Однако для многих из них создание собственных электронных учебных пособий (ЭУП) по преподаваемым дисциплинам вызывает значительные затруднения из-за некомпетентности в области самостоятельного создания электронных учебных пособий средствами программирования.

Предлагаемая авторами программа для создания электронных учебных пособий может заинтересовать любого преподавателя, занимающегося созданием электронных учебных изданий, а также людей, некомпетентных в этой области.

Авторы предлагают создание ЭУП системами, основанными на использовании инструментальных средств общего назначения – пакета Microsoft Office (пример, программа Microsoft Power Point) и программы для преобразования презентаций Power Point в формат флэш – iSpring Suite.

Положительные стороны Microsoft Power Point заключаются в том, что она имеет высокую скорость разработки, в ней не требуется специальных знаний в области программирования и использования баз данных, имеется возможность вставки объектов других программных пакетов.

И за рубежом, и в странах СНГ, значительная доля существующих электронных учебных курсов создается в программе Microsoft Power Point.

Этот инструмент относительно прост в использовании и предоставляет множество возможностей для создания интерактивного, мультимедийного контента.

Однако возможностей Power Point недостаточно для создания полноценного электронного курса. В частности, формат электронного курса должен быть совместим со стандартами SCORM или AICC для загрузки в систему дистанционного обучения (СДО). Кроме того, в курсах на базе PowerPoint-презентации часто используются такие дополнительные элементы, как тесты, задания, аудио- или видео сопровождение и др. Мировой рынок программного обеспечения для eLearning предлагает широкий выбор инструментов для разработки электронных курсов на базе Power Point. Наиболее распространенными среди них являются Articulate Studio, Adobe Presenter и в частности iSpring Suite. iSpring является золотым партнером Microsoft и сотрудничает с основными системами дистанционного обучения.

iSpring Suite – это профессиональный инструмент для создания электронных учебных курсов в PowerPoint. С помощью iSpring вы можете создать и опубликовать учебный курс в несколько этапов:

1. Построение учебного курса на базе Power Point-презентации.
2. Создание аудио- и видео-сопровождения.
3. Разработка интерактивных тестов.
4. Создание интерактивных блоков.
5. Публикация для СДО.

1. Построение учебного курса на базе Power Point-презентации. Инструменты iSpring для создания курсов устанавливаются в форме надстройки для Power Point. Все функции iSpring доступны на отдельной вкладке, что позволяет превращать презентации в учебные материалы прямо в Power Point (рис. 1).



Рисунок 1. Панель инструментов iSpring Suite в Power Point

Основой учебного курса iSpring является презентация, созданная в PowerPoint. При конвертировании курса в формат Flash, iSpring обеспечивает прекрасную поддержку всех эффектов Power Point: анимаций, эффектов перехода, SmartArt-фигур и даже триггер-анимаций и гиперссылок. Полная поддержка триггер-анимаций является уникальной особенностью продуктов iSpring.

Одним из плюсов электронного курса является возможность активного использования мультимедийных ресурсов. iSpring позволяет в один клик добавлять в презентацию мультимедиа объекты, которые достаточно сложно (или вообще невозможно) вставить средствами Power Point.

Наряду с информацией, включенной в учебный курс, вашим студентам наверняка пригодятся дополнительные материалы по теме. Это могут быть методические указания, книги, чертежи. Кнопка «Ссылки» на панели инструментов iSpring позволяет с легкостью прикреплять к курсу файлы и веб-ссылки (рис. 2).



Рисунок 2. Прикрепление файлов и веб-ссылок к курсу с помощью iSpring

Вы можете прикреплять к презентации файлы различных форматов, включая .doc,.pdf, .jpg и многие другие. Для веб-ссылок можно настроить способ открытия: в том же окне или в новом окне браузера. Прикрепленные файлы будут доступны для загрузки во время просмотра опубликованной презентации в плеере. Опубликованный учебный курс отображается в специальном плеере. Внешний вид и функциональные возможности плеера могут быть индивидуально настроены для вашего курса. Кроме того, вы можете добавить в плеер логотип и информацию о докладчиках и авторах.

При загрузке учебного курса в Интернет важно обеспечить защиту содержимого от несанкционированного доступа. iSpring предлагает четыре вида защиты курса:

1. *Пароль.* Использование пароля позволяет ограничить круг пользователей, имеющих доступ к курсу.

2. *Водянок знак.* С помощью водяного знака мы можете ограничить свободный просмотр презентации.

3. *Ограничение по времени.* Вы можете задать период времени, в течение которого ваш курс будет доступен для просмотра.

3. *Ограничение по домену.* Этот вид защиты позволяет разрешить воспроизведение курса только на сайтах, указанных пользователем.

Создание аудио и видео сопровождения. С помощью панели инструментов iSpring в Power Point можно с легкостью записать или импортировать аудио- и видео-сопровождение, а также синхронизировать его со слайдами и анимациями презентации.

1. *Запись сопровождения.* Вы можете легко и быстро записать сопровождение для вашего учебного курса и синхронизировать его с содержимым курса.

2. *Вставка сопровождения.* С помощью функции вставки вы можете импортировать аудио- или видеофайлы, записанные с помощью сторонних программ и приложений.

3. *Синхронизация сопровождения.* Редактирование сопровождения происходит в медиа-редакторе. С помощью временной шкалы вы можете синхронизировать аудио и видео со слайдами, изменять громкость, а также заменять и удалять записанные клипы.

По окончании работы в медиа-редакторе, вы можете перейти в режим редактирования презентации.

Разработка интерактивных тестов. Эффективный электронный курс включает в себя не только слайды с учебными материалами, но и тесты для проверки знаний студентов. iSpring позволяет быстро создавать интерактивные тесты и опросы при помощи встроенного инструмента iSpring Quiz Maker.

Наиболее простой и эффективный способ проверить знания студента – это оцениваемый тест. Этот вид теста позволяет оценивать правильность ответов студента и присваивать баллы за прохождение теста. Доступны следующие типы вопросов:

- *Верно/неверно.* Оценка правильности утверждения.
- *Одиночный выбор.* Выбор наиболее верного варианта ответа.
- *Множественный выбор.* Выбор нескольких правильных ответов.

- *Ввод строки.* Ввод ответа на вопрос специальное поле.
- *Соответствие.* Сопоставление подходящих элементов.
- *Порядок.* Расстановка предложенных вариантов в правильной последовательности.
- *Ввод числа.* Ввод правильного ответа в числовой форме.
- *Пропуски.* Заполнение пропусков в тексте подходящими ответами.
- *Вложенные ответы.* Выбор правильных ответов из выпадающих списков.
-*Банк слов.* Заполнение пропусков с помощью вариантов из «банка слов».
-*Активная область.* Указание правильной области на изображении.

Каждый вопрос теста может быть дополнен изображением, аудио-, видео- или Flash-роликом, а также формулой. Кроме того, вы можете настроить стиль текста и вставить гиперссылки (рис. 3).

Варианты ответы также могут быть дополнены изображением или формулой.

iSpring Quiz Maker позволяет создавать сценарии ветвления для каждого теста. Вы можете задать определенное действие для случаев правильного, неправильного и частично правильного ответа. Так, в случае правильного ответа, студент может перейти к следующему вопросу, а в случае неправильного – перейти на слайд с информацией по данному вопросу. Кроме того, вы можете настраивать сообщения о правильности ответа на каждый вопрос теста. С помощью таких сообщений можно давать подсказки и дальнейшие инструкции.

Вы можете опубликовать ваш тест для загрузки в СДО (Blackboard или любую другую с поддержкой SCORM/AICC-стандартов) или включить его в курс в виде отдельного слайда.

Создание интерактивных блоков. помощью iSpring информация в вашем электронном учебном курсе может быть представлена в интересной и удобной форме. Вы можете быстро и легко создать интерактивные блоки (интерактивности) с помощью кнопки «Интерактивность» на панели инструментов iSpring.

1. *Книга.* С помощью этой интерактивности вы можете быстро создать собственную трехмерную книгу, украсить ее изображениями, оформить обложку и задать текстуру страниц. Эффект перелистывания страниц делает книгу особенно реалистичной.
2. *Часто задаваемые вопросы.* Интерактивность позволяет создать список часто задаваемых вопросов и ответов на них. Возможность поиска, по ключевым словам, обеспечивает быстрый поиск нужной информации.
3. *Каталог.* С помощью интерактивности «Каталог» вы можете создать глоссарий, справочник или каталог наименований. Возможна вставка изображений, аудио и видео файлов, Flash-роликов. Доступен поиск по ключевым словам.
4. *Временная шкала.* Эта интерактивность позволяет визуализировать хронологию событий в виде временной шкалы. Описание периодов и событий может сопровождаться изображениями, а также аудио- и видеоматериалами.

Любая интерактивность может быть вставлена в учебный курс или опубликована как отдельный Flash-файл.

Публикация курса для СДО. Электронные учебные курсы, созданные с iSpring, можно размещать в Интернете, отправлять по e-mail, записывать на CD/DVD-диск, а также загружать в СДО. Курсы могут быть загружены в любую систему дистанционного обучения, поддерживающую стандарты

SCORM 1.2, SCORM 2004 и AICC. Кроме того, iSpring может создавать курсы специально для загрузки в СДО Blackboard. Вы можете настроить ваш электронный учебный курс специально для СДО:

1. Оценить число просмотренных слайдов.
2. Оценить тесты. Тесты можно ранжировать по степени сложности, задавая их вес.
3. Задать проходной балл.
4. Ограничить продолжительность урока. Если вы используете СДО iSpring Online, вы можете загрузить созданный учебный курс в СДО напрямую из Power Point – достаточно указать учетную запись iSpring Online в окне публикации. Если вы используете другую СДО, iSpring сохранит готовый к загрузке курс на вашем компьютере.

Microsoft Power Point и программа для преобразования презентаций в формат флэш iSpring Suite являются прекрасным средством для разработки ЭУП. С помощью этих программ вы можете создать прекрасное ЭУП независимо от вашей подготовки.

Предложенные программы могут выступать в качестве методической рекомендации для преподавателей вуза по составлению электронных учебников по преподаваемым курсам.

Список использованной литературы:

1 Вуль В.А. Электронный учебник и самостоятельная работа студентов // Учебные и справочные электронные издания: опыт и проблемы: мат-лы науч.-практ. конф. – СПб., 2001.

2 Башмаков А.И., Башмаков И.А. Разработка компьютерных учебников и обучающих систем. М.: Филинъ, 2003. 616 с.

3 Дуброва Н. eLearning – Обучение с приставкой «е» // Открытые системы. 2004. № 11.

4 Бовт И. Обзор средств быстрой разработки мультимедийных курсов [Электронный ресурс] // eLearning World. 2007. № 2-3. URL: http://www.elw. ru/magazine/23/

5 Соловов А.В. Электронное обучение: проблематика, дидактика, технология. Самара: Новая техника, 2006. 464 с.

6 Маминов С. Learning Content Development System. URL: http://nixika.ru/learning-content-development-system // Технический блог Сергея Маминова. (Дата обращения – 04.05.09).

7 Смирнов Д. Электронное обучение: Решение для учебных заведений. IntroTrans: сайт URL: http://www.introtrans.ru/solutions/solution-for-educational-institutions.

8 Зарипова М.Ж., Тайиров А.Х., Мирсабурова У.М. Особенности создания и использования электронных учебных пособий с помощью программы Microsoft Publisher // Актуальные проблемы информатики и информационных технологий: сб. мат-лов XVI Междунар. науч.-практ. конф. Тамбов, 2012. – С. 92-95.

9 iSpringSuite. Набор профессиональных инструментов для быстрой разработки электронных курсов [Электронный ресурс] // Сайт компании iSpringSuite. URL: http://www.ispring. ru/company/pressreleases/ispring-ispring-suite-6-0.html.

ӘОЖ 004:51
ГРНТИ 50.07.03

Ш.М. Асылбекова[1]

[1]Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Информатика мамандығы магистранты, Алматы қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші: Бакирова Э.А. – ф.м.ғ.к., профессор м.а

ШЫҒЫС ТҮРЛЕНДІРГІШІ БАР АВТОМАТ

Аңдатпа

Мақалада шекті автоматтағы, кіріс алфавитіндегі сөздер жиынының шығыс алфавитіндегі сөздер жиынынан көрінуін қарастырамыз. Осындай құрылғыларды абстрактілі автоматтар деп атаймыз. Абстрактілі автоматтардың екі класы бар: шығыс түрлендіргіші бар автомат түрлендіргіш және шығыс түрлендіргіші жоқ автомат түрлендіргіш. Шекті автоматтар синтаксистік талдау жүйелерінде, мәтінді аударуда, компьютерлік ойындарда, күрделі техникалық құрылғыларды басқару жүйелерінде және басқа да құрылғыларда қолданылады. Мақалада Мили және Мур абстрактілі автоматтары туралы алғашқы түсініктер келтірілген. Абстрактілі автоматтардың аудару, графтық, кестелік құрылу тәсілдері көрсетілген. Шекті автоматтар құрылғылардың математикалық моделі болып табылады, дискретті уақыт аралығында дискретті кіріс сигналы келіп түседі, осы келіп түскен сигналға автомат жауап ретінде шығыс сигналдарын әзірлейді.

Түйін сөздер: автомат, жиын, көшу функциясы, кіріс алфавиты, шығыс алфавиты, графтың төбесі, графтың доғасы.

Аннотация
Асылбекова Ш.М.[1]
[1]магистрант по специальности Информатика Казахского государственного женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан

АВТОМАТ С ВЫХОДНЫМ ПРЕОБРАЗОВАТЕЛЕМ

В данной статье будем рассматривать конечный автомат, который реализует отображение множества слов входного алфавита во множество слов выходного алфавита. Такие устройства называют абстрактными автоматами. Различают два класса абстрактных автоматов: автомат без выходного преобразователя, автомат с выходным преобразователем. Конечные автоматы применяются, например, в системах синтаксического анализа и перевода текста, компьютерных играх, системах управления сложными техническими устройствами и др. Приводятся начальные сведения об абстрактных автоматах Мили и Мура. Даются возможные способы представления автоматов: графовое, табличное. Конечные автоматы являются математической моделью устройств, на которые в

последовательные дискретные моменты времени поступают дискретные входные сигналы и в ответ на них автомат вырабатывает выходные сигналы.

Ключевые слова: автомат, множества, функция переходов, входной алфавит, выходной алфавит, вершины графа, дуга графа.

Abstract

AUTOMATIC WITH OUTPUT CONVERTER

Asylbekova Sh.M.[1]

[1] *Student of Master Programme in Computer Sciense, Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan*

In this paper, we will consider a finite automaton that implements the mapping of the set of words of the input alphabet into the set of words of the output alphabet. Such devices are called abstract automata. There are two classes of abstract automata: an automaton without an output converter, an automaton with an output converter. Finite automata are used, for example, in systems for parsing and translating text, computer games, control systems for complex technical devices, etc. The initial information on abstract Mili and Moore automata is given. Possible ways of representing automata are given: graph, table. Finite-state machines are a mathematical model of devices, into which discrete input signals enter consecutive discrete instants of time and in response to them the automaton produces output signals.

Key words: automaton, sets, transition function, input alphabet, output alphabet, graph vertices, graph arc.

Шығыс түрлендіргіші бар автомат келесі алты объектіден тұрады:

$A = <P , S , s_0 , \varphi , W , \psi>$, мұндағы

$P = \{p_1, p_2, \ldots, p_n\}$ – кіріс алфавиті;

$S = \{s_0, s_1, s_2, \ldots, s_k\}$ – жағдайлардың жиынтығы;

s_0 – автоматтың бастапқы күйі, s0 S;

φ – автоматтың көшу функциясы;

$W = \{w_1, w_2, \ldots, w_m\}$– шығыс алфавиты;

ψ – шығыс функциясы.

P , S , s_0 , φ объектілерді анықтау шығыс түрлендіргіші жоқ автоматтың анықталуымен тұспа-тұс келеді.

Шығыс түрлендіргіші бар автоматтың екі математикалық моделі бар: Мили автоматы және Мур автоматы. Ψ шығыс функциясының шығуын анықтау екі модельде де әртүрлі. A* шығысы жоқ автомат түрлендіргіш және L шығысы бар автомат түрлендіргіш автоматтың композициясы түрінде ұсынылуы мүмкін.

Мур автоматы 1-суретте келтірілген, мұндағы $\tilde{P}$, $\tilde{S}$, $\tilde{W}$– алфавиттегі сәйкес келетін сөздер.



Сурет 1. Мур автоматы

Мур автоматында ψ шығыс функциясы S жиынының W жиынынан көрінуін жүзеге асырады, яғни (S →W). Демек, si әр жағдайға байланысты wi шығыс символына қойылады. Көшу функциясы келесі түрде жазылады:

$wi = \psi(si)$, мұндағы

si – автоматтың ағымдағы жағдайы;

wi – шығыс символ.

Мур автоматында шығыс функциясын анықтау маңызды болып табылады, ол үшін wi(t+1) жаңа шығыс сигналы (t+1) тактіде si(t+1)) автомат жағдайына өтеді, ол $wi(t+1)= \psi(si(t+1))$.

Мили автоматы 2-суретте көрсетілген, мұндағы A* – шығысы жоқ автомат түрлендіргіш, L – түрлендіргіш, $\tilde{P}$, $\tilde{S}$, $\tilde{W}$, – алфавиттегі сәйкес келетін сөздер.



Сурет 2. Мили автоматы

Мили автоматында ψ шығыс функциясы P және S жиындарының декарттық көрінуін W жиынында жүзеге асырады, ол P × S→W. Демек, әрбір жұп, pi кіріс символы және sj жағдайы wk шығыс символына сәйкестенеді. Шығыс функциясы келесі түрде жазылады:

wk = ψ(pi , sj),), мұндағы

pi – кіріс символы;

sj– автоматтың ағымдағы жағдайы;

wk – шығыс символы.

Мили автоматында шығыс функциясы wk(t+1) жаңа шығыс символы (t+1) тактіде pi(t) кіріс символымен және si(t) жағдайымен ағымдағы (t) тактіде анықталады.

Wk(t+1) = ψ(pi(t) , sj(t)).

Мур автоматының берілу тәсілдері

Берілсін: P – кіріс алфавит, S – жағдайлардың көптігі, s0 – автоматтың бастапқы жағдайы және W – шығыс алфавит.

Көшу функциясы және шығыс функциясы үш тәсілмен беріледі:

– аудару;
– кестелік;
– графикалық.

Аудару кезінде барлық көшу және шығыс функциялары қамтылады:

s1 = φ (s0 , p1), w1 = ψ (s1),
s2 = φ (s1 , p1), w2 = ψ (s2),
. . . . . .
so = φ (sk , pn). w0 = ψ (s0).

Кестелік тәсілде кестеде көшу құрылады, сол жақ бағаналармен толықтырылып, s_j әрбір жағдайға тиісті шығыс символы w_j көрсетіледі (1-кесте).

Кесте 1

w_j	p_i / s_j	p_1	p_2	.....	p_n
w_0	s_0	s_1	s_2	.....	s_1
w_1	s_1	s_2	s_2	.....	s_k
.....	.....	.....	.....	.....	....
w_k	s_k			.....	s_0

Графикалық тәсілде автоматтың әрбір жағдайына граф төбесі сәйкес келеді, осы жағдайдың s_i символы және w_i шығыс сигналы осы жағдайға тиісті белгіленеді.

Егер s_i жағдайынан s_j жағдайына p_k кіріс символы әсерінен көшу болса, онда s_i және s_j төбелері s_i шыққан доғамен қосылады, ал доғада көшу болған кезде p_k символымен белгіленеді (3- сурет).



Сурет 3

Мур автоматының мысалы:

Берілсін $P = \{p_1, p_2\}$, $W = \{w_1, w_2\}$, $S = \{s_1, s_2, s_3\}$.

Көшу функциясы:

$s_0 = \varphi\{s_0, p_1\}$,

$s_1 = \varphi\{s_0, p_2\}$,

$s_2 = \varphi\{s_1, p_1\}$,

$s_2 = \varphi\{s_2, p_1\}$,

$s_3 = \varphi\{s_1, p_2\}$,

$s_3 = \varphi\{s_2, p_2\}$,

$s_3 = \varphi\{s_3, p_1\}$.

Шығыс функциясы:

$w_0 = \varphi\{s_0\}$,

$w_1 = \varphi\{s_1\}$,

$w_0 = \varphi\{s_2\}$,

$w_0 = \varphi\{s_3\}$,

Кесте 2 Мур автоматының көшуі және шығуының кесте түрінде берілуі

w_i	p_i / s_i	p_1	p_2
w_0	s_0	s_0	s_1
w_1	s_1	s_2	s_3
w_0	s_2	s_2	s_3
w_0	s_3	s_3	s_0



Сурет 4. Мур автоматының граф түрінде берілуі

3-кестеде Мур автоматының модельденуі, кіріс сөздерді түрлендіру p1p2p2p1p2 мысалы келтірілген. Жұмыс процесі кезінде автоматтың ауысу жағдайы s0 → s0 → s1 → s3 → s3 →s0 көрсетілген және келесі $w_0w_1w_0w_0w_0$ шығыс символдары құрылады. Мур автоматының жұмысы кіріс сөздерді шығыс сөздерге түрлендіру болып табылады.

Кесте 3. Мур автоматының модельденуі

t_k	t_0	t_1	t_2	t_3	t_4	t_5
s_i	s_0	s_0	s_1	s_3	s_3	s_0
p_j	p_1	p_2	p_2	p_1	p_2	
w_q	w_0*	w_0	w_1	w_0	w_0	w_0

t_0 кезінде w_o* мәні ескерілмейді, s_0 – Мур автоматының бастапқы жағдайы бірінші символ берілгенге дейінгі кіріс тізбекпен анықталады.

Мили автоматының берілу тәсілдері

Берілсін: P – кіріс алфавит, S – жағдайдың көптігі, s_0 – автоматтың бастапқы жағдайы және W – шығыс алфавит.

Көшу функциясы және шығыс функциясы Мур автоматындағыдай үш тәсілмен беріледі:

– аудару;
– кестелік;
– графикалық.

Аудару кезінде барлық көшу және шығыс функциялары қамтылады:

$$s_1 = \varphi\{s_0, p_1\}, \qquad w_1 = \varphi\{s_0, p_1\},$$
$$s_2 = \varphi\{s_1, p_1\}, \qquad w_2 = \varphi\{s_1, p_1\},$$
$$\ldots\ldots \qquad \ldots\ldots$$
$$s_0 = \varphi\{s_k, p_n\}, \qquad w_0 = \varphi\{s_k, p_n\},$$

Көшу функциясы Мур автоматындағыдай көрсетіледі. Айырмашылық тек көшу функциясының берілуінде.

Кестелік тәсілде кесте көшулері (4-кесте) және аналогты шығу кестесі (5-кесте) құрылады, i –жол мен j – баған қиылысында w_k шығыс символ көрсетіледі, p_j кіріс символының әсірінен автомат s_i жағдайына өтеді.

Кесте 4

s_i \ p_j	p0	p1	…	pn
s0	s1	s2	…	s3
s1	s2	s3	…	…
…	…	…	…	…
sк	s0	…	…	sк

Кесте 5

s_i \ p_j	p0	p1	…	pn
s0	w0	w1	…	wq
s1	w1	w2	…	…
…	…	…	…	…
sк	w0	…	…	wq

Бұл кестелер анологты, сондықтан әдетте олар бірігеді, біріктірілген кестеде өту және шығулар пайда болады (6-кесте).

Кесте 6

s_i \ p_j	p0	p1	…	pn
s0	s1/w0	s2/w1	…	s3/wq
s1	s2/w1	s3/w2	…	…
…	…	…	…	…
sk	s0/w0	…	…	sк/wq

Графикалық тәсілде әрбір автоматтың жағдайына сәйкес граф төбесі қойылады және осы жағдайға байланысты si символымен белгіленеді. Егер si жағдайынан pk шығыс символының әсерінен sj жағдайына көшу болса, онда si және sj төбелері доғамен қосылады. Ал доға pk символымен белгіленеді.



5-сурет

Мили автоматының мысалы

Берілсін P = {p_1 , p_2}, W = {w_0 , w_1}, S = {s_0 , s_1 , s_2}.

Көшу функциясы:	Шығыс функциясы:
$s_0 = \varphi\{s_0, p_1\}$,	$w_0 = \varphi\{s_0, p_1\}$,
$s_0 = \varphi\{s_2, p_2\}$,	$w_1 = \varphi\{s_0, p_2\}$,
$s_1 = \varphi\{s_0, p_2\}$,	$w_0 = \varphi\{s_1, p_1\}$,
$s_1 = \varphi\{s_1, p_1\}$,	$w_0 = \varphi\{s_0, p_2\}$,
$s_2 = \varphi\{s_1, p_2\}$,	$w_0 = \varphi\{s_2, p_1\}$,
$s_2 = \varphi\{s_2, p_1\}$.	$w_0 = \varphi\{s_2, p_2\}$.

Кесте 7. Берілген Мили автоматының көшуі және шығуының кесте түрінде берілуі

s_i \ p_j	p_1	p_2
s_0	s_0/w_0	s_1/w_1
s_1	s_1/w_0	s_2/w_0
s_2	s_2/w_0	s_0/w_0



Сурет 6. Мили автоматының граф түрінде берілуі

Мили және Мур автоматтарының айырамашылықтарына тоқталсақ, Мур автоматында бастапқы жағдай орнатылғаннан кейін, бірден шығыс символын санауға болады. Мили автоматында бастапқы жағдай орнатылып және бірінші кіріс символы берілгеннен кейін ғана шығыс символын санайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Кузнецова М.С. «Методы задания автоматов» // Молодой ученый. – 2015.

2 Пестриков В.М., Дудкин В.С., Петров Г.А. «Дискретная математика»

3 Глушков В.М. «Синтез цифровых автоматов». – Физматгиз, 1962.

4 Закревский А.Д., Поттосин Ю.В., Черемисинова Л.Д «Логические основы проектирования дискретных устройств». – М.: Физматлит, 2007.

5 Дудкин С., Исмаилов Р.Ш., Крайников А.В. «Синтез конечных автоматов» ЛЭТИ, 1987.

6 Баранов С.И. "Синтез микропрограммных автоматов (граф – схемы и автоматы)». – Л.: Энергия, 1979.

7 Лебедев В.Н. «Введение в системы программирования», «Статистика»,1975

УДК 519.711.3
ГРНТИ 28.17.27

С.С. Аубакиров[1]

[1]*PhD докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан*

КЛАССИФИКАЦИЯ НОВОСТЕЙ ПРИ ПОМОЩИ APACHE LUCENE

Аннотация

В данной статье рассказывается о бинарной классификации текстовых сообщений с использованием Apache Lucene. Сначала речь пойдёт о том, как появилась задача классификации. Затем о получении тестовой и обучающей выборки. В конце речь пойдёт о создании и обучении классификатора на основе индексов Apache Lucene и пакета “org.apache.lucene.classification”. Задача оптимизации выбора классификаторов решена с использованием генетического алгоритма. Для этого нами была разработана векторное представление каждого классификатора. Нами было исследовано 1632 классификатора и представлен подробный анализ точности классификации. В результате найден лучший классификатор, который делит тексты на 2 класса с точностью 0.96. Также представлен исчерпывающий анализ влияния типа индексов Apache Lucene и параметров входных данных на точность классификаторов.

Ключевые слова: бинарная классификация, генетические алгоритмы, распределенные вычисления

Аңдатпа

С.С. Аубакиров[1]

APACHE LUCENE КӨМЕГІМЕН ЖАҢАЛЫҚТАРДЫ ЖІКТЕУ

[1]*әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің PhD докторанты, Алматы қ., Қазақстан*

2000-2001 жылдарда алғаш рет ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «мобильді оқыту» («m-learning») туралы ақпарат берілді. Біздің еліміздің білім беру жүйесінде ақпараттандыру, жаңа ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды және электрондық оқыту жүйесін жасау, енгізу бағдарламаларын іске асыру кезеңінде «мобильді оқыту» мәселесі талқыланып, қолданысқа енгізіле бастады. Оқушылардың білім сапасын арттыруға және білім алу мүмкіндіктерінің кеңеюіне ықпал ететін мобильді құралдарды білім беру технологиясында қолдану әлемдік педагогика саласының көкейкесті мәселелерінің біріне айналып отыр.

Мобильді индустрияның жаһандық дамуын зерттеуші GSMA мәліметтері бойынша бүгінгі таңда қолданыстағы мобильді құралдардың саны әлем халықтарының санынан әлдеқайда артық болып отыр. Мәселен, 2015 жылдың соңына қарай GSMA құралдары 7,230 млрд. мобильді қосылуларды тіркеген болса, бұл кезде әлем халықтарының сандық көрсеткіші 7,197 млрд. адамды құрады. Бұл статистикалық мәліметтерден мобильді технологиялар мен мобильді интернеттің әлемдік қауымдастықта қолжетімді және ең тиімді байланыс құралдары болып отырғанын байқаймыз. Осы жағдайда, мобильді құралдарды оқыту құралы ретінде оқу үдерісінде тиімді қолдану проблемасының көкейкестілігі күннен-күнге арта түсуде.

Мобильдік құралдар – бұл адамға белгілі уақыт ішінде оған қажетті ақпаратты алуына мүмкіндік беретін құралдар. Бірақ мобильдік құралдар қажетті ақпаратты алып қана қоймай, оны өңдеуге де септігін тигізеді. Сондықтан да мобильдік құралдар мейлінше кеңінен таралуда. Әсіресе олар студенттер арасында кеңінен қолданысқа ие, себебі, аталмыш құралдардың арқасында студенттер бір-бірімен ғана емес, сондай-ақ, оқытушыларымен де байланыса алады. Сондай-ақ, мобильдік құралдардың көмегімен электронды білім беру ресурстарын қажет еткен адамның қашықтықта тұрғанына қарамастан оған қол жеткізуге болады.

Мобильді оқытуды білім беру саласына енгізу жобаларын жүзеге асыруда түрлі мобильді құралдардың: смартфондар, mp3 плеерлер, планшеттер, дауысты құралдардың дидактикалық мүмкіндіктері зерттеліп, білім алуға оңтайландырыла бастады.

Мобильді құралдарды теориялық және практикалық мақсатта пайдалану, мобильді білім беру ресурстарын жасау мәселелері бірқатар шетелдік ғылыми орталарда зерттелді. Осы мәселені дамыту саласында 2005 жылдан бастап Европада «Мобильді оқыту» (International Conference Mobile Learning) Халықаралық конференциясы, 2002 жылдан басқа «MLearnCon» Халықаралық конференциясы, 2007 жылдан бастап Англияда «The Mobile Learning Network Project» (MoLeNET – мобильді оқыту жүйесі) Халықаралық конференциялары үнемі өткізіліп келеді. Мақсаты – мобильді оқыту технологияларын жасау және тарату, әлем мектептері мен колледждері үшін біртұтас виртуалды мобильді оқыту жүйесін жасау болып табылады.

J.Traxler еңбектерінде «Мобильді оқыту» - дәстүрлі оқыту үдерісін өзгертеді, оқу материалдарының берілуін, оған қолжетімділікті түрлендіреді және сана мен менталитеттің жаңа формаларын қалыптастырады», - деп тұжырымдады [2].

С.Векслер, Б.Шленкер және т.б. мобильді оқытуды білімгерлерге оқытылып жатқан материалдарды неғұрлым тиімді меңгеруіне, ақпараттарды шығаруға, жасауға мүмкіндік беретін ықшамды және портативті құрылғылар негізіндегі қызмет деп түсінеді [3].

Американдық «Mobile Learning Environment Project» (The MoLE мобильді оқыту ортасы) жобасы мобильді оқыту технологияларын түрлі пәндерді оқытуға бағыттап мобильді білім беру ресурстарын құрастырды және оны меңгеруге арналған қолданылу әдістемесімен бірге бірыңғай платформа жасап, қолданысқа енгізді.

Мобильді құрылғылар өздерінің таралуы және қолайлылығы жағынан оқытуға және сабақ өткізуге дербес компьютерлерді пайдалана алмаған жағдайда ықпал етеді. Мобильді құрылғылар дүние жүзінің студенттері үшін білім алуды неғұрлым қол жетімді, неғұрлым әділетті және неғұрлым тиімді етуге көмек беретін құрал болып табылады, ол саясаткерлер үшін де, педагогтар үшін де, әмбебап технологияларды тиімді пайдалануға үміт артқандар үшін де тиімді құрал болып табылады. ЮНЕСКО үшін мобильді технологиялар операциялық жүйелердің, бағдарламалық қамтамасыз ету желілерінің аппараттық құралдары комбинацияларына, оның ішінде, қосымшалардың оқу платформалары контентіне жатады. Мобильді құрылғылар ұялы телефондардан бастап планшетті ДК-ге дейін сараптайды және өзіне ДҚК-ді, MP3-плеерлерді, жады карталарын, электронды кітаптарды және смартфондары кіріктіреді [4].

В.А.Кукловтың зерттеуінде, мобильді оқыту мобильдік құралдардың көмегімен педагогикалық негізде арнайы программалық жабықталған электрондық оқыту деп анықтайды. Бұл анықтамалардан мобильді оқытудың көпқырлы түсінік екендігін көруге болады [5].

Еліміздің ғалымдары Е.Ы. Бидайбеков, В.В. Гриншкун және Г.Б. Камалова өз зерттеулерінде «Жаңа ұрпақтың компьютерлік оқу-әдістемелік кешендері әзірлеу, сапа мониторингісі және эксперименталды зерттеулер негіздері» жобасының нәтижелерін ұсынды. Авторлар Қазақстан Республикасында үздіксіз білім беру жүйелерінің ерекшелігіне бейімделген жоғары оқу орны үшін жаңа ұрпақты компьютерлік оқу-әдістемелік кешендері (ОӘК) сапа мониторингісінің және эксперименталды зерттеудің, концептуалды ережелер мен жасалатын модельдерінің компоненттерін қалыптастыруға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді [6].

Бұл өзгерістер алдымен, білім саласына тікелей байланысты. Соған орай білім берудің жаңа философиясы қалыптасып, модернизация қарқынды жүріп келеді. Білім беру саласында дәстүрлі оқыту электрондық оқытуға, электрондық оқыту мобильді оқытуға ауысып жатыр. Орта білім беруде оқушылардың өздігінен дербес білім алуына басымдық берілсе, біліктілік арттыру жүйесінде қашықтықтан оқыту, сандық оқыту кеңінен қанат жайды. Ендігі міндет - сол алған білімнің адамға қызмет етуіне мүмкіндік беретін мобильді оқыту ортасын дамыту.

Британдық ғалым A.Kukulska-Hulme мобильді оқыту кезінде пайдаланылатын құрылғыны, әдеттегідей, былайша анықтайды:

- мобильді телефондар (ұялы телефондар);
- музыка тыңдау үшін mp3/mp4 плеерлері сияқты дербес құрылғылар;
- планшетті компьютерлер секілді жеңіл, портативті компьютерлер, ноутбуктер, нетбуктер, кішігірім ноутбуктер [7].

Дегенмен, құрылғылардың бұл тізімі күн сайын артып, сандық диктофондарды, электрондық кітаптарды, электрондық сөздіктерді, сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін көмекші технологияларды кіріктіреді. Мобильді құралдар күн өткен сайын вербальды коммуникацияларды қолдау, хаттарды тыңдау, бақылау, оқу, ақпараттарды іздестіру, есептерді, ойындарды орындау және көптеген т.б. мүмкіндіктерімен көпфункционалды бола түсуде. Құрылғыны таңдау жас шамасына, тұратын мекен-жайына, міндеттері мен басқа да факторларына байланысты өзгеріп отырады. Әдетте, оқушылар мен студенттер ұялы телефондарды және дербес медиа плеерлерді пайдаланады. Оқушылар дербес қалта компьютерін (ДҚК), смартфондарын және ноутбуктарын жұмыс орынында жеке құрал-жабдығы ретінде пайдалана алады.

Mobile–ағылшын сөзі, қозғалмалы, икемді деген мағынаны береді. Мәселен, бұл сөз автомобиль, мобильді телефон деген сөздерде жиі кездеседі. Сонымен, мобиль – адам әрекетін жеделдететін, қандай да бір затқа шапшаң қол жеткізуге мүмкіндік беретін құрылғы. Қазір біз өмірімізді осы мобильдік құрылғыларсыз мүлдем елестете алмаймыз. Ақпараттың мобильдік құрылғылар арқылы дамуы ақпараттық ортаның қарқынды дамуына, сол арқылы мобильдік құрылғыны пайдаланушылар санының бірнеше есе артуына алып келді. Соған байланысты Интернет дамыды, сымсыз Интернет пайда болды, әрине, осыған орай, мобильдік құрылғының қосымшаларын үлкен қарқынмен дамытып отырған әлемдік нарық қалыптасты.

Технологиялық ерекшелігі мен дидактикалық мүмкіншілігіне байланысты «Мобильді оқыту» туралы ғылыми әдебиеттерде бірнеше анықтама келтірілген. Мысалы, MoLeNet (www.molenet.org.uk) жобасы «мобильді оқыту» ұғымын - оқушының білім алуына оңтайландыру және қолдау көрсету үшін

ақпараттармен жұмыс істеуін қанағаттандыратын, оқу әрекеттерінің тиімділігін арттыруға пайдаланылатын портативті, сымсыз, ыңғайлы және қолжетімді құрал деп қарастырады.

«Мобильді оқыту» - білім беруде педагогтердің жұмысын жеңілдетуші, мүмкіндіктерін кеңейтуші, білім тереңдігін күшейтуші технология және негізгі оқыту формасына қосымша көмекші құрал деп те қарастырылады.

«Мобильді оқыту» «қашықтықтан оқыту» ұғымымен тығыз байланысты. Себебі, оқытушы мен оқушының арасындағы қарым-қатынас формасы қашықтықтан (оқушы – объект, оқытушы - субъект) орындалады, оқу үдерісінің компоненттері (мақсаты, мазмұны, әдіс-тәсілі, ұйымдастыру формасы, оқыту құралдары) толық қамтылады. Мобильді оқытудың *оқыту формасының* қашықтықтан оқытудан өзгешелігі, мобильді оқыту *технологиясы* оқу үдерісін нақтылайды, оқушы өзінің білім алуына белсенді қатысушы (білім беру үдерісінде оқушы - субъект).

Осы қасиеттері «мобильді оқытудың» электрондық оқыту *(e-learning)* мен аралас оқытудан *(Blended learning)* еркешелігін сипаттайды.

Мобильді оқытудың дидактикалық принциптері: мультимедиялығы, құрылымдылығы, модульдылығы, интерактивтілігі, қолжетімділігі.

Аралас оқытудан *(Blended learning)* айырмашылығы ретінде мобильді оқытудың жеке тұлғаға бағытталуы мен формальды еместігін айта кеткен жөн.

Сонымен, м**обильді оқыту дегеніміз** – мобильді құрылғылардың көмегімен кез келген уақытта, кез келген жерден білім алуды айтамыз.

Біз елімізде оқу үдерісінде ұялы телефондарды пайдалану әлемнің басқа елдеріндегідей қарқынды дамымағандығы фактісін атап өтуіміз тиіс. Тек 2011 жылы Қазақстанда мобильді оқытуды дамыту мәселелері Білім және Ғылым министрлігі ұйымдастырған «Білім беруді қашықтықтан оқыту технологиялары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында бірінші рет қарастырылды. Сондай-ақ, 2011 жылдың басында біздің елімізде мобильді оқытудың бірінші коммерциялық сервисі енгізілді.

Қазақстан Республикасында ең көп тараған мобильді құрылғы ұялы телефондар екендігін атап өткеніміз маңызды. Қазақстанда тек қана мобильді құрылғылар мен ұялы телефондар сататын мамандандырылған дүкендер көп. Жастар арасында ұялы телефондардың жаңа модельдеріне деген жоғары қызығушылық күннен күнге арта түсуде. Оқушылар мен студенттер арасында мобильді Интернетке қолжеткізу үшін заманауи смартфондарды пайдалану қалыпты жағдайға айналған.

Егер бүгінгі таңда ұялы телефон әлемдегі неғұрлым кеңінен таралған интерактивті ақпараттық-телекоммуникативті технология (АТТ) болса, онда ол білім беру саласы деңгейін арттыру үшін де пайдаланыла алады, сондай-ақ АТТ дүние жүзіндегі адамдарды оқытуға ықпал ететін үлкен әлеуетке ие. Көптеген оқытушылар, мектептер, тіпті елдер білім беру жүйесіне мобильді технологияларды ендіруге қадам жасап жатыр, атап айтқанда:

- біріншіден, көптеген ата-аналар, оқытушылар және тіпті оқушылар мобильді құралдардың оқыту мүмкіндіктерін жақсартуға және кеңейтуге жақсы бейімделгеніне қарамастан, мобильді оқытуды білім беру саласында пайдалану орынсыз және оқушылар үшін әлеуетті түрде зиянды деп қарастыруға үйренген.

- екіншіден, қазіргі таңда білім беру саласындағы барынша тиімді бірлескен жұмыста мобильді оқытудың оқушылар мен оқытушыларға көмектесуі үшін оның әлеуетін қабылдауды өзектендіретінін мойындайтын ұлттық, аймақтық және жергілікті саясатты іске асырудың жеткіліксіздігі байқалады.

- үшіншіден, мобильді оқыту күнделікті өмірде сапалы білімге қол жеткізе алмайтын оқушылар үшін мол білім алу мүмкіндіктерін ұсынады және жүзеге асыра алады.

- төртіншіден, мобильді оқыту білім беру саласына ендірілуін жалғастырып жатқандықтан да саясаткерлерде «сандық» теңсіздікті жою үшін бағдарламаларды іске асыру қажеттіліктері туындауда.

Олай болса, мобильді оқыту шын мәнісінде білім беруге оң ықпал етуі үшін педагогтар мен саясаткерлер ағымдағы уақытқа дейін білім беру саласына әлі тартылмаған кәсіпорындармен, қызығушы тараптармен жаңа серіктестік қарым-қатынасты ретке келтіруі тиіс.

Біздің пікірімізше, мобильді оқытуды ендіру жетістіктері көбінесе білім беруді ақпараттандыру саласындағы әлемдік тенденциялар бағытында болуға ұмтылған оқытушылардың өздерінің ынта-ықыласына байланысты деп санаймыз. Ендеше, мобильді оқытуды дамыту кері айналмайтын үдеріс екендігі, сондай-ақ болашақта дамытылуы және тереңдетілуі тиіс маңызды құрал екендігін атап айтуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы ҚР Президентінің 2010 жылғы желтоқсанындағы №1118 Жарлығы

2 Traxler J. Current State of Mobile Learning // *Mobile Learning: Transforming the Delivery of Education and Training*. 2009.

3 URL: http://www.aupress.ca/index.php/books/120155

4 Wexler S., Schlenker B., Brown J., Metcalf D., Quinn C., Thor E., Van Barneveld A., Wagner E. 360 research report mobile learning: What it is, why it matters, and how to incorporate it into your learning strategy. Santa Rosa, CA: eLearning Guild, 2007.

5 UNESCO. Working Paper Series on Mobile Learning. Global Themes // Illustrative Initiatives and Policy Implications.

6 Куклев В.А. The essential characteristics of mobile learning as a pedagogical innovation //Мир науки, культуры, образования, - 2008. - № 5. - С. 204-207.

7 Бидайбеков Е.Ы., Гришкун В.В., Камалова Г.Б. Основы разработки, мониторинга качества и экспериментальной апробации компьютерных учебно-методических комплексов нового поколения // http://moodle.nci.kz/file.php/1/Stati/Statja_4.htm

8 Kukulska-Hulme A. Introduction. In: Kukulska-Hulme, A., Traxler J. eds. Mobile Learning: a Handbook for Educators and Trainers. Open & Flexible Learning Series. Abingdon: Routledge. – 2005. – P. 1-6.

9 Бекболатова И.Y., Беркімбаев К.М. Болашақ маманның коммуникативтік әлеуетін

10 дамытудағы интернет желісін пайдалану мүмкіндіктері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ "Физика-математика ғылымдары"сериясы № 2 (50).

УДК 002.6:37.016
ГРНТИ 05.25.00; 05.13.17; 13.00.02

Idrisov S.N. [1], Turkistanov B.B.[2], Esekenova A.A.[3]

[1] Cand.Sci. (Pedagogical), Associate Professor of the Kh.Dosmukhamedov Atyrau State University, Atyrau, Kazakhstan
[2]student of Master Programme in Informatics, Atyrau, Kazakhstan
[3]Senior Lecturer of the Department of Informatics, Kh.Dosmukhamedov Atyrau State University, Atyrau, Kazakhstan

APPLICATIONS OF MOBILE TRAINING IN EDUCATION

Abstract

The term "mobile learning" (m-learning) mobile learning (m-learning) refers to the use of mobile and portable IT devices, such as PDAs (personal digital assistants), mobile phones, laptops and tablet PCs in teaching and learning . As computers and the Internet have become essential educational tools, technologies have become more portable, accessible, efficient and easy to use, this opens up wide opportunities for increasing participation and access to information and communication technologies, particularly on the Internet.

This article discusses the use of mobile learning in modern education. Despite the wide dissemination and availability of mobile phones among students, mobile training is not widely spread in the field of education. The article also analyzes the application of mobile technologies in training.

Key words: Mobile training, methods and means of training, wireless technologies, handheld computers, portable IT devices, students' readiness for mobile learning.

Аннотация
С.Н.Идрисов[1], Б.Б.Туркистанов[2], А.А.Есекенова[3]
[1]к.п.н., ассоциированный профессор, Атырауского государственного университета им.Х.Досмухамедова, г.Атырау, Казахстан
[2]Магистрант по специальности Информатика, г.Атырау, Казахстан
[3]Магистр, старший преподаватель, Атырауского государственного университета им. Х.Досмухамедова, г.Атырау, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ МОБИЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ В ОБРАЗОВАНИИ

Термин «мобильное обучение» (м-обучение) mobile learning (m-learning) относится к использованию мобильных и портативных ИТ - устройств, таких, как карманные компьютеры PDA (Personal Digital Assistants), мобильные телефоны, ноутбуки и планшетные ПК в преподавании и обучении. Так как компьютеры и Интернет стали необходимыми образовательными инструментами, технологии стали более портативными, доступными,

эффективными и простыми в использовании, это открывает широкие возможности для расширения участия и доступа к информационно-коммуникационным технологиям, в частности в Интернете.

В этой статье рассматриваются вопросы использования мобильного обучения в современном образовании. Несмотря на широкое распространение и доступность мобильных телефонов среди студентов, мобильное обучение слабо распространено в сфере образования. Это является основой для мобильного обучения в образовательных целях решения проблемы

Ключевые слова: Мобильное обучение, методы и средства обучения, беспроводные технологии, карманные компьютеры, портативных ИТ - устройств, готовность студентов к мобильному обучению.

Аңдатпа

С.Н. Идрисов[1], Б.Б. Туркистанов[2], А.А. Есекенова[3]

БІЛІМ БЕРУДЕ МОБИЛЬДІК ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУ

[1]п.ғ.к., Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры Атырау қ., Казахстан

[2]Информатика мамандығының магистранты, Атырау қ., Казахстан

[3]Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің аға оқытушысы Атырау қ., Казахстан

«Мобильді оқыту» (м-оқыту) mobile learning (m-learning) термині - мобильдік және портативтік АТ құрылғыларын қолданумен тығыз байланысты. Қалта компьютерлері PDA (Personal Digital Assistants), мобильдік телефондар, ноутбуктер және планшеттер білім берудегі мобильдік оқытудың негізгі құралдары болып табылады. Интернет пен компьютерлер қазіргі таңда білім беруде портативті, қолжетімді, тиімді және пайдаланушыға оңай технология болып отыр. Ол ақпараттық – коммуникациялық технологияларды, атап айтқанда, интернетпен байланыс жүргізу арқылы ауқымды ақпараттарға қолжетімділікті арттыра отырып, оны қолдануға мүмкіндіктер ұсынады.

Бұл мақалада заманауи білім беруде мобильдік оқытуды қолданудың маңыздылығы туралы баяндалады. Мобильдік телефондардың студенттер арасында кең қолданыста болғанымен, оны білім беру аймағында қолдану аз таралған. Осы мәселені шешудегі мобильдік оқытуды білім беруде қолдануға негіз жасалады.

Түйін сөздер: Мобильдік оқыту, оқытудың құралдары мен әдістері, сымсыз технологиялар, қалта компьютерлері, портативті IT - құрылғылар, ұялы оқыту студенттердің дайын.

Mobile learning is closely connected with electronic and distance learning, difference is the use of mobile devices. Training is carried out independently of the location and happen when using the portable technologies. In other words, the mobile learning reduces the restrictions on obtaining education in the country with the help of portable devices. During UNESCO's research identifies a number of advantages of mobile learning:

– Mobility. Mobile devices make it possible to organize the learning process, regardless of time and place. In this mobility are two aspects: on the one hand, it means the ability to implement educational programs where highly trained specialists can not be physically. On the other hand, modern technology, namely, cloud storage system allow for training without being tied to specific devices. The student can change the cell phone, but all of its training materials will be available. Additionally, to perform different tasks, he may use different technical devices.

– The continuity of education. Compared with the past, when the use of information technology has been focused on desktop computers, mobile projects in the field of education require continuous and uncontrollable students' access to technology. Mobile devices that are always with man and belong to him personally, make the process of continuous education: since students can complete assignments at any time, teachers can make the passive part of the learning beyond the classroom and the school time to use for the development of social skills. Students on their part are free to choose how and when they perform tasks outside the school. Continuing education is one more manifestation of: mobile phones allow you to continue the educational process even in areas of disasters and armed conflicts. UNESCO Studies say that it contributes to a more rapid recovery of the society after the crisis.

– Personalization of learning. Mobile devices allow students to choose their own level of complexity of tasks and content, advancing learning in its own rhythm.

In addition, the mobile phone enables each student to perceive the material as it is more convenient. This means that developers of educational programs for mobile in order to be more effective to use different methods of presentation of the same information: text, graphics, images, video. Mobile apps allow students to self-assess their performance and to quickly solve the problem by performing the necessary tasks to consolidate the material.

– Improving the quality of communication. Mobile devices make it possible to build a fast and reliable communication between teachers, students and educational institutions. Feedback from students allows teachers to monitor your progress for each student individually. In addition, using a mobile teacher organizes and lifelong

learning. Despite the undoubted advantages of the introduction of mobile learning, the use of mobile devices for educational purposes associated with their difficulties and problems. The problems and disadvantages of m-leaning implementation include:

1. Technical problems:

– small size screens and buttons on mobile devices;
– problems with access to the Internet;
– Mobile devices operate on batteries only;
– The amount of memory available on mobile devices;
– problems of information security;
– lack of common standards in connection with the mobile platforms, the characteristics of the devices;
– The need to process conventional electronic content for mobile devices;
– risks for loss of the mobile device.

2. Social and educational problems:

– not all students can afford to buy a suitable mobile device;
– problems related to the assessment of learning outcomes;
– problems with the security of educational content;
– too rapid development of mobile technologies;
– Don’t conceived pedagogical theory for mobile learning;
– conceptual differences between e-learning and mobile learning;
– Problems related to the security of personal information.

In view of these difficulties and problems the development of educational content for m-learning should be carried out taking into account such features as: separation of content in terms of complexity, feed small portions of content, the use of "light" graphics, audio and video. Particular attention should be paid to the issues of information security and intellectual property protection.

Judging from the above previously dynamics of development and improvement of mobile devices and network technologies, all these problems will be solved in the foreseeable future.

The term "mobile learning" (m-learning) refers to the use of mobile and handholding devices, such as handheld computers, PDA (Personal Digital Assistants), mobile phones, laptops and tablet PCs in teaching and learning. As computers and Internet become essential educational tools, the technologies became more portable, affordable, effective and easy to use, it opens up opportunities for increased participation and access to information and communication technologies, particularly the Internet. Mobile devices such as phones and PDAs are much cheaper than desktops, and therefore represent a less expensive method of Internet access (although the cost of connection can be higher). The introduction of tablet PCs now allows mobile Internet access with equal, if not more, functionality than desktop computers.

Most mobile devices are useful in education, management, organization and teaching for specialist-interns and with technical means of giving support for students.

Here are some of the main advantages:

– Students can interact with each other and with the teacher, instead of hiding behind large monitors.

– It is much easier and comfortable to place in the classroom several mobile devices than several desktop computers.

– Pocket or tablet PCs (PDAs) and electronic books are lighter and take up less space than files, paper and textbooks, and even laptops. Recognition of using the stylus or touch screen is more intuitive than using keyboard and mouse.

– There is the possibility of sharing tasks and working together; students and teachers can send the text by e-mail, cut, copy, and paste, transfer the device within the group, to work with each other using the infrared function of a PDA or wireless network, for example, Bluetooth.

– Mobile devices can be used anywhere, anytime, including at home, in the train, in hotels - this is invaluable at working.

– New technical gadgets, such as mobile phones, gadgets, gaming device, etc., to attract students - young people who may have lost interest in education.

– In [2] also highlighted the following advantages of m-learning:

– M-learning through a mobile device makes learning truly personalized. Students have the opportunity to choose learning content based on their interests, with the result that m-learning is focused on student.

– Flexibility, immediate access to information necessary leconcrete work with mobile devices allows to increase the productivity of employees.

– Individual learning and the immediate provision of on-demand content are the characteristic features of m-learning. It provides users with the opportunity to study after hours and creates the conditions for collaborative learning and interaction.

The latest trends in education is blended learning, which combines different types of education, to make learning more efficient and interesting. Blended learning combines the advantages of various forms of training and is better suited to the context of learning in an interactive learning environment. Mobile learning can be combined with other types of training, providing an interactive learning environment for students.

The introduction of mobile technology in education:

– allows students to move freely;

– expands the scope of the educational process beyond the walls of educational institutions;

– gives the opportunity to study for people with disabilities;

– does not require the purchase of a personal computer and paper textbooks, i.e. economically justified;

– study materials can be easily shared between users, because of modern wireless technologies (WAP, GPRS, EDGE, Bluetooth, Wi-Fi)

– information in a multimedia format enhances the absorption and retention of the material, increasing interest in the educational process. It's clear that the appropriate using of these modern means of communication in education.

In the future, teachers and students no longer have to be limited by the ability to teach and to learn in a certain place and time. Mobile devices and wireless technologies will become in the near future, part of learning for everyday, both, for inside and outside of the classroom.

Most of today's students are technically and psychologically ready to use mobile technologies in education, and it's necessary to consider new possibilities for more effective use of the potential of mobile learning.

The solution to this problem requires organizational effort on the part of managers of education, research and training of scientists and teachers in the implementation of strategies, forms and methods of mobile learning in educational process of higher educational institutions.

References:

1 Babichev N. Vodoleev V. E. N., On Maslennikov.N., N. Sokolov. The role and value of interactive visual AIDS in the system of modern biological education. http://e-drofa.ru/aboutnavigator/40(as of 17.01.2011)

2 Giuseppe Mantovani, "new communication environments: from everyday to virtual", Taylor and Francis, 1996.

3 Dudeney G., Hockly N. How to Teach English with Technology. 2007. – UK: Pearson Education Limited. – pp. 192.

4 Gilbert I. Essential Motivation in the Classroom: 2d edition. 2013. – USA, Routledge. – pp. 201.

5 Marshall S. Reporting & Analysis of Mobile Learning: Is It Worth It? // Learning Solutions Magazine. 2011.. URL: http://www.learningsolutionsmag.com/articles/780/reporting--analysis-of-mobile-learning-is-it-worth-it(дата обращения: 25.09.2014).

6 Маматов А.В., Немцев А.Н., Штифанов А.И., Беленко В.А., Загороднюк Р.А., Немцев С.Н. Использование технологии сотовой связи и мобильных устройств в дистанционном обучении;

7 Система «Білім ал» URL: www.bilimal.kz;

8 Логинова А.В. Использование технологии мобильного обучения в образовательном процессе // Молодой ученый. – 2015. – №8. – С. 974-976.

9 Уалиев Н.С., Сакабаев А.А. Обеспечение защиты информации при интеграции информационно-образовательных сред в мобильные Web-приложения. – 2016. – № 1. – С. 213

10 Қазақстандағы жоғары оқу орындарының білім беру жүйесіне қашықтықтан оқыту технологиясын енгізу әдістері. – 2014. – № 4 – С.50.

ӘОЖ 81:37.016
ҒТАМР 16.01.45

С.Ә. Исаев[1], Ф.Н. Дуйсебаева[2]

[1] ф.-м.ғ.к., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры, Алматы қ., Қазақстан
[2] Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Информатика мамандығы магистранты, Алматы қ., Қазақстан

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНЫП ШЕТЕЛ ТІЛІН ҮЙРЕТУ

Аннотация

Мақалада ақпараттық технологияны қолданып шетел тілін үйретудің жолдары ұсынылған. Нәтижелі оқыту үшін әртүрлі әдістер қарастырылады. Қазіргі кезде ақпараттық технологиялар мен компьютерлік телекоммуникацияларды білім жүйесінде жиі қолданылады. Әсіресе қашықтықтан оқыту жүйесі арқылы шетел тілін үйрету оқушыларға тиімді және ыңғайлы, бұған дәлел оқу орындарының компьютермен қамтамасыз етілуі және интернет желілерінің дамуы. Оқытудың дәстүрлі оқыту формасы өзінің тиімділігін жоғалтты, оқу уақытының 50% текке кететінін практика дәлелдеді. Шетелдік тәжірибені зерттей келе, келесі маңызды аспектіні көрсетуге болады: мұғалім ақпаратты таратушы рөлінде емес, кеңесші, кейде тіпті коллега ретінде болады, бұндай іс-әрекеттің мынадай жағымды жақтары бар: оқушы оқу процесіне белсенді түрде қатысады, өз бетімен ойлауға бейімделеді, өз көзқарасын айтып және шын ситуацияларды моделдейді.

Түйін сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ағылшын тілі, технология, педагогика, ақпарат, оқушы, мектеп.

Аннотация
С.А. Исаев[1], Ф.Н. Дуйсебаева[2]
[1] к.ф.-м.н., профессор Казахского государственного женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан
[2] магистрант специальности Информатика Казахского государственного женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

В статье рассматриваются методы обучения иностранным языкам, используя информационные технологии. В статье рассматриваются различные методы обеспечения продуктивного обучения. В настоящее время системы образования повсеместно используют информационно-коммуникационные технологии. Особенно выгодно и удобно обучать учащихся иностранному языку с помощью системы дистанционного обучения, доказательство тому обеспечение компьютерами и развитие сетей интернета. Практика показала, что традиционные формы обучения потеряли свою эффективность, потеря учебного времени при таком обучении составляет 50%. Изучая зарубежный опыт, можно указать следующий важный аспект: учитель не должен быть в роли распространителя информации, он советник, иногда даже коллега. При таком подходе к обучению есть и положительные стороны, ученик активно участвует в учебном процессе, самостоятельно может решать свои проблемы, выражать свою точку зрения, моделировать истинные ситуации.

Ключевые слова: информационно-комуникационные технологии, английский язык, технология, педагогика, информация, учащиеся, школа.

Abstract

USE OF INFORMATION TECHNOLOGIES IN TRAINING A FOREIGN LANGUAGE

[1] Issayev S.A., [2] Duisebayeva F.N.
[1] Cand.Sci. (Phys-Math), Professor of the Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
[2] Student of Master Programme in Computer Science, Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Methods of training in foreign languages with information technologies are considered in this article. Their purpose to facilitate process of training in foreign languages using information technologies. We presented various methods of providing productive learning. Currently, education systems use information and communication technologies all over the place. Especially in educational institutions, a system of distance learning is developing, proof of that is the provision of computers and the development of Internet networks. Practice has shown that such forms of training as a lecture and seminar have lost their effectiveness and the loss of teaching time with such training is 50%. Studying foreign experience, we considered the following important aspect: the teacher should not be in the role of a distributor of information, he is an adviser, sometimes

even a colleague. With this approach to learning there are also positive aspects, the student actively participates in the educational process, can independently solve his problems, express his point of view, models true situations.

Key words: ICT, english, tehnology, pedagogical, information, pupil, school.

Ақпараттық технологиялардың дамуы сабақ өткізуге – қашықтан оқу формасын кіргізуге мүмкіндік жасады. Бұл, біріншіден, оқушының оқу уақыты мен орнын өзі таңдауына мүмкіншілік жасайды, екіншіден, дәстүрлі білім алу мүмкіншілігінен айырылған адамдарға білім алу мүмкіндігін береді, үшіншіден, жаңа ақпараттың оқуға кеткен шығынды азайтады. Сонымен қатар, қашықтан білім алу жеке түрде білім алу мүмкіндігін күшейтеді. Ереже бойынша, қашықтан оқыту формасында электронды оқулықтар қолданылады. Бұл оқулықтардың тиімділігі, біздің ойымызша: біріншіден, олардың мобильдігі, екіншіден, компьютер желілерінің дамуына байланысты кез-келген жерде қолдану мүмкіндігінің болуы. Электронды оқулықтарды жасау ақпарат материалдарын үнемі жаңартып тұруға мүмкіндік жасайды. Электронды оқулықтарда жаттығулар мен мысалдар түрлері көптеп қарастырылады (беріледі). Сонымен қатар, электронды оқулықтар көмегімен білімді бақылау – компьютер арқылы тестілеу жүзеге асырылады. Қазіргі кезеңде қашықтан оқыту дүние жүзінде өте белгілі білім беру формасы болып табылады. Қазіргі кезде көптеген университеттер мен колледждерде қашықтан оқыту әдісі қолға алынып отыр. Халықаралық ақпараттық академия құрылды, бұл жерде 1998 жылыдан дүниежүзілік университет жұмыс жасайды, бұл университет үш елде – Ресей, Қазақстан және Бельгияда бар. Электронды оқулықтарды қолдану – берілген материалды оқушының саналы игеруіне көмектеседі. Сонымен, ақпараттық технологияның дамуы білім беруде әдістеменің жаңа әдістерін ойлап табуға мүмкіндік жасайды және сапасын арттырады.

Қашықтан оқыту – білім берудің кешенді түрі, елде және шет елдегі халықтың басым бөлігіне арнайы ақпараттық жүйе арқылы (спутникті теледидар, радио, компьютер байланысы және т. б.) іске асады. Қашықтан оқытудың ақпаратты білім жүйесі оқушыны ақпараттық ресурстармен, бағдарламалық, ұйымдастыру-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етеді. Қашықтан оқыту жұмыс істей жүріп білім алу формасының бір түрі, адамның білім және ақпарат алуға деген құқығын жүзеге асырады. Яғни қашықтан оқыту білім берудің бір түрі, оқушы мен оқытушының уақыты мен орны бір уақытқа сәйкес келмесе де, білім алу мүмкіндігінің болуы. Егер де бұл анықтамамен келіссек, сырттай оқу қашықтан оқытуға ұқсас, бірақ жеке ерекшелігі жоқ. Мультимедиялық компьютер – бұл ақпаратты жеткізуші жаң а құрал ғана емес, бұл «face to face» моделін көрсететін қондырғы. Сонымен қатар, тек компьютерде ғана ақпаратты-анықтама жүйесі ерекшелігін (индивидуализация) көрсетеді. «Электронды оқулық» деген не және оның кәдімгі оқулықтан қандай айырмашылығы бар? Көбіне электронды оқулықтың құрамына білім беретін, тексеретін, моделдейтін және басқа бағдарламалар кіреді. Электронды оқулық көбінесе кәдімгі оқулықты толықтырады, әсіресе мынадай жағдайларда тиімді:

– кері байланысты тез қамтамасыз етеді;
– керекті информацияны тез табуға көмектеседі, ал кәдімгі оқулықта бұл қиын;
– уақытты үнемдейді;
– әңгімелейді, моделдейді және т. б. (осы жерде мультимедия-технологиясының мүмкіндіктері мен артықшылығы байқалады) жеке адамды белгілі бір бөлім бойынша білімін тексеруге мүмкіндік жасайды.

Электронды оқулықтың 3 негізгі жұмыс тәртібін көрсетуге болады:

1. Тексерусіз оқу.
2. Тексерумен оқу, әр тақырыптың (параграфтың) соңында оқушыға бірнеше сұрақтар қойылады, бұл сұрақтар материалдың игерілу деңгейін анықтайды.
3. Тестілеу арқылы бақылау.

Оқулықтың электронды варианты бақылау құралдарын да қамтиды, себебі, білімді бақылау оқытудың негізгі проблемаларының бірі. Отандық оқыту жүйесінде көп уақыт білім тексеру, ережеге сәйкес, ауызша формада өтті. Қазіргі кезеңде тестілеудің түрлі әдістері қолданылуда. Көп адамдар, әрине, бұл көзқарасты, олардың ойынша, тестілер қажетті дағдыларды, мысалы, анализ жасау, салыстыру және т. б. қалыптастырмайды. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану оқудың тиімділігін көтереді, сонымен қатар, оқушының бірден-бір өз бетімен жұмыс істеу құралы болып табылады.

Белгілі бір пәнді игеру үшін, теорияны ғана емес, практикалық дағдыларды, яғни тапсырманы орындау практикалық дағдыларды жинақтау керек екендігі белгілі. Бұл үшін оқытылып жатқан процестер мен құбылыстардың математикалық моделдерін құрып үйрену керек, шешімнің алгоритмін жобалап және бағдарлама түрінде жүзеге асыру керек. Бұл мақсатқа жету үшін электронды оқулық құрамына модельдік бағдарламалардың сериясы енгізілді, бұл моделді бағдарламалар структуралардың графикалық

иллюстрациясын және алгоритмдердің жұмысын қамтамасыз етеді. Бұл оқушылардың түсіну деңгейін көтеріп қана қоймай студанттің ойлау және сезу қызметін дамытуға септігін тигізеді.

Жасалған жұмыс нәтижесі – электронды оқулық екі варианта жасалған: компьютерлік интернет желісі арқылы және аудиторияда оқыту процесі кезінде қолдану үшін. Ол заман талабына сай, компьютер арқылы оқыту құралы талаптарына сай. Біріншіден, заманға сай мультимедиялық ақпараттарды алу жолдарын (амалдарын) кіргізу мүмкіндігін кіргізеді, оқыту бағдарламасы ретінде. Екіншіден, білімді тексеру үшін интерактивті құралдарды кіргізу мүмкіндіктері, сонымен қатар, өзін-өзі тексеру мүмкіндігі және үшіншіден, қазіргі кезде оқулықтардың жетіспеуін байланысты электронды түрін дискетаға түсіріп, үй жағдайында компьютерде қолдануға болады. Егер де оқулықты серверге қойса, онда оның қоланылуына шек қойылмайды. Соңғы жылдары жаңа ақпараттық технологияларды қолдану туралы жиі сөз болып жүр. Бұл жаңа техникалық құралдар ғана емес, сонымен қатар, оқытудың жаңа формалары мен әдістері, оқыту процесіне жаңаша қарау. Шетел тіліне оқытудың негізгі мақсаты студенттердің коммуникативті мәдениетін қалыптастыру мен дамыту, шетел тілінде іс-жүзінде сөйлеуге үйрету.

Оқытушының міндеті - әр оқушы үшін шетел тілін іс-жүзінде игеру мүмкіндігін жасау, әр студент өзінің шығармашылығын, белсенділігін көрсете алатындай оқыту әдісін таңдау. Оқытушының міндеті – шетел тіліне оқыту процесі кезінде оқушының танымдық іс-әрекетін жандандыру. Қазіргі кездегі педагогикалық технологиялар, мысалы, жобалау әдісі, жаңа ақпараттық технологияларды қолдану, интернет ресурстарын қолдану оқытудың жеке бағытталған жолын (амалын) қамтамасыз етеді. Компьютермен жұмыс формасы, оқыту бағдарламалары бар, компьютермен жұмыс істеу формасы, шетел тілі сабағында мынадай жұмыстарды қамтиды:

- сөздермен жұмыс жасау;
- дыбыстап айту;
- сөйлеудің монологтық және диалогтық түріне үйрету;
- жазуға үйрету; грамматикалық құбылыстармен жұмыс жасау.

Интернет ресурстарын қолдану мүмкіндіктері өте үлкен. Оқушылар интернет желісі арқылы өткізілетін тестілеуге, викториналарға, конкурстарға, олимпиадаларға қатыса алады, басқа елдердегі құрбыларымен хат алмасып тұруларына болады. Қазіргі кездегі шетел тілін игеруге қойылатын талап – шетел тілінде іс-жүзінде сөйлей алуға үйрету, оны күнделікті өмірде қолдана білу.

Ақпаратты технологияларды қолдану интернеттің үлкен мүмкіндіктерін оқыту құралы ретінде ашады. Әлеуметтік-мәдени компетенцияның тиімді жолдарын іздестіруде зерттеушілер арасында бұрын болмаған үлкен мүмкіндіктері бар компьютерлік технологиялар үлкен қызығушылық тудыруда. Атап айтқанда, виртуалды кеңістікке, аутентті виртуалды интерактивті тілдік орта болып табылатын Интернетке ену көптеген зерттеуші-әдіскерлермен аталған компетенцияны дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Егер шетел тіліне оқытуда Интернет беретін мүмкіндіктер мен қызметтерге толығырақ тоқталсақ, келесілерді атауға болар еді: мысалы, студенттер Интернет тораптарында берілетін құжаттардағы тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алады, үйреніп жүрген тілінде электронды пошта арқылы хат алысып, виртуалды қатынас клубтарына – телеконференцияларға қатыса алады және нақты уақыт тәртібінде мәтіндік хабарламалармен алмасуға, аудиобағдарламаларды тыңдауға, бейнероликтер көруге, яғни ақпараттың қандай да түрлерін қолдануға мүмкіндіктері бар. Мұнда ақпаратты қандай да арақашықтыққа тез арада жеткізу, алыстағы ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігі, интерактивтілік (жылдам кері байланыс пен сұхбат мүмкіндігі), іздеу жүйелері арқылы және өз бетімен іздеу, алынған материалдарды түрлі тасушыларға ауыстырып салу және т.с.с. Интернеттің артықшылықтары пайдаланылады.

Интернет ШТ (шетел тілін) үйренушілерге аутентті мәтіндерді қолдануға, тіл тасушыларын тыңдап, олармен қарым-қатынас жасауға қайталанбас мүмкіндіктер береді, яғни ол табиғи тілдік ортаны қалыптастырады.

Дегенмен, Е.С. Полаттың көрсетуі бойынша, «қандай да болмасын оқыту құралы, ақпараттық-тақырыптық ортаның қандай да қасиеттерге ие болғанына қарамастан, дидактикалық мәселелер, білім берудің нақты мақсаттарымен шартталған танымдық қызметтің ерекшеліктері бірінші кезекті болып табылады». Демек, Интернет өзінің барлық мүмкіндіктері және қорларымен қоса, осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырудың құралы болып табылады.

Бұған қоса, ғаламдық желінің ақпараттық ресурстарын қолдана отыра, оларды оқу үрдісіне енгізіп, сәйкес дидактикалық түсініктемелер беру арқылы дидактикалық мәселелердің келесі қатарын тиімді шешуге болады:

1. Күрделілік дәрежесі жағынан түрлі материалдарды тікелей пайдаланып, оқылым дағдылары мен біліктерін қалыптастыру; Желіден алынған материалдарды мәселелік талқылаудың негізінде монологтық және диалогтық айтылым білігін жетілдіру;

2. Жеке түрде немесе жазбаша серіктеріне жауап жазу, реферат, шығарма және серіктердің бірлескен қызметінің басқа да эпистолярлы өнімдерін дайындауға қатынасу арқылы жазбаша тіл білігін жетілдіру;

3. Активті және пассивті сөз қорын қоғамның әлеуметтік және саяси құрылысын, мәдениет дамуының белгілі сатысын білдіретін қазіргі ШТ лексикасымен толтыру;

4. Өз бойында тілдік этикетті, түрлі халықтардың қатынас жасау жағдайында тілдік тәлімінің ерекшеліктерін, оқытылатын тіл елінің мәдениеті мен дәстүрлерінің ерекшеліктерін қамтитын мәдениеттанымдық білімдермен танысу;

5. Материалдарды жүйелі түрде қолдану мен «қызығушылық тудыратын» мәселелерді талқылау негізінде өзге тілді қызметтің тұрақты мотивациясын қалыптастыру.

Қазіргі заманғы компьютерлік бағдарламалар мен Интернет желісінің оқыту тиімділігінің әлеуетінің жоғары болуына қарамастан, оқытудың нәтижелері күткендей болмайды. Көптеген әдіскерлер компьютерлік оқытудың өзін ақтамай жататындығын, көптеген бағдарламалардың, Интернет сайттарының әдістемелік көзқарас тұрғысынан әлсіз болуымен, оқытудың міндеттеріне жауап бере алмайтындығына, елеулі шектеулері болуы мен дәстүрлі оқыту технологиясымен бәсекелесе алмайтындығымен байланыстырады. Басты мәселе, жаңа құралдардың кемшіліктерінде емес, компьютер мен соған сәйкес бағдарламалық қамтамасыз етулердің болуымен қатар, оқытушының олардың пайдалану әдістемесін меңгергендігінде және осы әдістемені практикада іске асыра алуында.

Оқу процесіндегі орнына қарай оқу құралдары орын басу құралдарына кейбір жеке жұмыстарда оқытушылардың орнын ауыстыра алатын – ереже, таблица, көрнекі құралдар, оқу материалдары және оқытудың көмекші құралдары (тақта, магнитафон және теледидар) жатады. Бірақ бұдан да күрделі оқыту құралдары бар. Бұл оқытудың кешенді құралдары, оларға фонограммалар, фильмдер және компьютер бағдарламалары жатады. Оқытудың мультимедиялық құралдары оқытудың күрделі құралдарына жатады, бұл мұғалім еңбегінің жаңа қаруы. Компьтер бағдарламаларының қасиеттері көп екендігін практика көрсетті. Олардың ішінде жеке оқыту және оқушылардың өздік жұмыстарын дамыту.

Жұмыс жасау барысында әр оқушының жеке ерекшеліктері ескеріледі. Кейбір оқушылардың естіптыңдау қабілеті дамыған болуы мүмкін, кейбір оқушылардың көріп есте сақтау қабілеті дамыған болады. Жалпы, шетел тілін компьютерлі технология арқылы оқыту келесі ерекшеліктері арқылы сипатталады

– оқушының оқытушымен, парталас көршісімен жеке қарым-қатынасқа түсуіне мүмкіншіліктің болуы;
– тілдік және тілдік емес информация түрлі және кең көлемде пайдалана алу.

Ағылшын тілін оқыту бағдарламалары әр түрлі және өте көп. Мультимедиялы технологиялардың көмегімен мұғалімдер шетел тілін оқыту барысында сабақта мынадай жұмыс түрлерін жасай алады:

– грамматиканы оқу (теория);
– грамматиканы оқу (жаттығу);
– лексиканы оқу;
– жазу, сөйлем құрастыру;
– ойын;
– диктант жазу;
– оқу;
– дыбыстап оқу;
– диалог (компьютермен).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. – Тараз: ТарМУ,2003.

2 Ахметова А.К. Принципы технологий и содержание образовательной программы. –Алматы,1995.

3 Керимбаева М.Р. Инновационные процесс в школе:проблемы,перспективы, поиск. –Алматы,1995.

4 Педагогика. Дәріс құралы. – Алматы: «Нұралы әлем», Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2003.

УДК 004.931
ГРНТИ 28.23.15

О.Ж. Мамырбаев [1], B. Bagher [2], М. Турдалыулы [3], С.К. Батырхан[4]

[1]PhD, асс. профессор, Институт информационных и вычислительных технологий КН МОН РК, г. Алматы, Казахстан
[2]PhD, профессор, Department of Computer Science of the University of Tehran, Iran
[3]PhD докторант, Институт информационных и вычислительных технологий КН МОН РК, г. Алматы, Казахстан
[4] Университет «Нархоз», г.Алматы, Казахстан

РАСПОЗНАВАНИЕ КАЗАХСКОГО ПИСЬМЕННОГО ТЕКСТА НА ОСНОВЕ НЕЙРОННЫХ СЕТЕЙ

Аннотация

Преобразование графемы в фонему является одной из основных подсистем систем Text-to-Speech (TTS). Преобразование последовательности написанных слов в соответствующей им последовательности фонем для казахского языка сложней чем для других языков. Общие подходы, используемые в казахстанских коммерческих системах TTS, имеют несколько модулей и сложные модели для обработки естественного языка. В этой статье мы определяем преобразование графем в фонему как задачу последовательного обозначения; и используем измененные рекуррентные нейронные сети (RNN) для создания интеллектуальной и интегрированной модели для этой цели. Рекуррентные сети модифицируются как имеющие два направления и снабжены долгосрочными-краткосрочными блоками памяти (Long-Short Term Memory) для получения большей части прошлой и будущей контекстуальной информации для принятия решений. Эксперименты, проведенные в этой статье, показывают, что в дополнение к объединенной структуре двунаправленный RNN-LSTM имеет хорошую производительность в распознавании произношения казахских предложений с точностью более 98 процентов.

Ключевые слова: Распознавания речи, нейронные сети, глубокие нейронные сети, глубокие обучения.

Аңдатпа

О.Ж. Мамырбаев [1], B. Bagher [2], М. Турдалыулы [3], С.К. Батырхан[4]

НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛІ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚША ЖАЗБА МӘТІНІН ТАНУ

[1]PhD, қау. профессор, ҚР БҒМ ҒК Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты, Алматы қ., Казахстан
[2]PhD, профессор, Department of Computer Science of the University of Tehran, Iran
[3]PhD докторант, ҚР БҒМ ҒК Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты, Алматы қ., Казахстан
[4] «Нархоз» университеті, Алматы қ., Қазақстан

Жиілік сөздігін жасауда электронды кітаптардың негізгі қоры «Қазақстанның ашық кітапханасы» онлайн жобасынан алынды. Бұл – ұлттық әдебиетіміз бен отандық ғылымның, өнеріміз бен сан-саладағы шығармашылық өкілдеріміздің жәдігерлерін заңды негізде бір жерге жинақтап, насихаттауды мақсат еткен онлайн жоба [5]. Бұдан бөлек Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі және Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің қолдауымен «Қазконтент» Акционерлік қоғамы тарапынан әзірленген [6] «Әдебиет порталы» да көптеген қазақ тілді кітаптар, мақалалар мен жарияланымдардың электронды форматын қарастыруға мүмкіндік берді.

1-суретте көрсетілгендей жиналған кітаптардың басым бөлігінің авторлары ХХ ғасырда өмір сүргендіктен, бұл кітаптардың мәтіндері сол заманның тілінде жазылған. Дегенмен, кез келген тілдегі сөздердің қоры уақыт өте келе өзгеріске ұшырап, тілге жаңа сөздер еніп жатса, кейбір сөздер қолданыстан

шығып қалып жатады. Сондықтан біз жиілік сөздігін жасауда тек әдеби кітаптардағы сөздер қорымен шектелмедік. Осы мәтіндер қорының әр сөзін HashSet [7] деректер жүйесіне қоя отырып, қайталанып келген сөздерді алып тастадық. 155 кітаптың ішіндегі 2,153,141 сөздің тек 210,030 сөзі бірегей болып танылды. Сол сөздердің барлығын бірегей (unique) [9] шектеуі бар деректер қорымыздың кестесіне жүктедік.



Сурет 1. Жиілік сөздігін жасауда қолданылған электронды форматтағы кітаптар тізімі.

2.2 Жаңалық порталдары

Ұялы телефондар, электронды кітап оқитын құралдар мен планшеттердің кеңінен таралуы және интернет желісінің қол жетімді болуы қазіргі заманда бұқаралық ақпарат құралдарының баспадан электронды түрге ауысуына себепші болды. Республикаға таралымы ең жоғары деген басылымдардың өзі соңғы кезде танымалдылығы жағынан электронды жаңалықтар порталдарынан қалып қойып жатқаны ақиқат. Қоғамда қалыптасқан осы жайды ескере отырып, интернет порталдарындағы мақалалар да жиілік сөздікті жасауда ескерусіз қалмауы тиіс екені белгілі. Осыған ора, біз елімізге танымал, оқырмандар саны салыстырмалы түрде жоғары болып келетін, қазақ тілде ақпарат таратын nur.kz [10], i-news [11] және 24.kz [12] секілді интернет порталдарындағы ақпаратты сараптадық. Аталған порталдарда жарияланған ақпаратты сұрыптау үшін JAVA бағламалау тілінде әзірленген тексеріп шығушы (crawler) [8.11] қолданылды. Бұл тексеріп шығушы осы порталдардың барлық ішкі және сыртқы сілтемелерін сұрыптап, тек осы порталдардың ғана емес, олардың сілтеме жасайтын сыртқы порталдардың да қазақ тілді мәтіндеріне қол жеткіздік.

2.3 Facebook және VK әлеуметтік желілеріндегі қазақ тілді мақалалар

Әлемдегі ең танымал әлеуметтік желі болып танылатын Facebook және ТМД елдерінде кеңінен таралған VK әлеуметтік желісінде қазақ тілді пайдаланушылардың бар екенін ескере отырып, мұндағы ақпаратты да қарастыруды жөн санадық. Жоғарыда аталған тексеріп шығушы бағдарламаны (crawler) осы әлеуметтік желілердегі қазақ тілді пайдаланушылардың жеке парақшаларын сұрыптап, замандастарымыздың қазақ тілді жазбаларына қол жеткіздік.

Интернет порталдар мен әлеуметтік желілердегі қазақ тілді контентті сұрыптай отырып, дерекқорымыздағы бірегей сөздердің санын 212,131-ге жеткіздік.

3. Түбір сөздерді анықтау

Дерекқорға 200,000-нан астам бірегей сөз жинағанмен, біз әлі де ол сөздерден бірден жиілік сөздігін жасай алмаймыз. Сөздің мәтінде кездесетін жиілігін анықтау үшін сол сөздің түбірін жалғауларынан ажырату қажет. Бұл жұмысты жүзеге асыру үшін, біз Шарипбаев А.А., Бекманова Г.Т., Ергеш Б.Ж., Бурибаева А.К., Карабалаева М.Х. жазған “Интеллектуальный морфологический анализатор, основанный на семантических сетях” (Семантикалық желіге негізделген зияткер морфологиялық сараптағыш) [13] атты мақаласында көрсеткен алгоритмді қолдандық. Біздің программа “ана”, “анама”, “анамның” деген сөздерді бір сөз ретінде қарастырып, жиілігін бірдей арттырып отырды. Жұрнақ арқылы жасалған сөздер мағынасы өзгеретіндіктен, программа тек жалғау жалғанған сөздерді ғана бір сөз ретінде қарастырады. Осы әдісті қолдану арқылы дерекқорымыздағы 200,000-нан астам сөздің тек ширегі ғана қалды. Қалған 150,000-ға жуық сөздер, сол 50,000 сөздің жалғау жалғанған формасы деп танылды.

4. Омонимдердің мағынасын ажырату, шылаулар

Дыбысталуы, сыртқы тұлғасы бірдей, бірақ ешбір мағыналық байланысы жоқ сөздер омонимдер деп аталады. Мысалы: Біз 21-ші жылы қысқа қарсы келдік (Ж. Ай.). 2. Етікші бізге жарымайды (мақал) [14]. Жиілік сөздігін компьютер программалары арқылы құрастыру кезіндегі ең үлкен кедергілердің бірі осы омоним сөздер болып табылады. Себебі, сөздікті кітаптарды оқып отырып, адамның қатысуымен жасаған кезде, кітапты оқушы сөздің қандай мағынада қолданылып отырғанын түсінеді. Дегенмен, соңғы үздік технологиялардың өзі кең тараған тілдердегі омоним сөздерді немесе осыған ұқсас, адам айыра білетін бірақ компьютер игере алмай келе жатқан біраз тілдегі ерекшеліктерді бағындыра алмай келеді. Бұл жағдай біздің программа жасау барысында да өзінің кері әсерін тигізді. Мысалы, «Көл мен жолдың арасында...» және «Оны ара шағып алды...» деген сөйлемдердегі «ара» сөзі екі түрлі мағына беріп тұр. Демек, оның бір мағынадағы жиілігін екінші мағынада кездестіргенде арттыруға болмайды. Алайда, бұл сөйлемдердегі «ара» сөзінің мағынасы бөлек екенін біз түсініп тұрғанымыздай, компьютер түсіне алмайды. Жасалған программада кез келген сөз қанша рет кездессе, жиілігі сонша рет арттырылады. Біздің программамыз, өкінішке орай, оны ескермейді. “Ара” сөзінің жиілігі 2000 болса, оның қай мағынада қолданылғаны ескерілмейді.

Қазақ тіліне тән тағы бір ерекшелік – бір мағына беретін, бірақ жазылуы әр түрлі болып келетін сөздер тобының болуы. Бұл ерекшелік әсіресе жалғаулық шылауларға тән. Мысалы, “Дейін”, “шейін” және тағы осыған ұқсас шылаулар бір мағынаны білдіреді. Біздің программада бір мағына беретін шылаулар топтастырылып, олардың мәтінде қайсысы кездессе де, жиілігі арттырылып отырады.

5. Сөздердің жиілігі бойынша анализ

Қазақ тіліндегі әдеби шығармалар, жаңалықтар, әр түрлі тақырыптардағы мәтіндер мен әлеуметтік желі пайданушыларының қазақ тіліндегі жазбаларын топтастыру арқылы жиілік сөздігін жасауға қажетті қазақ тілінің сөздер дерекқорына қол жеткіздік. Енді осы дерекқордағы сөздердің әрқайсысын жоғарыда айтылған ережелер бойынша сол мәтіндердің ішіндегі жиілігін анықтау қалды. Заманауи технологиялардың арқасында бұл қиынға соқпады. JAVA программалау тілінде әр сөзді алғашқы формасына (түбіріне) келтіріп, оның мәтінде неше рет қайталанатынын санайтын қосымша әзірледік.

```
public static void putTextToDataBase(String table, HashSet<String> set){
    String sql;
    for(String word : set){
        sql = "INSERT INTO  `Crawler`.`"+table+"` " + "(`name`) VALUES (?)";
        try{
            PreparedStatement stmt = db.conn.prepareStatement(sql, Statement.RETURN_GENERATED_KEYS);
            stmt.setString(1, word);
            stmt.execute();
            System.out.println("         "+word);
        }catch(Exception e){
            //System.out.println(e.getMessage());
        }
    }
}

public static void insertFreqToDB(int freq, String item){
        String sql;
        sql = "INSERT INTO  `Crawler`.`frequency` " + "(`freq`, `word`) VALUES (?, ?)";
        try{
            PreparedStatement stmt = db.conn.prepareStatement(sql, Statement.RETURN_GENERATED_KEYS);
            stmt.setInt(1, freq);
            stmt.setString(2, item);
            stmt.execute();
        }catch(Exception e){
            //System.out.println(e.getMessage());
        }
}
```

Сурет 2. JAVA программалаутілінде жазылған код үлгісі.

Қорытынды нәтижелер

Жоғарыда айтылып кеткен деректер қорын JAVA программалау тілінде жасалған программа бойынша сұрыптау арқылы алынған нәтижелерге сәйкес жиілігі ең жоғары сөздер қатарына төменде көрсетілген сөздер енді:

Кесте 1. Қазақ тілінде ең жиі кездесетін сөздер

№	Сөз	Жиілік	№	Сөз	Жиілік
1	да	21260	26	ғана	4362
2	бір	20452	27	соң	4347
3	деп	19158	28	ал	4260
4	де	16499	29	болды	4248
5	мен	15592	30	болса	4219
6	әдеби	12731	31	өз	4140
7	жоқ	10530	32	бірақ	4111
8	еді	9742	33	қазақ	4106
9	бұл	9567	34	керек	4088
10	ол	9431	35	кейін	3997
11	бар	9277	36	көп	3946
12	екен	8091	37	менің	3938
13	осы	7274	38	жатқан	3823
14	деді	7265	39	қара	3791
15	деген	7197	40	өзі	3765
16	сол	7037	41	боп	3612
17	не	6546	42	келіп	3505
18	емес	6205	43	тағы	3353
19	екі	5899	44	адам	3333
20	ғой	5870	45	кетті	3299
21	болып	5604	46	үшін	3263
22	алып	5477	47	сен	3245
23	енді	4980	48	ақ	3233
24	ма	4663	49	қалды	3180
25	оның	4551	50	күн	3173

1-кестеден көріп отырғанымыздай, тілімізде ең жиі қолданылатын алғашқы елу сөздің басым көпшілігі демеулік, жалғаулық шылаулар мен басқа да көмекші есімдер болып табылады. Қазақша жазылған әрбір

мәтінді алып қарасақ, әрбір етістіктен кейін немесе тұрлаулы сөйлем мүшелерінің арасында үнемі байланыстырушы дәнекер болып тұратын көмекші есімдер қолданылатынын байқауға болады. Осы заңдылыққа сай, біздің жиілік сөздігіміздің нәтижелері де көмекші есімдердің тілдегі қолданыс аясы өте кең, әрі жиі екенін дәлелдеп берді.

Программаны жетілдіру жобасы

Біздің программа тек электронды түрде жұмыс жасайтын болғандықтан қажетті ақпараттың барлығы электронды түрде болуы шарт. Сондықтан біз қолжетімді барлық қазақ тіліндегі кітаптарды, мақалаларды және жазбаларды қамтуға тырыстық. Өкінішке қарай, әлі де қазақ әдебиетінің көркем туындыларының басым бөлігінің электронды нұсқасы қолжетімді емес. Оған қоса бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде таралымы республикалық деңгейдегі газет-журналдардың интернет порталдары бар болса, облыстар мен қалалардағы жергілікті БАҚ өкілдері әлі де мұндай дәрежеге жеткен жоқ. Сондықтан біздің программаның көмегімен қазақ тілінің мейілінше нақты жиілік сөздігін жасау үшін қажетті дерекқорлар санын ұлғайту қажеттілігі туындайды. Ол үшін біздің ұжым болашақта қазақ тіліндегі кітаптардың электронды нұсқасын жасауға бағытталған компьютерлік программа жасауды алдына мақсат ретінде қойып отыр. Бұл программаның басты артықшылығы ол қазақ тіліндегі кітаптарды сканерлеу арқылы оның PDF форматын жасау және қазақ тіліндегі мәтінді оқи алатын дәрежеде болуы қажет. Қазіргі таңда қазақ тіліндегі мәтіндерді оқи алатын программалар интернет желісінде де, мемлекеттік не жеке зерттеу орталықтарында да жоқтың қасы.

Жиілік сөздігін жасауда қолданылатын программамыздың жетілдіруді қажет ететін тағы бір бөлігі – омонимдерді ажырату мәселесі. Жоғарыда айтып өткеніміздей, омонимдердің мағынасын түсіну адамға оңай болғанымен, компьютер тілдегі табиғи ерекшеліктерді түсінбейді. Миллиондаған кітаптар мен ақпарат көздерін санаулы секундтарда қарастырып өте алатын компьютер адамға қарағанда анағұрлым тиімді жұмыс жасағанымен, омонимдерді ажырата алмауы, табиғи тілді түсінбеуі арқылы қажетті нәтижелерді мүлдем өзгертіп жіберуі мүмкін. Осындай олқылықтың орнын толтыру үшін біз программаға тек сөздерді ғана емес, сөз тіркестерін қарастыра отырып омоним сөздердің аражігін ажырата алатын жаңа функция қосуды көздеп отырмыз. Программаны үнемі жетілдіре және дерекқор көлемін ұлғайта отырып, қазақ тілінің мейілінше нақты жиілік сөздігін жасап шығуды көздейміз.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1 *Исмағұлова Б., Ережепова Э.,Әбдіжаппарова Г. Қазақша-орысша сөздік. –Алматы: Аруна баспасы, 2002. – 61 бет.*

2 *Stan Lipovetsky. Pareto 80/20 law: derivation via random partitioning. Pages 271-277 | Received 23 Jan 2008, Published online: 19 Feb 2009*

3 *Мырзабеков С., Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің құрылымына статистика-лингвистикалық талдау (М.О.Әуезовтің "Абай жолы" романы бойынша): ф.ғ.к. – Алматы, 1973. – 180 бет.*

4 *Атымтай F., «Қазақ Тілінің Жиілік Сөздігі» құрастырылды, Ана тілі газеті, 8-тамыз, 2016 жыл, www.anatili.kazgazeta.kz/?p=38349*

5 *«Қазақстанның ашық кітапханасы» онлайн жобасы, www.ikitap.kz*

6 *«Әдебиет порталы», www.adebiportal.kz*

7 *Java - The HashSet Class www.tutorialspoint.com/java/java_hashset_class.htm*

8 *SQL UNIQUE Constraint, http://www.w3schools.com/sql/sql_unique.asp*

9 *www.nur.kz/kk*

10 *www.i-news.kz/category/14-kazaksha.html*

11 *www.24.kz/kz/zha-aly-tar*

12 *Open Source Web Crawler for Java, https://github.com/yasserg/crawler4j*

13 *"Интеллектуальный морфологический анализатор, основанный на семантических сетях", Шарипбаев А.А., Бекманова Г.Т., Ергеш Б.Ж., Бурибаева А. К., Карабалаева М.Х., Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан, 2012*

14 *Образовательный сайт Казахстана http://testent.ru/load/ucheniku/kazakhskij_jazyk/omonim_s_zder/26-1-0-1434*

УДК 378.16
ГРНТИ 20.01.45

Т.Г. Плотникова[1]

[1]*доцент, Алматинского филиала Санкт-Петербургского гуманитарного университета профсоюзов, г.Алматы, Казахстан*

РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ АЛГОРИТМИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ НАПРАВЛЕНИЯ ПОДГОТОВКИ «ПРИКЛАДНАЯ ИНФОРМАТИКА»

Аннотация

Обучение программированию студентов направления подготовки «Прикладная информатика» невозможно без развития логического и алгоритмического мышления. Создание программ можно представить, как последовательность таких действий, как постановка задачи, выбор и обоснование экономико-математического метода решения, составление алгоритма, непосредственно кодирование, отладка и тестирование. Наиболее важным и трудоёмким процессом является составление алгоритма, ведь от его качества и рациональности зависит успех всей программы.

В данной статье проводится некоторый анализ, а также рассматриваются некоторые проблемы обучения алгоритмизации в средней школе и ВУЗе, предлагаются подходы по формированию алгоритмического мышления, которые включают обучение построению алгоритмов в средней школе, дифференциацию обучения в ВУЗе, индивидуальный подход к каждому студенту, введение учебных дисциплин, направленных на развитие алгоритмического и логического мышления, привитие навыков самообразования.

Ключевые слова: обучение, программирование, программа, алгоритм, Интернет-образование, самообразование.

Аңдатпа

Т.Г. Плотникова[1]

"ҚОЛДАНБАЛЫ ИНФОРМАТИКА" ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫНДА ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ АЛГОРИТМДІК ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

[1] *Санкт-Петербургтың гуманитарлық кәсіподақтар университеті, Алматы филиалының доценті, Алматы қ., Қазақстан*

"Қолданбалы информатика" даярлау бағытында оқитын студенттерді алгоритмдік және логикалық ойлауларын дамытпай программалауға үйрету мүмкін емес. Программа құру дегеніміз есептің қойылымы, экономикалық және математикалық шешу әдістерін таңдау және негіздеу, алгоритм құру және тікелей кодтау, жүргізу және тестілеу тәрізді әрекеттердің тізбегі түрінде ұсынылуы мүмкін. Аса маңызды және ауқымды процесс алгоритм құру болып табылады, өйткені программаның сәтті болуы оның сапасы мен ұтымдылығына тәуелді.

Мақалада мектепте және жоғары оқу орнында алгоритмдеуді оқыту мәселелеріне талдау жасалынады, орта мектепте алгоритм құруды оқыту мен ЖОО-да оқытуды саралауды, әрбір студентке дербес тәсілді қамтитын алгоритмдік ойлауды қалыптастырудың тәсілдері ұсынылады. Сонымен бірге, алгоритмдік және логикалық ойлауды дамытуға бағытталған өз бетімен білім алу дағдысын қалыптастыруға бағытталған жаңа оқу пәнін енгізу ұсынлады.

Түйін сөздер: оқыту, бағдарламалау, бағдарлама, алгоритм, білім берудің онлайн-, өзін-өзі тәрбиелеу.

Abstract

DEVELOPMENT OF SKILLS OF ALGORITHMIC THINKING AT TRAINING OF STUDENTS IN «APPLIED INFORMATICS» SPECIALTY

Plotnikova T.G.[1]

[1] *Associate Professor of the Almaty branch of Saint Petersburg University of Humanities and Social Sciences, Almaty, Kazakhstan*

Training programming for students in the field of "Applied Informatics" is impossible without the development of logical and algorithmic thinking. The creation of programs can be represented as a sequence of actions such as statement of the problem, selection and justification of the economic-mathematical method of solution, compilation of the algorithm, direct coding, debugging and testing. The most important and time-consuming process is the compilation of an algorithm, because the success of the entire program depends on its quality and rationality.

In this article some analysis of some problems of learning algorithmization in secondary school and university is being considered, measures for the formation of algorithmic thinking are proposed, which include training in the construction of algorithms in secondary schools, differentiation of studies at the university, an individual approach to each student, the introduction of academic disciplines aimed at Development of algorithmic and logical thinking, inculcation of skills of self-education.

Key words: education, programming, program, algorithm, Internet education, self-education.

Согласно федерального государственного образовательного стандарта высшего образования по направлению подготовки 09.03.03 «Прикладная информатика (уровень бакалавриата)» Министерства образования и науки Российской Федерации выпускник, освоивший программу бакалавриата, наряду с другими, должен быть готов решать такие профессиональные задачи, как «проектирование информационных систем в соответствии со спецификой профиля подготовки по видам обеспечения (программное, информационное, организационное, техническое); программирование приложений, создание прототипа информационной системы, документирование проектов информационной системы на стадиях жизненного цикла, использование функциональных и технологических стандартов.

Выпускник, освоивший программу бакалавриата, должен обладать различными профессиональными компетенциями, соответствующими виду (видам) профессиональной деятельности, на который (которые) ориентирована программа бакалавриата, в частности, способностью проводить обследование организаций, выявлять информационные потребности пользователей, формировать требования к информационной системе (ПК-1); способностью разрабатывать, внедрять и адаптировать прикладное программное обеспечение (ПК-2); способностью программировать приложения и создавать программные прототипы решения прикладных задач (ПК-8)» [1].

Развитие профессиональных компетенций выпускника направления подготовки «Прикладная информатика» невозможно без развития логического и алгоритмического мышления.

Обучение программированию начинается с дисциплины «Информатика и программирование», которая является логическим продолжением, развитием и обобщением школьного обучения в образовательной области «Информатика».

В результате изучения дисциплины «Информатика и программирование» студенты должны знать методы проектирования и разработки алгоритмов и программ; уметь проектировать, программировать отлаживать и документировать программы на одном из языков высокого уровня с использованием современных технологий программирования; владеть навыками программирования в современных средах.

Навыки программирования закрепляются при изучении таких дисциплин, как «Информационные системы и технологии», «Программная инженерия», «Операционные системы», «Структуры данных в предметной области», «Высокоуровневые методы информатики и программирования», «Объектно-ориентированное программирование».

Программирование – это процесс разработки программ, включающий набор проектной и пользовательской документации. Программа, которая является основным компонентом программного обеспечения, представляет собой упорядоченную в соответствии с некоторым алгоритмом последовательность команд (инструкций) компьютера для решения некоторой задачи.

Создание программ можно представить как последовательность таких действий, как постановка задачи, алгоритмизация, непосредственно программирование.

В постановке задачи даётся точная формулировка требований, предъявляемых к работе программы, описывается входная и выходная информация возможно описание подходов к решению задачи.

Алгоритм описывает порядок действий компьютера, которые необходимо выполнить над исходными данными, чтобы за конечное время достичь результата решения задачи.

Завершает процесс создания программы кодирование, т.е. запись алгоритма на каком-либо языке программирования и дальнейшая отладка полученного модуля.

Наиболее важным и трудоёмким является процесс составления алгоритма, ведь от его качества и рациональности зависит успех работы всей программы. К сожалению, в рабочем учебном плане направления подготовки «Прикладная информатика» отсутствует дисциплина «Основы алгоритмизации», при изучении которой можно было бы подробно рассмотреть различные виды алгоритмов, провести оценку их эффективности, проанализировать время их работы, обосновать выбор конкретного варианта. Такое положение дел приводит к тому, что студенты изучают различные языки программирования, не имея соответствующей подготовки в разработке алгоритмов.

В школьной программе по информатике понятию алгоритма, формам представления алгоритмов, их разработке уделяется недостаточно времени. Если учесть то, что уроки информатики проводятся всего один раз в неделю (34 часа в учебном году), то можно сказать, что среднестатистический выпускник после окончания школы в лучшем случае запомнит основные конструкции языка программирования, а худшем – получит стойкое неприятие процесса программирования, непонимание того, зачем это нужно было изучать. К сожалению, программы изучения информатике меняются чаще, чем выпускаются учебники, поэтому в учебной литературе может отсутствовать материал, предназначенный для обучения

программированию. В этом случае педагог пользуется собственными разработками, но достаточно высокую квалификацию имеют далеко не все учителя информатики, поэтому обучение программированию может просто остаться «на бумаге».

Программирование – это один из способов научиться абстрактно мыслить, разделяя задачу на небольшие части. Написание программы на каком-либо языке программирования – это просто кодирование алгоритма, явно выражающего действия, которые могут выполнить человек или компьютер. Чтобы стать хорошим разработчиком программного обеспечения, необходимо развить определённый тип мышления.

Обучать программированию можно (и нужно!) начинать с младших классов. Уже первоклассники могут изучить базовые конструкции, подрастая, они узнают и другие концепции – что такое алгоритм, как представлять данные, различные подходы к анализу.

Сейчас существуют мобильные приложения для обучения детей программированию с помощью игр, в которых участник управляет персонажем не в режиме реального времени, а составляет последовательность команд и запускает их на выполнение. Переходя от уровня к уровню, изучаются различные базовые элементы программ, такие, как ветвление, цикл, подпрограмма и другие. Например, в игре Kodable необходимо управлять «колобком», чтобы пройти лабиринт и собрать монеты. В ходе игры ребёнок получает сведения о том, как осуществляются ветвление, циклические действия. Для детей постарше предназначена игра Tynker App, в которой нужно составлять программу с помощью визуального языка Tynker, выбрав одного из персонажей. В игре Hakitzu Elite, имеющей сетевой режим, необходимо написать программу для боевых роботов на языке JavaScript.

Интересный подход к привлечению программированию людей любого возраста описывается на сайте «Час кода» [2]. Здесь имеются материалы для изучения программирования для учащихся начальной школы, а также расположен курс «Введение в информатику», предназначенный для всех желающих. С помощью среды визуального программирования можно решить различные головоломки или создать свою. Сейчас десятки миллионов студентов и школьников из более 180 стран участвуют в глобальном движении - «Часе программирования». Уроки доступны на 30 языках, для их усвоения не требуется никаких предварительных знаний.

Перечисленные возможности доступны нынешним школьникам, которые не представляют свою жизнь без компьютеров и информационных технологий.

Студенты приходят в высшие учебные заведения с различным исходным уровнем подготовки, с разной мотивацией. Некоторые имеют определённый опыт практической работы, такие студенты хотят получить знания, которые могут помочь им в продвижении по карьерной лестнице. Многие поступают в ВУЗы после окончания гимназий математико-компьютерного направления, имеют хороший багаж знаний по информатике и математике. Часть студентов обладают только практическими навыками использования офисных программ, слабо знают теоретические основы информатики и программирования. В этой связи сложно проводить обучение студентов по всеобщему единому учебному плану, потому что у кого-то из них, возможно, недостаточно развиты необходимые компетенции; для кого-то сведения могут оказаться избыточными, – все это влечет за собой потерю средств и времени.

Современные учебники по программированию содержат справочную информацию, а также примеры программ с необходимыми комментариями. И это в лучшем случае! Чаще всего даётся постановка задачи, а затем приводится программа, реализующая необходимые действия. При этом не рассматриваются возможные варианты программы, не приводится оценка её эффективности.

Разрешить указанные проблемы можно путём индивидуального подхода к каждому студенту, учитывая уровень их подготовки и личностные качества. Целесообразно разделять студентов на группы, учитывая подготовленность студентов по информатике и программированию. Для этого следует объективно оценить имеющийся багаж знаний. Сделать это можно с помощью опроса, тестирования. К сожалению, эти методы не всегда дают объективный результат. Да и психологически многие студенты чувствуют себя некомфортно в группах слабого уровня подготовки.

Интересные результаты можно получить, проводя анкетирование студентов, включая вопросы о том, как они оценивают свою школьную подготовку по информатике и программированию. Несмотря на то, что все выпускники школ должны обучаться по унифицированным программам, на практике это не выполняется. Примерно треть первокурсников уверяют, что в школе они совсем не изучали программирование, уроки информатики часто сводились к конспектированию теоретического материала. Эти студенты хотят получить знания, зачастую не принимая во внимание, что учёба – это серьёзный ежедневный труд.

Некоторые студенты уже в школе научились писать довольно серьёзные программы, используя разнообразные языки программирования, при этом не имея серьёзных знаний в алгоритмизации. Большинство таких первокурсников уверено в том, что им нужны только специальные знания, а общеобразовательные дисциплины для них второстепенны.

Учебные программы различных дисциплин, в том числе и «Информатика и программирование», рассчитаны на студентов, обладающих средним уровнем школьной подготовки. На первом этапе учёбы необходимо помочь первокурсникам получить такие навыки и умения, которые позволят в дальнейшем построить обучения наиболее эффективно.

Обучение программированию начинается с изучения теоретических основ информатики, закрепления практических навыков в использовании программ общего назначения. Овладевая навыками написания макросов, студенты уже осваивают элементы программирования.

При изучении программирования большое внимание должно уделяться построению алгоритма, наиболее приемлемым способом записи которого является псевдопрограмма. Разработанный алгоритм следует проверить. Это можно сделать визуально (контролируя законченность разнообразных элементов), а затем и в виде «сухой прокрутки» (выполняя действия вместо компьютера).

После разработки алгоритма выполняется его кодирование в терминах выбранного языка программирования, затем проводится отладка программы и её тестирование. Используемые тесты должны быть тщательно подготовлены, охватывать всевозможные варианты исходных данных.

Важным этапом в разработке программы является анализ полученных результатов. Часто студенты, выполнив программу на произвольных наборах данных, затрудняются объяснить, насколько правильно выполнено задание.

На практических занятиях при изучении программирования целесообразно рассмотреть готовый пример, попытаться откорректировать его при изменении условий, а затем выполнять индивидуальное задание.

Выполняя различные задания, студенты должны сначала разрабатывать алгоритм, только потом записывать его на языке программирования, чётко придерживаться выбранного стиля, предусматривая комментарии, отступы, выбирая по смыслу имёна переменных, процедур и функций.

Большое значение имеет организация самостоятельной работы, развитию навыков которой способствует написание курсовой работы, в предусматривающей разработку достаточно сложного программного продукта для решения разнообразных задач обработки информации различного типа.

Важным моментом в процессе обучение студентов направления подготовки «Прикладная информатика» является привитие навыков самообразования. Для расширения доступа к обучению, предоставление более гибкой и индивидуальной образовательной услуги и вовлечения слушателя в процесс обучения в течение всей жизни служат массовые онлайн образовательные курсы. Эти «открытые» университеты предоставляет значительную свободу в организации времени занятий и процесса обучения. Слушатель сам выбирает время изучения материала, решает, стоит ли ему писать лекции, выполнять или не выполнять дополнительные задания. Эта свобода требует от обучаемого большой дисциплины и самоорганизации.

Первые «открытые» университеты появились в конце прошлого века. Самым ярким примером среди многих подобных учебных заведений является Открытый Университет Великобритании (OU UK)[3], предлагающий свободное обучение по отдельным курсам с возможностью в дальнейшем получить документ об образовании.

Прохождение курсов может быть предоставлено как на платной, так и на бесплатной основе. OU UK, как и многие другие открытые университеты, предлагает изучение большинства материалов бесплатно в самостоятельном режиме, а для получения сертификата необходимо будет заплатить. Для слушателей публикуются все необходимые для освоения темы материалы, задания для самостоятельного выполнения и тестирования, в основном в формате текстовых документов и видео.

Вместе с открытыми университетами активно развивается концепция открытых образовательных ресурсов: учебные заведения публикуют учебные материалы по своим дисциплинам в открытом доступе в интернете. Тут можно найти в основном тексты, видео- и аудиолекции, реже – интерактивные компоненты. Самым популярным и распространенным ресурсом подобного рода в мире стал портал открытых ресурсов Массачусетского технологического университета (MIT) [4]. В 2012 году активно начал развиваться проект EdEX [4], в котором представлены материалы сразу нескольких всемирно известных учебных заведений.

Бесплатное дистанционное обучение на русском языке можно получить в Национальном Открытом Университете «ИНТУИТ» [5], главными целями этого образовательного проекта являются свободное распространение знаний в Интернете и предоставление услуг дистанционного обучения.

Интуит является одним из самых популярных образовательных ресурсов в России и СНГ и имеет большой потенциал роста.

К «Открытым» университетам можно отнести и Udacity [6] — частную образовательную организацию, созданную в Стэнфордском университете как результат расширения программы по информатике. Дистанционные курсы доступны в Интернете бесплатно, прослушать их может любой желающий.

Сейчас активно развивается Coursera [7] – проект в сфере онлайн-образования, основанный преподавателями Стэнфордского университета. В рамках Coursera публикуются образовательные материалы в Интернете в виде набора полноценных курсов: видео-лекции с субтитрами, а также текстовые конспекты лекций, приводятся тесты, домашние задания, а также задания для итогового экзамена.

Для большинства курсов чётко определяется время начала и конца, а некоторые дисциплины представлены в режиме самообучения, то есть доступны в любой момент. Это отличает Coursera от площадок, на которых курсы предоставляются без сессий, как, например, на ресурсе Khan Academy [8]. Психологически это придаёт слушателям атмосферу общности, чувства того, что данный курс изучается одновременно многими людьми, которые практически в одно и то же время выполняют одинаковые задания.

Идеи проекта Coursera получили развитие и в курсах Hexlet [9] – первой аналогичной русскоязычной платформе.

Слушатели различных курсов выбирают свой стиль конспектирования лекций, хотя делать это совсем не обязательно. Одной из проблем классических лекций является необходимость слушать лектора и записывать одновременно. В онлайн-курсах эта задача решается просто, ведь к материалу можно возвращаться сколько угодно раз.

К сожалению, в Казахстане и России обучение в «открытых» университетов пока не очень развито. Компании-работодатели при приёме на работу требуют диплом государственного образца, при этом не важно, когда было получено образование. В публикуемых вакансиях даже не указывается, какие курсы соискатель должен пройти в последние годы, а наличие соответствующих сертификатов не даёт никаких преимуществ претенденту на соответствующую должность.

Таким образом, во время обучения в ВУЗе студенты направления подготовки «Прикладная информатика» должны выработать установку на учение в течение всей жизни, разрабатывая новые алгоритмы, применяя различные стили программирования.

Следует развивать не только навыки кодирования, но и критический подход к разработанным алгоритмам, возможностям их улучшения, оценивание различных способов достижения поставленной цели. Добиться этого можно с помощью пересмотра учебных планов, введения дисциплин, направленных на улучшение алгоритмического и логического мышления, а также посредством самообразования.

Список использованной литературы:

1 Министерство образования и науки Российской Федерации. Приказ «Об утверждении федерального государственного образовательного стандарта высшего образования по направлению подготовки 09.03.03 Прикладная информатика (уровень бакалавриата) [Электрон.ресурс]. – 2015. – URL: http://минобрнауки.рф/документы/5442/файл/4329/Приказ № 207 от12.03.15 (дата обращения 14.04.2017)

2 «Час кода». URL: http://code.org/ (дата обращения 14.04.2017)

3 The Open University. URL: http://www.open.ac.uk/ (дата обращения 14.04.2017)

4 Massachusetts Institute of Technology. URL: http://web.mit.edu/ (дата обращения 14.04.2017)

5 Национальный Открытый Университет «ИНТУИТ». URL: http://www.intuit.ru/ (дата обращения 14.04.2017)

6 Udacity - Free Online Classes & Nanodegrees. URL: https://www.udacity.com/ (дата обращения 14.04.2017)

7 Coursera: Online courses from top universities on the App Store. URL: https://ru.coursera.org/ (дата обращения 14.04.2017)

8 Khan Academy. URL:https://ru.khanacademy.org (дата обращения 14.04.2017)

9 Практические курсы по программированию - Hexlet.io URL: https://ru.hexlet.io/https://ru.hexlet.io/ (дата обращения 14.04.2017)

УДК 338:002.6: 334.012
ГРНТИ 06.54.51: 06.56.21

А.К. Сарбасова[1]

[1] *ф.-м.ғ.к, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті, Алматы қ., Қазақстан*

ЭЛЕКТРОНДЫҚ КОММЕРЦИЯ ТУРАЛЫ

Аңдатпа

Соңғы уақытта жоғары дамыған ақпараттық жүйелер мен технологиялар жағдайында сауда және түрлі саудасаттық саласындағы, жаңа тұжырымдамалар мен санаттарын жоғары дамытуға. Бұл, ең алдымен, осындай «Электрондық коммерция» тұжырымдамасы ретіндегі ұғымдар және «электрондық коммерцияны» қамтиды.

Бұл мақалада «Электрондық коммерцияның» («Е-коммерция») пайда болу тарихы және электрондық бизнес-коммерция электрондық байланысты негізгі түсініктер мен анықтамалар, электрондық коммерция түрлі құраушылары енгізілді. Кәсіпорындардың ұйымдастырудың жаңа формалары қарастырылған. Жаңа бизнес (оның ішінде, электрондық) енгізу жолдарын жүзеге асыратын фирмалар мысалдары келтірілген. Бизнестің осыған ұқсас түрлерін қамтитын операциялар түрлері сипатталған. Шаруашылық жүргізудің жаңа формаларын қолданудың болашағы туралы айтылған.

Түйін сөздер: электрондық коммерция, желілік экономика, Интернет-дүкендер, электрондық дүкендер, ақпараттық жүйелер және технологиялар, бизнес процесс, ақпарат, «жұмсақ» тауарлар, «қатты» тауарлар.

Аннотация
А.К. Сарбасова[1]
[1] *к.ф.-м.н., доцент Казахского национального университета им. аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан*

НЕМНОГО ОБ ЭЛЕКТРОННОЙ КОММЕРЦИИ

В последнее время в условиях высокого развития информационных систем и технологий появляются новые понятия и категории в области торговли и различных торговых операций. К ним прежде всего относятся такие понятия, как понятия «электронная коммерция» и «электронная торговля».

В данной статье немного прослежена история появления термина «электронная коммерция» («E-Commerce»), введены основные понятия и определения, связанные с электронной коммерцией и с ведением электронного бизнеса, различные составляющие электронной коммерции. Рассмотрены некоторые новые формы организации предприятий. Приведены примеры фирм, осуществляющих такого рода новые формы ведения бизнеса (а именно - электронного). Описаны виды операций, включающиеся в подобный вид бизнеса. Дана перспектива применения новых форм хозяйствования.

Ключевые слова: электронная коммерция, электронная торговля, сетевая экономика, Интернет-магазины, электронные магазины, информационные системы и технологии, бизнес-процесс, информация, «мягкие» товары, «жесткие» товары.

Abstract
ABOUT ELECTRONIC COMMERCE
Sarbassova A.K.[1]
[1]*Cand.Sci. (Phys-Math), Associate Professor of Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan*

Recently, in the context of the high development of information systems and technologies, new concepts and categories in the field of trade and various trade operations. They primarily include concepts such as the concepts of «e-commerce» and «electronic commerce».

This article traces the history of the appearance of the term «electronic commerce» («E-Commerce»), introduced the basic concepts and definitions related to e-commerce and the conduct of e-business, the various component of e-commerce. Some new forms of organization of enterprises. Examples of firms carrying out such new forms of doing business (namely, electronic) are given. Describes the types of transactions that are included in this type of business. The prospect of applying new forms of management is given.

Key words: E-Commerce, e-commerce, network economy, e-shops, information systems and technologies, business process, information, «soft» goods, «hard» goods.

Соңғы кездерде ғылыми техникалық прогрестің қарқынды дамуына байланысты адамдардың күнделікті өміріне әртүрлі интернет-ресурстардың таралуымен, жаңа сауда операцияларының енуімен, информациялық жүйелер мен технологияларға байланысты жаңа ұғымдар және категориялар кірді. Осы ұғымдарға ең бастысы мынандай ұғымдар «электрондық коммерция» және «электрондық сауда» жатады.

«Электрондық бизнес», «электрондық коммерция» терминдерінің ішіне «дәстүрлі қағаз құжат айналымының орнына электрондық айналымның кеңінен қолданылуы есебінен коммерциялық операцияларды өткізу технологиясы» кіреді [1].

Электрондық коммерцияға тек қана Интернет арқылы тауарлармен қызметтерді сату және сатып алу ғана жатады деп есептеуге болмайды. [2, 3].

Электрондық коммерция компьютерлік желі бойынша ақшалай қаражатты аудару және сату-сатып алу операцияларынан басталды [4]. Бірақ қазіргі кезде бұл ұғым кең ауқымда таралды. Қазір сауданы тауардың жаңа түрі ретінде қарастырып, мысалы, электрондық түрдегі ақпарат деп саналады.

Қоғамды ақпараттандыру кезеңінде ақпаратты өндіру және қалыптастыру, оны толық қолдану үшін маңызды болып табылады.

Басқарудағы ақпарат материалдық игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну процестеріне қызмет көрсетеді және халық шаруашылығын және оның бөлімдерінің ұйымдық-экономикалық басқару мәселесін шешуді қамтамасыз етеді [5]. Ол экономикалық, технологиялық, әлеуметтік, заңдық, демографиялық және басқа мазмұнды әртүрлі мағлұматтарды көрсетеді. Ақпараттық процесте басқарушылық қызмет қандай болса, сонымен қатар, энергетикалық, материалдық, еңбек, қаржылық маңызды ресурстардың бірі ретінде ақпарат болып табылады.

Технологияда өндірістік және шаруашылық операциялар, адамдар, өнім шығару, тауарды сату және алу фактілері бойынша алғашқы мағлұматтарды өңдеу еңбек пәнінің ролін атқарады, ақпарат нәтижесінде алынатын – еңбек өнімі ролін атқарады, ол басқарушылық шешімді қабылдау және талдау үшін қолданылады.

Әдеттегі сауда циклы бірнеше кезеңнен тұрады. Нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін фирмалар жаңа өнімдерді жасап және өндіріп шығады (зат, қызмет немесе ақпаратты көрсеткеніне тәуелді емес), барлық тармақтар ұзындығында өздері үшін табыс көзін жасап, сол тауармен нарыққа шығып, оны танытып және сатылымнан кейінгі қолдауды қамтамасыз етеді.

Сатып алушылар ең басында бір өнімге деген мұқтаждықтарын анықтап, содан соң ол туралы ақпаратпен танысып, қай жерде сатып алу керек орнын іздеп, барлық нұсқаларды салыстырып (бағасы, қызмет көрсету деңгейі, өндірушінің беделін және т.б.) және содан кейін ғана сатып алады.

Электрондық коммерция өнеркәсіпті ұйымдастырудың жаңа түрлерін, сонымен қатар, бизнесті жүргізудің жаңа түрлерін ұсынады. Мысал ретінде, Вашингтон штатының Сиэтл қаласындағы кітап сататын Amazon фирмасын алуға болады. Сатушы сөресі бар дәстүрлі дүкені болмаса да, ол фирма Интернет арқылы барлық өнімдерін сатады және баспагерден сатып алушыға тікелей тауарды жеткізуді ұйымдастырады. Қазір баспагерлерге тауардың көп қорын жинау қажет емес.

Kantara және Software.net компаниялары алдыға тағы бір қадам жасады. Себебі, олардың барлық өнімдері - коммерциялық программалық жасақтама, ол компьютерде сақталып, Web арқылы тапсырыстарды қабылдау үшін қолданылады. Нәтижесінде бұл компаниялардың айналым қорлары толығымен цифрлық болып табылады. Тағы да бір мысал ретінде AMP корпорациясын келтіруге болады, ол корпорация өзінің тапсырыс берушісіне электрондық ажыратқыштар және ілеспелі компоненттерді тікелей Web-каталогтан сатып алуға мүмкіндік береді, соның арқасында EDI–тапсырыстарына (Electronic Data Interchange – электрондық әдіспен деректердің алмасуы) және растауды қажет етпейді.

Қазақстанда көптеген тауар түрлері, мысалы Lamoda.kz арқылы сатылады.

Электрондық коммерция тікелей табыс табу үшін тауар және қызметтерді сату, сатып алумен тікелей байланысты тек қана іскерлік операциялар ғана соның ішіне жатпайды. Бұл ұғымға табыс түсіруді қолдауда: мысалы, тауар және қызметке сұранысты жасау, клиенттерге қызмет көрсету және сатудан кейінгі қолдауды ұсыну, сонымен қатар, іскерлік серіктестер арасындағы әрекеттестікті жеңілдету кіреді.

«Жұмсақ» және «қатты» тауарлар негізінде сәйкесінше қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді тауарларды түсінеміз. Мұнда ең бірінші электрондық түрде көрсетілген (ақпарат, программалық жасақтама және т.б.), ал екіншісі ретінде – қалғандары (заттық тауарлар, басқа түрлі тауарлар) түсініледі. Мынадай түсіндіру компьютерлік қауымдастықта қабылданған «soft» және «hard» терминдерінің түсіндірмесіне сәйкес келеді.

Коммерциялық қызмет электрондық желі бойынша кейбір физикалық шектеулерді алып тастайды. Интернеттегі компьютерлік жүйелер аптаның жеті күнінде, тәуліктің 24 сағатында клиенттерді

қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар. Өнімге тапсырыстар кез келген жерден кез келген уақытта қабылдана береді.

1 кестеде тауарды сатудың жаңа және ескі әдістері келтірілген.

Кесте 1

Тапсырыс орындаудың сатылары	Дәстүрлі коммерция (бірнеше ақпарат иесі қолданады)	Электрондық коммерция (бір ақпарат иесі қолданады)
Тауар туралы ақпарат алу	Журналдар, жарнамалық брошюралар, электрондық каталогтар	Web-беттері
Тапсырысты рәсімдеу	Баспа бланкісі, хат	Электрондық пошта
Тапсырысты бекіту	Баспа бланкісі, хат	Электрондық пошта
Каталогтарды қарау, бағасын анықтау	Каталогтар	Электрондық каталогтар
Тауардың барлығын тексеру және бағасын растау	Телефон, факс	Электрондық каталогтар
Тапсырысты рәсімдеу	Баспа бланкісі	Электрондық пошта, Web-беттері
Тапсырысты жіберу (сатып алушы)	Факс, пошта	Электрондық пошта, EDI технологиясы
Тапсырысты алу (жеткізуші)	Факс, пошта	Электрондық пошта, EDI технологиясы
Тапсырысты кезекке қою	Факс, пошта	Web мәліметтер базасы арқылы қол жетімді
Қоймада тауардың барлығын тексеру	Баспа бланкісі, телефон, факс	Web мәліметтер базасы арқылы қол жетімді, Web-беттері
Жеткізу кестесіне енгізу	Баспа бланкісі	Электрондық пошта, электрондық мәліметтер базасы
Шот-фактураны жасау	Баспа бланкісі	Web мәліметтер базасы арқылы қол жетімді
Тауарды алу (тасымалдаушы)	Баспа бланкісі	Электрондық пошта
Алғанын растау	Баспа бланкісі	Электрондық пошта
Шот-фактураны жіберу (жеткізуші)	Факс, пошта	Электрондық пошта, EDI технологиясы
Шот-фактураны алу (сатып алушы)	Факс, пошта	Электрондық пошта, EDI технологиясы
Төлемді кестеге енгізу	Баспа бланкісі	EDI, Web мәліметтер базасы арқылы қол жетімді
Төлем жасау (сатып алушы)	Пошта	EDI, EFT
Төлемді алу (жеткізуші)	Пошта	EDI, EFT

Электрондық коммерция дегеніміз не

«Электрондық коммерция» атауы жаңа терминдер, категориялар және ұғымдардың пайда болуына әкелді. Жаңа ұғымдар: электрондық дүкен, элетрондық сауда, электрондық аукцион, электрондық витрина, электрондық ақша, электрондық төлем жүйесі, электрондық цифрлық қолтаңба және т.б. пайда болды.

Қазіргі уақытта «электрондық коммерция», «Интернет-коммерция» сияқты негізгі ұғымдардың әртүрлі анықтамасы белгілі, сонымен қатар оларға жақын ұғымдар - «электрондық сауда». Әрбір автор өзінің кәсіптік дайындығына сәйкес және жинақтаған тәжірибесіне қарай көрсетілген ұғымдарға толықтай айқын мағына береді.

Интернет-технология көмегімен электрондық коммерция жүзеге асады (E-Commerce).

«E» - бұл electronic (электрондық), латын тілінен аударғанда *тез* деген мағынаны білдіреді.

«E» - бұл economical, ағылшын тілінен аударғанда *үнемді* деген мағынаны білдіреді.

«E» - бұл extendent business, ағылшын тілінен аударғанда *кеңейтілген бизнес* деген мағынаны білдіреді.

Жоғарыда келтірілген «электрондық коммерция» ұғымының анықтамасы және сол сияқты «Интернет-коммерцияда» электрондық коммерцияның қазіргі жүйесінің енгізілуіне байланысты жаңа ұғымның

немесе оның көп бөлігінің барлық элементтерін толығымен көрсетпейді [6]. Мұнда көрсетілген жүйенің мақсатқа сай қызмет көрсетуі жоқтың қасы, сонымен қатар, коммерция жүргізу әдісінің принциптілігі жоқтың қасы.

«Интернет-коммерция» ұғымын тек қана сауда және жарнама қызметінің түрлеріне келтіреді. Сол кезде іскерлік операциялардың жеткілікті үлкен көлемі (өнімді бөлу туралы мәміле, сауда өкілеттігі, факторинг, лизинг, жобалау, консалтинг, инвестициялық келісім шарт, пайдалану және концессия туралы мәміле, іскерлік және өндірістік ынтымақтастықтың басқа түрлері және т.б. және бірлескен қызмет) осы анықтамадан түсіп қалды.

«*Электрондық коммерция* - бұл дәстүрлі коммерция түрлерін салыстырып, жоғары экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету мақсатында коммуникациялық орта және алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдануды қарастыратын іскерлік амалдар және мәміленің кез келген түрі» [7].

Электрондық коммерция – бұл жай ғана Интернет желісіндегі жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдануға негізделген сауда емес, ол әртүрлі бизнес әрекеттерінің үлкен құрамынан тұрады. Электрондық коммерция көмегімен фирма миссиясында тұжырымдалған экономикалық және қаржылық мақсаттарға жетуді қамтамасыз етеді.

1968 жылы АҚШ-та авиация, теміржол және автомобиль көлігі бойынша үш индустриалды стандартқа келісу үшін TDCC (Transportion Data Coordination Committee) арнайы комитетін құрды. EDI (Electronic Data Interchange) ұйымдары арасында мәліметтердің электрондық алмасуы үшін стандарт негізінде бұл комиссияның қызметінің нәтижесі көрінді [1]. Стандарт ANSI X.12 (host-based) атауына ие болды. EDI мәліметтер алмасуын, өңдеуді және бизнесті байланыстыру болып табылады [1].

«Электрондық коммерция» термині өзіне көптеген әртүрлі технологияларды біріктіреді, соның ішінде - EDI, электрондық пошта, Интернет, интранет (компания ішінде ақпарат алмасу), экстранет (сыртқы ортамен ақпарат алмасу).

Электрондық сауда - электрондық коммерция жүйесінің жеке жағдайы болып табылады. Бұл (көтерме немесе бөлшек) сауда дегеніміз тауарды және қызметті жеткізуші оны белгілі бір бағаға ұсынады.

«Электрондық сауда – дегеніміз ұйымдарға, көтерме саудагерлерге және тұтынушыларға шығындарын қысқартып, сонымен қатар, тауар және қызмет сапасын жоғарылатып және жеткізу жылдамдығын арттырып отыратын қазіргі бизнес әдістемесі болып табылады» [8].

Авторлар электрондық сауда және бизнес арасындағы айырмашылықты ерекшелемейді, бұл тартысты мәселе болып табылады. Сонымен қатар, келтірілген «электрондық сауда» ұғымының анықтамасы дәстүрлі сауда үшін сипатталған ұғымнан ешқандай айырмашылығы жоқ.

Бірінші және екінші жағдайда да шығындарды қысқартып, тауар және қызмет сапасын жоғарылатып, тапсырысты орындау жылдамдығын арттыру қажет [6].

«Электрондық коммерция – бұл әртүрлі телекоммуникациялық технологияларды қолданатын және электрондық әдіспен жүргізілетін іскерлік әрекеттердің кез келген түрлерін өзіне қосатын жалпы тұжырымдама» [6]. Іскерлік әрекеттер тікелей фирмалар, фирма және тапсырыс беруші, сонымен қатар, фирмалар және мемлекеттік кәсіпорын арасында жүргізіледі.

Электрондық коммерция Интернет-экономика негізінде жүзеге асырылады, оны көбіне ж*елілік экономика* деп атайды.

Желілік экономика - «экономикалық жүйенің кез келген жерінде тұратын жеке адам немесе кез келген компанияның жеңіл және ең аз шығынмен басқа кез келген компаниямен немесе жеке адаммен бірлескен жұмысы, сауда үшін идея және ноу-хау алмасу немесе жай ғана ляззат үшін байланыса алатын орта» [9].

Қазіргі ақпараттық технологиялар электрондық коммерция жүйесінде қолданылатын арнайы ақпараттық және аппараттық жасақтама инфрақұрылымын, жалпы қызметтерді, арнайы қосымшаларды, сонымен қатар, құқықтық құрылымды және сәйкес стандарт және ережелерді өзіне қосады.

Коммуникациялық технологиялардың негізгі өзге түріне: электрондық пошта, факс, электрондық мәліметтер алмасу технологиясы (EDI) және электрондық төлемдерді (EFT) жатқызуға болады. Технологиялардың аталған түрлерінің әрқайсысы электрондық коммерция жүйесінің қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін қажет.

Электрондық коммерция жүйесінің жұмыс жасауының негізін электрондық (виртуалдық) дүкендер құрайды.

«Электрондық дүкендер Интернет желісінде web-сервер құру негізінде саудагердің сататын өкілдігін көрсетеді» [6]. Осындай мекемені құрудың басты мақсаты Интернет желісіндегі басқа пайдаланушыларға тауар сату және қызмет көрсетуді қамтамасыз етумен айналысады.

Электрондық коммерция жүйесінің қолдану сферасы айтарлықтай сан түрлі. Олар іскерлік амалдар (бизнес-амалдар) және мәмілелердің кең ауқымын өзіне қосады, жеке жағдайда:

– әлеуетті тапсырыс беруші және жеткізуші арасындағы байланысты орнату;

– қажетті ақпаратпен электрондық алмасу;

– электрондық дүкенде тауар сатып алған клиентті сатуға дейінгі және сатудан кейінгі қолдау (өнім немесе қызмет туралы толықтай ақпаратты қамтамасыз ету, өнімді қолдану бойынша нұсқауды беру, сатып алушыда туындаған сұрақтарға оперативтік жауап беру);

– тауарды немесе қызметті сату актісін тікелей жүргізу;

– сатып алуды электрондық төлеу (электрондық ақша жіберу, кредиттік карточка, электрондық ақша, электрондық чектер қолданумен);

– сатып алушының өнім жеткізілімі, соның ішіне, физикалық тауарлар үшін жеткізуді басқару және оны қадағалау, сол сияқты тауарды тікелей жеткізу электрондық жолмен таралуыда мүмкін;

– виртуалдық мекеме құру, өз бетінше жұмыс жасайтын фирмалар үшін қол жетпейтіндей өнім және қызмет көрсету мүмкіндігін алу үшін өзінің әртүрлі қор түрлерін біріктіретін тәуелсіз компаниялар топтарын құрайды;

– фирма-өндіруші және оның сауда серіктестерінің бірлесіп жүргізетін өзбетінше бизнес-процестерін жүзеге асыру.

«Бизнес-процесс – бұл белгілі ұйымдық құрылымның негізінде компания қызметінің нақты коммерциялық (кәсіпкерлік) мақсатын жүзеге асыру көмегімен құрылатын процедуралардың, амалдардың бір-бірімен байланысқан жиынтығы; сондай-ақ, құрылымдық бөлімшелер функциялары және олардың бір бірімен қатынасы ертерек нақты анықталған және айқындалған» [6].

Электрондық коммерция жүзеге асырылатындай қызмет сфералары да сан түрлі.

Электрондық коммерция өтетін негізгі қызмет сфераларына мыналар жатады [10-12]:

– электрондық маркетинг (Интернет-маркетинг);

– электрондық дүкенді құруды қаржыландыру, сонымен қатар сақтандыру;

– тауарды және төлемді алуды, тапсырысты қоса алғандағы коммерциялық әрекеттер;

– бірнеше компаниялармен жаңа өнім немесе қызметті бірлесіп жасау;

– өнімді бірлесіп өндіріп үлестіруін ұйымдастыру;

– бизнесті басқару (салықтар, кеден, рұқсат беру, концессиялар және т. б.);

– көліктік қызмет көрсету, тасымалдау техникасы және жабдықтау әдісі;

– бухгалтерлік есепті жүргізу;

– даулық жағдайларды және даулы мәселені шешу.

Электрондық коммерция: ұлттық және интернационалдық (халықаралық) әртүрлі деңгейлерде жүзеге асырылады.

Осы деңгейлердегі іскерлік амалдарды жүргізу айырмашылығы негізінде техника-технологиялық құрамдас емес (себебі электрондық коммерция жалпы ерекшелігімен ажыратылады), заңдық құрамдастан тұрады.

Интернационалдық деңгейде (ішкі ұлттықпен салыстырғанда) электрондық коммерция жүйесін іске асыру маңызды түрде қиындайды.

Бұл салық салудың әртүрлі жүйесі, кедендік жинау, әртүрлі елдер арасындағы әртүрлі келісіммен қатар және жеке келісімді қабылдаумен туындаған факторларда банктік әрекеттерді жүргізу ережесін қолдануда айтарлықтай айырмашылық бар. Ұлттық деңгейде электрондық коммерция жүйесінің жұмыс жасауы негізінен фирма өкілдігімен және желісімен, жарнамамен, сонымен қатар, сатуға дейінгі және сатудан кейінгі қолдаумен байланысты.

Интернет желісіндегі толық коммерциялық амалдар өзіне тауарға тапсырыс, жеткізу, алу, шоттан көшірме және төлемді жүзеге асыру әдеттегі электрондық әдіспен әкеледі. Сонымен қатар, салықтық және кедендік міндеттерді орындау мақсатында авторластырылған орталардың әрекеттестігінің жеткіліктігін қамтамасыз етеді.

Интернеттің таралуымен және ақпараттық технологиялардың арқасында [13, 14], сатып алушылар үйлерінен шықпай тауар туралы ақпарат алып және сатып алуды жүргізе алады. Ал кәсіпкерлер өздерінің бизнестерінің дамуының жаңа түрткісіне ие болып, сатып алушылардың үлкен тобын жинайды.

Қазақстан республикасының экономикасының қазіргі жағдайында жаңа алдыңғы қатарлы технологияларды, сонымен қатар, оның табысын анықтайтын бизнесті жүргізудің жаңа прогрессивті түрлерін енгізу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Кобелев О.А. Электронная коммерция. – М.: Дашков и К, 2011. – 684 с.

2 Сибирская Е.В., Старцева О.А. . Электронная коммерция. – М.: ФОРУМ, 2011. – 288 с.

3 Электронная коммерция / Под ред. Л.А. Брагина. – М.: Экономистъ, 2005.

4 Тримевен Ф. Открой свой электронный бизнес: 10 золотых правил начинающего бизнесмена в сфере высоких технологий / Пер. с англ. – М.: ФАИР-ПРЕСС, 2002.

5 Савицкая Г.В. Анализ эффективности и рисков предпринимательской деятельности: методологические аспекты. – М.: ИНФРА-М, 2008.

6 Царев В.В., Канторович А.А. Электронная коммерция. – СПб.: Питер, 2002. – 320 с.

7 Соловяненко Н.И. Приоритеты законодательства в области электронной коммерции // Мир электронной коммерции. – 2000. - №1.

8 Kalakota R., Whinston A. Frontiers of electronic commerce // Addison-Wesley, 1996. – P.487.

9 Status Report on European Telework: Telework 1997 // European Comission Report, 1997.

10 Алексунин В.А. Электронная коммерция и маркетинг в Интернете. – М.: Дашков и К, 2005.

11 Маркетинговые коммуникации: практикум / В.А. Алексунин, Е.В. Дубаневич, Е.Н. Скляр. - М.: Дашков и К, 2014. - 193 с.

12 Экономический анализ / Под ред. Л.Е. Басовского. – М.: ИНФРА-М, 2010. – 222 с.

13 Дорохова М.А. Как заработать в Интернете: практ. пособие. – М.: Дашков и К, 2013. - 187 с.

14 Шевченко В.П. Вычислительные системы, сети и телекоммуникации. –М.: КНОРУС, 2012. - 288 с.

УДК 004.946
ГРНТИ 28.17.33

Д.М. Туржанова[1], А.Ю. Пыркова[2]

[1] магистрант Казахского национального университета им. аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан
[2] доцент Казахского национального университета им. аль-Фараби г.Алматы, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ГРАФА СЦЕНЫ В JAVA 3D

Аннотация

Статья посвящена одному из мощнейших инструментов для создания трехмерной графики – Java 3D API. Проведен анализ разновидностей данного интерфейса программирования приложений: DirectX и OpenGL. По сравнению с другими решениями, Java 3D представляет собой графическое программирование с использованием объектно-ориентированного подхода. Преимуществом является независимость от платформы. Также в статье подробно разъясняется ключевое понятие, на котором базируется все программирование на Java 3D – «граф сцены» - с использованием диаграмм. Предоставляется код двух программ с комментариями, реализованных на Java 3D. Первая программа визуализирует вращение сферы, вторая программа - движение автомобиля, управление которым предоставляется пользователю. В статье приводится пример граф-сцены на основе кода программы №1.

Ключевые слова: визуализация, Java 3D, DirectX, OpenGL, граф сцены, трехмерная графика, API, графическое программирование.

Аңдатпа

Д.М. Тұржанова[1], А.Ю. Пыркова[2]

JAVA 3D КӨМЕГІМЕН САХНАЛЫҚ ГРАФТЫ ЗЕРТТЕУ

[1]Әл-Фараби атындағы Казақ ұлттық университетінің магистранты, Алматы қ., Қазақстан
[1]Әл-Фараби атындағы Казақ ұлттық университетінің доценті, Алматы қ., Қазақстан

Бұл мақала үш өлшемдік графиканы құруға арналған ең қуатты құралдардың бірі - Java 3D API программасына арналады. Аталған программалау интерфейсінің әртүрлі қосымшаларына талдау жүргізілді: DirectX және OpenGL. Басқа шешімдермен салыстырғанда, Java 3D объектіге бағытталған тәсілді пайдалана отырып, графикалық программалауды ұсынады. Артықшылығы платформаға тәуелсіз болып табылады. Сондай-ақ, мақалада Java 3D – «сахына графында» диаграммаларды пайдалана отырып, программалау негізделетін негізгі ұғымдар егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Java 3D тілінде жүзеге асырылған екі программаның коды түсіндірмесімен беріледі. Бірінші программа сфераның айналуын бейнелейді, екінші программа - пайдаланушы басқара алатын автомобильдің қозғалысы бейнелейді. №1 программа коды негізінде берілген мысалдар келтіріледі. ,

Түйін сөздер: визуалдандыруу, Java 3D, DirectX, OpenGL, графикалық сахына, үш өлшемдік графика, API, графикалық программа.

Abstract

SCENE GRAPH IN JAVA 3D

Turzhanova D.M.[1], Pyrkova A.[2]

[1]Student of Master Programme, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan

[1]Associate Professor, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan

The article is devoted to one of the most powerful tools for creating three-dimensional graphics - the Java 3D API. A brief overview of the varieties of this application programming interface is given: DirectX and OpenGL. Compared to other solutions, Java 3D is a graphical programming using an object-oriented approach. Advantage is platform independence. The article also explains in detail the key concept of Java 3D is based - the "scene graph" - using diagrams. The article consist of codes of two programs with comments implemented in Java 3D. The first program visualizes the rotation of the sphere, the second program - the movement of the car, the control of which is given to the user. The article gives an example of a graph-scene based on the program code number 1.

Key words: visualization, Java 3D, DirectX, OpenGL, scene graph, three-dimensional graphics, API, graphic programming.

Введение

Для создания трехмерной графики существует очень много мощных инструментов, позволяющих разрабатывать различные программы, игры и другие приложения. Одним из таких инструментов является Java 3D API. Данный интерфейс программирования приложений (или Application Programming Interface) предоставляет набор конструкций высокого уровня для реализации визуализаций и манипулирования 3Д-графом сцены, состоящим из объектов, света, звуков и многого другого.

Java 3D интерфейс был разработан компанией Sun Microsystems. Первая версия продукта выпущена в декабре 1998 года. Существует 2 вида Java 3D: один реализован на OpenGL, другой – на DirectX Graphics. Хотелось бы отметить, что OpenGL является весьма популярным программным обеспечением API для написания 3D и 2D графических приложений в широком спектре аппаратных средств и операционных систем. DirectX Graphics аналогичен OpenGL и ни в чем не уступает своему конкуренту. Для того, чтобы разрешить дебаты о том, какая версия Java 3D лучше (имеется ввиду OpenGL или DirectX), необходимо определиться с платформой и ОС, где именно должно разворачиваться ваше приложение. Так, OpenGL ориентирован на широкий спектр платформ и операционных систем, а DirectX ограничен только одной – Windows OS, таким образом, единоличный контроль над DirectX принадлежит только корпорации Майкрософт. По технической части DirectX и OpenGL почти эквивалентны, так как базируются на единой графической архитектуре, и выше указанное различие ни в коем случае не имеет отношения к их функциональности.

Исследование графа сцены

Ключевым понятием в Java 3D является определение «граф сцены». Его использование предоставляет следующие преимущества: во-первых, он упрощает 3D -программирование, во-вторых, ускоряет полученный код (что не мало важно при моделировании), также граф сцены скрывает низкоуровневые 3D - графические элементы и позволяет управлять и организовывать 3D сцены, помимо этого он поддерживает множество сложных графических элементов. На уровне реализации Java 3D, граф сцены используется для группировки объектов с общими свойствами, представляет собой ориентированный ациклический граф, отражающий связь родителя с дочерним объектом. Для схематического изображения графа сцены используют обозначения, которые показаны на рисунке 1.



Рисунок 1. Обозначения для изображения графа сцены

На рисунке 2 изображен простой граф сцены. Правая ветвь - View Branch - для большинства программ одинакова. Левая – Content Branch – меняется в зависимости от программы.



Рисунок 2. Пример графа сцены

Изобразим граф сцены для программы 1, которая представлена в пункте «Реализация программного кода на Java 3D». Ветвь View Branch рисовать не будем, так как она остается прежней, как на рисунке 2.



Рисунок 3 – Граф сцены для программы 1

Реализация программного кода на Java 3D

В завершении рассмотрим две программы, реализованные на Java 3D с применением графа сцены.

Программа 1.

Первая программа визуализирует сферу, которую с помощью мышки можно перемещать, менять ракурс просмотра, а также регулировать масштаб.



Рисунок 4. Реализация Программы 1

Метод, создания графа сцены:

```
private void createSceneGraph()
  {
    BrGroup = new BranchGroup();
    bounds = new BoundingSphere(new Point3d(0,0,0), BOUNDSIZE);
    light();          // добавляем свет
    Background();       // фон
    Sphere();      // добавляем сферу
    BrGroup.compile();
  }
```

Добавление света в сцену:

```
private void light()
  {//оттенок падающего цвета
    Color3f white = new Color3f(1.0f, 1.0f, 1.0f);
    AmbientLight amb = new AmbientLight(white);
    amb.setInfluencingBounds(bounds);
    BrGroup.addChild(amb);
    // направление света
    Vector3f direct = new Vector3f(-1.0f, -1.0f, -1.0f);
    DirectionalLight dirlight = new DirectionalLight(white, direct);
    dirlight.setInfluencingBounds(bounds);
    BrGroup.addChild(dirlight);
  }
```

Для установки фона:

```
 private void Background()
  {
    Background backround = new Background();
    backround.setApplicationBounds( bounds );
    backround.setColor(0.8f, 0.2f, 1.0f ); // задаем цвет фона (фиолетовый)
    BrGroup.addChild( back );
  }
```

Создаем нашу сферу:

```
private void Sphere()
  {
    Color3f black = new Color3f(0.0f, 0.0f, 0.0f);
    Color3f blue = new Color3f(0.3f, 0.3f, 0.8f);
    Color3f specular = new Color3f(0.9f, 0.9f, 0.9f);
    Material material= new Material(blue, black, blue, specular, 25.0f);
    material.setLightingEnable(true);
    Appearance app = new Appearance();
    app.setMaterial(material);
    // изначальное расположение сферы в общей сцене
    Transform3D tr = new Transform3D();
    tr.set( new Vector3f(0,4,0));
    TransformGroup tg = new TransformGroup(tr);
    tg.addChild(new Sphere(2.0f, app));   // создаем сферу с радиусом
    BrGroup.addChild(tg);
  }
```

OrbitBehaviour позволяет пользователю вращать всю сцену, увеличивать и уменьшать масштаб:
OrbitBehavior orbitbehav = new OrbitBehavior(c, OrbitBehavior.REVERSE_ALL);

<u>Программа 2.</u>

Визуализируем движение автомобиля:



Рисунок 5. Реализация Программы 2

```
  private BranchGroup CarHonda() {
    BranchGroup brgr = new BranchGroup();
    tg = new TransformGroup();
    tr = new Transform3D();
    tr.setTranslation(new Vector3d(0.0, -0.8, -10.0));
    tr.setScale(0.001);
    tg.setTransform(tr);
    MovingCar car = new MovingCar("model/honda civic 2002 xform.3ds");
//изображение в 3Д формате
    tg.addChild(car.tg);
    tg.addChild(car);
    brgr.addChild(tg);
    brgr.addChild(Light());
    brgr.compile();
    return brgr;
   }
```

Для того, чтобы пользователь мог управлять машиной:

```
  //управление клавишами
   public void keyTyped(KeyEvent e) {
    char key = e.getKeyChar();
  //если пользователь нажимет клавишу 's' , машина поворачивает направо
    if (key == 's')
  { t3dstep.rotY(Math.PI / 32);
     car.tg.getTransform(car.t3d);
     car.t3d.get(matrix);
     car.t3d.setTranslation(new Vector3d(0.0, 0.0, 0.0));
     car.t3d.mul(t3dstep);
     car.t3d.setTranslation(new Vector3d(matrix.m03, matrix.m13,matrix.m23));
     car.tg.setTransform(car.t3d); }
  //если пользователь нажимает клавишу 's' , машина поворачивает налево
    if (key == 'f')
  { t3dstep.rotY(-Math.PI / 32);
     car.tg.getTransform(car.t3d);
     car.t3d.get(matrix);
     car.t3d.setTranslation(new Vector3d(0.0, 0.0, 0.0));
     car.t3d.mul(t3dstep);
     car.t3d.setTranslation(new Vector3d(matrix.m03, matrix.m13, matrix.m23));
     car.tg.setTransform(car.t3d);}}
```

Список использованной литературы:

1 *JAVA 3D. – 2016. – URL: http://artspb.com/onlinebook/java3d (дата обращения: 15.03.2017)*
2 *Что такое OpenGL? URL: http://www.opengl.org.ru/ (дата обращения: 15.03.2017)*
3 *Direct3D. - URL: https://en.wikipedia.org/wiki/Direct3D (дата обращения: 15.03.2017)*
4 *OpenGL. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Java_OpenGL (дата обращения: 15.03.2017)*
5 *JAVA 3D. – 2016. – URL: https://en.wikipedia.org/wiki/Java_3D (дата обращения: 15.03.2017)*

ӘОЖ 378.18:378.4
ҒТАМР 14.01.85

К.З. Халықова[1]

[1]*п.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,*
Математика, физика және информатика институтының профессоры,
Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МАМАНДАРЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУ

Аңдатпа

Мақалада болашақ информатика мамандарын инновациялық іс-әрекетке даярлау мәселесі қарастырылады. Қазақстан Республикасында қабылданған нормативті құжаттардағы аталған мәселенің өзектілігі, инновациялық процестерге қатысты негізгі ұғымдар талданған. Инновациялық іс-әрекет ұғымы қарастырылып, болашақ мұғалімді инновациялық іс-әрекетке даярлаудың негізіне алынатын жүйелік, рефлексті-іс-әрекеттік және дербес-шығармашылық тәсілдер баяндалған. Мұғалімді инновациялық іс-әрекетке даярлаудың кезеңдері, сондай-ақ, педагогтың инновациялық іс-әрекетінің құрылымындағы рефлексия қарастырылған. Педагогтың инновациялық іс-әрекетке даярлығының негізгі құраушыларын талдай келе, болашақ информатика мамандарын даярлауда инновациялық іс-әрекетті қалыптастырып, оны дамытуға баулитын оқу курсының мақсаты мен міндеттері, курсты оқу нәтижесінде қалыптасатын іскерліктер мен құзыреттіліктер, меңгерілетін дағдылар туралы айтылған. Инновациялық іс-әрекетке баулитын курстарды тек магистранттарға ғана емес, бакалавриаттарға да енгізу қажеттілігі көрсетілген.

Түйін сөздер: инновациялық іс-әрекет, инновациялық процесс, инновациялық ойлау, болашақ информатика мамандарын даярлау процесі, инновациялық іс-әрекет құрылымы, рефлексия

Аннотация

К.З. Халықова[1]
1 к.п.н., профессор Института Математики, физики и информатики при Казахском национальном педагогическом университете, г.Алматы, Казахстан

ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ-ИНФОРМАТИКОВ К ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

В статье рассматривается подготовка к инновационной деятельности будущих специалистов информатиков. Проанализированы актуальность данного исследования в нормативных документах, принятых в Республике Казахстан, а также основные понятия, относящиеся к инновационным процессам. Рассмотрено понятие инновационная деятельность, изложены основополагающие подходы инновационной деятельности как системного, рефлексивно-деятельностного и индивидуально-творческого. Приведены этапы подготовки инновационной деятельности, а также рассмотрена рефлексия в структуре инновационной деятельности педагога. Проанализировав основные составляющие подготовки инновационной деятельности, приведены цель и задачи обучения, умении и компетенции, навыки, формируемые в результате обучения курса, которые способствующие формированию инновационной деятельности будущих специаистов информатиков. Предложенные элективные курсы для формирования инновационной деятельности должны читаться не только для магистрантов, но и для студентов бакалавриата.

Ключевые слова: инновационная деятельность, инновационный процесс, инновационное мышление, процесс подготовки будущих специалистов информатики, структура инновационной деятельности, рефлексия

Abstract

PREPARATION OF FUTURE EXPERT-INFORMATICS TO INNOVATIVE ACTIVITY

Khalykova G.Z.[1]
[1] *Cand. Sci. (Pedagogical), Professor of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan*

The preparation for innovation activities of future specialists on Informatics are considered in this article. The relevance of this research in normative documents adopted in the Republic of Kazakhstan, as well as the basic concepts related to innovation processes are analyzed. The concept of innovative activity is considered, basic approaches of innovative activity are stated as systemic, reflexively active and individually creative. The stages of preparation of innovative activity are given, and also the reflection in the structure of the innovation activities of the teacher is considered. Analyzing the main components of the preparation of innovation activities, the goal and objectives of training, skills and competencies, the skills formed as a result of the training course, which contribute to the formation of innovative activities of future specialists on Informatics. The proposed elective course for the formation of innovative activities should take place not only undergraduates, but also bachelors.

Key words: Innovative activity, innovative process, innovative thinking, the process of training future specialists in informatics, the structure of innovation activity, reflection

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейінгі білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі инновацияларға негізделген оқыту үдерісін ұйымдастыру арқылы білім беруді дамыту болды. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа Жолдауларында, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларында және мемлекеттік деңгейде қабылданған нормативті құжаттарда ерекше аталып көрсетілді [1]. Білім беру саласындағы олқылықтардың бірі педагог мамандарды даярлаудан басталатыны осы бағытта зерттеу жүргізген көптеген ғалым-педагогтардың зерттеулерінде аталып көрсетілген [2]. Дәлірек айтқанда, болашақ мұғалімнің қалыптасу процесі инновациялық іс-әрекеттің құрылымын моделдемейтіндігінде болып табылады.

Алдымен, инновациялық процестерге қатысты негізгі ұғымдарды қарастырайық.

Практикада инноватика және инновация терминдері қатар пайдаланылады.

Инноватиканың негізгі ұғымы - инновациялық процесс болып табылады. Білім берудегі инновациялық процесс үш аспектіде қарастырылады: әлеуметтік -экономикалық, психологиялық-педагогикалық және басқару-ұйымдастырушылық. Инновациялық процестің өтуі негізінен осы аталған жағдайларға тәуелді болады. Қалыптасқан жағдай инновациялық процестің өтуін қамтамасыз етуі немесе кедергі келтіруі мүмкін. Инновациялық процесс стихиялық сипатта болуы немесе саналы ұйымдастырылған, басқарылатын болуы мүмкін.

Жаңалық енгізу - бұл, ең алдымен, өзгерістердің жасанды және табиғи процестерін басқару функциясы болып табылады. Инновациялық процестің үш негізгі құраушысын ерекшелейік: жаңалықты жасау, құру, меңгеру және қолдану. Міне осындай үш құраушыдан тұратын инновациялық процесс педагогикалық инноватиканың зерттеу объектісі болып табылады. Ал дидактиканың зерттеу объектісі оқу процесі екенін білеміз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауына жан-жақты талдау жасаған академик Ғ.Есім: «Инновациялық ойлау жаңаша ойлаудың бағытын білдіретін ұғым, жаңалық – қозғалыстың бағытын анықтайтын түсінік» дей келе, оның үш өлшемі бар екенін атап көрсетеді: «жаңа ой (идея), жаңа іс, харекет және жаңа нәтиже» [3]. Бұл кез келген жаңалықтың, инновацияның жасалуы үшін алдымен жаңа ой пайда болатынын білдіреді. Ал ойдың жүзеге асырылуы іс-әрекет арқылы көрініс табады, іс-әрекет орындалғанда жаңа нәтижеге қол жеткіземіз.

Сонымен, инновация жаңалық енгізу дегенді білдіреді. Инновацияның басты көрсеткіші практикада қолданылып жатқан және қалыптасқан дәстүрмен салыстырғанда мектеп немесе жоғары оқу орнының дамуындағы прогрессивті бастамалар [4]. Сондықтан білім беру жүйесіндегі инновациялар:

- басқару жүйесінің мақсаты, мазмұны, әдістері мен технологиялар және ұйымдастыру түрлеріне;
- педагогикалық іс-әрекет пен оқу-танымдық үдерісті ұйымдастыру стиліне;
- білім беру деңгейлерін бақылау мен бағалау жүйесіне; қаржыландыру жүйесіне;
- оқу-әдістемелік қамтамасыз етуге;
- тәрбие жұмысы жүйесіне;
- оқу жоспары мен оқу бағдарламаларына;
- оқушы мен мұғалімнің іс-әрекетіне өзгерістердің енгізілуімен байланысты [5].

Осыған қатысты екінші жүйелі ұғым - инновациялық іс-әрекет болып табылады. Инновациялық іс-әрекет дегеніміз не?

Инновациялық іс-әрекет дегеніміз - білім берудің қандай да бір деңгейінде инновациялық процестерді қамтамасыз ету жөніндегі жүзеге асырылатын шаралар кешені. Инновациялық іс-әрекеттің негізгі функцияларына педагогикалық процестің компоненттерін өзгерту жатады: білім берудің мақсаты, мәні мен мазмұнын, оқыту технологиялары, әдістері, құралдары және ұйымдастыру түрлері, басқару жүйелері және т.б.

Инновациялық іс-әрекет және инновациялық процесс көпшілік жағдайда педагогтың инновациялық потенциалына тәуелді.

Жеке тұлғаның инновациялық потенциалы төмендегідей негізгі параметрлермен байланысты:

- жаңа идеялар мен ұсыныстарды шығару, туындата білуге шығармашылық қабілетінің болуы, ең бастысы - оны практикалық түрде жобалап, моделдей білу;
- жеке тұлғаның төзімділігі мен ойлау икемділігіне негізделетін жаңалыққа ұмтылысы, ашықтығы;
- мәдени эстетикалық дамуы мен шығармашылығы;
- өзінің іс-әрекетін жетілдіруге даярлығы, осы даярлықты қамтамасыз ететін жеке тұлғаның жаңа әдістері мен құралдарын таба білуге қабілеттілігі;
- дамыған инновациялық сананың болуы (дәстүрлімен салыстырғандағы инновациялық іс-әрекеттің құндылығы, инновациялық қажеттілік, инновациялық мотивация).

Болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасу процесі оның инновациялық іс-әрекетін моделдеуі тиіс. Болашақ мұғалімді инновациялық іс-әрекетке даярлаудың негізіне мұғалімнің жеке тұлғалалығын тұтастай қалыптастырып, оның басқарылуын қамтамасыз ететін жүйелік, рефлексті-іс-әрекеттік және дербес-шығармашылық тәсілдер алынуы тиіс.

Жүйелілік тәсіл тұрғысынан педагогикалық білім берудің барлық буындары инновациялық іс-әрекеттің барлық компоненттерінің көрінуін, олардың бірлігін қамтамасыз ете отырып, барынша ынталандыру қажет.

Рефлексті іс-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру - мұғалімнің белсенді зерттеу іс-әрекет жасау қабілеттілігін дамытуды көздейді. Сонымен бірге, оқушының өзінің іс-әрекетіне, өзіне және субъектісіне қатысты тұлғалылығын дамыту мақсатында зерттеу іс-әрекетін сындарлы талдау, түсіну және оның тиімділігін бағалауды ұсынады.

Дербес шығармашылық тәсіл - мұғалімнің шығармашылық дербестігін ашып, қалыптастыруды, инновациялық ой мен сананың дамуын қамтамасыз ететін жеке тұлғалық деңгейге шығарады. Мұғалімді инновациялық іс-әрекетке даярлау процесі белгілі бір деңгейде басқарылатын болып табылады, егер арнайы ұйымдастырылған төмендегідей жағдайлар қанағаттандырылатын болса:

- көп деңгейлі педагогикалық білім берудің барлық кезеңдерінің сабақтастығы;
- инновациялық іс-әрекетке болашақ мұғалімдерді даярлаудың жалпыланған моделіне жоғары оқу орнындағы оқытуды бағдарлау;
- инновациялық іс-әрекетке болашақ мұғалімдердің даярлығын психологиялық тұрғыдан диагностикалау;
- педагогикалық инновацияға студенттердің шығармашылық белсенділік, мотивациялық құндылық қатынастарын қалыптастыру;
- болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдіснамалық, арнайы, жалпы педагогикалық, психологиялық және әдістемелік даярлықтарының өзара байланысы;
- пәнаралық өзара байланысты, инноватиканың жалпы мәселелері шеңберінде білімді интеграциялауды жүзеге асыру;
- студенттердің жаңалықты қабылдау және инновациялық мәдениеттерін қалыптастыру;
- педагогикалық практиканың жүйе құраушы функциясының зерттеу іс-әрекетімен бірлігін қамтамасыз ету;
- мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін зерттеу және оны меңгеру динамикасын критериалды бағалау.

В.А. Сластенин мұғалімді инновациялық іс-әрекетке даярлауды бірнеше кезеңге бөліп қарастырады [2].

Бірінші кезең - мұғалімнің шығармашылық дербестігін дамыту, студенттерде шығармашылық сипаттағы педагогикалық тапсырмаларды тұжырымдау, талдау және орындау қабілеттерін қалыптасытру, сондай-ақ, шығармашылық ізденістің жалпы технологиясын дамыту: бұрын меңгерілген білім мен іскерлікті жаңа жағдайлар үшін пайдалана білу, белгілі жағдайлардағы мәселені, объектінің жаңа функциясын көре білу, объектінің құрылымын анықтау, баламалы шешімдерді немесе оның тәсілдерін көре білу, бұрын меңгерілген іс-әрекет тәсілдерін пайда болған жаңа мәселеге қатысты біріктіре білу, сындарлы ойлауын дамыту.

Екінші кезең - ғылыми таным әдіснамасының, педагогикалық зерттеулердің, педагогикалық инновацияға кіріспе негіздерін меңгеру. Студенттер инновациялық педагогиканың пайда болуының әлеуметтік және ғылыми алғы шарттарымен, оның негізгі ұғымдарымен танысады, мектептегі ұйымдастыру жұмыстарының баламалы тәсілдерін шығармашылықпен ұйымдастыруды талдайды, сонымен қатар, инновациялық типтегі әртүрлі оқу мекемелерімен танысады.

Үшінші кезең - инновацияық іс-әрекет технологиясын меңгеру болып табылады. Авторлық бағдарламаны құру әдістемесімен, мектепте эксперимент жүргізу кезеңдерімен танысады, авторлық бағдарламалар құруға қатысып, жаңалықты және кездесетін қиындықтарды талдап, оның ары қарай дамуын болжайды.

Төртінші кезең - педагогикалық процеске жаңалықтарды енгізу жөніндегі эксперимент алаңындағы практикалық жұмыстарды жүзеге асыру, оларға түзетулер енгізу, эксперимент нәтижелерін қадағалау, кәсіби іс-әрекетке талдаулар жасау сынды жұмыстар орындалады. Осы кезеңде мұғалімнің жаңалыққа қатысты көзқарастары мен ұстанымдарының жүйесі ретінде оның инновациялық көзқарасы қалыптасады [66-72 бб.].

Қазіргі уақытта қоғам дамуы мектеп мұғалімінен инновациялық мінез-құлықты талап етеді, дәлірек айтқанда, мұғалім педагогикалық іс-әрекетінде белсенді және жүйелі шығармашылықпен айналысуы тиіс.

Инновациялық мінез-құлық - бұл бейімделу емес, өзінің дербестігін, белсенділігін барынша дамыту болып табылады. Педагогта қалыптасқан төмендегідей жүйелі ой болуы тиіс: егер кімде-кім өзінің құндылықтары мен идеалдарынан бас тартатын болса, ол өзінің моральдық және интеллектуалдық тұтастылығын бұзады, оның бостандығының мәні болмайды. Бостандық - бұл өзін жеке тұлға ретінде құрметтеуді ұсынады. Қоғамда адамның инновациялық іс-әрекетін тоқтатуға мәжбүр ететін "арнайы тәсілдер" болады. Осындай сәттерде педагог инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыруға кедергі келтіретін психологиялық кедергілерді түсініп, одан шығудың тиімді жолдарын дер кезінде ұйымдастыра білуі тиіс және "кез келген кедергіні жоюға дайынмын" деген ұстанымының болғаны абзал.

Педагогтың инновациялық іс-әрекетінің құрылымында рефлексия ерекше мәнге ие, ол педагогтың өзіндік санасы мен іс-әрекетіндегі таным мен талдау құралы ретінде көрініс табады (өзінің ойына көзқарас және оған екінші жақтан әсер етіп, әрекет жасау).

Аталған мәселеге қатысты әртүрлі тәсілдерді талдай отырып, рефлексті процестерді талдаудың екі тәсілін атап көрсетуге болады:

- объектілердің мәнін түсіндіруге және оны құрылымдауға әкелетін түйсікке рефлексті талдау;
- рефлексия тұлға аралық қарым-қатынастың мәнін түсіну ретінде.

Осыған байланысты төмендегідей рефлексті процестерді ерекшелеуге болады: өзіндік таным және басқаны түсіну, өзіндік бағалау және басқаларды бағалау, өзіндік талдау және басқаларды талдау.

Рефлексия - субъектінің ішкі психикалық әрекеттері мен күйлерін өзіндік тану процесі. Рефлексия ұғымы философияда пайда болған және ол индивидтің өзінің санасында өтіп жатқан ойлау процесі туралы пікірді білдірген.

Рефлексия - бұл тек субъектінің өзін біліп, түсінуі ғана емес, сонымен бірге, басқалардың оны біліп, түсінуін, оның жеке тұлғалық ерекшеліктерін, эмоционалдық әсерлері мен когнитивті болжамдарын айқындау. Осы болжамдардың мазмұны бірлескен іс-әрекет мазмұны ретінде алынғанда, рефлексияның ерекше түрі - пәндік рефлекстік қатынастар дамиды. Бұдан инновациялық іс-әрекет "мотивтермен күрестен", қандай да бір мәнді іздеуден басталады деп тұжырымдауға болады. Кей жағдайларда мақсат қою модель құру тәсілі, іс-әрекет жағдайлары туралы ақпараттың жетіспеушілігінен болады, ол өз кезегінде жаңалық енгізуге тәуекел жасауға әкеледі.

Жоғарыда аталған мәселелерді жалпылай келе, рефлексия процесінің дербес екенін атап көрсетуге болады. Педагогтың инновациялық іс-әрекетінде рефлексті көзқарасты белсенділендіру оның жеке тұлғалылығына, өзін-өзі дамыту бағдарына тікелей байланысты. Осы процестің қайнар көзі ретінде педагогикалық іс-әрекеттегі мұғалім анықтаған қарама-қайшылықтар жүйесі алынады, сондықтан оқу кәсіби іс-әрекетінде рефлексті көзқарастарды өзектілендіретін жағдайларды құру қажет, ол өз кезегінде, оң өзіндік қабылдауын қалыптастыруы тиіс, өзіндік растау процесін ынталандырады.

Рефлекстік ой, сана мектептегі инновациялардың құрылу және тексерілу процестерін бақылайды, іс-әрекеттің барлық кезеңдерін сыни тұрғыдан түсіндіреді. Инновациялық іс-әрекет барлық уақытта, әсіресе, мақсат қойып, бағдарлама құру кезеңінде айқын түсініле бермейді. Ол көбінесе ұғынылатын немесе ұғынылмайтын, аяқ астынан немесе саналы, ұйымдастырылған педагогикалық іс-әрекеттің тәсілдері мен формалары түрінде жүзеге асырылады.

Рефлексті іс-әрекеттің келесі кезеңдерінде педагог өзінің іс-әрекетіне түзету енгізіп, қиындықтарды жеңе білетін маман ретінде талдау жасайды. Ол күрделі мәселелердің шешімін дәл табуға қабілетті, педагогикалық міндеттердің шешімін дұрыс таба білетін маман ретінде өзін түсінеді және өзінің орындайтын іс-әрекеттерінің ара-жігін ажырата біледі. Іс-әрекетті сәтті орындау рефлексиясының нәтижесінде өзінің "Мен-тұжырымдамасын" дамыта отырып, педагог қанағаттанғандық сезімде болады, өзіне деген сенімділігі артып, еркіндікті сезінеді. Осындай педагогтар жеке тұлға ретінде өзіндік сенімге ие болады, олар мектепке жаңалық енгізу жолындағы мақсатқа жету жолындағы тұлғалық және рухани дамуда кездесетін қиындықтарды жеңуге қабілетті. Олар педагогикалық қоғамдастыққа еркін араласып, өзінің жетістіктерін, тәжірибелерін басқаларға таратып, оқушылар мен басшылардың алдындағы өзінің инновациялық іс-әрекетіне жауапкершілікті қолына алады.

Педагогтың инновациялық іс-әрекетке даярлығы үш негізгі құраушыны қамтиды:

- психологиялық (жеке тұлғалық-мотивациялық: жаңаны енгізуге ұмтылысқа қажетті жеке тұлғалық қасиеттер);
- теориялық (жаңаны меңгеруге қажетті білімдер жүйесі, оларды енгізу технологиясы, кәсіби іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа тәсілдері мен түрлері және т.б.);
- практикалық (жаңалықтарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іскерліктер жиынтығы). Бұл дайындықтың негізгі өзегін жеке тұлғалық даярлық құрайды. Дәлірек айтқанда, педагогта инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті негізгі жеке тұлғалық сапалардың болуы қажет.

Жоғарыда аталған мәселелерді жүзеге асыру арнайы даярлықты талап етеді. Мұндай даярлықты таңдау пәндерінің есебінен оқытылатын курстар арқылы жүзеге асыруға болады. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде "6М011100-Информатика" мамандығы магистранттарына "**Информатиканы оқытуда инновациялық құралдарды пайдаланудың әдістемелік негіздері"** атты таңдау пән оқытылады.

Пәнді оқытудың мақсаты - магистранттарда қазіргі мектептердегі инновациялық процестер, жеке тұлғаға бағдарланған тәсілге негізделген білім беру процесі туралы біртұтас болжамды қалыптастыру; білім беру жүйесінде өтіп жатқан инновациялық процестердің әдіснамалық негіздерімен, информатика пәнін оқытуда оларды тиімді жүзеге асыру жолдарымен таныстыру; болашақ информатика мұғалімінің инновациялық мәдениетін, инновациялық іс-әрекетке даярлығын, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Пәнді оқытудың міндеттері: қазіргі педагогикалық технологиялардың негізгі теориялары мен ғылыми бағыттарын зерттеу, оқып үйрену; магистранттардың танымдық белсенділігін ояту, ғылыми инновациялық көзқарастарын қалыптастырып, дамыту; инновациялық технологияларға негізделген, кәсіби бағыты бойынша алған теориялық білімдерін практикада пайдалана білу іскерлігін қалыптастыру.

Пәнді оқу нәтижесінде магистрант: білім берудегі инновацияларға байланысты негізгі ұғымдар мен категорияларды, білім берудегі негізгі инновациялық бағыттарды, практикада инновациялық оқыту құралдарын пайдалану технологиялары мен тәсілдерін; білім беру процесіндегі инновациялық процестердің басты элементтерін; инновациялық тәжірибелерді жүзеге асыру, жобалау, тарату және оларға сараптамалар жасау әдістемесінің мазмұнын; білім берудің әртүрлі деңгейлерінде оқу пәнінен педагогикалық инновацияларды жобалап, ұйымдастыру және жүзеге асыру тәсілдерін; мұғалімнің, педагогтың инновациялық іс-әрекетінің негізгі бағыттары мен түрлерін **білуі** тиіс; оқу материалының мазмұнына, оқыту технологиясына қатысты педагогикалық іс-әрекетте инновациялық технологияларды пайдалана білу; оқу үдерісін ұйымдастыруда инновациялық менеджмент элементтерін пайдалана білу; оқу процесіне инновациялық сараптама жүргізе білу; нақты педагогикалық инновациялар мысалдары негізінде инновациялық жобалар жасау, олардың тиімділігі мен нәтижелілігін талдау; магистрант өзінің инновациялық жобасын құра білуі; білім берудегі инновациялық іс-әрекеттің тәжірибелері мен нәтижелерін талдай білу, білім беру мекемелерінде инновациялық оқыту құралдарын пайдалану **іскерліктерінің** болуы тиіс; сындарлы ойлау және өз бетімен шешім қабылдай білу қабілеттілігі; әртүрлі мазмұндағы стандартты емес мәселелерді шеше білу, жаңа жағдайларға үйренген тәжірибесін шығармашылықпен қолдана білу және оны практикаға енгізе білу; зерттеушілердің, жаңашыл педагогтардың зерттеу тәжірибелерін талдау, олармен ынтымақтастықта жұмыс істей білу дағдысының болуы;

- инновациялық тәжірибелерге сараптамалар жүргізу әдістемесін меңгеру; авторлық инновацияларды жобалау және оларды оқу процесіне енгізе білуді **меңгеруі** тиіс.

Пәнді оқу нәтижесінде магистарнтта қылыптасатын құзыреттіліктер: қазіргі инновациялық технологияларды информатиканы оқыту процесін ұйымдастыруда пайдалана білуге қабілеттілігі; өзінің кәсіби іс-әрекетінің ғылыми бағытын өзгертуге, оны жетілдіріп, дамытуға жаңа зерттеу әдістерін өз бетімен меңгеруге қабілетті; білім беру саласындағы инновациялық міндеттерді жүзеге асыруға өзінің жеке тұлғалық қабілеттерін пайдалану және инновацияларға негізделген білім беру ортасын қалыптастыра білуге қабілетті болуы тиіс.

Аталған курс практикаға бағытталғандықтан магистранттардың білімі, іскерлігі мен дағдысы және қалыптасатын құзыреттіліктеріне сай тапсырмалар жүйелі түрде ұсынылды. Курсты оқу нәтижесінде магистранттар орта мектепте информатиканы оқытуда инновациялық технологияларды пайдаланудың әртүрлі әдіс-тәсілдерімен танысып, зерттеулер жүргізді. Әртүрлі интерактивті оқыту әдістерін пайдалануға негізделген сабақ жоспарларын ("Компьютерлік желілер әлеміне саяхат" және т.б.), коучингтер ("Болашақ бізбен бірге" және т.б), тренингтер өткізді. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесін мақалалар, ғылыми конференцияларға баяндамалар ретінде жариялады.

Қорыта келгенде, болашақ информатика мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетін кәсіби даярлау процесінде қалыптастырудың маңызы зор. Инновациялық құзыреттілігі, инновациялық мәдениеті, инновациялық іс-әрекеті қалыптасқан маман ғана жаңалықты, инновацияны оқыту процесіне тиімді жолмен ұйымдастырып, жүзеге асыруға қабілетті. Инновациялық іс-әрекетке баулитын курстарды тек магистранттарға ғана емес, бакалавриаттарға да енгізу қажет деп есептеймін. Бұл бүгінгі уақыт талабына сай, сапалы мамандар даярлауды жүзеге асырудың бір тәсілі. Бүгінгі ***жаңаша ойлай*** білетін студент - ертеңгі ***инновациялық іс-әрекет*** жасайтын маман.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасында Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы //Ақорда:Астана, 1 наурыз, 2016 ж.

2 Сластенин В.А., Подымова Л.С. Педагогика: инновационная деятельность. – М.,1997. – С. 66–72..

3 Ғарифолла Есім. «Қазақстан -2050» - инновациялық ойлау жүйесі // «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журнал. – 2013, №4.

4 Халықова К.З. Оқыту процесіне инновациялық технологияларды енгізудің теориясы мен практикасы// Монография. – Алматы: Абай ат.ҚазҰПУ, 2015. – 172 б.

5 Халықова К.З. Болашақ информатика мамандарын даярлау процесінде студенттердің зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру // Абай ат.ҚазҰПУ хабаршысы. – №1, 2016.

УДК 002:004.056
ГРНТИ 81.93.29

Ж.М. Шокишалов[1]

[1]*Институт информационных и вычислительных технологии, г. Алматы, Казахстан*

КЛАССИФИКАЦИЯ КОНФЛИКТОВ В ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННОЙ СФЕРЕ. АНАЛИЗ ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация

В данной работе рассматривается понятие конфликт в информационно – коммуникационной системе. Произведен обзор литературы, изложен список ныне существующие конфликты в информационной сфере. В безопасной системе в стадии проектирования должны быть охвачены все возможные влияющие факторы. Одним из таких факторов является – принятие решении. При реализации систем с доверительными органами немаловажную роль играет мнение экспертов при решении конфликтных ситуации. В качестве дополнительного математического инструмента был предложен – Метод анализа иерархии. В будущем исследовательская работа будет посвящена разработке системы, исключающей конфликтные ситуации в трансграничном доверительном обмене электронными документами.

Ключевые слова: конфликт, информационная безопасность, метод анализа иерархии, документооборот, электронный документ.

Аңдатпа

Ж.М. Шокишалов[1]

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ СФЕРАДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫ ЖІКТЕУ. ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ТАЛДАУ

[1] *Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты, Алматы қ., Қазақстан*

Бұл жұмыста ақпараттық-коммуникациялық жүйедегі қақтығыс ұғымы қарастырылады. Әдебиеттерге талдау жасалынған, ақпараттық сферадағы қазіргі қақтығыстардың тізімі баяндалған. Қауіпсіз жүйеде жобалау кезеңіндегі барлық мүмкін болатын әсер ететін факторлар қамтылуы тиіс. Осындай факторлардың бірі шешім қабылдау. Сенімді органдармен жүйелерді жүзеге асыруда қақтығысты жағдайларды шешуде сарапшылардың пікірі маңызды рөл атқарады. Қосымша математикалық құрал ретінде иерархияны талдау әдісі ұсынылған. Болашақта зерттеу жұмысы трансшекаралық сенімді электрондық құжаттар алмасу жағдайында қақтығысты жағдайларды ескермейтін жұмыстар жүйесін жасауға арналады.

Түйін сөздер: қақтығыс, ақпараттық қауіпсіздік, иерархияны талдау әдісі, құжатайналым, электрондық құжат.

Abstract

CLASSIFICATION OF CONFLICTS IN THE INFORMATION AND COMMUNICATION SPHERE. ANALYSIS OF LITERATURE

Shokishalov Zh.M.[1]

[1] *Institute of Information and Computing Technologies, Almaty, Kazakhstan*

The concept of conflict in the information and communication system is considered in this paper. A review of the literature is made, a list of currently existing conflicts in the information sphere is presented. All possible influencing factors in a safe system must be covered at the design stage. One of these factors is the decision-making. The expert opinion plays an important role in resolving conflict situations, when implementing systems with trust authorities. The method of analyzing the hierarchy was proposed as an additional mathematical tool. In the future, research will be devoted to the development of a system that excludes conflict situations in the cross-border confidential exchange of electronic documents.

